

А 2016

4868к

БЕЙБИТ ҚОЙШЫБАЕВ

**ТҮНЕКТЕН
ОРАЛҒАН
ЕСІМДЕР**

III

БЕЙБІТ ҚОЙШЫБАЕВ

ТҮНЕКТЕН
ОРАЛҒАН
ЕСІМДЕР

Тұлға және тарих

III
ҮШ ПЕРІ

*дәріс
автор
оқырманы*



Алматы
2016

ӘОЖ 94 (574) ✓
КБЖ 63.3 (5 қаз)
Қ 60,

Қойшыбаев Б.

Қ 60 Түнектен оралған есімдер: тұлға және тарих / Бейбіт Қойшыбаев.–

Алматы: «Рух БГ» баспасы, 2016.

ISBN 978-601-80519-4-4

3-кітап: Үш пері. – 248 бет + 4 жапсырма бет. Қазақ және орыс тілдерінде.

ISBN 978-60-80519-7-5

Жазушы Бейбіт Қойшыбаев өткен ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында билік басындағы коммунистік партияның жариялылық және қайта құру саясаты өріс алған шақтан бастап тарихтағы «ақтаңдақтар» жайында қалам тербей бастаған болатын. Осы ретте ол саяси жазаға ұшыраған тарихи тұлғалар тағдырын зерттеп, жаңғыртуға ерекше көңіл бөлді. Зерттеулерін тереңдете келе, жекелеген қайраткерлер жайында дербес кітаптар шығарды. Қаламгердің Әлихан Бөкейханов, Бакытжан Қаратаев, Мұстафа Шоқасев, Жанша Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Нәзір Төреқұлов, Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Темірбек Жүргенов сынды ондаған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі жайында әр жылдары жазған жұмыстары 4 кітапқа жүйеленіп, тұлғалармен түзілген тарих іспеттенген «Түнектен оралған есімдер» топтамасына жинақталып беріліп отыр. Жинақтың «Үш пері» атты үшінші кітабы қолдарыңызда.

Алаш қозғалысының 100 жылдығына, ұлт қосемі Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына, тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай бүткіл азаттық күрескерлерінің аруақтарына арналып шығарылып отырған бұл кітап Отан тарихымен әуестенетіндерге, зерттеушілерге, студенттерге, оқушыларға, қалың көпшілікке арналған.

ӘОЖ 94 (574)

КБЖ 63.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-80519-7-5 (3-кітап)
ISBN 978-601-80519-4-4

© Қойшыбаев Б., 2016
© «Рух БГ» баспасы, 2016

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ

*Революцияның қызыл қыраны * Ұлттық ымыра *
Рысқұловтың хаттары * Желідегі қисынсыз пікірлерге
орай * Тұрар Рысқұлов хаттарын жариялаудағы мақсат
* Қилы көзқарас және пікірлер*

1. Революцияның қызыл қыраны

Жиырмамыншы ғасырдың ең басты оқиғасы атанған Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін жиырма жыл өткенде, сол әйгілі элеуметтік төңкерістің бел ортасында жүргендердің негізгі тобына сталиндік репрессиялардың жендеттік қара қанжары қадалды. Олардың арасында Тұрар Рысқұлов та бар еді. Сол 1937 жылғы алапат террордан соң араға тағы жиырма жыл салып, жазықсыз жазаға ұшыраған қайраткерлердің қалың бір бөлігі ақталды, солардың ішінде де Тұрар Рысқұлов бар болатын.

Алайда озбырлықпен қараланған қайраткерді еліміздің ең жоғарғы соты тарапынан ақтау мен оның адал есімін қоғамдық өмірге қайтару, халқына сіңірген еңбегіне әділ баға бере отырып, шын мәнінде қалпына келтіру дегеніңіз – ол тұста, өкінішке қарай, айырмашылығы жер мен көктей шаруа боп шықты...

Неліктен Рысқұловтың атын республика жұртшылығы КПСС XX съезі әперген әділеттен соң бірден құшақ жайып қарсы ала алмады? Көп жылғы қиянаттан кейін тұңғыш рет 1960 жылы Рысқұлов жайындағы шындықтың шымылдығын

түрген мақала жарық көргенде – неліктен оны жазған қарт журналист пен оған «Социалистік Қазақстан» бетінен орын берген газет редакторы қуғынға ұшырады? Бұл сұрақтарға жауапты сонау зобалаң жылдардан іздеу керек-ау...

Осы жолдарды тасқа басып шығарып отырған газет 1937 жылғы 13 августегі санында «Социалистік Қазақстанның» ұрандатқан «Ұлтшыл-фашистерге өмір сүргізбейміз» атты қатыгез уәде-тақырыппен шегелеулі, «большевиктік қырағылықты арттыруға» шақырған бас мақаласын көшіріп берді. Ол аздай, өз қоржынынан «Әдебиеттегі троцкист-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» деген үрейлі міндеттеме-тақырып қойған үлкен «талдауға» толы мақаласын жария етті.

Сонда газет өзінің оқырмандарына: «...әдебиеттегі алаш-ордашылардың, қазіргі ұлтшыл-фашистердің контрреволюцияшыл фашист төбеттері Нұрмақов, Рысқұлов, Садуақасов, Құлымбетов, Жүргенов, Қожанов, Тоғжановтардың қалдықтарын түп-тамырымен құрту – бүгінгі таңдағы ірі міндетіміз екенін бір минут те ұмытпау керек», – деп уағыз айтып еді.

Мұндайды уағыздаушылар жиырма жылдан кейін де іс басында отырды ғой... Бәлкім, ымырасыздық рухта жүргізілген осындай насихат-нақылдардың тұтас бір ұрпақ санасын әбден улап тастағанында ма екен бар кілттипан? Әлде мәңгүрттікті патриоттыққа балайтын мансапқорлардың күрт қаулап өсуіне қолайлы жағдай туғызудың салдары ма?

Қай-қайсысы да ғажап емес, әрі солардың бәрінің тегі біреу – сталинизм, бейімделгіш бюрократиялық күштер жанталаса тиянақ іздейтін «мызғымас» құбылыс. Қуаныштысы – қорғанысқа көшкен сталинизмнен Рысқұлов рухының биік тұрғаны көп ұзамай-ақ, арнайы құрылған үкімет комиссиясының беделді қорытындылары нәтижесінде, бұлтартпас тұжырымдармен дәлелденді.

Содан бері халық өзінің адал ұлы Тұрар Рысқұлов туралы тарихшылар, зерттеушілер жарыққа шығарған талай дерекке

канықты. Тамаша күрескердің өз қаламынан әр кезде туған публицистика, зерттеулермен, атақты жиындарда сөйлеген сөздерімен танысты. Ең бастысы, революционер Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін арқау еткен, оның адам және қайраткер ретіндегі тұлғасын сомдаған көркем шығарма – «Қызыл жебе» романымен қауышып, жазушы Шерхан Мұртазаевтың көп жыл маңдай терін төккен творчестволық ізденісіне ризашылық білдірді.

Қайта құру жылдары Ш. Мұртазаев өнер сүйер қауымға драматургия тілінде кестеленген Рысқұлов бейнесін бұрын қалың көпшілікке беймәлімдеу қырынан ұсынды. Оның «Сталинге хат» атты халықтық трагедиясы жұртшылықты 30-жылдардың ащы шындығын сахна өнері күшімен, құйқаны шымырлата ашып көрсеткен батылдығымен дүр сілкіндірді. Бұдан кейін ғалымдар Рысқұловтың Қазақстанды жайлаған аштық жөнінде И.В. Сталинге жазған хатын ғылыми айналымға қосып, талдаулар, түсініктемелер жасай бастады. Оқырмандар сол әйгілі тарихи документтің өзін де оқып шығуға мүмкіндік алды.

Сөйтіп, жаңаша ойлау саясаты арқасында өзінің өткен белестеріне, әсіресе олардың күштеп ұмыттырылып келе жатқан тұстарына, соның ішінде 1932 жыл ақиқатына жаңа, айық та сыншыл көзбен қарай бастаған халық – сол нәубет тұтқасында тұрған диктатор алдына келіп, оның жүргізіп отырған саясатының астарын айқара ашып тастаған қаһармандығы үшін – Рысқұлов есімін мактаныш етті...

Тоқырау деп аталған заманның өзінде – сталиндік заңсыздықта нақақтан құрбан болған ірі тарихи тұлға ретінде – рухани өмірімізге ардақты есімі қайта оралған, қазіргі қайта құру кезеңінде жоғарыда айтқанымыздай ретпен мәлім болған жаңа деректер нәтижесінде тарихи бет-бейнесі бұрынғыдан да ажарланып, айдындана түскен Тұрар Рысқұловтың туғанына 26 декабрьде 95 жыл толады.

Ол 1894 жылы бұрынғы Жетісу облысының Верный уезінде, оның құрамына кіретін Шығыс Талғар болысындағы Бе-

сағаш деген жерде дүниеге келген. Әкесінің – сіңірі шыққан кедей, көшпенді Рысқұлдың – өзіне, халыққа қорлығы өткен болысты өлтіріп түрмеге түсуі Россиядағы бірінші халықтық революция оқиғаларымен тұспа-тұс кеп қалады. Сол себепті ол 1905–1906 жылдары тұтқын Рысқұлдың қасында, Верный түрмесінде болған кезінде, әкесімен камералас орыс революционерінен хат тануды үйренеді...

Әкесі Сахалинге айдалғанда жас Тұрар Меркедегі ағайындарының арасына кетіп, бакташы болады, орыс-тузем мектебіне түсіп оқиды. Оқуға ынтасы зор бала одан кейін Пішпек ауылшаруашылық мектебіне қабылданады. Оны бітірген соң Самара ауылшаруашылық институтына түспекке талаптанады. Алайда, емтиханды ойдағыдай тапсырғанмен, шыққан тегі жақпағандықтан, институт есігі оған ашылмайды. Тұрар сағын сындырмай, Ташкентке аттанады. Мұнда мұғалімдер институтына түседі де, күнкөріс үшін сондағы бау-бақша шаруашылығында жұмыс істей жүріп, білімін тереңдетуге кіріседі...

Қоғамдық құрылыстың әділетсіздіктерін қаршадайынан көріп, басынан өткеріп, әрі солардың социал-демократиялық ой тұрғысынан қалай түсіндірілетінін жігерлі жас жігіт Верный түрмесі мен Пішпек орта оқу орнында жүрген уақыттарынан бері әр кезде әртүрлі дәрежеде бағамдап келе жатқан. Ақыры, 1916 жылы, күллі Түркістанды – Орта Азия мен Қазақстан жерлерін – от-жалынына ораған ұлт-азаттық көтеріліс бұрқ ете түсті. Бұл оның ғұмырына күрт өзгеріс енгізген, бұдан былай оны революциялық күрес жолына біржолата салып жіберген оқиға болатын.

Он алтыншы жыл дүрбелеңінде біз күні бүгінге дейін танып бітпеген сырлар мол. Патша үкіметінің арандату саясаты – аса жоғары мәртебелі пәрменге қарсылық білдірді деген желеумен ашынған халықты тұқыртып алу, тіпті қырып жіберуге тырысу, оларды шұрайлы жерлерінен бұрын-соңды болмаған қарқынмен, тұрпайы тәсілмен, түбегейлі айыру мәселелерін мұқият ескерді. Осыны түсінген көзі ашық жі-

гіттер жер-жердегі көтеріліс ұяларына жетуге асықты. Тұрар Рысқұловтың да Ташкенттегі оқуын тастап, Әулие-Ата уезінен бір-ақ шығуының бір себебі сонда болса керек. Ол көтерілісшілер қимылына басшылық етіп, қозғалысқа ұйымдық, саяси сипат телуге атсалысты.

Ұзамай көтеріліс басылып, Тұрар абақтыға қамалады. Содан тек 1917 жылғы Февраль революциясы дүмпуімен ғана азаттыққа қолы жетеді де, түрмеден шығысымен, патшадан құтылған ахуалдағы саяси өмірдің қыз-қайнаған қым-қуыт тіршілігіне белсене қойып кетеді.

Тұрар Рысқұлов монархияның құлауына орай шаңырақ көтерген Әулие-Ата Советінде қызмет атқара жүріп, «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрады. Жол-жобасы, айқын мақсаты белгіленген, талай болашақ партия-совет қызметкерлерінің шындалу мектебі болған осы ұйымды басқарып жүріп, 1917 жылғы сентябрьде большевиктер партиясына кіреді. Ұлы Октябрьден кейін ол Әулие-Ата уездік Совдеп атқару комитетінің председателі болып, 1918 жылдың ортасында Ташкентте өткен Түркістан Республикасы Советтері председателдерінің бірінші съезіне қатысады.

Ұйымдастырушылық қабілеті зор, білімді, жалынды революционер тез көзге түсіп, Түркеспубликаның көрнекті қайраткерлерінің біріне айналады. Ол Түркістан Советтері Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланып, Денсаулық сақтау халық комиссарлығына тағайындалады. 1918 жылдың аяғына қарай оны ТүркЦИК председателінің орынбасары, 1920 жылдың басында ТүркЦИК председателі етіп сайлайды. Бұл қызметтерімен қатар Рысқұлов өлкелік партия комитеті президиумының мүшесі болды, әрі РК(б)П-ның өлкедегі Мұсылман бюросын басқарды.

1920 жыл – Тұрар Рысқұловтың саяси-идеялық тұрғыдан мейлінше тереңдей түскен, тынымсыз ізденіс нәтижесінде кемшілік, қателікке де жол берген, әрі онысын мойындап, батыл түзете де біліп, ары алдында таза болу арқылы маркстік-лениндік танымын байытқан кезеңі болды. Оның

Түркістан өлкесінің халықтары арасындағы беделі зор еді. Бұған басқа жұмыстарымен қатар Аштықпен күресу жөніндегі төтенше орталық комиссияның (Помгол) председателі, одан кейін Ферғана облысындағы басмашылықпен күресу жөніндегі төтенше комиссияның председателі ретінде атқарған, жұртшылық көкейінен шыққан пайдалы істері де игі әсер етсе керек.

Сондықтан да оның Түркеспубликада бірыңғай «Түркі компартиясын» құру туралы ұсынысы мұсылман партия ұйымдарының III конференциясында да, Түркістан Компартиясының өлкелік V конференциясында да қолдаушылық тапты. Бұл қателікті Түрккомиссия түзетті, ал Рысқұлов РК(б)П Орталық Комитетіне, В.И. Лениннің атына – Түркеспубликадағы барлық ұлттық дербес коммунистік ұйымдарды біртұтас Коммунистік партияға біріктіру, тұтастыру жайлы мәселені шешуді жеделдетсеңіз деген өтініш жолдады. 1920 жылғы майда ол Түркеспублика делегациясын басқарып Москваға барды. Оны В.И. Ленин қабылдады. Сондағы әңгіменің, көсем сөзінің өзінің санасында өшпес із қалдырғанын, өмір бойы жөн сілтеп тұратын жарық жұлдыз іспетті әсер еткенін ол 1924 жылы «Правдада», кейін басқа басылымдардағы мақалаларында да жазды...

Орталық мемлекеттік Октябрь революциясы архивінде сақтаулы тұрған «Түркістан істері жөніндегі ВЦИК комиссиясы мен ЦК Комиссиясының 1920 жылғы июльдің 15-нен 31-не дейінгі информациялық ақпары» деген документте Рысқұловтың Москваға сапары жайындағы баяндамасы өлкелік комитетте тыңдалғаны, Түрккомиссия мүшелерінің жүзеге асырылуға тиіс өз шарттарын айтқаны, сонда ТүркЦИК председателі Рысқұлов, Совнарком председателі Любимов, крайком председателі Тұрсынходжаев бастаған сегіз жауапты қызметкердің өз лауазымдарынан бастартатынын мәлімдегені туралы хабар бар.

Түрккомиссия Түркістан Компартиясының Уақытша Орталық Комитетін құрады. «Өлкелік комитетті ауыстыру біз

ойлағаннан едәуір оңай өтті, шамасы, бұдан былай да елеулі қиындық туғыза қоймас, – делінген ақпардың 39-бетінде. – Кетіп бара жатқан «жолдастар (Рысқұлов, Тұрсын-жоджаев және басқалар) бізбен жолдастық қарым-қатынастарын сақтап қалды, рас, бізге ептеп қыр көрсетіп, біздің қызметімізден өздеріне ыңғайлы желеу боларлықтай отаршылдық сәттерді тауып алуға тырысқанмен, олардың әбден шатысқаны сезіледі, оп-оңай кете салулары да қателескендіктерін түсінгенін куәландырып тұр».

Түрккомиссия мүшелері М.В. Фрунзе, В.В. Куйбышев, Ш.З. Элиава және басқа да көрнекті қайраткерлер Тұрар Рысқұловты аса ірі тұлға, қажымас коммунист деп атап, Орталық Комитетке оны өте жоғары бағалаған мінездеме хаттар жазды.

1920 жылғы сентябрьде Т. Рысқұлов Коминтерн Атқару Комитетінің ұйымдастыруымен Шығыс халықтарының Бакуде өткізілген бірінші съезіне қатысты. Ол съезде ұлт мәселесі жөнінде, оны Советтік Түркістанға көрші жатқан елдердегі ұлт-азаттық қозғалыс мәселелеріне сабақтастыра қарастырған үлкен баяндама жасайды. Тұрар Рысқұлұлы съезде арнайы құрылған Шығыстағы іс-әрекет және насихат жүргізу советінің мүшелігіне сайланады.

Сол жылы күзде ол Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатына қызметке шақырылып, алғашқы бірнеше ай бойы Наркомнацтың Әзірбайжан республикасындағы өкілі боп істейді. РК(б)П X съезіне Әзірбайжан партия ұйымынан делегат болып қатысады. 1921 жылы Наркомнац коллегиясының мүшесі, одан Наркомның орынбасары болып тағайындалады. 1922 жылдың күзінде қайтадан Түркреспубликаға оралды. Мұнда 1924 жылы ұлттық-территориялық межелеу жүргізілгенге дейін Түркістан Халық Комиссарлар Советінің председателі болып қызмет атқарады.

1924 жылы Тұрар Рысқұлов большевизмнің қиын да үлкен практикалық мектебінен өткен қайраткер ретінде, Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетінде жұмыс

істеуге шақырылады. Коминтернде ол халықаралық коммунистік қозғалыстың атақты қайраткерлерімен қызметтес болады. Ұзамай Коминтерн Аткомы оны Моңғолияға өзінің уәкілі етіп жібереді. Рысқұлов жас республикадағы ел тіршілігін демократияландыруға бағытталған революциялық өзгерістерді басқару жөнінен халықтық-революциялық партияға жәрдемдеседі, астананы «Ұлан-Батор – Қызыл батыр» деп атау туралы ұсыныс енгізеді...

Бір жылдан кейін ол Совет Одағына қайтып оралады да, бірнеше ай бойы ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінде баспасөз бөлімінің меңгерушісі әрі республикалық «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы қызметінде болады.

1926 жылғы майда Т. Рысқұлов ВЦИК Президиумының шешімімен РСФСР Халық Комиссарлар Советі председателінің орынбасарлығына тағайындалады да, осы қызметінде он бір жыл бойы, 1937 жылғы майда нақақтан репрессияға іліккенге шейін істейді.

Күрделі де ауыр мемлекеттік істер жүгін көтерумен қатар, Тұрар Рысқұлов публицистикалық, ғылыми және зерттеушілік жұмыстарға да ден қойып, әрдайым оған уақыт бөліп отыруды парыз санаған жан. Оның қаламынан тарихи және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді өзінің күнделікті практикалық қызметімен тығыз байланысты түрде әр қырынан қозғаған сан алуан еңбек туды. Ол Орта Азия мен Қазақстанның өткені мен революция кезіндегі, совет өкіметін орнату, нығайту, жаңаша тұрмыс құру тұстарындағы тыныс-тіршілігі, Түркістан-Сібір теміржолы мен оның халық шаруашылығы үшін маңызы, еліміздегі коммуналдық шаруашылықтың, өнеркәсіп кооперациясының мәселелері, Төменгі Еділ бойындағы шаруашылық және мәдени құрылыстың жай-күйі, тағы да басқа көптеген мәселелер жөнінде жазды.

Тұрар Рысқұловтың ғылыми-публицистикалық жұмыстарын Париж түбіндегі орыс эмиграциясы ішінде өмір сүріп жатқан Мұстафа Шоқаев қадағалап оқып тұрды. Ол

Рысқұловты «Сталиннің фавориті» деп атады, оның кітаптарын, атап айтқанда, «Революция және Түркістанның жергілікті халқы» дейтін жинағын «шала сауатты деңгейде құрастырылған кітап» деп бағалады, сөйте тұра, шығармаларында сол Рысқұловқа жүгініп отырды.

Ал Рысқұлов өзінің шетелдегі оппонентінің еңбектерін қалай қабылдады – мұны әзір дөп басып айту қиын. Дегенмен, анығы, ол ұлттық интеллигенцияның қалыптасу тарихын, оның патшалыққа қарсы қызметін, революциядан кейінгі әрекеттерін айқын ажырата білді. Және идеологиялық күрес дегеніміз – әйтеуір, қайткенде де бұрынғы зиялыларды көкіректен итере беру деген сөз емес екенін атап айтып жүрді. Мұны оның «Қазақ интеллигенциясының өткенінен» деген еңбегінен және Москвада оқитын қазақ студенттерінің сұрақтарына «Еңбекші қазақ» бетінде берген жауабынан анық көруге болады.

Бұрынғы интеллигенттерді шетқақпай етпеудің озық үлгісін Рысқұловтың өзі көрсетті. Ол Түркістан-Сібір теміржолы құрылысын салысу үшін жұмысқа буржуазиялық деп аталатын ескі интеллигентті – инженер Мұхамеджан Тынышпаевты шақырған еді. Тынышпаев патшалық дәуіріндегі ІІ Мемлекеттік Думаның депутаты, Түркістан билігін большевиктер жеке-дара иемденіп алғандықтан пайда болған Қоқан автономиясы құрған үкіметтің Мұстафа Шоқаевтың алдында сайланған тұңғыш премьері, Алашорда халық кеңесінің мүшесі болған еді. Ол В.И. Лениннің басшылығымен бұрынғы алашордашыларға жарияланған 1919 жылғы кешірімнен кейін ғылыммен айналысып жүрген. Рысқұлов оны кеңес платформасында белсенді қызмет атқаруға батыл тартты.

Лениндік тұрпаттағы большевик революционерлердің бірі Тұрар Рысқұлұлы Рысқұлов туған Қазақстаны мен Орта Азия республикаларында революциялық өзгерістердің жеңуін ұйымдастыру, Қоммунистік партияның және Совет мемлекетінің ұлан-ғайыр жасампаз жоспарларын жүзеге асыру, халықаралық коммунистік қозғалыстың қанатын

жайып нығайту істеріне өлшеуге зор үлес қосты. Есіл ердің еңбегіне сай дәрежеде оның рухын құрметтеу – бүгінгі ұрпақ мойнындағы әлі толық өтеліп бітпеген қарыз десе болғандай.

Қайраткердің мүшелтойын атап жатқан бұл күндері жұртшылық есіне – Алматыдағы жаңа алаңға оның есімін беру жайында кейінгі кездері жиі көтерілген ұсынысты сала кеткен жөн шығар. Рас, сол ұсынысты елеусіз қалдыруға сылтау етерлік басқа пікір де туып қалды: кейбіреулер әсіре білгіштік тамырландырған білместік пен қимастықтың қазанында пайда болған күмәнді қорытпасын – «Рысқұлов аштыққа кінәлі» деген, шындыққа жанаспайтын жаңалықты сөз етіп жүр.

Бірақ түбі – парасат жеңсе керек. Азаматымызды қадірлей білейік. Революцияның қызыл сұңқары Тұрар Рысқұловтың атымен аталса – астанамыздағы басты алаңның қоғамдық-саяси өмірімізде алып отырған және алатын орыны еш кемімейді, әрі тарихи зерде тұрғысынан да дұрыс шешім жасалғанын жұртшылық, келер ұрпақ әділ атап өтетін болады.

Қазақ әдебиеті. 22 желтоқсан 1989 жс.

2. Ұлттық ымыра

Соңғы кездері рухани салада жұртшылықты елең еткізген бірер оқиға болды. Бес кітапқа жинақталып, алаш қозғалысына қатысты құжаттар жинағы жарық көрді. Мұнда жалпыұлттық және таптық көзқарастар ыңғайымен жіктелген қайраткерлердің кейбір күтпеген қадамдарын көрсететін деректер жария етілді. Баспасөз беттерінде 20-30-жылдарғы ұлттық элита жайында қорғалған ғылыми еңбекке байланысты біріне бірі кереғар пікірлер білдірген мақалалар басылды. Күні кеше тұсауы кесілген Алаш-Орда тарихына арналған фильмде де тосын пікір естілмей қалған жоқ. Мәселе халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Тұрар Рысқұловтың

Бас хатшы Сталинге 1924 жылы Түркістан өлкесіндегі ұлт қайраткерлерін таптық тұрғыдан сынап жазған хаттарының көпшілікке белгілі бола бастағанында болатын. Соған байланысты жақында Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамында пікір алысулар өтті.

«Әділет» қоғамы еліміздегі алғашқы үкіметтік емес ұйымдардың бірі санатында. Ол кезінде кеңес тұғырнама-сында қызмет атқарған коммунистерді де, алаш қозғалысында болған азаматтарды да талғамай жұтқан «үлкен террор» құрбандары ұрпақтарының белсене қатысуымен құрылған қоғам-ды. Жиырма шақты жылдан бері саяси қуғын-сүргін шындықтарын ашу арқылы азаматтарды тарихпен тәрбиелеуге, демократиялық құндылықтардың өмірімізде бекем орнығуына атсалысып келеді.

Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін науқандары салған жара зардабының айтып-жеткісіз ауыр болғаны белгілі. Үрей шеңгелдеген, әділеттілік өлшемі өзгерген жан-дүниемізді тазартуға коммунистік партияның жиырма-сынашы съезінің жол ашқаны да мәлім. Ол коммунистік билеп-төстеу кезіндегі қараңғы-қапас тұңғыықтар құпияларының бүркеуін аздап қана көтерген-тін. Ащы шындықты жартылай ғана ашқан. Соның өзі біздің қоғамдық тыныс-тіршілігімізге жылы леп, жарқын бет боп еніп, жаңа ұрпақты тәрбиелеу факторына айналды. Сөйтіп, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жаңа тарихи сана қалыптаса бастады. Бірақ, билеуші партияның өзі саясатпен тоқылған елеуішінен іріктеп өткізіп ашқан шектеулі шындықты ғана айналымға жіберуі салдарынан, жаңа тарихи сана да бір-жақтылау қалыптасты. Саяси қуғын-сүргінге көбірек көңіл бөлу құпталмады. Яғни режим қылмысы ауызға алынбады. Тек жекелеген құрбандардың өмір жолы сонау 20–30-жылдарғы репрессия саясатына байланыстырылмай ғана әңгіме етілді. Ал алаш қайраткерлері хақында әлдеқандай оң пікірлі ой айту мүмкін емес-тін. Мәселен, КСРО астанасында 1937 жылы атылған Әлихан Бөкейханов есімі жазықсыз

жағылған қара күйеден Жиырмасыншы съезд шешімдерінен соң істері қайта қаралған «халық жауларының» алғашқы ле-гімен 1956 жылғы 8 қыркүйекте аршылды. Мәскеуде, сон-дай-ақ, Мәскеу қалалық сотының төралқасы 1957 жылғы 2 желтоқсанда Жаһанша Досмұхамедовті де кінәсіз құрбан деп тапты. Жаншаны оған қоса, екінші мәрте, 1958 жылғы 28 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер жөніндегі арнайы комиссиясы да ақтады. Сол Арнайы ко-миссияның ұйғарымымен Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, тағы бірқатар алашордашылар жайындағы әділетсіз үкімдердің күші жо- йылды. Олардың артынша, 1959 жылғы 26 наурызда Ахмет Байтұрсынов, 1960 жылғы 8 шілдеде Мағжан Жұмабаев ақталды.

Алайда олар, жоғарыда айтқан идеологиялық сүзгі ре-абилитациямен қатар іске қосылғандықтан, қоғамдық өмірге жолатылмады. Тек олар ғана емес, репрессияға ұшыраған коммунистердің де белгілі бір тобы жайында, реабилита-цияланғанына қарамастан, дұрыс ой-пікір білдіруге билеуші саясат ырқымен тыйым салынды. Мәселен, Тұрар Рысқұлов-тың адал есімі қоғамға біраз сөзбұйдаға салып, бұлталақта-тып барып, жетпісінші жылдары ғана қайтарылды. Алай-да онымен қатар ақталған Сұлтанбек Қожанов қара таңба жамылулы қалпында тұмшаланып, қалтарыста қала берді. Сонау жасанды қалтарысқа, репрессияға ұшырамағанмен, Смағұл Садуақасов да тығып тасталды. Ол «түзелмейтін ұлт-шыл» Қожановпен қатар оңшыл-ауытқушы ретінде арнайы партиялық әдебиетте сыни тұрғыда ғана тілге тиек етіліп, көпшілік үшін «халық жауы» қатарында жабулы жатты.

Әдебиетшілерге де сондай қос кейіпті стандарт қолданыл-ды. Айталық, Жиырмасыншы съезден соң іле-шала рухани тыныс-тіршілікке оралған Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансү-гіров, Бейімбет Майлин есімдері жұртшылық көзайымына, қуанышына айналып, құрметіне бөленіп жүргенде, солар қа-тарлы ақталған ақындар Мағжан Жұмабаев, Міржақып Ду-латов, Ахмет Байтұрсынов есімдері қапастан шығарылмады.

Заңнамада ескерілмеген жәйттің өзін ыңғайына бейімдеп алғыш жаңаша пайымның құбылмалы көсемдері мен жандайшаптары тоталитаризм жылдары Мағжанға қатысты: «Ол азаматтық тұрғыда ғана ақталды, бірақ партиялық тұрғыда ақталған жоқ» дейтін түсініксіздеу желеуді алға тартқаны есте. Саяси репрессиялар құрбандарын жаппай ақтағанмен, сондай желеумен торланған саяси електен заңды реабилитациядан соң да қайта өткізіп іріктеу алпысыншы жылдары кеңінен қолданылған сияқты. Билік тұтқасын ұстаған коммунистер, әрине, аталған елгезермен бірінші кезекте «алашордалық» дейтіндерді сүзіп алып тастаған бопшықты.

Оларды тек қайта құру саясаты өрістеген 1988 және 1989 жылдары биік құқықтық соттардың шешімдерімен жалпы алаштықтар қатарында тағы бір ақтап алғаннан соң ғана батыл еске ала бастадық.

Сонымен, билеуші коммунистік партия жеке басқа табыну әшкереленгеннен кейінгі алғашқы кезеңде, бір қарағанда, өзінің сенімді жауынгерлерін ақтады. Оларды – партия сарбаздарын, коммунистерді – саяси қуғын-сүргін науқандарына дейінгі қызметтеріне орай шартты түрде қуғындаушы, ал олардың алашордалықтар сынды идеялық қарсыластарын қуғындалушы санатына қоюға болар еді. Сол екі топта жазықсыз жазалаудың кара семсеріне негізінен бір ортақ науқанда іліккеніне қарамастан, қуғындалушылар шын мәнінде тек екінші лекте, қайта құру кезеңінде ақталды. Соның салдарынан, бұдан жарты ғасырдай ілгеріде нобайланған соны тарихи сана осы қос ақтау науқанының арасына түскен отыз жыл ішінде, кей ретте, жаңа тоталитарлық реңк алып үлгергендей еді. Кейінгі кезде орын алған дау-дамайда соның салқыны бар тәрізді. Бұрмаланбаған тарихи сананы қалыптастыру оңайлықпен жүзеге асатын шаруа еместігі аныққа айналды.

Біз репрессиялар туралы сөз қозғағанда, әдетте, жазықсыз жапа шеккендер, құрбандықтар жайын айтамыз. Негізі-

нен тек соларды еске алу және есте қалдыру төңірегіндегі мәселелерді зерделейміз. Бірақ сондай қуғын-сүргінге себеп болған, қуғын-сүргінді жасаған режим мен оны жүзеге асырушылар жайында ауыз ашпаймыз. Мұның, әрине, үлкен себептері бар. Кешегі ортақ мемлекет тарапынан бұрынғы мемлекеттік террор жасағандардың, жалпы, сонау мемлекеттік қылмысқа жол берген сталиндік кезеңнің әділ бағасын алмағаны, оны айыптайтын сот үдерісінің жүрмегені, бұл тарапта қабылданған ешқандай заңнамалық құжаттың жоқтығы қоғамдық санаға әсер етпей тұрмайды. Сталин заманы дегенде ел жадына репрессиялар өз алдына, сонымен қатар фашизммен соғыстағы Ұлы Жеңіс оралады да, сананы режимнің қылмысынан гөрі қол жеткізген ұлан-ғайыр жетістіктері басып кетеді. Оған қоса, кезінде жеңдеттік тәсілмен қызмет атқарған партия-кеңес жетекшілерінің бірқатары әрі жасампаз өмір құрылысшылары, әрі жазықсыз жазалау науқанының құрбандары ретінде көрінетіні де бар. Сондықтан да саяси қуғын-сүргіннің себептерін, оның барша шындығын анықтауға деген ұмтылысты қажетсінушілік бүгінде қоғамдық санадан біртіндеп ығыстырылып тасталған секілді әсер береді.

Алайда мұндай әсер нақты жағдайға сәйкес келе бермейтіндей көрінеді. Қалай болғанда да, мұрағаттардан алынған жана деректер (Рысқұловтың Сталинге хаттары) негізінде кейінгі уақыттарда баспасөзде жария болған жаңалықтар мәселеге жеке тұлға аумағынан асып, кең көлемде қарауға, идеологиялық күрес шындықтарын терсең тануға ұмтылғанды.

Мәселен, маған 20-жылдарғы кезеңнен екі тамаша ұлт қайраткерінің өз кезеңдеріндегі жалпыұлттық мүддені көздеген аса ірі істері ұнайды және солары үшін мен оларды әрдайым бүгінгі ірілі-уақты қайраткерлерге, барша азаматқа, жастарға отаншылдықтың, елін, жұртын сүюдің озық үлгісі ретінде өнеге етіп тарта беруден айнымаймын. Оның бірі – Тұрар Рысқұлов пен оның серіктерінің 1920 жылы Түркістан өл-

кесінде Түркі Республикасы мен Түркі халықтарының коммунистік партиясын құру жайындағы жобалары. Екіншісі – Сұлтанбек Қожанов пен оның серіктерінің 1924 жылғы Орта Азияны ұлттық-аумақтық тұрғыда межелеп-жіктеу науқаны кезінде аралас-құралас, қоян-қолтық өмір сүріп жатқан халықтардың бір-бірінен мүлдем ірге бөлісуіне қарсы тұру. Ортаазиялық Федерация құру, сол арқылы Кеңестер Одағы құрамына кіру, жаңа ұлттық республикаларды Қазақстанмен бірге ортақ экономикалық қауымдастыққа ұйыстыру, Ташкентті Қазақ Республикасының астанасы ету үшін күресудегі ұстанымдары.

Орталық өкіметтің мақсатына сай келмегендіктен де жүзеге аспай қалған бұл әрекеттердің бүгінгі таңдағы жаңғыртылған көрінісі тәуелсіз Қазақстанның Орталық Азия одағын құру жайындағы жасампаз бастамасынан айқын аңғарылады...

Осы аса ірі қос қайраткердің тарихи әділеттілікке жауап беретін сенімді көзқарастары мен батыл қадамдары, соңғы кездері мәлім болған деректерге қарамастан, ешқашан ұмытылмауға тиіс, бұлардың сол 1920 және 1924 жылдарғы істері ел болашағын терең де жан-жақты ойлаудың үздік үлгісі ретінде әрдайым үлкен құрметпен аталуға әбден лайық екені анық. Олардың ел игілігі үшін басқа да небір үлкен жұмыстар атқарғаны көпшілікке жақсы мәлім.

Соңғы кездері белгілі болған деректер осынау тұлғалар арасында елеулі күрес жүргенін көрсеткенмен, олардың еңбектерінің мән-маңызын жоққа шығара алмайды. Бірақ бұл олардың арасындағы айтыс-тартысты мүлдем елемеу керек деген сөз емес, керісінше, бізге олардың сонау күрестерінің мән-жайын, туу себебін, салдарын ажырата білу ләзім. Бұл сол қайраткерлерге деген көзқарасымызды өзгерту үшін емес, олардың күресінен тәлім ала білу үшін, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену үшін, өзіміздің бүгінгі күнімізді, болашағымызды айқын түсінуіміз үшін қажет. Тарихтан сабақ ала білу үшін керек.

Сонымен, ұлт зиялыларының 20–30-жылдарғы пікір қайшылығы неде? Түркістан Республикасы тарихында осы екі ірі қайраткердің есіміне байланысты «рысқұловшылдық» және «кожановшылдық» деген жіктер болғанын, олардың топшылдық ретінде бағаланғанын білеміз. Олар неліктен және қалай туып, қайтіп өрістеді?

«Әділет» қоғамында пікір алысқандар осы төңіректе ой толғады. Өздеріне мәлім жәйттерді ортаға сала келе, көпшілік баршасы келісетін ортақ ой қорытқандай болды. Жеке тұлғалардың идеялық тартысының арты мансап тартысына, топ құруға апарғанын, бірін бірі сүріндіру мақсатымен өзді-өзіне саяси айып тағып, оларының анық-қанығына, дұрыс-бұрыстығына өзара пікірлесу нәтижесінде көз жеткізуге тырыспастан, әрдайым төрешілік сөзін айтуды орталықтан тосқанын, ал оның арты жалпыұлттық мүддеге кереғар шешімдер жасалуына ұласып жатқанын мойындады.

Шынында, патшалық кезінен қалыптасып, кеңестік дәуірде нығая түскен құлдық сана-сезім жөн сөзге тоқтау, әділет алдында бас ию іспетті дәстүрлі қасиеттердің байырғы тұғырынан тайып, жаңа сапаға ауысқанын көрсетті. Ұлт қайраткерлерінің бірін бірі мойындамауы, араларында бедел тұтатын тұлға болмауы, дұрысында, араларындағы бедел тұтуға тұратын тұлғаны көпе-көрінеу көрмеуі, мойындамауы, шындап келгенде, шынымен сондай кәдір-қасиетке ие жанның жоқтығынан емес, жаңа империялық орталыққа көзсіз емінушіліктен туған еді. Сөйтіп, жаңа сипатқа ие болған құлдық психологияның жетегімен, «жаңаша құл иеленушінің» ілтипатына ілігуге тырысушылық, сол жолда бәрін тәрк етуге әзірлік оларға туған халқына риясыз қызмет ету сынды биік тұғырдан дербес ой толғауға мүмкіндік бермеді.

Рысқұловтың тілге тиек болған хаттары Орта Азияда ұлттық межелеп бөлу науқаны өрістеген тұсқа дөп келді. Хаттардың мазмұнына қарағанда, өкініштісі, оны осынау аса маңызды, тағдырлы науқан жайы аса толғандырмаған тәрізді. Мәскеуден Ташкентке жазған хатында ол қарсыла-

сын қайткенде құлату үшін не істеу керек екенін өзінің пікірлесіне тәтпіштеп жазып бағдарламалық тапсырма береді. сол тапсырмаларының ішінде, бармағыңды тістетіп әттеген-айлататыны, қарсыластары жайындағы мағлұматтарды жоғарғы партия, партиялық бақылау және құпия полицияға – ГПУ-ге хабарлап отыруы қажеттігін шегелеп айтады. Өзінің Сталинге берген баян-хаттарында да қарсыластарының – бұрынғы алашордашылардың пәтерлеріне ГПУ органдары шұғыл тексеру жүргізгені мақұл екенін ескертіп отырады. Жақтастарының ұлтшылдық әрекеттер жасап жүрген басшы-коммунист қызметкер жайындағы шағымдарына қолдарын қоймай, жасырын қалып, тек мәтінді жолдау себебін қарсыластары тарапынан жазаланудан қорыққандықтан деп түсіндіреді.

«Әділет» қоғамында пікір алыскандар 20–30-жылдары ұлт қайраткерлерінің бірінің үстінен бірі жазған хаттардың өте көп болғанына назар аударды. Ондай арыз-шағым, айыптау сарынды жазбалардың көптеп тууына таптық күрес желеу болды. Тапшылдар ұлт мүддесін тапқа бөлмей қорғау жағындағы алашордашылармен де, таптық күресте ұлттық мақсатқа мол мән беруші, яғни алашордалық делінетін ұлт зиялыларына бүйрегі бұрып тұратын оңшыл-ауытқушылармен де күресті. Бірақ бұдан олар ұлт мүддесін ескермеді деуге болмайды, олар саясаттың мазмұны пролетарлық, түрі ұлттық сипатын қолдайтын. Түптің түбінде «үлкен террор» бұл екі қанаттағыларды да ұлтшылдар ретінде жазалады. Және бір ескеретіні, десті пікірлесушілер, мұндай саяси айыптасу әрекеттері қазақ кадрлары арасында ғана емес, Кеңес Одағының шартарапында да орын алды. Демек, біз олардың дау-дамайларын емес, халыққа сіңірген еңбектерін бағалауға тиіспіз...

Жаны бар ой. Әйтсе де, қит етсе орталыққа жүгінуге әуестіктің салдары жақсы болмады. Қит етсе орталыққа жүгінуден әлдебір шешуі қиын күрделі мәселеге орай жәй ғана төрелік сұрау емес, бірін бірі көре алмауға, біріне бірі билік

тұтқасын қимауға, бірін бірі мейлінше қаралай отырып, тұқыртуға, тіпті құртуға тырысушылық аңғарылады. Мұндай әрекеттер өз араларынан ел басқаратын азамат шығармауға апарды. Сөйтіп, түптің түбінде ел басқаруға көлденең көк атты жіберіліп, халқымызды ұлттық апатқа ұрындырған жаңаша құлдық ахуал тудырды. Осы қасіретті ойласақ, онда мұны жылы жауып қоя салуға да болмайды. Жылы жауып қоя бермей, айқара ашу керек. Бұл біздің азаматтығымызға сын. Қайраткерлеріміздің елге сіңірген еңбектерін мансұқтау үшін емес, керісінше, олардың одан да артық сіңіруі ықтимал, тек атқара алмаған істерін айқындап бағамдау үшін, ұтылған тұстарымыздың тамырларын айыра білу үшін солай ету ләзім. Бастан кешкен кемшілік себептері мен олардың кайғылы салдарларын болашақ үшін зерттеп білу абзал.

Осы жерде еріксіз бой көтеруі мүмкін бір жәйт бар. Бірде, «Әділет» басқармасының кезекті бір мәжілісінде, қайта құру жылдары ақталған бір ірі ғалымымыздың перзенті әкесін 30-жылдары ұстатқан адамды білетінін айтты. Ол адам әкесімен әріптес ғалым болып шықты. Қызығы, ол адам жайында түрлі қысымдар мен қинаулардың салдары боп табылатын бұрмалаулы көрсетілімдерге толы, әділдігі күмәнді сот материалдарынан емес, сол кезгі баспасөзден тауып оқыпты. «Халық жауын» қалай әшкерелегені туралы әлгі қуғындаушы-ғалымның өз еркімен, өз қолымен, көзі тірісінде өзі мақтан етіп жазған мақаласынан, өзі жұртқа жария еткен сырынан біліпті. Сол қуғындаушы-ғалымды жарты ғасыр бойы билік дәріптеп келсе, оның жаласынан атылып кеткен әкесінің адал есімі, ғылыми еңбектері сонша уақыт бойы жабық жатты. Енді, әділет салтанат құрғанда, әкесінің сонау қаралы жылғы жендетінің кім екенін біле тұра, оны әшкерелемеу дұрыс па, бұрыс па, әділетсіздікті қалай түзеуге болар еді? «Әділетшілерге» осындай қиын сауал тасталған.

Күрделі мәселе. Жендет пен құрбандықты қатар аялаумен әділ тарихи сана қалыптастыру мүмкін еместігі анық. Дегенмен, бізге басқа жол табу керек. Екі ғалымның да ғылымдағы

елеулі еңбегін тиісінше бағалай отырып, бо- йымыздан олардың сол заманғы саяси ұстанымдарын әділ талдай білетін күш табу ләзім. Кек қайтаруға тырыспауға, төзімсіздік танытпауға, түсінуге, талдауға, келешекке қажет тәлім ала білуге тиіспіз. Өштесу жарқын болашаққа қызмет етпейді. Пікір алысуға академик Мәлік-Айдар Асылбеков бастаған бір топ ғалымдар мен «Әділеттің» Саят Жансүгіров, Әли Оразов, Марат Нұрпейісов, Қызғалдақ Жұбанова, Елена Грибанова, Сәуле Айтмамбетова сынды бірқатар байырғы мүшелері қатысып, осындай ұйғарымға келгенбіз. Сондай көзқарас тілге тиек етілген Рысқұлов хаттарына байланысты да айтылды. Оларды жасыруға болмайды, біздің демократиялық қоғамда жабық тақырып болмауға тиіс, қайта, бәрін ғылыми айналымға түсіріп, зерттеп, талдау жөн. Міндетті түрде есте ұстауға тиіс жәйт сол, мұндай шаруа ұлттық мақтаныштарымызды тұғырдан тайдыру үшін жасалмауға керек, мұндай шаруа олардың күллі пенделіктерінің себеп-салдарларын ашып, бүгінгі күннің пайдасына, яғни жан-жақты да адал азаматтарды тәрбиелеу ісіне жұмсау үшін атқарылуға тиіс.

Таптық көзқарас халықты екі жарғаны ешкімге құпия емес, демек, бұл мәселені қарастырғанда, сол таптық негізде – бірі тек кедей-кепшік, екіншісі бай-кедейі айырылмаған жалпы ұлт мүддесін көздеп екі жарылған халқымыздың бірлігі қымбаттығын ойда ұстау керек. Яғни бізге ұлттық ымыра қажет. Оны жәй ұранмен, яки әлдебір тыйым салумен орнатам деу қате, оған тек қана ашық талқылау, мәселені айқын түсіну, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену арқылы қол жеткізуге болады.

Біздің елде жүз қырық мыңдай жан жазықсыздан жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшырап, лагерьлерге айдалды, жиырма бес мыңдай боздақ атылып кетті. Большевизм жауынгерлері себеп боп үш дүркін соққан ұлттық апаттан төрт миллионнан астам адам қырылды. Осынау ірі қасіреттер жайында ұстамды талдау мен қорытынды жасау үшін де ұлы төзім, ұлттық ымыра қажет. Ол заманғы сұмдықтар таптық

жікке бой алдырып, ұлттық тұтастықты сақтай алмау, ұлттық тәуелділікке мойынсұну салдарынан орын алғанын жанжақты парыктасақ, бүгінгі тәуелсіздігіміздің қадірін терең түйсініп, жіті ұға түсеміз, өткенгі қателіктерге жол бермеу жолдарын айқын ажырата білеміз. Сондықтан да «Әділет» күллі мүдделі топтарды тарихи таным жолында ымырала-сып жұмыс атқаруға, қоғамдық сананың дұрыс қалыптасуына көп болып әділ үлес қосуға шақырады.

24 наурыз 2009 ж.

3. Рысқұловтың хаттары

Әлқисса

Тұрар Рысқұлов – Мұстафа Шоқаевтың Біртұтас Түркістан мемлекетін құру идеясын 1920 жылдың басында советтік негізде жүзеге асыруға тырысып, Түркі Республикасы мен Түркі халықтарының Коммунистік партиясын құру жөніндегі аса маңызды құжаттарды қабылдаудың басында тұрған қайраткер. Совет өкіметінің алғашқы декларациялары мен партияның көпшілік ұғымына жақын саясатын арқа сүйеп жүргізген өзінің саяси жұмысының нәтижелерін нөмірі бірінші большевик Лениннің алдында қорғауға тырысқан ұлт коммунисті. Оның тек осы әрекетінің өзі ұлттық мемлекеттік құрылыс тарихындағы өшпес беттер болып табылады, бұл ешқашан ұмытылмақ емес. Сонау ересен батыл қадамынан кейінгі тағдырлы толқындар ықпалымен (бұлар жайында автор басқа жұмыстарында кеңірек тоқталады) ол большевизм ұғымындағы сенімді лениншіл тұрпатында қалыптасты. Сол кейіпте аса көрнекті мемлекет қайраткері деңгейіне көтеріліп, тарихқа терең із қалдырған зор жұмыстарын атқарды. Бүгінде халқымыз оның есімін заңды түрде мақтаныш етеді.

Біз қилы ақпарат өтінде – ашықтық пен жариялылық желі еркін есіп, бұрын жабық мұрағаттар есігін ашып жатқан,

кім-кімге де құпия қоймалардағы жықпылдарды қалтарыс қалдырмай аралауға мүмкіндік берген заманда өмір сүріп отырмыз. Біздің елемегенімізді, немесе әлдеқандай бір себептермен өзімізден өзіміз жасырғымыз келгенді бәрібір басқалар көреді. Демек, бұрын жекелеген мамандарға ғана мәлім боп, белгісіздік тұңғыығынан енді ғана әлдеқалай жарыққа шыққан да, ұзынкұлақ түрінде көпшілікке таралған әр жаңалықты, құбылысты бірінші кезекте өзіміз біліп, талдап, түсінуге тырысу ләзім. Бізге тарихи тұлғалардың шуақты істерімен қатар, көлеңкелі тірліктерін де ашып қараған пайдалы. Олардың себеп-салдарларын айық пайымға салған жөн. Бұндай әрекет оларды тарих қойған тұғырынан тайдырмайды, бейнелерін еш кішірейтпейді. Есесіне, олардың кескін-келбетіндегі барша көмескілікті жойып, толық адам ретінде тануға мүмкіндік береді. Бізге шын тарихтан толымды да жан-жақты сабақ алуға жәрдемдеседі.

«Алаш ісі» бойынша тұтқындалып, 1930 жылғы 21 сәуірде Мәскеуде ұлы Лениннің 60 жылдығы құрметіне құрбандыққа шалынған төрт арыстың бірі Дінмұхамед (Дінше, Мұқыш) Әділовтің ОГПУ тергеушісіне 1928 жылдың аяғында берген көрсетулерінде Тұрар Рысқұловқа қатысты бірер қызықты мәлімет бар...

Дінше Әділов – Ақпан революциясынан кейін Алаш қозғалысының қанат жаюына атсалысқан және кеңестік мемлекеттік құрылысқа қатысушылардың алғашқы толқынында белсене көзге түскен азамат. Сөйтіп ол Советтердің Бірінші Құрылтайшылық съезінде Қазақ Республикасы Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш құрамына мүше болып сайланған. Алғашқы қазақ үкіметінде Ішкі істер халық комиссарының орынбасары, бірер уақыт халкомның міндетін атқарушы, одан Ұлт театрының (қазіргі М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық театрдың) тұңғыш директоры және көркемдік жетекшісі болған мемлекет және мәдениет қайраткері. Әділовтің тергеудегі көрсетуі бойынша, Тұрар Рысқұлов 1924 жылы Мәскеуге бара жатқан жолында Таш-

кентке, Қабылбек Сарымолдаевқа хат жолдайды. Дінше: «...хаттың қай жерде поштаға салынғанын мен білмеймін, алайда осы хат Досмұхамедов Джиганшаның (Джаганша, Жаһанша, Жаһаншаһ, Жанша – Б.Қ.) қолына түсіп қалды», – деп көрсетеді. Оның айтуына қарағанда, Қабылбек сол кезде Жаншамен әлде бір үйде, әлде жеке, бірақ тақау тұрған.

Жаһаншаһ Досмұхамедов – 1917 жылғы мамырда Мәскеудегі съезде Бүкілроссиялық мұсылмандар одағы атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымына сайланған, сол лауазыммен Петроградта жарты жыл қызмет атқарған ескі күрескер. Ол Россия республикасы Предпарламентінің – Уақытша кеңесінің мүшесі болып сайланды. Предпарламент монархия орнына құрылған республиканың өкілдік органы ретінде ойластырылып, патша билігін алмастырған жаңа үкіметтің кеңесші органы болып жұмыс істеп тұрған. Осы мекемеде депутаттық міндетін атқара жүріп, Жанша большевиктердің Қазан төңкерісін көзімен көрді, олардың Предпарламент орналасқан Мария сарайын басып алып, демократиялық мекеме сипатындағы Россия республикасының Уақытша кеңесін қалай таратып жібергеніне куә болды. Икомус (мұсылман аткомы) төрағасының орынбасары лауазымымен совет үкіметімен алғашқы қарым-қатынасын жүзеге асырысты. Сосын елге оралды.

1917 жылғы 25 желтоқсанда (ескі календарьмен – 12 желтоқсанда) II Жалпықазақ съезі сайлаған «Алаш-Орда» Халық Кеңесіне Жаһанша да мүше болды. Ол «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің мүшесі лауазымымен Мәскеуге делегация бастап барып, 1918 жылғы наурыз – сәуірде совет өкіметінің басшылары Ленин, Сталин, Троцкиймен «Алаш-Орда» атынан келіссөздер жүргізді. Сол жылғы мамырда «Ойыл уәлаяты» деген атпен дербес мемлекеттік құрылым түзді, қыркүйекте оны «Алаш-Орданың Батыс бөлімшесі» етіп рәсімдеді. Осы автономиялық бірліктің 1920 жылғы қаңтарда совет өкіметіне қосылғанға дейін өз алдына шағын мемлекет ретінде өмір сүруін, ақ казактар үкіметімен әскери-саяси тұрғыда одақта-

сып, республикалық режимде жұмыс істеуін мүмкін етті. Жанша Досмұхамедов, міне, күрделі геосаяси ахуалдағы елдің батыс аумағында дербес елдік нышандарды қалыптастыра алған осындай үкіметті басқарған ерен де, ерек те, дара мемлекет қайраткері болған-ды.

Большевиктер берген уәдесінен тайып, Досмұхамедовті Қазақ революциялық комитетінің құрамына енгізбеді. Мәскеуге шақырып алып, орталық шаруашылық мекемелерінің бірінде қатардағы қызметте ұстады. 1924 жылы ол Ташкентте Орта Азия ауылшаруашылық банкінің заңгері болып істеп жүрген.

Ал Қабылбек Сарымолдаев бұл кезде – Хорезм Халықтық Советтік Республикасында Жұмысшы-шаруа инспекциясы халкомының орынбасары. Ол 1917 жылы Тұрар Рысқұловпен бірге Әулиеатада қазақ жастарының «Бұқара» атты революциялық одағы жұмысына қатысты. Сонда әуелі үйездік ревком, одан атком төрағасы боп істеді. Түркатком мүшесі болып сайланды. Одан, Дінмұхамед Әділовтің көрсетуіне қарағанда, әлдебір жағдаймен қызметсіз қалып, Орынборға келген. Сонда Діншенің көмегімен, Қазақ Республикасы Ішкі істер халкоматына жұмысқа кіреді. Ұзамай онда халком орынбасары лауазымына көтеріледі. Сосын, Тұрар Рысқұлов Мәскеуден Ташкентке Түркістан Республикасы Халкомкеңесінің төрағасы болып қайта оралған шақта, 1922 жылғы желтоқсанда өткен Советтердің бүкілодақтық I съезінде онымен бірге Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. Одан, 1923 жылы, Ташкент облаткомының төрағалығына ауысты...

Сол шақта Жанша, Тұрар және Қабылбек үшеуі жиі-жиі бас қосып тұратын. «Рысқұлов Досмұхамедовты мүлдем өз адамы деп санайтын», – дейді Дінше. Өйткені екеуі апалы-сіңлілі Ольга және Надежда Пушкиреваларға үйленген бажа еді.

Сонымен, «әлдеқандай жолмен, Рысқұловтың Сарымолдаевқа жолдаған хаты Досмұхамедовке тиеді. Ол хатты ашып,

окиды. «Хат орыс тілінде жазылған болатын, – деп көрсетеді Дінше. – Мазмұны мынандай болатын: әлде Ақмешітке, әлде Қазалыға дейін құдды оның артынан Қожановтың қайдағы бір агенті жүріп отырғандай көрініпті. Ол соған байланысты, Қожанов өзіне маза беретін емес деп, ашу білдірген». Осы жерде «Тұрардың соңына қайдағы бір агентін салып қойған Қожанов» жайында мөлтек анықтама бере кету сұранып тұр.

Сұлтанбек Қожанов – кеңестік қызметке түркістандықтардың ұлт-азаттық қозғалысы арқылы келген қайраткер. «Бірлік туы» газетін ашу үшін ол әуелі «Алаш» газетінің иесі Көлбай Тоғысовпен келіссөз жүргізген. Одан «Бірлік туын» Мұстафа Шоқаев, Хайретдин Болғанбаев, басқа да жолдастарымен бірге шығарысып тұрған. Қоқандағы Түркістан автономиясын жариялаған съезді дайындауға атсалысқан, одан Сырдария облысы қазақтары съезінде Алаш автономиясына қосылу мәселесін қолдаған.

Ал Қоқан қанға бөктіріліп, мұхтарият құлатылғаннан кейін – кеңес билігі ауқымында ашаршылықпен күрес және ағартушылық жұмыстарына ден қойып, ұзамай үйездік, одан облыстық ревкомдарды басқару жұмыстарына көтерілген. Өлкедегі Орталық жіберген басқару органы болып табылатын Түрккомиссия 1920 жылы Тұрар Рысқұлов тобын жергілікті қызметкерлердің көзқарастары партия бағытына сәйкес келетін өзге тобымен алмастыруды қолға алғанда, Түркістан Компартиясы Уақытша орталық комитетінің төрағалығына ұсынылған Нәзір Төреқұловтың қатарында Сұлтанбек Қожанов та республиканың басшы қызметіне жоғарылатылған болатын. Ол Жер халкомы, Ішкі істер халкомы, Ағарту халкомы, Түркатком төрағасының орынбасары; ТКП Орталық Комитетінің хатшысы, РКП Орталық Комитеті Орта Азия Бюросының мүшесі болды...

Әділовтың айтуынша, аталмыш хатында Рысқұлов Сарымолдасевқа Қожановтың билеушілігін шегеріп-шектеуді көздейтін белгілі бір шаруалар жасауды тапсырған. Директива берген, Қожановпен батыл күрес жүргізуді үзілді-кесілді

түрде талап еткен. Оның Түркеспубликадағы рөлін төмендетіп, әлсіретуді көздейтін түрлі рецепт ұсынған. Мәселен, дейді ол, Рысқұлов өзінің Сарымолдаевқа жазған хатында Қожановтың алашордашылармен байланысын әшкерелеу керектігін жазды...

«Жаңылыспасам, сол хатта ол Қожанов пен Болғанбаевтың «Бірлік туы» газетін бірлесіп редакциялап тұрғанын еске салды, – деді ол тергеушіге одан әрі, – онда олар ұлттық желіні іркілмей қорғаған болатын. Бұл – ұлтшылдық қызметтің ең күшейген кезі еді. Рысқұлов осы сәтті Сарымолдаевтың есіне салды. ...Осы хатында Рысқұлов ашудан мүлдем өзін өзі ұстай алмай, Джилпысбаев Максуд (Жылысбаев Максұт –?) неліктен белсенді әрекетке көшпей, ұйқыға кеткен деп жазды».

Тұрардың Қабылбекке берген тапсырмаларының бәрін есінде сақтамағанын, «бірақ хаттың түпнұсқасын көріп оқығанын» Дінше тергеуші алдында мойындады Хатты Жаһанша өзінің жолдастары Халел Досмұхамедов пен Мұхамеджан Тынышбаевқа көрсеткен көрінеді. (Халел – Жаншаның Батыс Алаш-Ордадағы үзеңгілесі, Мұхамеджан – Қоқан (Түркістан) мұхтариятында Мұстафа Шоқаевқа дейін істеген алғашқы үкімет басы). Олар хатты өздерімен ала кетіп, Сұлтанбек Қожановқа да оқытады. «Қожановта мен де болдым да, хаттың түпнұсқасымен тікелей таныстым», – дейді Дінше. Оның көрсетуі түсірілген мәтінге қарағанда – Сұлтанбек аялдамастан ГПУ өкілдерін шақырды да, олар хатты суретке түсіріп алды...

Қожанов «хаттың билік қолына ашық жолмен тигенін қалады», сондықтан оны қайтадан Халел Досмұхамедов пен Мұхамеджан Тынышбаев арқылы Жанша Досмұхамедовке қайтарып, артынша оның үйіне тінту жасауға тапсырма бермек болады. Үйі тінтілетіні жөніндегі хабарды ести келе, Жанша «табанды түрде қарсылық көрсетті, өзін ыңғайсыз жағдайға қалдырғаны үшін Халел мен Мұхамеджанға реніш білдірді». Бұл мәліметтер – Әділовтың 1928 жылдың соңын-

да, 1929 жылдың басында ОГПУ тергеушісіне Қызылордада берген көрсетулерінен.

Осы хат туралы дерек Жаһанша Досмұхамедовтің 1938 жылдың жазында (ол сол жылғы 1 маусымда Мәскеуде тұтқындалған) НКВД тергеушісі алдында айтқан көрсетулерде де бар.

Тарихи зерттеулерден мәлім, 1924 жылдың қаңтарында өткен Түркістан Советтерінің кезекті съезінде Тұрар Рысқұлов Мәскеу эмиссарлары ұйымдастырған астыртын әрекеттер салдарынан Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланбай қалды. Тиісінше, Түркесублика үкіметінің басшысы лауазымынан айрылды. Содан ол Ташкенттен пролетариат көсемі Ленинді жерлеуге қатысу үшін Мәскеуге аттанады...

Ресей Федерациясы Мемлекеттік мұрағатында сақтаулы, № 6516 істе тігілген тергеу материалдарымен және тұтқынның көрсетулерімен танысқан белгілі тарихшы Д. Аманжолова мынандай мәліметтерді жария етті. Мәскеуге кеткенінде, Тұрар дүние-мүліктерінің біразы мен Қабылбек Сарымолдаевқа арнаған хатын бажасы Жаһанша Досмұхамедовке қалдырған. Хат құпия сипатта жазылғанды, онда казак зиялылары арасындағы жікшілдік күрес және алашордашылармен күресті күшейту қажеттігі жайында мәліметтер бар болатын.

Бірде Жаншаның үйіне Мұхамеджан Тынышбаев кіріп шығады. Артынша ол Тұрардың хатының жоғалып кеткенін аңғарады да, Мұхамеджанды іздейді. Сөйтсе ол Халел Досмұхамедовте, «Рысқұловтың жеке дұшпаны және саяси бәсекелесі, ТАКСР ОАК төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожановпен бірге» отыр екен.

Қожанов хатты қайтарып, ертеңіне ГПУ оның үйіне тінту жүргізетінін, сөйтіп бұл әшкерелегіш материалдың тәркіленіп алынатынын ескертеді.

Сонымен, Жаншаның 1938 жылғы тергеуде НКВД тергеушісіне берген көрсетуіне қарағанда – 1924 жылы оның «үйін

тінту Мұхамеджан Тынышбаевтың құпия сөз тасуы бойынша және Халел Досмұхамедов пен Сұлтанбек Қожановтың ырзашылығымен жасалған». Хат тәркіленеді де, артынан арналған адамына жолдау үшін Жаһаншаға қайтарылады. Бірақ, серіктеріне ашуланғаны сондай, Жаһанша олармен «жеті жыл бойы сөйлеспей қойды, содан бастап қазақ интеллигенциясының қандай да бір істерінің ешқайсысына да мүлдем қатысқан емес».

Өстіп, құпия полиция араларына он шақты жыл салып қамғауға алған екі тұтқынның – Дінше Әділовтың 1928 жылғы, Жанша Досмұхамедовтың 1938 жылғы көрсетулерінде де Тұрар Рысқұловтың Қабылбек Сарымолдаевқа 1924 жылы жазған хаты тілге тиек болған. Екі көрсетуден де оның уақытында маңызды саналғаны аңғарылады.

Ендеше, алдымен осы хаттың өзімен танысайық. Бұл хат Ресей әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік мұрағатынан (РГАСПИ-ден) кейінгі жылдары зерттеуші Х. Тұрсынның ізденістері нәтижесінде табылған еді...

1. Рысқұловтың Сарымолдаевқа хаты

«Қабылбек, – деп жазады Тұрар. – Мен саған «ағайдың денсаулығына» байланысты екі жеделхат жібердім, біреуін Шалқардан, екіншісін Мәскеуден. Сенен ешқандай жауап болмады. Мұның мәнісі не? Не сен оларды алған жоқсың (Қожановтың агенттері қолға түсіріп алды), немесе сенің жаратылысындағы «жалқаулық» үстем шықты. Сондай-ақ хат та жазбайсың. Қазіргі таңда парторгандарға берілген (ойлағанымыздай) «істің» нәтижелерін тездетіп білу өте-мөте қызықты және маңызды болып тұр. Осындай маңызды сәтте Мақсұт, шамасы, өзінің «ауылына» беймарал калыпта кетіп қалған болар, ал сен, ыңғайы, жалғыз сенделіп жүрген шығарсың. Соңғы уақыттарда сенің өз «рухыңды» жоғалтып алғаның таңғалдырады.

Мәселе былай болып тұр. Мәскеуге келгеннен соң мен Зиновьевпен және Коминтерннің Шығыс Бөлімінің меңге-

рушісімен көрістім. Олар мені сырттай-ақ Шығыс Бөлімі меңгерушісінің орынбасары етіп тағайындауды және маған Таяу Шығысты (Түркия, Арабия, Сирия және т.б.) тапсыруды шешіп қойыпты. Бірақ мен Таяу Шығыстан кесімді түрде бас тарттым да, маған Ортаңғы Шығыстың (Орта Азия, Батыс Қытай, Ауғанстан, Персия) тапсырылуына қол жеткіздім. Сонымен бір мезгілде Шығыс Бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалдым. Бірден Түркістанға баруға қасарыса әрекеттенген едім, бірақ Зиновьев 5-ші шілдеде болатын 5-ші Конгреске дейін Мәскеуде қалуым қажеттігіне және осы конгреске дайындық жасау үшін бәріміздің күш қосып жұмыс істеуіміз керектігіне иландырды. Жұмыс шынында өте қызық. Ол маған Түркістанға баруыма осы конгрестен кейін рұқсат етуге уәде берді, мен келістім. Күллі Шығыс бойынша қазір жанданған жұмыс жүруде. Шығыс Бөлімде басқаратын боламыз. Мен барлық мәселеден хабардар болам. Жігерлене жұмыс істеп көрмекпін. Сонымен бір уақытта материалдармен танысып, әдебиет жазатын боламын, сондай-ақ Түркістан мен Киргизия (Қазақия – *Б.Қ.*) жайында газеттерге жиірек мақалалар жазбақ ойдамын. Зиновьев ЦЕКА-ның (Орталық Комитеттің – *Б.Қ.*) маған деген көзқарасы жақсы екенін, бірақ ТКП-ның (Түркістан Коммунистік партиясының – *Б.Қ.*) қазіргі төбесінде отырғандар (әрине, Варейкистен басқалары) қарсы болғанын айтты, әйтпесе, қазір-ақ қайтарған болар едік дейді».

Алайда жазда Тұрар Түркістанға емес, Коминтерн атқару комитетінің өкілетті өкілі ретінде Монғолияға жіберіледі...

Ол Қабылбекке жолдаған хатында одан әрі: Мәскеуге «келген бетте Петерске (ГПУ-ге) (Саяси Бас басқармаға – *Б.Қ.*) кірдім де, «Бірлік туы» туралы және барлығы жайында айтып бердім, – деп жазады. – Онда аудармашы бар, соған «Ақ жолдың» барлық басылған материалдарын және басқаларды тәржімалауды тапсырды. Бұдан төрт айдай бұрын Мағжанның жинағы Қазанда басылыпты, бірақ ГПУ тәркілеп, тыйым салған екен. Соған қарамастан, оны Қожанов-

тың алғысөзімен Түркістанда шығарған. Қазір белгілі бір іс қозғалды, жақында ЦККА РК-ға (бұл аббревиатураны ажырата алмадым, шамасы қате жазылған ЦКК – РКИ болар; партияның орталық бақылау комиссиясы мен жұмысшы-шаруа инспекциясы халкоматының біріккен партиялық-мемлекеттік бақылау органы 1923–1934 жылдары солай аталған – *Б.Қ.*) беріледі, Петерс бұған өте қызығып қалды.

Осыған байланысты ЦККА (ОБК, Орталық Бақылау комиссиясы – *Б.Қ.*) басшыларымен түсініспек ойдамын. Бірақ жастар туралы, олардың арасында Қожановқа қарсы ашу-ыза жүріп жатқаннан өзге ештеңе айтпадық. Алаш-Орда мен Қоқан Автономиялық Үкіметі, сондай-ақ тілмаштар туралы «Правдаға» бірқатар мақала бастыруды жобалап отырмын. Айтпақшы, «Дни» беттерінде Шоқаевтың ұзақ мақаласы бар. Бұл газеттер ЦК КП-де (ТКП ОК, Түркістан Компартиясының Орталық Комитетінде – *Б.Қ.*) бар ғой деймін. Сен оларды қолға түсіріп, біздің адамдарға көрсетсең ғой, мен туралы Шоқаевтың не айтатынын білсін».

«Дни» («Күндер») – қызыл Ресейден қашқан эмигранттардың 1922 жылдан Берлинде шыға бастаған газеті, оның редакторы бұрынғы Уақытша үкіметтің премьері Александр Керенский болатын. Өзіне жақсы таныс осы либерал-демократтың газетін Мұстафа Шоқаев мінбер ретінде пайдаланған еді. Түркістандағы кеңес тыныс-тіршілігіне байланысты сыни жұмыстарын эмигранттық өзге басылымдармен қатар сонда да жиі жариялап тұрған.

«Маған бірде Байділдин мен тағы бір жас қазақ коммунистерінің бірі кірді. Олар Орталық Комитеттің Үгіт-насихат бөлімі арқылы қазақ тілінде марксистік журнал шығармақшы. Алаш-Орданы және Мағжан мен басқаларды әшкерелеуді өздеріне міндет етіп қоймақшы».

Әбдірахман Байділдин – революцияның алғашқы жылдарындағы алашшыл жастардың бірі. Әділовтің көрсетулеріне қарағанда, ол Байділдин екеуі әдепкіде жақсы қарым-қатынаста жүрген. Колчак диктатурасы кезінде Дінше Омбыдан

кашуға мәжбүр болады, сол шақта Әбдірахман оны Қызыл-жар жақтағы ауылына апарып жасырған. Мұның жай-жапсарын Әбдірахман 1929 жылы партиядан шығарылуына байланысты өлкескомға жазған шағым-арызында толық баяндаған. Алайда, кейін аралары суыған екен, Дінше көрсетулерінде оны «бұрынғы досым» деп атайды.

Әбдірахман Қазақстан Кеңестерінің бірінші съезінде казактардың ұлттық мүддесі тұрғысынан батыл сөз сөйлеген жігіт. Бірақ, кейін, біртіндеп ұлтшылдық бағытқа қатал сын айта бастайды, таза большевиктік жолға түседі. Тұрар Моңғолиядан келгенде оған жақын болған. Дінше Тұрардың Түркістан кезеңінде де, әсіресе Қазақстанға оралғанында да сақ жүргенін, ұлтшылдармен жолықпауға тырысатынын, ал Әбдірахман екеуінің үйлерінің қатар болғанын көрсетеді.

Кеңестік репрессия машинасы өте «жемісті» жұмыс атқарған 1937 жылы Ресей Федерациясы Халкомкенесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов пен Советтік бақылау уәкілінің Өзбекстан бойынша орынбасары Сұлтанбек Қожанов та қармаққа ілінді. Қырымда демалып жатқан жерінде, 21 мамырда Тұрар, демалысын Қырымда өткізіп қайтқан бетте, Ташкентте, 20 шілдеде Сұлтанбек тұтқындалып, екеуі де Мәскеу түрмесіне әкетілді.

Сол жылдың соңында (дерек екі түрлі: 29 қарашада, не 27 желтоқсанда) қызметсіз жүрген ақын Мағжан Жұмабаев Алматыда қамауға алынды. Оның НКВД тергеушісіне 1938 жылғы 6 қаңтарда берген көрсетуінде осы екі қайраткер туралы мінездемесі бар. Тұтқынның айтуынша, Тұрар өте сақ және мансапқор болыпты, ал Сұлтанбек ұлттық мәселелерді табанды бірізділікпен жүргізген. Және екеуі қызметтеріндегі келіспеушіліктер кезінде, қызылкеңірдек болатыны сондай, тіпті, бір-біріне қол көтеруге дейін барады екен.

Мұндай жәйттер орын алсын-алмасын, солай ыспаттайтын ұзынқұлақтар жайында Мағжан Ташкенттен Мәскеуге оқуға аттанған 1923 жылға дейін естуі ықтимал. Қалай болғанда да, олар кейбір жекелеген мәселелерде шекіссе де,

ірі істерде бір жағадан мойын, бір женнен қол шығара білген. Мәселен, өзінің ұлт қайраткерлерін сынауға құрылған баяндамаларында Ф.И. Голощекин Түркатком төрағасының орынбасары Қожанов пен Түркеспублика Халкомкөнесінің төрағасы Рысқұловтың 1922 жылы Қарқаралыда тұтқындалған «буржуазиялық ұлтшыл» Әлихан Бөкейхановқа ара түсіп, Ташкенттен Мәскеуге, Сталин жолдасқа жеделхат жолдауға дейін барғанын атап айтқан болатын.

Олар қызмет барысында көрініп қалатын кейбір көзқарас қайшылықтарына бола мүлдем кетіспеген, жеке өмірде де бірін бірі жатсынбаған. Тұрар кезінде Сұлтанбекке ескерткіш ретінде тартқан сый-бұйымды 1994 жылы Зиба Сұлтанбекқызы осы жолдар авторына берген еді. Репрессия шырғаландарында да айрылмай, көздің қарашығандай сақтап келе жатқан отбасылық реликвияны біз тебірене, екі тұлғаның достығының бір куәсі ретінде, айналдыра қарағанбыз...

Қабылбекке жазылған хатты әрмен қарай оқылық. Тұрар аталмыш хатта Әбдірахмен мен оның серігі: «бірақ, сонымен бірге, Сейфуллиншіл «демагогтерге» (олардың түсіндіруінше) қарсы көрінеді», – деп жазады. Бұл орайда Тұрар олардың қателігін түзеткен тәрізді. «Мен олармен ұзақ әңгімелестім, – дейді одан әрі. – Қожановты және «Алаш-Орданы» әшкерелеу керектігі жайында ой өрбіттім. Олар тіпті Қожанов тобы мен «Алаш-Ордаға» байланысты Ташкент жастары атынан жазылған баяндаманың көшірмесін де оқыды. Жалпы мақұлдады».

Мәтінге қарағанда, «Ташкент жастары атынан жазылып» тиісті орындарға жіберілген баяндаманың көшірмесі өз қолында болған тәрізді. Баяндаманы мақұлдаған жігіттер Тұрарды өздері ашпақ «осы журналдың басында тұруға шақырады». Алайда Тұрар мұндай ұсынысқа келіспеген екен: «Бірақ маған бұл іске Нәзірмен бір мезгілде қатысу ұнамайды». Нәзір Төрешұлов – КСРО халықтары Орталық баспасының директоры. Ыңғайы, 1920 жылы Түркеспубликада жасалған өзгерістерге байланысты, араларында бір

салқындық, әлде бірін бірі жақтырмаушылық сезім сақталып қалған секілді.

Есесіне ол жастарды басқа адамға бастап барады: «Сосын олармен бірге Жандосовпен көрістік». Түркістанда белсенді қызмет атқарып келіп, оқуға түскен революцияшыл қайраткер Ораз Жандосов бұл кезде Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясын бітірер алдында тұрған. Немесе, бәлкім, оқуды бітіріп, Қазақ обкомының үгіт-насихат бөлімі меңгерушілігі қызметіне кіріскелі жүрген шағы шығар.

Рысқұлов Жандосовқа мәселені түсіндіреді, бұл жайында хатында былай дейді: «Мен бәрін айтып бердім де, Қожанов пен оның тобының қитұрқылығын әшкереледім». Жандосов оны түсінеді, бірақ үзілді-кесілді қолдай кетпейді: «Ол бәрін дұрыс және фактілерге сәйкес деп тапты, бірақ, шамасы, шешімді түрде ат құйрығын үзуге «киналады». Қожановқа оның істерін ұнатпаған хаттарды Жандосов та жазған көрінеді, – деп хабарлады Тұрар Қабылбекке, – алайда ол Қожановтан осы уақыт бойы бірде-бір хат алмағанын айтты. Мен Жандосовқа Сафарбеков пен Абдурахман туралы айтпадым, тек оның барлық өзгеше ойлаушыларға жасап отырған «қуғыны» жайында ғана айттым. Сонымен, ол барлығымен бірге «Алаш-Орданы» әшкерелейтін журнал шығаруға уәде берді. Бірақ Қожановпен байланысын үзе ме, жоқ па – белгісіз. Ал мүмкін құпиялап Қожановқа хат жазып, ескертіп қоятын шығар – белгісіз. Жалпы, қазір шешуші сәт туып келеді».

Тұрар одан әрі, Қабылбекке жазған сол хатында, сол кезгі билік басындағылардың жұмыс істеу тәсілінен біздер үшін тағылымды мағлұмат береді. «Жақында құрамында Попов, Петерс және басқалар бар Комиссия Қазақияға барып қайтты, – дейді ол Қабылбекке. – Петерс Жандосовқа Қазақия туралы баяндама және өзінің болжамдарын жазып беруді тапсырды. Анау Байгелдиновпен және басқалармен ақылдасып, жазды да, мені Қазақияға Халкомкөенес басшылығына жіберу жөнінде ұсыныс айтумен аяқтады. Бірақ ол жақта,

ыңғайы, Сейфуллин қарсылық сөз айтқан сияқты. Петерс барған жерінде мәселе жайын сұрастырған екен, сондықтан шығар, баяндаманы дұрыс жазылған деп тапты.

Әрбір топты жекелеп шақыра отырып, Комиссия мені Нәзір Төрешұловпен және Қожановпен салыстырып қарады. Барлық бағыттағы қазақ қызметкерлері соңғы екеуіне қарсылық білдіріп, мені жақтап сөйледі. Осыған сәйкес, Петерспен Комиссия мені жұмысқа Қазақияға жіберу жөнінде ұсыныс енгізді, бірақ нәтижесі белгісіз. Мұны маған Петерстің өзі айтты. Шамасы, біздің қазақ коммунистерінің бірқатары табанды түрде мені сұрайтын ойда, алайда Коминтерн тістесетін болады, ол да маған жармасып қалды ғой. Мен өзім мейлінше бас тартып бағам ғой деп ойлаймын, ал егер де бара қалсам, онда калыпты жұмыс істеудің барлық жағдайы жасалуын шарт етіп қоям. Және тек партиялық жұмыс желісімен ғана, өзіммен бірге 10 тыңғылықты қызметкерді ала барам, бірақ әзірге бас тарта тұрамын».

Тағы бір ақпарат белгілі комсомол жетекшісі Ғани Мұратбаевтың Мәскеуге іссапармен барған бір сәті жайында: «Осында Мұратбаев та болып кетіпті, сөйтіп ол қазақтың коммунистік жастары («кир.ком.молодежи») арасында жарылып-бөлінушілік жасауға тырысыпты. Әзірге көпшілік соның жағында, бірақ біз осы жастарды өз жағымызға шығарып алу үшін жұмысты енді бастаймыз».

Тұрар хаттың баяндау бөлігін осымен аяқтайды да, Қабылбекке: «Енді саған мынандай өтініш бар», – деп, 28 тармаққа тұжырымдалған (Әділов 1928 жылғы тергеудегі көрсетуінде «директивалар» деп атаған) тапсырмаларын жазады. Олардың мазмұны мынандай:

«1. Ең алдымен қазақ жастары («кир.молодежи») баяндамаларының нәтижелері жайынан және бұл істе сендердің не жасағандарыңды толық айтып шұғыл хат жаз да, бір тыңғылықты коммунист арқылы беріп жібер.

2. Істің барысына қатыссыз, сендерге (10-15) қызметкерге шұғыл түрде материалдар тіркелген осы рухтағы баяндама құрастырып, ОБК-ге жолд. Ярославскийге жолдау керек.

3. Соның өзін, сондай баяндамаларды басқалардан да жолдатыңдар, Қожановты қоршаған адамдардың тізімін міннездемемен бірге жіберіңдер.

4. Осы тақырыпқа Мәскеу және Түркістан газеттеріне бірқатар мақала жазыңдар. Егер Максұт кетіп қалса, оны ауылдан шұғыл шақыртып ал – Ташкентте жұмыс істесін. Батыл әрекетке кірісу керек.

5. Әлдеқандай әңгіме тууы ықтимал адамдардан іргенді аулақ сал.

6. Кең көлемде үгіт жүргізу жолымен өзіңе таза принципті-идеялық негізде жақтастарды көбейт.

7. Жергілікті ГПУ-ге (әрине) шын мәліметтер беруден аянбандар.

8. Егер жастар сондағы (30 параққа) жазылған баяндаманы бермеген болса, сендер өздерің қол қойыңдар да, шұғыл Мәскеуге ОБК-ге салып жіберіңдер. Егер барлық даналары жоғалып кеткен болса, маған телеграфпен хабарлаңдар, мен өзіме алған көшірмені жіберемін.

9. Егер жастар пайдаланбаған болса, онда міндетті түрде «Бірлік туының» сол нөмірлерін (тауып алыңдар) салып жіберіңдер.

10. Қожановтың жалған агенттері туралы ГПУ-де мәселе көтеріңдер, олар менің соңымнан қанша аңдыды, солардың біреуі (түрін танымын) Қазалыға дейін келді. Олар, шамасы, ГПУ-ге толып жатқан жалған мәлімет берген болар.

11. Өзбек қызметкерлерінің бәрімен, Рахимбаевты да қалдырмай, түгел сөйлесіңдер де, кешегі контрреволюционерлерді қолдаудың қылмыс екенін нұсқап айтыңдар.

12. Қожанов тағайындап жатқан адамның әрқайсысын және олардың қитұрқы сырын әшкерелеңдер.

13. Кусатовтың мақалалары бар «Ақ жолдың» нөмірлерін ОБК үшін аудармасымен тауып, немесе, ең дұрысы, маған жіберіңдер, сондай-ақ 1921–1922 жылдарғы «Ақ жолды» табыңдар.

14. Мүмкін болғанынша, өзіміз белгілеген жоспарды толығымен жүзеге асыру қажет – біз қанша мәрте талқылаған

едік қой, ал енді бейне бір күйреп қалған тәрізді боп тұр.

15. ОБК-ге, сондай-ақ, Алаш-Орда қайраткерлерінің толық тізімін, олардың алып отырған лауазымдарын тізбелеп тұрып қосып жіберіңдер.

16. Мен Орынборда Сейфуллинге бардым да, онымен сөйлесіп үлгердім. Олар өз тарапынан шара қолдануға және ОБК-ге материалдар жіберуге уәде етті.

17. «Бірлік туылықтарға» қарсы шешімді түрде ашық қарсы шығудан қысылмай, өз қызметкерлеріңмен байланыс жасап тұруға тырысыңдар.

18. Қожанов пен оның адамдары, шамасы, әлден біліп алған шығар, алашордалықтарды ескертіп, құжаттарды тығып тастаған және жойып жіберген болар. Ол тіпті баспасөзде Алаш-Ордаға қарсы мақала да жариялауы мүмкін: оларға мамандар ретінде қараймын және т.б. деп. Мұндай сөздердің бәрінің жолын қиып, алдын алып отыру керек. Оның ақталуын сондай әдіспен қазірден бастап әлсірету керек. Ең бастысы, ГПУ арқылы әрекет етіңдер. Өздерің пайдалана алмаған материалдарды шұғыл түрде маған салып жіберіңдер.

19. Егер мүмкіндік туса, Мәскеуге өздеріңнің хаттарыңмен бірге біреуді жібер. Қалай болғанда да, ұйықтамаңдар, болып жатқан жәйттерді хабарлап тұрыңдар.

20. Шебалдаев осы уақытқа дейін жеткен жоқ. Мен әбден қайран қалам, бұл жастар неткен корқақ және қалайша шегіншектей береді. Осы уақытқа дейін ОБК-ге материал жіберген жоқ, бұл ақымақтықтың барып тұрған жоғарғы шегі немесе олар контрреволюционерлерге малайлыққа түскісі келеді, қайдағы коммунистер олар.

21. 1916 жылғы көтеріліс материалдарын мұрағаттан алуға қатысты мен арнайы Варейкиске хат жаздым. Алып, маған салып жіберуге тырыс. Сосын Тынышбаевтан патша атына [берген хатын] және материал да сұра – мен тездетіп кері салып жіберем. Маған әшейін бастаған еңбегімді аяқтау керек. Сондай-ақ аудармашы Абу Бакировта (Халкомкеңесте) менің «Революция және Түркістанның жергілікті халқы»

атты кітапшамның екінші данасы бар. Аудармасымен бірге ал да, арнайы адамнан беріп жібер. Хатты кім боса соған беруге болмайды.

22. Хатты мүмкіндігінше жиірек жаз, әр пойызбен, бірақ поштамен емес, адамдар арқылы жібер.

23. Телеграфтан біл, Садовая, 11, Қабылбек атына жіберілген екі телеграмманы сенің неге алмағаныңды анықта. (Егер сен оларды алмаған болсаң.)

24. Отбасымның Мәскеуге шығуына жәрдем көрсет (пойызға отырғызу және с.с.).

25. Менің қағаздарым мен кітапханам Досмұхамедовте құлыпталатын орынға тығылсын, соған шара колдан, бұл маған алашордалықтардың құпия қағаздарын қалдырып кетіпті дейтін әңгімелерден аулақ болу үшін қажет. Егер сен Ташкентте тұрақты тұратын болсаң, онда оларды өзіңе тасып ал, бірақ құлыптап қойып, ешкімге бермеу шартымен.

26. Жетісу, Сырдария облыстарында жер-жерде не істеліп жатқанын жаз.

27. Өзбектер, түрікмендер арасында, Орта Азия Бюросы мен КПТ Орталық Комитетіндегі қызметкерлер арасында және с.с.

28. Менің осы өтініштерімнің бәрін, мархабат, міндетті түрде орындайтын бол. Мен нәтижелерді тосып отырамын. Сенің Тұрарын». Хаттың көшірмесін Шығыс Бөлімінің уәкілі Дьяконов растаған.

Осы негізгі хатқа қосып, Тұрар Қабылбекке тағы біраз ұсыныстар жазған көрінеді. Оны: «Қабылбек, жазғандарыма қосымша, мыналарды да орындау керек» – деп бастап, тапсыратын жәйттерін тізбелейді.

«Жастар берген баяндамалардың қандай сипатта болғанына қарамастан, міндетті түрде сендер өздеріңнің 10-15 адамыңмен бірге, біршама басқаша мазмұндалған арыздардың бірнешеуін жіберіңдер, өйткені мұндай маңызды істе неғұрлым көп кісінің өз ойын айтқаны маңызды. Ал сендерге, бірқатар тұлғаларға да араласу қажет. Егер тек жастарға үміт артып қалар болсаңдар, бұл жеткіліксіз болады. Түп-

нұсқаны РКП ОБК-ге (Ресей Коммунистік партиясының Орталық бақылау комиссиясына – Б.Қ.), ал өзге түпнұсқаларды КПТ ОБК-ге (Түркістан Коммунистік партиясының Орталық бақылау комиссиясына – Б.Қ.) жіберіндер. Мұны міндетті түрде жасау керек. Қожанов тобының қитұрқылықтарын ашу ісіне, сонымен қатар бір пікірлі шынайы коммунистердің орнықты тобын(?) – түпнұсқада: солидного кажра(?) – құруға басқа адамдарды көбірек тартыңдар. Мүмкіндігінше Ескараев сықылды адамдардың бірқатарын, Қожановтың адамдарын – Қожановтан жіктеп бөліп тастауға тырысыңдар.

3. Жақсы клубы бар қазақ марксистік үйірмесін ең байыпты түрде ұйымдастырыңдар да, баспасөзде «Алаш-Орда» идеологиясына қарсы науқан бастаңдар, 16, 17 және 18 жж. уақыттардан тарихи үзінділер келтіруден іркілмеңдер. Тілмаштарды, байларды, Өтегеновтер типіндегі біздің ақсүйек атқамінерлерді ойрандаңдар. Идеялық-принципті мәселелер бойынша көбірек күресіндер. Сендердің өздеріңе марксизмді көбірек оқып-үйреніп, оны табанды түрде қатаң өмірге ендіру керек. Тіпті жеке әңгімелерде де бұл позиция еш бұлжымауға тиіс, сонда ол барлық коммунистілікке бағдарланған адал адамдарды тартып жинайды.

4. Тағы да біз өздеріңмен белгілеген жоспарды естеріңе саламын, «Бірлік туына» қарсы науқан тұрғысынан.

5. Қазақтікінен кейін кезекке өзбектер арасындағы Қоқан автономияшылары туралы мәселе қойылады. Мұнда да шешімді түрде іргені аулақ салып, күрес жүргізуге тура келеді.

6. Егер қолайлы ахуал бола қалса, күллі баспасөзді басып алуға және оған қатаң марксистік таңба басуға тырысыңдар.

7. Егер өз араларыңда бір-екі нашар элементтер табыла қалса, олардың да ойранын шығарыңдар. Бұл жерде, егер коммунистік тұрғыдан сай келмейтін болса, «өзіміздікі» деген ұғым болмауға тиіс. Осындай адамдардың бірқатарын үлгі ретінде айыптаңдар. Бұл сендердің дұрыс бағытта екендіктеріңді дәлелдейді.

8. Обкомның жауапты хатшысы Ишан арқылы және т.с.с. қайткенде де партия съезіне делегация өткізуге тырысындар, Қожановтың адамдарын кері қағындар. Өзбек жастарымен байланысындар, тіпті Режимбаев пен оның адамдарын да, тым болмағанда съезд қарсаңына дейін, Қожановтан алыста-тып окшаулаңдар.

9. Орта Азия Бюросы айналасын (Межлаукты және басқаларды) хабардар етіп тұрған артықтық етпейді.

10. Үйездерді дайындауға шұғыл кірісіңдер, күштерді жұмылдырындар, қалай болғанда да, қарсыластар қандай әрекет еткенмен, қол қусырып қарап отыра беруге болмайды.

11. Менен ж.ж. Сафарбековке, Абдурахмановқа және басқаларға сәлем айт. Олар батылырақ болсын де. Мен оларға хат жазбаймын, сен әңгімелеп берерсің деп ойлаймын. Тек менің хаттарымның бәрін жыртып тастау керек, әрине, тапсырмаларды еске сақтап алғаннан кейін.

12. ГПУ-де Қожановтың адамдары агент болып қызмет істеп жүр, сөйтіп олар бір жақты сөз тасумен (топшылдық мақсатпен) шұғылдануда. Мен бұл жайында Варейкиске жаздым, мәселен, бір жас қазақ бізбен бірге Қазалыға дейін бір пойызбен келді. Орталық Комитет пен ГПУ-ге, сондай-ақ Мәскеуге – Петерске қарсылық хат енгізіңдер.

13. Қандай да бір жерде Қожанов топтарының ұйымдасуы басталысымен, ізінше КПТ Орталық Комитетіне астыртын ақпарат беру керек.

14. Мархабат етіп, міндетті түрде мұрағаттан мыналарды тапшы: а) Цуардело иомудтар мен Хиуа туралы (Цуардело – Центральное управление архивным делом, Түркістанның мұрағат ісі жөніндегі орталық басқармасынан түрікмендердің басты руларының бірі йомудтар және йомуд жетекшісі Джунаид-Жөнейіт ханның 1920 жылы Қызыл армия талқандағанға дейін Хиуаны билеп тұрған шағы жайында архивте сақталған мәліметтерді табуын сұрайды – Б.Қ.), б) Цуарделоның әскери секциясынан – Закаспий облысы бойынша 1916 жыл жағдайы жөніндегі іс, в) сондай-ақ Ты-

нышбаевтан – Куропаткиннің патшаға берген баяндамасы барлық материалдарымен.

15. ГПУ-ге, КПП ОК-ге және Мәскеуге ОБК мен ГПУ-ге – Петерске Қожанов саудаға салып жүрген Жанұзақов туралы тарихты жазып жіберіңдер.

Жанұзақов – қырғыз (мәтінде: кара-киргиз – *Б.Қ.*), әсер (Түркатком мүшесі болған жоқ, бізбен жәй ғана қатардағы қырғыздардың бірі ретінде жұмыс істеді), бірақ біз оған аса сенбейміз. Қожанов атып тастайды деп қорыққаннан басмашыларға қашқан. Олардың арасындағы жеке бас араздығын (көшедегі төбелесті) айтып беріңдер, сосын Жанұзақовтың бері ауысуын және Қожановтың айдап салуымен ату (Әлімбаевті).

Сосын Шериханның оның әйеліне зорлық жасауы. Өздеріңнің (ауыл) Жанұзақовқа жауласуларыңды және, әрине, оны саудаға салуға болмайды, бірақ Әлімбаевті, Қарабаевты пайдаланып қалуға тағы болмайды.

16. Менің өткен жолымды жария етіңдер (сендерге менімен бірге жұмыс істегендеріңді (16, 17 [жылдар] және т.б.), менің автономияшыл, алаш-ордашыл және т.б. болмағанымды ашық айтып жүру керек).

17. Топтың авантюрісі, іскер емес адам ретінде халық алдында Қожановтың беделін түсіру керек. Мысал ретінде ештеңе істелмей жатқан қазіргі жағдайды алыңдар, бірақ партияға жалпылап тиіспей, Қожановты және басқаларды кінәландар.

18. Түркістандағы 16, 17, 18 жж. Әулиеата үйезі бойынша бірқатар мақала жазуды тағы да ұсынамын. Истпартқа, газеттерге жиі-жиі мақалалар жазыңдар.

19. Маған міндетті түрде 1921 жылғы «Ақ жол» және тағы «Бірлік туы» нөмірлерін тауып беріңдер.

20. Мен мұнда бірер шара қолданып жатырмын.

Осындағы қазақ және өзбек коммунистерін біз алған бағыт жайынан хабардар етемін, табыс болады деп ойлаймын. Мұратбаев осында үгіттеп жүрсе де, жөндейміз деп ойлаймын. Әзірге, сау бол. (Тұрар)».

Алғашқы хатқа қосымша ретінде жазылған бұл хат та Ресей мұрағатында расталған көшірме түрінде сақталған. Жазылған уақыты – 1924 жылдың мамыр айы. Күні көрсетілмеген. Зерттеуші Х. Тұрсын «XX ғасыр басындағы ұлттық элита қызметіндегі саяси тартыс» деген еңбегінде РГАСПИ-дің 17-ші қорында сақталған құжаттарға сүйене отырып: «Т. Рысқұловтың Қ. Сармолдаевқа Ташкенттен, Мәскеуден жазған екі хаты... Саяси Бас Басқарманың Шығыс бөлімінің бастығы Петерстің Сталинге осы хаттарға байланысты жазған мәлідемесінде... Ташкентте Досмұхамедовтың пәтерінен табылғандығы айтылады», – деп көрсеткен.

Екі хаттың да (дұрысында, екіншісі қосымша болғандықтан, бір хат деп тану ләзім) Ресей мұрағатына расталған көшірмесі тігілген. Әйтсе де, бұл хаттың (хаттардың) сол қалпы құзырлы мекемелерде әлдеқандай талдауға түскені, қандай да бір шешім қабылданғаны түсінікті. Қандай? Түпнұсқа, жоғарыдағы мәліметтерден байқалатындай, жолданған иесіне – Орта Азиядағы жауапты қызметкерлердің бірі Қабылбек Сарымолдаевқа жіберілген болуы керек. Ол алды ма екен? Алса, қандай әрекет жасаған? Мұның бәрі болашақ зерттеушілерді жаңа ізденістерге жетелеп қалуы ғажап емес. Баршаға белгілі, Қабылбек Сарымолдаев та саяси қуғын-сүргін құрбаны...

1924 жылғы мамыр айында Қабылбекке жазылған аталған хаттардан (хаттан) бұрын, сол жылғы сәуірде Тұрар Рысқұлов И.В. Сталиннің атына бірнеше хат берген. Тарихшы Хазіретәлі Тұрсын оларды былайша жіктеп, сипаттайды: «РК(б)П ОК хатшысы И. Сталинге, Орталық Бақылау Комиссиясы мен Бас Саяси Басқармаға 18 сәуір 1924 ж. жолданған құжат үш бөлімнен тұрады. 1. Негізгі баяндама, көлемі – 26 бет; 2. Жолдама хат, көлемі – 2 бет; 3. Анықтама, көлемі – 4 бет. Ал 29 сәуір күні жолданған «Алаш Орда ту-

ралы баяндамаға қосымша» деп аталатын құжаттың көлемі 8 бет. Күн құрғатпай, ертеңіне Сталиннің атына 3 беттен тұратын қосымша хатты тағы да жолдайды».

Зерттеуші бұл құжаттардың арасында «Негізгі баяндама» ғана Тұрардың өзінің қатысуымен ұжымдық тұрғыда жазылғанын, ал өзге хаттардың бәріне де тек өзі қол қойғанын көрсетеді. Осынау мұрағаттық құжаттарда «уақыт сынына төтеп бере алмайтын бірқатар субъективті көзқарастар барлығына қарамастан», деректік материалдар бай екенін, оларды тікелей куәгердің өзі баяндап отырғандықтан, «тарихи құндылығы өте жоғары» деп бағалайды. «Содан да бұл хаттарды құнды дереккөз ретінде пайдалану тарихи ақиқатты қалпына келтіруге көмектеседі деп есептейміз, – дейді Х. Тұрсын. – Мазмұны күрделі бұл құжаттар деректанулық тұрғыда жан-жақты талдауды қажет етеді».

Хазіретәлі дұрыс айтады, бірақ біз ондай ауқымды жұмысты мойнымызға алмаймыз. Біздің мақсат етіп отырғанымыз – оқырманды тек құжаттардың мазмұнымен таныстыру. Осы қарапайым міндетті орындап шыға алсақ, онда мұнымыз азаматтарды тарихпен тәрбиелеу сынды маңызды іске қосқан бір тамшы үлесіміз болар еді деп ойлаймыз.

2. Сталинге хаттар

Біздің қолымызға тиген ксерокөшірмелер РГАСПИ-дің 17-қорында, 85-тізбедегі 77-істің 196–244-реттік сандармен беттелген парақтардан жасалған. Құжаттардың мазмұнына және олардың соңына қойылған даталарға қарағанда, іске тігу кезінде олардың берілу реті сақталмаған. Іс жүргізушінің оларды өзінше жүйелеп хаттағаны аңғарылады. Біз де оқырманды құжаттармен сол тәртіпті бұзбай таныстырғанды жөн көріп отырмыз.

Сонымен, 196–198-ші беттерді машинкаға басылған үш парақ алып тұр.

Шартты түрде оны 1-ші құжат деп атайық.

№ 1 құжат**Құпия****РКП ОК-ге СТАЛИН жолдасқа****(Қалған даналары ОБК-ге және ГПУ-ге берілді)**

Бұрынғы «Алаш-Ордашылар» туралы негізгі баяндамамен бір мезгілде мен мынаны хабарлаған едім: қазақ коммунистері ішінен бірқатар адам олардың үстінен Ташкенттегі парторгандар мен ГПУ-ге сөз жеткізбек болып жүргенін олар біреулер арқылы біліп алды, сөйтіп, сол кездің өзінде көрсетілген арызды, мүмкін болса, тіпті барлық фактілі материалды ұстап алуға тырысқан шара қолданды.

Маған жеткен мәліметтер бойынша, «Алаш-Ордашылар» өздерінің үстінен жазылған осы арыздың мазмұнын Ташкентте әлден біліп алды. Бұл былай болды. Арыздың бір данасын Қожанов әлде бір жолмен қолына түсіріп алған, оқып шыққан да, осы партияда жоқ бұрынғы алаш-ордашыларға жасырын түрде көрсетіп шығыпты. Соңғылар ыңғайы бірнеше мәжіліс өткізген де, алдын алу шараларының тұтас бірқатарын қабылдаған. Ал баяндама партиялы жолдастар тобы атынан енгізілген еді ғой, онда маңызды құпия хабарлар бар, мәселен, мынандай: «Алаш-Ордашылардың» құпия отырыстары туралы, олардың пәтерлерін тінту қажеттігі жөнінде және тағы сондайлар.

Парторгандарға жолданған арыздың бір данасын қолға түсіріп ала алған партия мүшесі Қожанов қалай ғана оны артынша сол Алаш-Ордашыларға хабарлай алды. Ол өзі туралы айтылғандарға жауап бере алар еді, бірақ егер баяндаманың соңғы бөлігінде айтылатын Алаш-Ордашылармен еш ортақтығы жоқ болса, онда оны ол басқаларға бермес еді, бермек түгіл, сол Алаш-Ордашыларды өзі әшкерелеген болар еді. Енді белгілі болып отырғандай, осы арыз туралы хабар жан-жаққа тарап кетіпті. Алаш-Ордашы белсенді қайраткерлердің бірі Есболов (Қолчак полкінің бұрынғы коман-

дирі, ал Түркістанда Наркомзем алкасының мүшесі болды. Қосшы атынан Мәскеудегі халықаралық шаруалар съезіне қатысты және с.с.) колдарына түсірген арыздың хабарын қазір Орынборға әкелді, сондағы Дулатов, Ах. Байтұрсынов және басқаларды ескерту үшін келді, сондай-ақ Алаш-Ордашылардың қайтадан Қазақияға көшіп баруына орын дайындамақшы. Мұның үстіне, жұрттың айтуына қарағанда, бұл арыз, Қожановтың сөзі бойынша, Рысқұловтың істегені деп бәріне хабарлап жүрген көрінеді. Жалпы Алаш-Ордашылар Ташкентті тастап кетуге белді бекем бұған тәрізді (ыңғайы, Қожановтың кеңесі солай болған).

Бұл туралы тіпті Мәскеудегілер де біледі. Бір адам арқылы жақында маған қабылдауымды сұрап, (шамасы, осы хабардан шошынған болу керек), Әл. Бөкейханов телефонмен хабарласты. Мен кездесуден бұлтарып кеттім, өйткені онымен өзі жақсы таныс та емеспін.

Қожанов енді, шамасы, менің мақалаларыма жауап беруге дайындалып жатыр. Ол онда да менің үстімнен «материал» бар деп елдің бәріне айтып жүр деседі – мен ол материалдарды білемін, бірақ мен перде сыртынан «сыпсындаспай», оларын ашық жариялауын қалап жүрмін. Басмашылар жайындағы (айтпақшы, жаңа емес), атап айтқанда, Жанұзақов туралы әңгімелерге келсек, мұның бәрінің астарын мен де ашамын. Мен Жанұзақов пен Қожановтың арасында не болғанын білемін, бірақ бұл жайында жеке жазамын.

Міне енді басмашылар туралы мәселеге байланысты мынандай сұрақтар төңірегінде ойланған жөн: Қожановтың достары, мысалы, Х. Болғанбаев, Дулатов, Бірімжанов және басқалар 1921 жылы қайда болды екен. Олар осы басмашылармен байланысқа шыққан жоқ па екен. Мен қазір басқалардан біліп отырмын, мәселен, Бірімжанов (Алаш-Орданың бұрынғы қайраткерлерінің бірі) 1921 жылы әлдебір шаруамен, жанама түрде Қожановтың тапсырмасы бойынша, Бұхараға барып қайтқан (Энвермен көрісу үшін деседі). Ал осы Бірімжанов кейін, өзге де контрреволюциялық көңіл-күйдегі адамдармен қатар, Германияға оқуға жіберілді.

Мен өзімнің былтырғы сапарымда Түркістан мен Бұхараның Германиядағы студенттерімен танысып шығып, олардың көпшілігі советтік құрылысқа қарсы тәрбиеленіп жатыр деп таптым, ал олардың жетекшісі қайдағы бір бұрынғы авантюрист (бірақ білімді) татар Идрисов түріктік және басқа да консулдықтармен байланыс жасайды, Бұхара мен Түркістандағы жағдайдың егжей-тегжейін біздің қарсыластарымызға хабарлап тұрады.

Мәскеуге келгеннен кейін мен бұл жайында Рудзутак жолдасқа айттым, бірақ ол өзінің әдетімен, былай айтқанда, «көңіл аудармады». Мен сонда студенттердің бірлігін ыдыратып, біздің Өкілетті өкілдікке өзара жиі қатынасып-жақындасуға икемдедім, соңғыны ескерттім, ал Бірімжановты студенттер бюросына енгіздім, себебі ол Идрисовпен жауласып жүрген, олар бірінің үстінен бірі Өкілетті өкілдікке толық хабар жеткізіп тұрған болар еді. Екінші жағынан, бұл басшыларды бірден алып тастауға немесе оларға күдік келтіруге болмайтын еді, өйткені олар ондайда дайындалып үлгере алар еді.

Бірақ сол Бірімжанов бірде маған Шоқаевтың Парижден Берлинге келген сайын ұдайы онымен және басқалармен көрісіп тұратынын айтты, тіпті менен Шоқаевқа материалдық көмек сұрап алуға тырысты, себебі ол мұқтаждықтан киналып жүр деді. Мен сонда оған көмектеспек түгіл, студенттер жалпы осы бір Шоқаевпен көрісе беретін болса, онда бәрі де кері шақырып алынады дедім. Енді олар қайтадан татуласқан болып шықты, қазір Идрисовтың (Файзулла Ходжаевтың итаршысы және сенімді адамының) тонның ішкі бауындай компаниясы өз жұмысын жалғастыруда.

Осы Бірімжанов арқылы әлгі Қожанов және басқалар Шоқаевпен байланыс жасап тұрмай ма екен. Меніңше, байланыстары бар. Шоқаев өзінің мақалаларында Совет өкіметіне жала жабу үшін тегіннен-тегін «Ақ жолға» және одан алынған үзінділерге куә ретінде жүгініп жүрген жок қой (оның «Дни» газетіндегі мақалаларын қараңыз).

Міне, мен осы фактілер туралы хабардар етсем деп едім және бақылауды күшейту қанша дегенмен ГПУ-ге қызықсыз болмас еді деп ойлаймын.

Сөзімнің қорытындысында мынаны айтуға тиіспін: туземдіктердің қазір өсіп келе жатқан және біз арқа сүйеуге үміт артып отырған коммунистік деп аталатын жастары әзірге өте жас болып шықты, олар жас және шатасып жүреді. Осы жастар алдында, мәселен, қазақ жастары алдында Алаш-Ордашылар үлкен беделге ие болып тұрған көрінеді, жастар олардың идеологиясына қарсы шықпақ түгіл, тіпті олардың бетіне тік қарауға батпайды. Сондықтан осы жерде коммунистік жастарға, шамасы, партияның өзі жәрдемге келуі керек шығар.

1924 жылдың 30-шы сәуірі. Мәскеу қ. (*Т.Рысқұлов* деп қолы қойылған).

Осы құжаттан кейін, аталған істің 199-бетін Тұрардың өз қолымен жазылған шағын хат алып тұр...

№ 2 құжат

Партияның Орталық Комитетінің секретариатына Товстуха жолдасқа.

Сталин жолдастың атына ұсынылған «Алаш-Орда» туралы баяндамаға мен қол қойып берген жөнелтпе қағазда үлкен қате кетіп қалыпты. Қазақтардың (түпнұсқа мәтінде: киргиз – *Б.Қ.*) саны 9-10 миллион деп көрсетілген, бұл дұрыс емес, ал дәлірек барлық қазақтардың санын 5 ½- 6 миллион деп санау керек. Егер қазақ аудандарында тұратын («населяющих киррайоны») жалпы барлық ұлттардың санын есепке алсақ, тек сонда ғана бұл мөлшер 8-9 миллионға жақындайды.

Тиісті орынға түзету енгізуіңізді өтінемін.

15 – V. (*Т.Рысқұлов* деп қолы қойылған).

Иван Павлович Товстуха Сталинмен бірге қызметін 1918 жылы Ұлт істері жөніндегі халкоматта бастап, 1921 жылы оның жеке секретариатының меңгерушілігіне ауысқан, яғни

сеніміне бекем кірген қызметкер болатын. Сталин 1922 жылы Бас хатшы болып сайланғаннан соң оны Орталық Комитеттің секретариатына ауыстырып, ресми түрде «ОК хатшысының көмекшісі» лауазымын береді. Товстуха Бас хатшының көмекшісі ретінде ОК секретариатының Бюро жұмысына да басшылық жасайды.

Тұрар Рысқұлов онымен Мәскеуде Наркомнацта қызметте болған жылдарынан таныс болса керек. Біңғайы, Сталинге жазған хаттарының бәрін тікелей осы қайраткер арқылы жеткізіп отырған...

200-параққа, іс жүргізуші кеңсе яки мұрағат қызметкерінің мұқиятсыздығының салдары болар, басқа хаттың (шамасы, ол да хатшылыққа, И. Товстуха атына жазылған болу керек) соңғы беті тігілген. Бұл хат та қолмен жазылған. Оны кезегімен 3-ші құжат деп таңбалап, жеке келтірейік..

№ 3 құжат

...Егер Сталин жолдас жеке өзі бәрін оқып шыға алмайтын болса, онда тым болмаса мыналарды оқығаны дұрыс болар еді:

а) негізгі баяндамада – айыптау тармақтары (22-бетті қараңыз), б) «Алаш-Орда» қайраткерлерінің тізімі және олардың Түркістандағы қазақ халқын басқару жөніндегі қазіргі жұмысының сипаты – қосымша ұсынамын, в) барлық қалған материалды танысып шығуға басқа әлдекімге тапсыруға болады, бірақ жолдас Сталиннің тікелей өзі оқығаны жақсы болар еді, г) «Дни» газетінің Шоқаевтың шетелде Түркістан туралы жазған мақалалары бар (осы жылғы 1 және 4 ақпанда және кейінгі күндері шыққан) нөмірлерін оқығаны жақсы болар еді.

Баяндаманы осымен бір мезгілде мен ОБК (ЦКК) мен МСБ-ға (ГПУ-ге) беріп отырмын.

22 – IV. (Т.Рысқұлов деп қолы қойылған).

Бұдан кейінгі 201–202-ші парақтарға «Анықтама» деп аталған төрт беттік хат тіркелген. Енді сонымен танысайық. Бұл осы істегі 4-ші құжат.

№ 4 құжат**Құпия****РКП ОК-ге Сталин жолдасқа****(Одан басқа, бұл баяндама ЦКК мен ГПУ-ге берілген)****/АНЫҚТАМА/**

Осы баяндамаға жөнелтпе жазбасымен бірге келесі жолдастар: Саматов, М. Абдурахманов және басқалар (коммунистік жастардың қазақ бөлігінің басшыларынан) және Қ. Сарымолдаев, М. Қашқымбетов, Д. Нысанбаев, Д... (оқылмады – Б.Қ.), И. Арабаев және басқалар (негізінен 1918 жылдан коммунистер) қол қоюға тиіс еді.

Бұл адамдар маған бөлек-бөлек үн қатып, Түркістан халқының қазақ бөлігінде «Алаш-Ордашылар» контрреволюциялық жұмыс жүргізуде, оларды Қожанов тобы қолдайды деп көрсетті. Бірқатар фактілерге нұсқады. Сонда біз бірлесіп сол фактілерді зерттеп көрдік те, олардың күдіктенуіне негіз бар екеніне көзіміз жетті. Оның үстіне, осы негізде олардың арасында Кирипрос (Қазақ ағарту институты – Б.Қ.) пен Комуниверситетте (Коммунистік университетте) әлден-ақ үлкен егесу орын алған.

Мен өзімнің соңғы сапарымда барлық уақыт бойы дерлік, жергілікті партия жұмысына мүлдем килікпей, тіпті жергілікті органдардың отырыстарына баруға да тура келген жоқ, үйімнен шықпай, әдеби жұмыспен айналыстым (3 кітапша жаздым). Сондықтан, мен мұнда топшылдықпен шұғылдануды қаладым деп айтудың реті болмаса керек, бірақ қауіпті контрреволюциялық жұмыс ашылып жатқанда, болып жатқан істі түсінуге тырысу – менің міндетім.

Мен көрсетілген жолдастарға ТКП ОК мен РКП ОК-ге әшкерелеуші материалдарды тіркеп, құпия баяндама беру жайында кеңес айттым. Солармен бірге осы баяндаманы жазуға қатыстым. Тек қана орын алған және көпшілігі құжаттармен расталатын фактілерді тізбеледік. Мен өзім алдында

бұл баяндамаға қол қоюды ынғайсыз көрген едім, көрсетілген жолдастар алғашқыда өз беттерінше шығуға тиіс еді. Бірақ әлдебіреу мен жүріп кеткеннен кейін әзірленіп жатқан шаралар жайында «Алаш-Ордашыларға» жеткізіп қойыпты да, олар бірқатар үрейлендіретін және террор жүргізетін шаралар қабыл алып үлгерген көрінеді. Мәселен, олар туралы айтылатын баяндамалар мен материалдарды аталған жолдастардың пәтерлерінде тартып алуға ниеттеніпті.

Сондықтан жоғарыда мен тізген жолдастардың көбі, шамасы, абыржып қалды, сондықтан да осы уақытқа дейін өздері мәселені көтере алмады... мен оларға ең алдымен КПТ ОК жауапты хатшысы Варейкис жолдаспен және ГПУ Басқармасымен келісіп алу жөнінде кеңес бердім. Баяндаманы аялдамастан Мәскеуге салып жіберулері керек еді, бірақ, шамасы, мұны да осы уақытқа дейін істеп үлгермеді. Сондықтан мен, мәселенің айрықша маңыздылығын ескере отырып, аталған баяндаманың маған берілген көшірмесін растап, ЦКК РКИ-ге (ОБК – ЖШИ-ге, Орталық Бақылау комиссиясы – Жұмысшы-шаруа инспекциясына – *Б.Қ.*) ұсынуға шешім қабылдадым.

Мен ешқашан «Алаш-Ордада» болған емеспін, «Қоқан автономияшылы» болмадым және «жәдид» интеллигенциясына да кірген емеспін, мен мүлдем қарама-қарсы жағдайда өстім. Кейбір жағдайларда мен «кателіктер» мен «іні жұмсақтыққа» жол берген екенмін, мойындаймын, олардың себептерін мен кейін ашып жазамын. Бірақ мынаны айтуға тиіспін: өзінің табанды идеясымен Совет өкіметіне қарсы, өз ойы мен насихатын тіпті партиялық қазақ баспасөзі арқылы өткізуден ұялмайтын ұйымның тура бір бүйірімде жұмыс істеп тұрғаны жайында мен күдіктенбеген екенмін.

Мұның бәрі толық мәнінде қазір ғана және мүлдем күтпеген жерден ашылып келеді. Бұл ұйым 3 жыл жұмыс істеді және осы 3 жыл ішінде Түркістандағы қазақ халқының бұқарасына ықпал ету тетіктерін өз қолдарына алып, шынымен де нығайып үлгерген болып шықты. Сондықтан да мен өз

тарапымнан «Алаш-Орда» туралы мәселені ОБК мен ОБК – ЖШИ алдында тіке қабырғасынан қоямын. Қазақ (түпнұсқада: «киргизские») коммунистері (көпшілігі) әлден біледі, бұл жайында қауесет те тарап жатыр. Шынайы коммунистер тиісті шешімдерді күтуде және осы мәселеге партияның басшы органы тарапынан баға берілуін тосып отыр.

Егер осы баяндамада айтылғандардың бәрін әйгілі Мұстафа Шоқаевтың жақында эсерлік «Күндерде» басылған Түркістан туралы ұзын мақаласымен және «Қарсаңда» («Накануне», 1922–1924 жылдары Берлинде күн сайын шығып тұрған газет – *Б.Қ.*) беттерінде басылған менің мақалама жауабымен салыстырып қарасақ, онда Шоқаев Түркістаннан жүйелі түрде материалдар мен анықтамалар алып тұратыны туралы көрсетеді, онда мына жәйт айқын бола түседі: шетелмен байланыс орнатқан үлкен ұйым бар.

Мен басында көрсеткен жолдастарды шұғыл түрде сұрасыру қажет, олар осы баяндаманы растайды. Және олардан колдарында бар қосымша фактілі материалдарды талап ету керек. Баяндаманың бұл редакциясы олардың жоғарғы парторгандарда жобаланған мәселе көтерулеріне қатысты етіп жасалған болатын және редакцияның сол түрінің көшірмесі мұнда толығымен келтіріліп отыр.

ЦКК мен ЦКК РКИ мәселенің өте салмақтылығын ескерер және осы мәселеге біршама қаталырақ қарап, соған сәйкес шешім шығарар деп ойлаймын, өйткені мұнда партия бағытын түзеу туралы және өте қауіпті антикоммунистік құбылыстар жөнінде әңгіме болып тұр. Қажетті фактілік материалдарды мен мұқтаждық тууына қарай қосымша ұсынып тұратын боламын.

Жалпы алғанда, бұл жерде әңгіме екі қарама-қарсы идеялық бағытта болып тұр және соттасуға тиістерге мәселенің тура осылай принципті қойылуы тұрғысынан соттасуға тура келеді. Бұл жерде ішкіпартиялық топтанушылықпен мәселені араластырудың реті келмейді. Мәселе өте елеулі сипат алуа.

Мен соңғы уақытқа дейін Қожанов пен оның адамдары шынымен де коммунист бола алған шығар, өздерінің барлық ескі өткен жолдарынан ірге бөлген шығар деп ойлаған едім. Сондықтан белгілі бір дәрежеге дейін олармен ымыраласып келгенмін. Бірақ оның бұрынғы қалыпта қалғаны, өз тұлғасымен тұтас ұйымды бүркемелеп отырғаны анықталғанда, онда мынаны айту керек: оны тек идеялық жау ретінде қарап, одан межеленіп бөлінуге тура келеді.

Бұл жерде кім кімді айыптап тұр дегенге емес, фактілерге сүйену керек және сол фактілер бойынша қорытынды жасау қажет. Мен түсініксіз әрі партияның дұрыс бағытын шатастырған көп жәйт, соның ішінде жеке менің басыма да үйіп-төгілген жалалар да қазір анықталуда және әшкереленуде деп ойлаймын.

Мен өзіме артық жағдай жеңіп алуға мүлдем тырыспаймын, мен бұған мұқтаж емеспін, кез келген жерде жұмыс істеуге әзірмін. Атымен әдеби жұмысқа кетіп қалуға да бармын (егер бұған рұқсат берсе, мен қуанар едім), бірақ өсіп келе жатқан шынайы коммунистік ұрпаққа жолды тазалап беру керек. Өздерін қазақ халқы үшін қасірет шегіп жүргендей етіп көрсететін Алаш-Ордалықтар мен олардың қызметкерлері әзірге саяси және моральдік тұрғыда билеп тұрғанда, олар кең жолға шыға алмайды. Бұл баяндаманың негізді мәні міне осында.

Тағы бір рет сендіре айтамын, менің мақсатым – жанға батқан және толғағы жеткен мәселені ашу. Бірақ бұдан жоғарғы парторгандар мен мұны өзімнің жеке көңіл-күйімнің жетегімен жасап тұрғандай ойлап қорытынды шығармасын. Бұл көтерілу табиғи түрде пісіп-жетілді. Бір-бірін білмесе де, әр шалғайдағы талай қазақ коммунистері осындай көңіл-күйге бөленген болып шығып отыр. Бұл баяндамада жеке басты күйттейтін сәттер жоқ, дегенмен осы мәселеге араласуыма тура келгеніне мен өзімді ыңғайсыздық жағдайда сезінемін. Жалпы, қазақ еңбекшілері үшін негізгі мәселе көтерілді деп есептеймін (ал қазақтар елеулі бұқара –

9-10 миллион шамасында), енді мәселенің не олай не бұлай шешілуінен көп жағдайда қазақтар арасындағы коммунистік құрылыстың болашағы айқындалатын болады.

18 сәуір 1924 ж. Мәскеу қаласы.

(Т.Рысқұлов деп қолы қойылған).

Бұдан әрі, істің 203-ші парағына екі беттік «Жөнелтпе жазба» тіркелген. Оны 5-ші құжат ретінде белгілейік...

№ 5 құжат

Жөнелтпе жазба

Біздің осы жөнелтпемен жолдап отырған құпия баяндамалық жазбамызда Қожанов пен оның адамдарының (түгелге жуық «Бірлік туынан») бұрынғы буржуазиялық-ұлтшыл ұйым «Алаш-Орданың» аса көрнекті басшыларымен идеялық байланысы және бірлесіп атқарған жұмысы дәл анықталған. Осы «бірлік-туылық» ұйымның «солшыл» коммунизмді жамылғы етіп, партия мен совет өкіметін ірітетін жүйелі контрреволюциялық жұмысын біз құжатты-деректі түрде айқындап отырмыз.

Осыған байланысты баяндамалар мен материалдарды біз бір мезгілде Түркістанның тиісті жоғарғы партия органдарына беріп отырмыз. Бірақ мынаны ескертеміз: Түркістанда «саясатшылдық» ойынын ойнаудың соншалықты мықты тамырланғаны сондай, біз осы уақытқа дейін «топшылдықтың» шексіз ойыны ахуалында жүруге мәжбүрміз, бұл өз кезегінде дұшпандар мен достардың айырмашылығын бүркемелеп, тіпті соңғыларды өзара араластырып жібереді.

Қызметкерлердің қазақ бөлігінің басынан Компартияға жат адамдарды көргенде, оларды іс жүзінде компартияға ымыраласпас жау адамдардың, (формалды түрде) партияда жоқ адамдардың басқарып отырғанын көргенде, олардың жастарды анық антикоммунистік рухта тәрбиелеп жүргенін. Партия мен Совет өкіметінің негізін туземдік халықтың өзінің қалың ортасында анық қажап-шайқалтып отырғанын.

партияның үлкен материалдық шығындармен жасағандарының бәрін біртіндеп қаусатып жатқанын, топшылдық ырың-жырың салдарынан партияның атын асыра пайдаланып жүргендерін көргенде – мұндай жағдайда кез келген одан арғы жұмыс әрбір адал партия мүшесі үшін мәнсіз және тіпті қауіпті болып кеткенін сезесің.

Біздің партиямыздың көсемдері революцияның алғашқы кезеңінде шет аймақтарда пайда болған бұрынғы «ұлттық-буржуазиялық үкіметтердің» контрреволюциялық сипатын әлденеше мәрте әшкереледі. Олар бізді қазір де контрреволюциямен, НЭП (жаңа экономикалық саясат) ықпалымен және т.с.с. күресуге қазір де үйретіп келеді. Ал тура осы кезде артта қалған Түркстанда (қазақ бөлігінде) барлық саясатқа бұрынғы «Алаш-Ордашылар» басшылық жасауда. Өте қалыпты емес және шатасқан ахуал орнап тұр.

Сондықтан біз: шетсіз-шексіз топшылдық-ұлттық қақтығыстар ахуалындағы жергілікті ұйымдар дегенмен біздің арызымызға сәйкес тиісті сауықтырғыш шаралар қабылдай алмайды ғой деп ойлаймыз, сондай-ақ тіпті біздің көтеріп отырған мәселемізді бүркемелеп тастай ма деп қауіптенеміз (оның үстіне қазір РКП ОК Оразбюросының (Средазбюро, Орталық Азия Бюросының – Б.Қ.) басшылары жаңа адамдар болып табылады). Сондықтан бұл іске ОБК мен РКП ОК-нің тікелей араласуын күтеміз.

Бірақ мынаны мәлімдейміз: қазақ қызметкерлерінің шын мәніндегі коммунистік бөлігі мен жастар арасында мұндай бас көтеру пісіп-жетілді және оны басып тастау қиын.

Бұл мәселе жөнінен біз өз тарапымыздан ең алдымен ГПУ желісі бойынша Қожанов пен оның адамдарының, сондай-ақ Түркістанда және оның сыртында тұрып жатқан Алаш-Орда қайраткерлерінің пәтерлеріне тінту жүргізуді талап етеміз. Бұл шара Алаш-Орда ұйымдарының осы бағыттағы қызметін сөзсіз көзбе-көз анықтап береді. Шындап келгенде, онсыз да фактілер жетіп артылады. Партияның саналы мүшелерінің тұтас бір қатары қандай да бір антикоммунистік

ұйым туралы айтып тұрса, тиісті мемлекеттік органдар шара қолдануға тиіс, бұл шара адамдардың алып отырған лауазымына қарамастан жүргізілуі керек деп ойлаймыз.

Қалай болғанда да, ОБК мен РКП ОК тарапынан не олай, не былай бағытталған шұғыл шешім мен іс-шарасы жасалуын күтеміз.

Коммунистік сәлеммен

(Ешқандай қол қойылмаған. Машинкаға басылған мәтін, Тұрардың жоғарыда ескерткеніндей, өзінің растауымен ұсынылған).

Істің 204-ші парағынан бастап 229-шы парағына дейін «Негізгі баяндама» орналастырылған.

Машинкаға басылған үлкен мәтін. Тақырыбы Тұрардың қолымен жазылған, бұл да, жоғарыда ескерткеніндей себеппен, қол қоюға тиіс адамдардың қолынсыз, Тұрардың өзінің растауымен ұсынылған.

Оны істегі ретімен 6-шы құжат деп қарастырайық.

№ 6 құжат

Негізгі баяндама

«Негізгі баяндама» Түркістанда совет өкіметінің орнауы өзіндік жағдайда басталып, дамып келе жатқанын, бұл өзіндік сипаттың оның өткен тарихымен байланысты екенін атап, мұндағы революцияның негізгі күштері және жекелеген контрреволюциялық топтардың, әсіресе жергілікті халық ішіндегілердің әлі күнгі маркстік тұрғыда талдауға алынбағанын айтудан басталады.

Жазбаға қол қойып отырғандар (мәтінде осылай делінгенмен, іс жүзінде олар қол қоймаған, жазбаны растап, тиісті орындарға Тұрар ұсынған – *Б.Қ.*) қазақ кедейлерінен шыққанын, жас болса да, коммунистік принциптерді бойларына бекем сіңіргендерін, істеліп жатқан жұмыстардың коммунистік бастауларды нығайтуға қызмет етпейтінін,

бұған «соңғы 12-ші Бүкілтүркістандық Советтер съезінен кейін» қазақтар арасындағы коммунистікке адалдықты іріту ісінің мүлдем айқын көрініп бара жатқанын айтады. «Болып жатқан жағдай үшін ТКП ОК мен РКП ОК Орт.Аз.Бюросын кінәлауға болмайды, өйткені олардың көбі Түркістан үшін жаңа қызметкерлер, оның үстіне, жиі ауысқандықтан, Түркістанның күрделі жағдайы мен жергілікті құбылыстарды бірден ажыратып біле алмайды», – дейді олар.

Хатқа қол қоюға тиіс топтың атынан мәтінді құрастырған кісінің жазуынша, «ірітуші зиянды антикоммунистік жұмыстың басында қазір Орталық биліктің қазақ бөлігін басқарып отырған жолдас Қожанов өзінің адамдарымен тұр». Олардың (дәлірек айтқанда – мәтінді дайындаған адамның) ойынша, «қазақ қызметкерлері арасындағы неғұрлым әдепті және коммунистік ұғымдағыларды таратып жіберу («раскассирование») басталды және қазақ коммунистік жастарына да қауіп төнуде».

Одан әрі, жазбаның алғашқы бөлімін мынандай сөздермен: «Өздерінікі еместерді» алып тастап, олардың орындарына «өз адамдарын» қойғаннан басқа, бұл топтан біз ешқандай дұрыс жұмыс көріп отырған жоқпыз. ...біздің айыптауымыздың нысаны Қожанов пен оның тобы. Біз бұл антисоветтік топтың басшылық жасауына бұдан әрі төзе алмаймыз, оны партияның басшы органынан аластауды талап етеміз», – деп тамамдай келе, оларды неге аластау керектігін 2-бөлімде дәйектеуге көшеді.

9,5 бетке созылған 2-ші бөлімде «толығымен бұрынғы және іс жүзінде қазір де алашордашылар болып табылатын Қожанов тобы» әшкереленеді.

«Бірлік туы» ұйымы мен осы аттас газет «Алаш-Орданың» Түркістан бөлімшесі болғанын, сондағы адамдарды жақсы білмей жатып, Түрккомиссияны басқарған большевик Сафаровтың оларды партияны басқаруға тартқаны айтылады. Шоқаев, Қожанов, Болғанбаев кезектесіп редакторы болған газеттің Совет өкіметіне қас-жау болғаны, Қожановтың

«жарылқаушысы Сафаровтың» көмегімен басшылыққа келгеннен кейін алашордашыларға қандай жұмыстар тапсырғаны сөз болып, мысалдар келтіріледі.

«Негізгі баяндаманың» 3-ші бөлімінде 10,5 бет бойы әшкерелеулер кеңейтіліп, жалғастырыла түседі.

Мұнда «Ресми және «солшыл коммунист» (сөзсіз ку, түрлі «комбинациялар» жасауға қабілетті және компартияның басшыларының кейбір бөлігінің сеніміне ептілікпен кіріп алған) Қожановтың қалқасында» «коммунистік партияны іштен шірітіп жүрген «Алаш-Орданың» көрнекті қайраткерлері» (Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Хайретдин Болғанбаев, Халел Досмұхамедов және т.б.) атқарған істер сөз болады.

«Ақ жолда» жарияланған Мағжанның «антисоветтік» өлеңдері, Міржақыптың, Әлиханның мақала, өлең, әңгімелері талданады. Соларға «қалқа» болып отырған Қожановтың «мансапқорлығын», «олардың ұйымынан тысқары тұрған Рысқұлов жолдасты құлату» үшін қандай әрекеттерге барғанын баяндайды.

Сол баяндағандарының негізінде «Қожанов пен оның бұрынғы Алаш-Ордашылардан құралған тобын біз мыналары үшін айыптаймыз» деп, олардың «антикоммунистік» істерін 9 тармаққа топтап қайта тізеді.

Солардан кейін, келтірген айыптауларына сәйкес, 10 тармаққа түйілген ұсыныстарын жазады. Оларын коммунистік партиядағы «біздің көсемдеріміз лайықты түрде бағалап, қазақ халқы арасындағы дертті шындықты, ақырында, сауықтырар» деген үміт артып, баяндаманы соңын «коммунистік сәлеммен» деп аяқтайды. Соңынан фамилияларға орын қалдырған, бірақ ешкімнің аты-жөнін жазбаған және ешкімнің қолы қойылмаған.

Осы баяндамаға Тұрардың өзі берген қосымша көңіл аударарлық. Біз оны материалдардың тігілу ретіне қарай 7-ші құжат ретінде белгілеп, толық келтірмекпіз.

№ 7 құжат

*Жолд. Сталинге***ҚОСЫМША***(«Алаш-Орда» туралы баяндамаға)*

Бұрынғы «Алаш-Орда» мен «Бірлік туының» ең басты қайраткерлерінің бірқатарының тізімі және мінездемесі.

I. Партияда жоқтар:

1). Әлихан Бөкейханов. «Алаш-Орданың» бұрынғы төрағасы. Қазір Мәскеудегі Шығыс баспасында жолд. Төрехұловта істейді. Өзінің барлық бұрынғы шәкірттерімен, соның ішінде Қожановпен де толық байланысы бар, олармен хат жазысып тұрады, «Ақ жол» редакциясынан материалдық көмек алып тұрады. «Қыр баласы» деген бүркеншек атпен оның мақалалары мен әңгімелері «Ақ жол» мен оның қосымшаларының беттерінде жиі жарияланып тұрады.

Буржуазиялық идеализмге негізделген өзінің бұрынғы идеясын табанды түрде жүргізіп жүр. Ол қазақ халқының және партияда жоқ интеллигенцияның артта қалған топтары арасында әлі де үлкен ықпалға және беделге ие. Сондықтан оның мақалалары соңғыларға коммунистік баспасөз сөздерінен әлдеқайда күшті әсер етеді. Жакында Қожанов маған оның хатын көрсеткен болатын, онда ол өзінің ұлдарын стипендияға қосуды өтінген екен, өйткені ол «бұл мәселе жөнінен Сталинге барып, оның алдында жалынып қор болуды қаламайтын» көрінеді.

2) Міржакып (түпнұсқада: Мир-Якуб – Б.Қ.) Дулатов. Ол да «Алаш-Орданың» бұрынғы көрнекті идеялық жетекшілерінің бірі, революцияға дейін шығып тұрған бұрынғы «Қазақ» газетінің редакторы, бұрынғы көрнекті ақын, қазір өзінің көзқарастары бойынша осы дарынын революциялық ахуалға қолдануға қабілетсіз.

Ол, сірә, Қожановтың ең тығыз араласатын досы, бұрын онымен бірге қызмет істеген. қазір де олар идеялық тұрғы-

дан іс жүзінде байланыста. 1921 ж. осы Дулатов Ташкентке шақырылды да, «Ақ жол» газетінің басшысы болып тағайындалды. Сол жыл бойғы «Ақ жолдың» басмақалалары мен негізгі мақалаларының түгелге дерлігін Дулатов жазған. «Алаш-Орданың» идеясы ашықтан-ашық жүргізілуде.

Дулатов өзінің мақалаларында 1920–21 жж. жер реформасы кезінде орыс шаруаларын «аямауға» кеңес беріп, сонымен бірге партияны тек қана бұрынғы идеялы казак ұлтшылдарымен (яғни тек солармен) қызметтес болуға, ал бұрын идеялы ұлтшыл болмаған, енді коммунист болып шыға келген қалған казактардан авантюристер ретінде тазартуға шақырады (оның 1921 ж. № 55 «Ақ жолдағы» «Қазак интеллигенциясы» деген мақаласын қараңыз). Дулатов орыс большевиктерінен казактар үшін жер реформасын жасау қажеттігін [дәлелдеп, рұқсатқа] қол жеткізгендерін, сондықтан жерді басқа біреу емес, олар беріп отырғанын жасырмай айтып жүр және т.с.с.

Осы бір Дулатовтың буржуазиялық ұлтшылдықтан өзге артық ештеңе кездестіре алмайтын көптеген мақаласы «Ақ жолдың» беттерінде соңғы 1922–23–24 жж. да басылды. «Ақ жолды» жасаушы ретінде Дулатовтың портреті екі рет Қожановтың портретінің қатарында «Ақ жолдың» юбилейлік №№ (нөмірлерінің) (1922–23 жж.) беттерінде басылды. Дулатовтың портреті Алматы (Верный) қаласындағы казак ағарту институтында ілулі тұр. Барынша көпшілікке әйгіленуде. Қожановпен толық байланыста, сол арқылы партияның құпияларын біліп тұрады.

3) Ахмет Байтұрсынов. Ол да «Алаш-Орданың» көрнекті қайраткері. Бір кезде партияда болған, бірақ кейін тазартылған (партиядан шығарылған – *Б.Қ.*). Көрнекті казак әдебиетшілерінің және ақындарының бірі, бірақ идея жағынан өзінің бұрынғы қызметкерлерінің бәрімен байланысты.

Байтұрсынов бірде Ташкентке келді. Кирипроста оған үлкен банкет берілді, сонда бәрі оның ізбасарлары екенін айтып сендіруге тырысты, қолдарына көтерді, қилы құрмет

көрсетті және с.с. 1923 жылы оның юбилейі атап өтілді, сонда «Ақ жолдың» тұтас нөмірі оған арналды, оның өмірбаянын жазды, сіңірген еңбектерін тізбеледі.

Қожанов қазір де Байтұрсыновты көпшілікке танымал студия кез келген ретін пайдаланып қалуда. Мәселен, мүлдем жақында, 24 ж. 3 сәуірдегі № 421 «Ақ жолда» Орынбор коммунистерімен мәдениет туралы полемикасында Алаш-Орда жазушыларын қорғау үшін, өзінің қойылған мәселелерінің тармақтарының бірінде (5-тармақ) Қожанов былай деп жазды: «Істің басшысы кім болуға керек: осыны істеген адам ба, әлде тек сол істі толықтырған адам ба?» Егер қызметі сіңген деп тек соны атқарған адамды айтар болсақ, онда неге қазақ ұлттық мәдениетінің алғашқы қайраткері болып табылатын, тілдің тазалығы жолында жұмыс істеп жүрген, қазақ грамматикасын жазған, қазақ ұлттық мәдениетінің бұлжымас негізін салған Ахмет Байтұрсынов – неге муфти Омар Қарашпен («Омар-Карач-Муфти») салыстырылуға тиіс?»

Ахмет Байтұрсынов мадақталатын басқа жағдайлар да көп. Қожановтың ойынша, қазақтар алдымен ұлттық мәдениеттің құлпыруын бастан кешуі керек, содан соң ғана жаңа мәдениетпен жақындасып-қатысуға болады.

Каутскийде «Ұлттық проблемаларда» былай делінген: «Халықта тауарлы өндірістің одан әрі дамуымен бірге өзінің ана тілінде сөйлейтін интеллигенцияға, ұлттық интеллигенцияға мұқтаждық пайда болады. Сөйтіп бұл қажеттілік тіл мәдениетінен – түр жағынан ұлттық мәдениетке ауысады, оның мазмұны интернационалдық болса да, егер ұлтта интеллигенцияның ұлттық табына мұқтаждық пайда болса, онда бұл тапта, өз кезегінде, ұлы білімді ұлтты көксейтін мұқтаждық өсіп шығады» (Сафаров. «Отарлық революция». 110-бет).

4). Халел Досмұхамедов. «Алаш-Орданың» аса көрнекті қайраткері, доктор және публицист.

Ол қазір Ташкентте Қазақиядан келгендердің бәрін басқаруда. «Шолпан» ұлттық-мәдени ұйымының төрағасы (осын-

дай ұйым осы атпен ескі құрылыс кезінде де болған). Ташкенттегі қазақ оқу орындары оның ықпалында тұр. Онымен Қожанов жиі ақылдасады. Қысқасы, аса көрнекті рөлі бар.

5) Жаһанша (Джаганча) Досмұхамедов. «Алаш-Орданың» көрнекті қайраткері, юрист, Ташкентте Наркомюст желісі бойынша істейді.

Екі Досмұхамедов те өз кездерінде 1921 ж. Түркаткомдағы қызметкерлерді бөлу және тағайындаумен шұғылданған «Киротдел» (Қазақ бөлімі – *Б.Қ.*) деп аталатынды басқарды. Бұл Киротделдің нағыз Учраспред (Мәскеудегі Орталық Комитеттің кадр бөлімі – *Б.Қ.*) секілді көрініп, каншалықты үлкен рөл атқарғаны оның 1921 ж. «Ақ жолда» басылған мақаласынан көрінеді.

Бұл Досмұхамедов қазақ газетіне ат беру тарихы туралы маған өзі айтып берген болатын. Біз қазақтардың коммунизмді түсінбейтінін айттық, деді ол, дұрысы, қызыл да, ақ та ат бермей, «Ақ жол» деп атау (яғни, тақуа жол, немесе, ақ, жарқын жол, – «Ақ» қазақта «құдаймен» сәйкестендіріледі, мысалы, дуаналардың – қазақ дәруіштерінің уағыздарында). Сол Досмұхамедов маған 1921–22 жж. «Ақ жол» іс жүзінде олардың (яғни Алаш-Орданың) газеті болғанын маған тіке өзі айтып еді. Ол мұны, әрине, жеке екеуара әңгімелер кезінде айтқан-тұғын, бірақ бұл шынында да солай болатын.

6) Есболов (мәтінде, жалпы орысша дереккөздерде: Исполлов – *Б.Қ.*). Ол да «Алаш-Орданың» көрнекті қайраткері. Алаш-Ордалық-колчактық полк командирі болған. Большевиктерге қарсы өзін талай рет көрсеткен.

1921 ж. Ташкентке шақырылып, Наркомзем Коллегиясына мүше болып тағайындалған. Сосын 1921 және 22 жж. Қожановтың кепілдігімен Тұратком мүшелігіне өткізілді. «Қосшының» басшыларының бірі деп есептеледі. Жетісуде жер реформасын жүргізуде басты уәкілдердің бірі болды, жерді бұқараға алашордашылар беріп жатыр деп түсіндірді. Жеке қатынаста маскүнем және жанжалқор. Бірақ онсыз Қожанов бірде-бір мәселесін шешпейді.

7) Көпжасаров. Орал облысындағы бұрынғы «Алаш-Орда» милициясының бастығы. Мұстафа Шоқаевтың жеке хатшысы болған. Ол 1920 жылы меньшевиктік Грузиядан Парижге қашқанда, Көпжасаров Тифлистен Ташкентке келген, ізінше Әлеуметтік қамсыздандыру халкомының орынбасары болып тағайындалған.

Қожанов оның кім екенін жақсы біледі, сонда да оны жауапты жұмысқа тартқан. Парижге Шоқаевқа мәліметтер жеткізушілердің бірі осы Көпжасаров емес пе екен.

8) Қоңырқожа Қожықов. Қазақтардың «кожа» атты ақсүйектерінен. Бұрынғы Қоқан автономиялық үкіметінің мүшесі. Көрнекті алаш-ордашы, Шоқаевтың көмекшісі.

1913 ж. Романовтар үйінің тойы кезінде қазақ тілінде патшалардың портреттері басылған кітапша жазды. Ферғананың аудандарының бірінде Керенскийдің уақытша үкіметінің комиссары болды. 1921 ж. наркомземде мүше және сосын орынбасар болды, Жетісу облысында жер реформасын басқарды, баршаға орыстарды «табысты түрде соғудамыз» деп жүрді. 1922 ж. жерге орналастыруды басқарды, қазір Жерге орналастыру басқармасында істейді.

Қожықов Қожановпен бір пәтерде тұрады. Бұл Қожықов, Қожанов, Асфендиаров, Тохтабаев бәрі – белгілі Лапиннің қыздарына үйленген, сөйтіп олар ең алдымен осы туыскандық нышан бойынша, қазақ халқын бірлесіп басқаруда. Қожықов Түркатком мүшелігіне талай рет сайланды – содан Қосшы ОК-нің басшыларының бірі болып табылады. 1921 ж. Қожанов пен Асфендиаровтың кепілдігімен тіпті партияға да кірді, бірақ кейін оны тазарту кезінде шығарды. Қазір Қожановты тура осы Қожықов басқарады. (Ол өте тәжірибелі адам). Қожановқа қызметкерлер келгенде, мәселелерді келісу үшін, ол ең алдымен оларды Қожықовқа жібереді, оған пікір айтуы үшін әртүрлі үкіметтік және тіпті партиялық хаттамалар беріледі.

9) Садық Өтегенов. Жасы ұлғайған, бірақ әккі, монархиялық бағыттағы шал. Алаш-Орда мен Қоқан автономиялық

үкіметінің қайраткері. 1913 ж. Петербургке Романовтан үйі мерекесіне барды.

Қожановтың барлық құпиясын біледі. Соңғы адам осы Өтегеновтің тәрбиеленушісі. Ол әртүрлі тағайындаулар жөніндегі Қожановтың даладағы жаршысы. Болыс басқарушысы болғысы келетіндердің тілегінің орындалуы Өтегеновке байланысты. Көптеген коммунистер лауазымды тек сол арқылы алады. Өтегенов ренжісіп қалған коммунистерді татуластырушы патриарх қызметін атқарады.

Жақында осы Өтегенов маған кіріп, мені Қожановпен татуласуға көндіруге тырысты. Мені тым ымыраға келмейтін «большевиктік» тактика ұстанасың деп жазғырды. Оларды 1918 ж. контрреволюционерлер деп атағанымды еске түсірді. Бірақ ендігі жол тек ымыраласу бола алады деп айтты. Ол менен, мәселен, қандай лауазым алғым келетінін, соны айтуымды сұрады, өзінің мұны Қожанов арқылы жүзеге асыра алатынын айтты. Өйткені, құдды соңғы адам толығымен оның ықпалында және одан қорқады – ол солай деді. Менің оған қандай жауап бергенім түсінікті ғой. Бірақ Қожанов шынында да одан «қорқады», себебі Өтегенов Қожановтың барлық (контрреволюциялық) құпиясын біледі. Өтегеновтың өзі үлкен парақор және таза емес адам. Егер маған осылай сөйлеп тұрса, онда оның үйездердегі қатардағы қазақтарға не айтатынын шамалай беруге болар.

10) Жапар және Әбдірахман Лапиндер. Бұрынғы контрреволюционерлер. Олардың бірі охранкада да тілмәш болып істеген. Өте лас адамдар, бірақ солар арқылы көптеген коммунистер лауазымға ие бола алады.

11) «Ақ жол» редакциясы, «Кирипрос».

Өкіметтің көптеген аппараттары осындай партияда жоқ, бірақ мәні жөнінен контрреволюциялық элементтермен толтырылған. Мысалы, «Ақ жолдың» хатшысы болып – Дулатовтың бұрынғы тұрақты жеке хатшысы болған татар отыр. Көрнекті контрреволюционерлер қатарына Мағжан Жұмабаев та жатады, оның реакциялық-контрреволюция-

лық сипаттағы өлеңдерінің жинағын жақында Қожановтың алғысөзімен Түркіосиздат (Түркістан мемлекеттік баспасы – Б.Қ.) басып шығарған. Жинақтың шығуына орай «Ақ жол» газетінде мақала пайда болды, онда: Жұмабаев қазақтардағы екінші тарихи жазушы, оның міндеттерінің бірі – өткір тілмен сынау және «құдайды мойындамайтындарға, тек билікке ұмтылатындарға және авантюристерге» қарсы күресу болып табылады деп көрсетілген.

Әрине, Госиздат қазақ тілін түсінбеді де, басып шығарды. Мәселен, Хайретдин Болғанбаев, осы бітіспес контрреволюционер, 1921 ж. да, қазір де Түркатком мүшесі болып сайланды. Қазына ақшасына Қазақияға жіберілді, «Ақ жол» тарапынан материалдық тұрғыдан жабдықталып тұрады. Бірақ коммунизмнің ымыраға келмес жауы. Алайда Қожанов пен ол – достар, хат алысып тұрады. Осылардай басқалар да көп.

II. Партиядағылар:

1). С. Қожанов. Оны негізгі баяндамада біршама сипаттадық.

Партияға 1920 ж. кірді. Партияға жазылғаннан кейін іле-шала, екі аптадан кейін сырттай ТКП ОК мүшесі етіп сайлады (Түркістандағы 1920 ж. болған төңкерістен кейін). Партияға жазылған кезінде ол иланым жетегімен емес, өзін қудалаған «қазақ большевиктерінен» өш алу үшін жазылып жатқанын баршаға айтып жүрген. Бұған оны әсіресе итермелеген жәйт – оның 1919 ж. Түркістан үйезінде контрреволюциялық жұмыстары үшін тұтқынға алынуы болды. Бұл туралы бәрі біледі (Түркістан үйезінің қызметкерлерінен сұрау керек, сонда олар айтып береді).

Қожанов мақсатына жетті, ол сол кездегі қазақ большевиктерін жеткілікті дәрежеде жәбірледі. Ол өмірбаянында бақташы және шебердің жәрдемшісі болдым, сондай-ақ семинария қабырғасында құпия кеңес құрдым деп жалған жазып жүрсе де, 1917 ж., газет басында тұрғанында улемамен күресі жайында айта келіп, ол осы газет бетінде больше-

виктермен және большевиктік идеямен жаныға күрескенін жасырады.

1918 ж. Түркістанда «Қоқан автономиясының» бастапқы есігі болып табылатын «Түркістанның өлкелік мұсылман кеңесі» деген болды. Оны басқарғандар: М. Шоқаев, Ахмед-Зәки Валидов, Сейфуль-Муликов, Нарбутабеков және басқалар (бұлардың көпшілігі кейін Қоқан автономиясының басына келді). Осы кеңеске мүше болып сондай-ақ мыналар кірді: С. Қожанов, З. Сейдалин (кейін ақтарға өтіп кетті), Көтібаров, Бөриев, К. Нарбеков (бәрі қазақтар), олар алғашқылармен қызметте өте жақын болып, оларды қолдап тұрды (1918 ж. 2 тамыздағы № 6 «Кенгаш» газетін қараңыз).

Қожанов компартияға кіргеннен кейін күні бүгінге дейін өзінің контрреволюциялық өткен жолын, «Алаш-Орданы» және «Қоқан автономиясын» не баспасөзде, не сөйлеген сөздерінде бір ауыз сөзбен де айыптаған емес.

2) Санжар Асфендиаров. Түркістан генерал-губернаторлығында істеген генералдың баласы. Мұның өзі әскери-медициналық академияны бітірген және көрнекті патша чиновнигі болған. Алаш-Ордада болды.

Өзінің өмірбаянында ол, бәлкім, Ташкентте мұсылман жұмысшыларының (майдандағы тыл жұмысшыларының) төрағасы болдым деп жазатын шығар, бірақ Қоқандағы «Мұсылман жұмысшылары мен жауынгерлері» (туземдік буржуазияның жүзін жасырған өкілдері) съезінде, Төралкасында Асфендиаров болған осы съезд Қоқан автономиясын қолдау және большевиктерді айыптау жайында қаулы шығарды (1918 ж. 4 қаңтардағы № 48 «Ұлы Түркістан» газетін қараңыз). Асфендиаров сонымен бір мезгілде «Шура-и-Исламияның» (дін қызметкерлерінен қоспасы бар буржуазиялық-ұлттық интеллигенция органының) мүшесі болды, онда Валидов және басқалар болған» (1917 ж. 4 тамыздағы № 20 «Ұлы Түркістанды қараңыз).

1919 ж. соңында ол менің бастамамен жұмысқа тартылды, партияда жоқ болса да, Денсаулық сақтау халкоматына

тағайындалды, сосын, біздің сұрауымызбен, туземдіктерден шыққан пайдалы дәрігер ретінде, тіпті партияға қабылданды.

Бірақ Асфендиаров менен «солшылырақ» және шынайы «интернационалист» бола алмады. Қазір ол жалпы лайық болмаса да, ТКП ОК хатшыларының бірі болып табылады. Егер ол қазір контрреволюцияшыл Алаш-Орданың компаниясы ішінде жүрмеген болмаса, мұның бәрі ештеңе етпеген болар еді.

3) Бегайдар Аралбаев, учаскелік приставтың бұрынғы тілмашы – қылмыстық тұрғыда таза адам емес. Дәулетті кісі болған. Сосын үйезден бастап, облыста және Ішкі істер халкомы лауазымына дейін жауапты қызметтерді істеген. Жақында үйленді және әйелі үшін «қалыңмал» төледі (яғни коммунист бола тұрып, әйелді сатып алды). XII Бүкілтүркістан Советтер съезінде съездің көпшілігі оған қарсы сөйледі, өйткені оны кері қағудың негізі болғанды. Бірақ бәрібір оны жауапты лауазымда қалдырды.

4) Шерихан Нұрмұхамедов. Бұрынғы саудагер, қазір де сол ісімен шұғылданады. Байлығы бар. Барып тұрған алдамшы («жулик»). Бірақ партия мүшесі болып табылады. Қожанов пен ауыл арасындағы байланыстырушы буын қызметін атқарады. Советтердің XII съезінде өзін анкетаға, неге екенін, өзбекпін деп толтырды.

5) Нарзулла Рүстемов. Бұрынғы тілмаш. Дәулетті адам. 1921 ж. бөліп салым жинау («разверстка») кезінде байлар қатарында салынған еттің белгілі мөлшерін төледі. Бірақ коммунист болып табылады, жауапты лауазымдарда істейді, соңғы кездерде Түркатком Хатшысы болып жүрді. Дәлірек айтқанда, әрине, компартиямен ортақ ештенесі жоқ.

6) Батырбеков революцияға дейінгі уақытта үлкен сауда ісімен шұғылданды, Мәскеуге, Нижнийге және Ригаға барып жүрді. Өзі одан бас тартпайды. Бірақ партия мүшесі. Басбұзарлық қылмыстарға қатысы әшкереленген, бірақ Қожанов оны қорғауға тырысуда.

7) Жарменов, Баймұратов, Күзембаев, Күлетов және басқалар ұсақ сипаттағы қызметкерлер. Кәдімгі қатардағы, бірақ партияға тырмысып кіріп алған бөтен элементтер болып табылады, олардың әрқайсысының соңында бір емес, бірнеше қылмыстық іс бар.

Қазір әйгілі Шымкент ісі қаралуда, онда бірнеше ондаған коммунист партия қатарынан шығарылған, солардың қатарында паракорлықпен, салық сомаларын ұрлаумен және т.б. істерімен әшкереленген аталған адамдар да бар.

8) Қазақ коммунистерінің ішіндегі біршама сау элементтер осы публиканың барлығына шешімді түрде қарсы көңіл-күйде.

Қожановтың айналасында адал адамдар өте аз ғана. Біршама көрнектілерден: Бәрібаев пен Есқараев, екеуі де XII съезде құбылып тұрды, тіпті Қожановтың тілмаштарына қарсы сөйледі. Бірақ қазір Орта Азия Бюросының Қожановқа айрықша қолдау көрсетуіне байланысты, олар, шамасы, қайта табысқан болар. Осы топтың саяси бет-бейнесі іс жүзінде оларды басқаратын Алаш-Орда қайраткерлерінен ештеңесімен ерекшеленбейді. Олардың бәрі дерлік «Алаш-Орда», «Қоқан автономиясы» немесе «Бірлік туы» ұйымы құрамында болды.

9) Түркістандағы қазақ халқына саяси және рухани ықпал қазір алаш-ордашыл қайраткерлердің қолында. Олар шетелмен (Шоқаевпен) тығыз байланыс жасап отыр және т.б.

Қазақ тілінде марксистік әдебиеттің мүлдем дерлік болмауы, ондай әдебиетті құрастыруға ниеттің болмауы, компартияның орнына алаш-орда мен ұлттық идеяларды мейлінше танымал ету – әлде осылар залалы терең жұмысты және Түркістандағы компартияның қызметін жалған жолға қоюды көрсетпей ме.

Қазақ бұқарасы әзірге консервативті тұрғыда пайымдайды. Большевиктік партияға осы уақытқа дейін шалғай түкпірлерде «реквизиторларды» көргендей қарайды. Бұл бұқараның арасында марксизм ешқашан уағыздалмаған. Та-

нымал және көбірек әсер ететін – тура сол алаш-орда насихаты. Түркістандағы қазіргі ахуалдың күллі қалыптан тыстығы міне осында. Осы мәселе жайында ойлану керек.

29/IV–24 ж. Мәскеу қаласы. (*Т.Рысқұлов* деп қол қойылған.)

Жоғарыда танысқан 1–7-ші құжаттардан кейін, істегі 245–252-ші парақтарға Тұрардың Сталинге 1924 жылғы 24 сәуірде жазып, өзін РКП ОК мүшелігіне кандидат ретінде көрсетіп қолын қойған хаты тігіліпті. Оны 8-ші ретпен таңбалап, мазмұнымен танысайық.

№ 8 құжат

Құпия

РКП ОК-ге Сталин жолдасқа

«Түркістанда қажыр-қайратымды аямай бір жылдан астам істеп, енді РКП ОК еркімен Коминтернде «отырмын», ал Түркістанда түрлі пертурбациялар (бұл жерде: шұғыл өзгерістер, сапырылыстырулар мағынасында – *Б.Қ.*) жүріп жатыр, атап айтқанда, Рысқұловтың болжалды жақтастары деп аталатындарды қайтадан қудалау басталды. Осылай-ақ болсын. Шамасы, мұның себебі әлдеқандай «жаңа» бағдар берілгендікте жатқан шығар.

Бірақ мен әйтсе де Түркістанның едәуір байырғы большевик қайраткерлерінің бірімін, сондықтан да ОК саясатының өзіме айқын емес деп саналатын тұстарынан ОК-ге бірқатар сұрақ қоюға бел байладым».

Осылай бастап, Тұрар Рысқұлов Сталинге қоятын бірнеше принципті сауалын тұжырымдайды:

«1) Бәрінен бұрын Түркістандағы тап күресі жайында. 1920 ж. Сафаров жолдастың Комиссиясы бізді «солшыл» саясатты және туземдік халық арасындағы таптық жіктелуді бастау үшін аударып-төңкерді. Сосын осы солшыл саясаттан діни қауымға вакуфтарды қайтаруға (Ауғанстанда вакуфтар

қазір мемлекет қолында көрінеді), «қазийлер» сотын енгізуге, «ықпалды адамдар» деп аталатындарды билікке тартуға және т.с.с. дейін кері шегінді (негізсіз емес осыларға эсерлік «Дни» беттерінен Шоқаев та сілтеме жасауда). Осы сәтсіз «солшыл» саясатқа бола неліктен төңкерістер жасалып, одан арғы мақсаттар, жергілікті халықтан шыққан бірқатар белсенді партия мүшелері зиян шегуге тиіс?

Содан бері біз Түркістанда арта түскен сауда капиталына позициялардың бірінен соң бірін бере отырып, оңға сырғып барамыз. Осылай оңға сырғуымыз ұзаққа созыла ма... мәселен, өзбек коммунистері мен саудагерлері арасына шекара жүргізіле ме, әлде олар тап осындай мидай араласып жатуға тиіс пе?

Жалпы, Түркістанның еңбекші табы оған сүйенетін, одан тіреуіш жасауға болатын күш ретінде бағалана ма?

2) Қазақ халқы арасындағы «Қосшы одағы» азып, тапсызданған ұйымға айналды. «Қосшы» одақтары мүшелерінің жалғыз материалдық базисі – жер, ол, әрине, бар жақта қайтадан байлардың қолына көшті (сырт карағанға, әрине, «жалға алу» түрінде), ал «Қосшы» мүшелері жәй ғана бұрынғы жалдамалы үлескерлерге айналды. Бұл жайында қазір орталықтың Ташкенттегі қызметкерлері үшін беделді болып табылатын ж. Қожанов растап жүр. ... Қосшы одағын кім болса сол совет аппаратына кіріп алудың тамаша айналысы ретінде пайдалануда. ...«Қосшы» одақтары адамдардың түрлі авантюристік амалдарын жасауына осылай қызмет ете беру керек пе...

3) Неліктен Түркістанның жергілікті қызметкерлері арасындағы топшылдық күрес, мәселен, ОК-нің Орта Азия Бюросы тарапынан жасанды түрде қолдау тауып отыр (мысал – Советтердің 12-Бүкілтүркістандық съезі және одан кейінгі сәттер). Егер түрлі ағым пікірін салыстыра отырып дұрыс жол табу үшін, әр шалғайда бірнеше топ болуы пайдалы болса, егер бұл саясаттың белгілі бір жүйесі болса, онда бұл іске неге кейде партияда үлкен рөл атқарып жүрген сауда капи-

талы мен туземдік байлардың агенттері тартылады? Мұндай оппозицияны неліктен өз табымыз – жұмысшылар ішінен жасамасқа?..

4) Біздің көсемдеріміз – ұлт мәселесінің жолдас Сталин секілді теоретиктері және басқалар Қазақиядағы «Алаш-Орданың», Әзербайжандағы «мусаватистердің» үкіметтерінің, Түркістандағы «Қоқан автономиялық үкіметінің» «контрреволюцияшылдығын» талай растады және с.с. Бұл жайында ап-айқын етіп ж. Сафаров жазды. Осы ұлттық ұйымдардың өкілдері қалғанын, олардың қазір де контрреволюциялық жұмыстармен шұғылданып отырғанын тым болмаса Шоқаевтың шетелден жазғандарынан көруге болады. Түркістандағы «солшыл» бұрылыс кезінде (1920–21 жж.), қызметкерлердің «интернационал» тобын жасау мәселе етіп қойылғанда, Сафаров жолдас күллі дерлік осы «Алаш-Орданы» 1921 жылы жер реформасын, Қосшы одағын және партияны басқаруға тартты. Қазір фактілермен расталып тұр: бұрынғы «Алаш-Орда» өзінің үш жылғы табанды жұмысы нәтижесінде қазақ бұқарасын жаулап алды, оларды саяси және рухани билеп отыр, ал компартия олардың мейірбандығымен арттарында өлмесінің күнімен сүйретіліп жүр. Мен бұл мәселені ЦКК-да (Орталық Бақылау комиссиясында) көтердім, жеткілікті фактілер ұсындым, істің тап сондай екенін дәлелдеймін. ...неге бізді сонда осы алаш-ордашылардың талап, азапқа салуына берді және қазір де беріп отыр? Осы мәселе бойынша мен мәселе көтердім, тиісті адамдарға айыптар тақтым. Партия жұртшылығы сотына тиісті адамдарды шақырамын, маған тағар өз айыптарын айтсын. «Соттасамыз» және «тазарамыз», бірақ нәтиже мынандай болуға тиіс: еңбекшілер мүддесі және партия мүддесі бұдан әрі зиян шекпеу керек. Сондықтан да менің ісімді «сукно астына» салуға болмайды. Сондай-ақ РКП ОК сыртына келіп, түрлі жалған «материалдарды» қасақана бұрмалап тықпалап жүрген түрлі «сыбырлақтарға» да тоқтау жасау қажет. Мен осы материалдардың жариялы сотқа шығарылуын талап етемін,

оларға жауап беретін боламын. Мұның бәрін нағыз партия соты арқылы және баспасөз арқылы жасауға болады. Егер менің кінәлі екенімді дәлелдесе, тиісті жазаны көтеретін боламын, бірақ «сыбырлаушылық» пен «саясатшылдыққа» шек қою керек.

5) Соңғы кездері Түркістандағы патша тілмаштары деп аталатындар туралы мәселе өзекті түрде жарыққа шықты. ...партияның көзқарасын анықтау керек.

Атап айтқанда, Қыдырәлиев тарихы, менің ойымша, біздің тактикадағы өте сәтсіз моменттердің бірі болып табылады. Ол ондаған жыл тілмаш болды, жақсы жұмысы үшін наградаға ұсынылды, патша охранкасына қатысы бар. Менде мұрағаттардан кездейсоқ ұшыратылған документтер бар... Мәселен, Қыдырәлиев майданда аяғымнан жараландым деп барлық жерде айтады – өтірік. Қыдырәлиев едәуір сауатты мақалалар жазады, бірақ оған мұны басқалар дайындап береді. Бұл жайында бәрі біледі. Ендеше, бізге неменеге мұнда страус саясатын ойнау керек?..

6) Социалистік құрылыс кезіндегі экономикалық орталықтандыруға мен қарсы емеспін. Мен Түркістандағы мақта өнеркәсібін және ирригацияны орталықтандыру жағындамын. Бірақ неліктен, мәселен, ирригация саласында тек орталық қызметкерлері (Рыкунов және басқалар) басқаруға тиіс? Неліктен онда бұрынғы отаршыл инженерлер мен техниктер тобы қанша болса да отыруға тиіс? Бірақ неге бұл іске тартуға жергілікті адамдар қабілетсіз деп саналады? Неліктен осы саланы адал жергілікті қызметкер арқылы орталықтандыруға болмайды? Мен мұнымен орталық қызметкерлеріне сенбеу керек демеямін. Әрине, ондай ой менде жоқ, бірақ, екінші жағынан, істі жергілікті адамдармен байланыстыру жайын айтамын. Неліктен мақта басқарушысы ж. Межлаук немесе Рыкунов жеке диктаторлық жасау үшін мен орнымнан алынуым керек? Жеке әнгіме кезінде жж. Карклин мен Светлов маған біз сізбен қызмет атқарыса алмағанымыз, тек сіздің тым жігерлі және дербестігіңіз болды дейді, осы оларға

ұнамайды. Түркістанда Совет өкіметін қорғау қажет болған қиын сәттерде менің жігерім, әрине, керек болды. Ал жолд. Карклин Мәскеудегі бір жерде менің көмекшім болуға әзір екенін, өйткені менің соған лайық екенімді, бірақ Түркістанда менімен жұмыс істей алмайтынын айтады. Не болды? Бұл неткен ойын? Осы үшін төңкерістер жасап, маған контрреволюциялық элементтерді қарсы қоюдың қажеті қанша еді? ...қызметкерлерді орынсыз лақтыру және бұрын-соңды болмаған топшылдық күрес оты тұтатылуда. Бұл не үшін жасалуда? Бұл кімнің пайдасына жүрмек?

7) Мен өзімнің жұмыс уақытымда ж. Рудзутактың нұсқауларына сәйкес, жергілікті қызметкерлердің біршама белсенділерін біріктіру бағытына түстім... Кенет өкілеттілік алған ж. Рахимбаев (іскерлігі жағынан – жолға қойылғанды тек қаусатып-бұза алатын, бірақ өзі іс жүзінде қабілетсіз, тек қана топшылдық бойынша маман болып табылатын адам) келеді. Өзбек шовинизмі ойыны басталды. ...Маған қарсы шыққандар мына үштік одақ болды деп санаймын: өзбек саудагерлері, тілмаштар және алаш-орда ұйымы. Егер болған жәйтті түгел сараптап шықса, мәселенің осылай болғаны расталады. Кеше ғана келген, Түркістанмен бейтаныс әлде бір ж. Межлаук менің тағдырымды – Түркістанның біршама байырғы революциялық қайраткерінің тағдырын ойыншық етуге тиіс. Мұндай саясатты қалай түсінуге болады?..

...Менде басқа сұрақтар да көп. Бұдан, бәлкім, РКП ОК менің әлдебір ауытқушылығым бар деп қорытатын шығар. Мен қандай да бір айыптауларды естуге әзірмін, қай жаққа болса да жер аударылып баруға дайынмын, бірақ коммунист ретінде, өзімнің осы сауалдарыма жауап алуға тиіспін...

24 сәуір 1924 жыл. Мәскеу. Т. Рысқұлов (РКП ОК мүшелігіне кандидат)».

Міне, Тұрар Рысқұловтың белгілі де белгісіз хаттарының мазмұнымен таныстық. Сол кезгі ахуалды түсінуге бұл

құжаттардың жәрдем берері сөзсіз. Тек олар әлдебір қайта бағалау сынды шетін мәселелер көтеруге сылтау болмауға тиіс. Мұны біз бір кезде «Әділет» тарихи-ағарту қоғамында талқылағанбыз. Мен соған байланысты «Ұлттық ымыра» деген тақырыппен мақала бергенмін. Сонда тұжырымдалған көзқараста қалуды жөн санаймын.

15 желтоқсан 2011 ж.

4. Желідегі қисынсыз пікірлерге орай

Интернет біздің қазақтың тасадан тас атқыштарына ғаламат мүмкіндік жасаған көрінеді. Аты-жөнін құпия ұстап, әлдеқандай жарияланым хақында еркін пікір білдіретіндер қатарында үн қатып қана қоймай, мәселені қалауынша бұрмалауына да, ұнатпаған авторын, әлде кейіпкерін еркінше ғайбаттауына да бола береді. Тұрардың хаттары жарияланғанда, пікір таластыру мәдениеті қалыптаспаған, жалпыұлттық мүддені ойламайтын, бірінші кезекте әсіре-рушылдық мақсатты көздейтіндердің құдайы берді, әлемдік өрмектор желісінде іштеріндегі запырандарын аяусыз құсты.

Ә дегенде мен олар дүрілдеткен форумда өзімше түсіндіру әрекеттерін жасап көрдім. Дұрыс сөзді байсалды пікір білдірушілер де жазып жатты. Бірақ алғашқылардың ештеңеге бет бақтырмайтын шолақ белсенділері көп екен. Іштерінен біреулері, тіпті, өз көкейлерін тескен жалған сөздерді менің атымнан жариялады. Ақыры, үн қатуды доғардым. Сонда, соған дейін еріксіз жауап беруге мәжбүр болған сәттерімдегі жазбаларым төменде беріліп отыр.

1.

Әзірге 02/17/2012 - 21:23 пікір жазған қонақтың айыптауының біраз бөлігіне жауап бермекпін, ұзақ болатын түрі бар, сондықтан басқасын кейінірек...

1925 жылғы 19 қазанда Голощекин РК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті бюросында Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы қабылдаған қаулыны оқыды:

«Қазақстан Өлкекомының құрылымы мен құрамы өзгертілсін, Қазөлкеком секретариаты құрамына Өлкекомның Жауапты хатшысы Голощекин жолдас және оның екі орынбасары Ежов жолдас пен Жандосов жолдас енгізіліп құрылсын. Қожанов жолдас Өлкеком Хатшысы міндетінен босатылсын да, РК(б)П Орталық Комитетінің қарамағына жіберілсін».

1925 жылғы 25 қазанда Қазөлкеком Бюросы Қазөлкеком Жауапты хатшысының орынбасары Ежов ұсынған мына мінздемені бекітті:

«Қожанов жолдастың жұмысының бағасы. Қожанов жолдас Орта Азия мен Қазақстандағы ұлт өкілдерінің ішінен шыққан ірі қызметкерлердің бірі болып табылады. Барлық уақытта жауапты партия-кеңес лауазымдарында істеді және соңғы уақытта РК(б)П Өлкекомының Хатшысы болды. Зор саяси дүниетанымды қызметкер. Парторгандар шешімдерін жүзеге асыруда жігерлі және табанды».

Қожанов 1924 жылы Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, РК(б)П ОК ОАБ (Средазбюро) мүшесі шағында Сталинге Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық жіктеу-межелу нәтижелері жайында хат жолдаған.

Осы хатында ол (түпнұсқа-үзіндіні – Голощекиннің 5-партконференцияда пайдаланған жеріне дейін – пікір алысуға қатысушылардың бірі жоғарыда келтірген) ескі Қазақстан ахуалын былай сипаттаған еді:

«Қалай есептесең де, Қазақияда сан жағынан еуропалық тұрғындар басым (54,5% орыстар, 46% қазақтар); ... Қазақиядағы РК(б)П ұйымдарының құрамында қазақтар 6% (568 адам). Оның үстіне, казкоммунистер ыдырап-бытырап жатыр, қазақ ұялары жоқтың қасы; ...Партия ұяларының қазақ бөліктері басшылық арасындағы өсек-аяң, сөз тасу және топшылдықтың таусылмас тасқыны салдарынан іріт-

кіге ұшырап құлап барады; ...Кеңес аппараты басынан аяғына дейін феодалдық-патриархалдық ықпалға шырмалған...» Межелеуден кейін ірілену кезінде орын алуы ықтимал ахуалға байланысты: Қазақ АКСР-іне «Түркістанның екі қазақ облысын қосу», шынтуайтында, «Қазақия басшы кадрларының арасында орын алып отырған интригалар мен араздықтарды тереңдете түсу мақсатына пайдаланылатын болады», – деп, алаңдаушылық білдірген.

Осы орайда ескі Қазақ республикасының ішкі саяси ахуалын сыни тұрғыда талдай келе, Сталинге: «Дегенмен қазіргі сәт – Орталық Комитеті тарапынан Қазақия жағдайын жақсарту алуы ықтимал батыл шаралар қабылдаудың ең бір оңтайлы да қолайлы кезі», – деп хабарлайды. Сосын: «Қазақиядағы партия-кеңес кадрларының одан әрі ірі түсуін тоқтату үшін, бірінші кезекте РК(б)П ОК-нің төте басшылығымен қатаң партиялық режим орнату керек», – дей келе, қазақ обкомын таркатуды, орнына бір жылға ОК уақытша бюросын құруды ұсынды. (25-ші қонақтың: «1924 жылғы Қожановтың Сталинге жазған хатындағы «надо установить партийный режим...» деген негізгі идеяны неге айтпайсың?!» деп жанығатыны осы сәт болса керек).

Қожанов Ташкент үшін күрестің нәтижесіне көндіккендіктен, Сталинге республика астанасын шұғыл Шымкентке көшіруді, республиканы үш әкімшілік-шаруашылық облыстарына (шығыс, батыс, оңтүстік) бөліп басқаруды ұсынды, мал бағу қожалықтарын ұйымдастырып, олардың өнімдері мен шикізатын сату рыногін реттейтін кәсіби орталық құру керектігін айтты. Басқа да қажет шараларды тізбелей келе, Орталық Комитеттен Қазақиядағы РК(б)П ұйымдарына нұсқау хат жолдауды уақыт талабынан туындайтын қажеттілік ретінде атады. Бұл өтініші орындалды.

Бір айдан сәл астам уақыт өткенде, Орталық Комитет 1924 жылғы 1 желтоқсанда Қазақ партия ұйымына сондай хат жолдап, бес тармаққа жүйеленген нұсқаулар берді. Онда топшылдыққа тойтарыс беру керектігі айтылды. Партия

ұйымын қазақтар есебінен өсіру керектігі, қазақ және еуропалық қызметкерлердің татулығына қол жеткізу қажеттігі, ұйым ұлғайғанда – түркістандықтармен тығыз дәнекерлену шараларын қолдану керектігі, кеңес құрылысына қазақ интеллигенциясын тартуға ерекше ықылас білдіру жөн болмағы айтылды.

Хат кеңінен талқыланды. Қазақ обкомының 1925 жылғы 9 сәуірде өткен РК(б)П үшінші пленумында баяндама жасалып, топқа бөліну ұйым дерті екені атап айтылды, бірақ онда ымырасыз келіспеушілік туғызатындай айырмашылық жоқ деген қорытынды жасалды.

Қожанов сонда қазақы індеттен арыла алмаған қазақ кайраткерлерінің «кемшілігін бетке ұстап, отаршылдардың отаршылдық ойлары мен науқандарын жүргізулеріне» кең жол ашылатынын айтқан еді.

1925 жылғы 25 қазанда өзі соңғы рет қатысқан Қазөлкеком бюросында: «Топтар негізінен мансаптық сипатта құрылады, – деп атап көрсетті, – топтарда мансаптық элементтер молырақ, ал саяси және рулық элементтер, былай айтқанда, мансап мүддесіне қызмет жасарлық қана рөл ойнайды». Сталинге 1927 жылы жазған хаттарының бірінде өзінің топшылдықпен ұдайы күрескенін, бірақ, бір топпен күресу барысында өзінің объективті түрде екінші топты қолдауға тиіс болғанын мойындады.

25-ші қонақтың: «Қожанов сорлы Қазөлкекомның екінші хатшысы болғанда құдай берді деп ойласа керек қой. Партиялық режим орнату арқылы қазақ ауыл кеңестеріндегі байлардың рөлін сындырып, оларды партияға бағындыру арқылы кеңестік органдарды партиялық диктатураға бағындырып, басында өзім отырамын деп ойлаған ғой. Ал бұл ой Щая Ицкович Голощекинге өте ұнаған. Щая Исаевич Голощекин, Мәскеудегі ЦК архивінен осы хатты 2 күн бойы оқып, риза болған» – деген дәйексіз пайымына назар аудармауға да болар еді, бірақ тап осындай ой кейбір өзге сыпайы қонақтар аузынан да шыққандықтан, мынандай түсінік беретін келетін:

1. Аталмыш хатты Қожанов Сталинге таратылып жатқан Түркесубликадан 1924 жылғы күзге салым жазды.

2. Қожановтың аталмыш хаты негізінде Сталин басқарған Орталық Комитет 1924 жылғы 1 желтоқсанда Қазақ партия ұйымына жоғарыда аталған директивалық хатты жолдады.

3. 1924 жылғы 29 желтоқсанда Сталинге жазған хатында Қожанов:

«Қазақтардың өз республикасында ұлттық азшылық дәрежесінде қалып отырған күлкілі жағдайын жою қажет, – деп батыл мәлімдеді. – Пролетар басшылығы қазпартинтеллигенттерді Орынбор секілді пролетарлық орталықта қамап отыру арқылы емес, жанды бұқаралық жұмыс жүргізу арқылы жасалуға керек. ...Қазақ ұлттық республикасында компартия қазақтың ұлттық-бұқаралық ахуалын терең зерттеп, соған қатысы бар әрекет жасауы керек. Бір қарағанға революцияшыл болып көрініп тұрса да, қазақ тілмаштарының қыңырлануына компартия жалтақтамауға тиіс. Бұл үшін – партия ішіндегі қазақы көңіл-күй «барометрі» іспетті қызмет атқармақ әлдеқандай жұртшылық ошағын жасап алу жөн.

...Әйтпесе мына таңғаларлық жәйт жалғаса бермек – әлдеқашан о дүниеге аттанған «Алашорда» адресіне лағнет айтып, өлі қарсыласымен күресте ерліктің көзжұмбай ғаламаттарын көрсету арқылы қазкоммунистер бүгінге дейін мансапқа жетіп жүр.

Ал, 7 жыл ішінде қазақтар не нәрсеге ие болды, «Алашорда» орнына антикеңестік не келді, оны қалай бейнелеуге болар еді – мұны олардың ешқайсысы білмейді, білу қажет деп есептемейді де. ...Қазқызметкерлерді қоршаған объективті ахуал оны типтік, жаны селт етуді білмейтін отар чиновнигі етіп сомдайды, ол өзін дүниенің кіндігіндей сезінеді, өз басын сыннан жоғары санайды, сөйтіп, ешкімнің өзіне «жұмыс істеуіне» кедергі келтірмеуі үшін – жоғары тұрған органдарға, тұлғаларға, яғни бастықтарға сөз тасиды, жағымпазданады, шағымданады.

...Осының бәрі баяғыда жерленген «Алашорданы» күніне үш қайтара жерлеп жататын, нақты жағдайға байланыссыз пайымдарын өз қалауларынша не олай, не бұлай бұрып ағыза беретін отар чиновниктерін, төменмен дәнекері жоқ төбедегіні, қызыл сөз революционерлерін қалыптастырып отыр».

Ол қазақ астанасын Орынбордан көшіру жайын табанды түрде көтерді.

4. Қожанов біртұтас Қазақстан Кеңестерінің тұңғыш съезін тікелей дайындады – 1925 жылғы 9 сәуірде өткен обком пленумында арнайы баяндама жасады.

5. Ақмешітте өткен біртұтас Қазақстан Кеңестерінің тұңғыш съезінде киргиз аталып келген қазаққа өз атын алып берген, Ақмешітті Қызылорда еткен, ұлттық республиканы тұңғыш рет өз мәнінде, өз атауымен атап, соған лайық қарарлар қабылдауға басшылық еткен – Қожанов.

6. Бірінші хатшы Нанейшвили Мәскеуге қызметке кеткендіктен, республика партия ұйымын іс жүзінде жарты жылдай басқарып тұрған Қожановқа немесе сол лауазымға лайық өзге қазақ кадрына бірінші хатшылықты бермеу (дұрысында – қазақ қайраткерлерінің бірінші басшыны өз араларынан сайлап алуға ұмтылмау) сыры 25-ші қонақ секілді саяз ойлайтындардың (топшыл ма, рушыл ма, мансапқор қызғаншак па – қандай анықтама жаныңызға жақын, соны таңдап ала беріңіз) жымысқы да қатерлі әрекеттерінің салдарынан орын алды. Ұлттық межелеуден кейін шаңырақ көтерген ортаазиялық республикалардың бәрінде де партия ұйымдарын өз қайраткерлері басқарды, тек қазақ елі азаматтары ғана біріне бірі қимағандықтан, өздерін басқаруға Голощекиннің келуін, тиісінше – қазақтың болашақта ұлттық апатқа ұшырауын мүмкін етті.

7. Қазөлкекомға жауапты хатшы болып Голощекиннің жіберілгені, хатшылық құрамы өзгертілетіні жайында Мәскеуден келген шифротелеграмманы Қожанов 1925 жылдың 30 тамызындағы Бюро мәжілісіне оқып береді де, «...іскерлік пайым тұрғысынан, маған бұдан былай атқаратын нақты

міндет жүктеуді сұраймын» деп арнайы мәлімдеме жасап, үзеңгілес серіктерінен өзін «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы қызметінде пайдалануды өтінеді.

Бұған үзілді-кесілді қарсы шыққан – баршамыз өте ірі бағалайтын, іс жүзінде ардақты азаматымыз Смағұл Садуақасов.

Бюро мүшелерінің дауыстары үш те үш болып екіге жарылады. Мәселе Садуақасовтың өтінішіне сәйкес жабық мәжілісте талқыланады. Жабық мәжілісте ол өз пікірінде қалып, мәселені Орталық Комитетке жеткізу құқын өзінде қалдыратынын мәлімдейді. Кейін Голощекин қазақ қайраткерлерінің мәселені орталыққа барып шешкісі келетін қасиетін Сталинге жазған бір хатында атап айтқаны бар.

8. Голощекин Қазақстанға 13 қыркүйекте келеді. Сосын Мәскеуге командировкаға барып қайтады да, 19 қазандағы өлкеком бюросында, жоғарыда айтқанымыздай, хатшылық құрамы мен Қожанов жайындағы ОК шешімін хабарлайды.

9. 1925 жылғы 1–7 желтоқсандағы өлкелік 5-партконференцияда Голощекин Қожановтың жоғарыда аталған 1924 жылғы күзде Сталинге жазған хатынан 25-ші қонақтың жанына жағып кеткен үзіндіні ғана оқиды да, оның, «архи-жауапты қызметкер» Қожановтың «төмендегілерге» яғни «өзінің халқына сенбеу» жолымен кеткенін сынайды.

Оның мұнысы – хаттың негізгі мазмұны, сол хатқа орай сталиндік Орталық Комитеттің қазақ болашағы үшін тағдырлы мәні бар директивалық хат қабылдағаны, хаттың Қазақстан партия ұйымында жан-жақты талқыланып басшылыққа алынғаны «ұмыт қалдырылған», есесіне, өзіндік мақсат көздеген әсіре сын болатын. Бірақ бүгінгі 25-ші қонақ секілділерге сол голощекиндік сын жағып тұрған екен. Өкінішті.

25-ші қонақ Голощекин Мәскеуде Қожанов Сталинге жазған «осы хатты 2 күн бойы оқып, риза болған» дейді. Бәлкім, Голощекинді тап бұл емес, күллі қазақ қайраткерлерінің «антипартиялық бет-пердесін» ашып берген өзге

хат қызықтырған болар?! Солай болуы ғажап емес-ау, өйткені, ол 5-ші партконференцияда тек Қожановты сынап қоя салмай, алашордашылармен ат құйрығын үзісу жайында да едәуір мәселе қойды ғой. 25-ші қонақ оны да білер, тек мойындауға ішкі есебі жібермей отыр ма деп ойлаймын.

10. 25-ші қонақ маған: «маңайыңа қазақ екенін ұмытып, Алаш деп алжасқан бес кемпірді жиып алып «Әділет» болғың келеді» деп бір түйіп, біраз бейәдеби сөз арнаған екен. Өкінішті. «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы мүшелерінің қатарында талай жазықсыз қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары бар. Әдебиетіміздің алыптарының бірі Ілияс Жансүгіровтың баласы Саят Ілиясұлы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың баласы Әли Оразұлы, ұлтымыздың ар-ожданы атанған атақты Ахмет Байтұрсыновтың немересі Айман Байтұрсынова, аса көрнекті тілтанушы ғалым Құдайберген Жұбановтың баласы Қызғалдақ Құдайбергенқызы, «Енбекші қазақ» газетінің басшыларының бірі болған Рақым Сүгіровтың баласы Сәуле Рақымқызы секілді болашақ ұрпақ тәрбиесі жолында риясыз қызмет етіп жүрген ондаған ардагерлерімізді ғайбаттау иманды кісіге жараспайтын-ақ қылық.

17 ақпан 2012 ж.

2.

пт, 02/24/2012 - 22:01 49-шы! Менің атымнан сөйлеуге сізді не итерді? Мұндай арсыздыққа бару бұдан бұрынғы былапыт сөздеріңізді ақтағандағыңыз ба? Егер адал болсаңыз – менің бұл Тұрар мен Сұлтанбек сынды екі тұлғаны да ірі бағалағанымды және хатты жариялаудағы мақсатымды ашып айтқанымды түсінер едіңіз...

3.

25-ші «қонақтың» жариялаған айыптауларының бірқатарына берген жауабымды форумнан қайта оқығанымда, «ғайбаттау, балағаттау» сөзінің мен қолданған синониміндегі

алғашқы буынды модератордың әдепсіздік деп тауып, «Бей-әдеп сөз жазбаңыз!» деген ескертпесін көріп қайран қалдым. Қайран қалғаным – сол 25-ші «қонақтың» мен туралы айтқан баспасөзде келтіру ыңғайсыздық тудыратын ғайбат сөздерін модератор елеусіз қалдырған еді...

Жә, мұны жәй ғана, реті келген соң айтып жатырмын. Мәселе басқада. Мәселе – пікірлесу, ой, пайым жарыстыру, білгеніңмен бөлісу, өз көзқарасыңды нақты дәлелмен дәйектеу тәртібінде. Ал есімін бүгіп ұстайтын 25-ші «қонақ» осындай дискуссия мәдениетінен жұрдай екендігін көрсетіп отыр. Және де ол жалғыз емес. Осындай аттарын жасырып, құпия жолмен әрекет ететіндер, негізгі тақырыпты бұрмалап, қасақана қысас пікір білдіріп жатқан іс жүзінде шын мәніндегі рушылдық пен топшылдықты қоздырады ғой деп ойлаймын.

Өйткенмен де, сайтта төрт бөлікке бөлініп берілген «Рысқұлов хаттарының» төртеуіне байланысты да жүріп жатқан пікір алысуларда жарияланым мақсатын дұрыс түсінген, түсінуге тырысқан, немесе бейтарап қарағандардың ойлы ой-пікірлері болды, оларына рақмет. Ал мәселенің мақсатын әдейілеп бұрмалап, күллі талқылау бойы аузынан ақ ит кіріп, көк ит шыққан «25-қонаққа» Алла тауап берсін.

4.

Бұған дейін (сб, 02/18/2012 - 02:37) жариялағанымды жалғастырмақпын.

1. «25-қонақ» мені «Рысқұлов пен Дінше Әділовке қатысты өтірік айттың» деп кінәлайды, бірақ оған еш дәлел келтірмейді, сөйте тұра, «өтірігің үшін жеті ұрпағың жазалы боларын ұмытпа!» деп, әдеттегі жеке басқа тиісуінен де асып түседі.

Дегенмен есіне салам: мен келтірген дәйектердің қайдан алынғаны айтылған – мақаланың 7 ақпан күнгі үзігін аптықпай, тағы бір мұқият оқып көруіне кеңес берем. Оның:

«Сенің жазғаныңа қарасақ, қазақтың қайраткерлерін түгел адам қылған Дінше Әділов сияқты болып шығады», – дегені жәй ғана жала. Меніңше, мұндай қисынсыз қиғаш пікірлерімен ол оқырман назарын негізгі мәселеден алшақтатуды мақсат етіп отыр.

«Қазақтың қайраткерлерін түгел адам қылатындай» күдірет Дінше Әділов түгіл, оны он орап алатын күрескерлеріміздің де бойында болмағандығы кім-кімге де белгілі. Бірақ Дінше солардың көбін білетін, түрлі жағдайда араласы болған. Сондықтан ОГПУ тергеушісіне, сұрақтарына орай, білгенін әңгімелеп берген.

Дінше трагедиялық тұлға. Репрессияның алғашқы толқынында Сарысу және Шу өзендері арасында көшіп-қонып жүретін ауылда бірге туған бауырларымен, өзге де туыс, ауылдастарымен бірге ұсталды. Солармен бірге ұжымдастыруға қарсылық көрсетуді мақсат еткен «Әділов бандасын» құрды деп ұйғарылған.

Торғай өлкесінде тап сондай мақсатта Міржақыптың ағасы Асқар құрған «Дулатовтың бандасы» болды деп саналды. «Алашордашы» деп аталатындарды ауыздықтауға алғашқысы жарамаса, соңғысын пайдалануға әбден болар еді, бұған арнайы органның шеберлігі жететін.

Өйткені оларда «ұлтшылдар» және олардың «астыртын ұйымы», «ұйымға мүше алашордашылар» жайында кеңес өкіметі орнағаннан бері жиналған деректер жетіп-артылатын. Бұлардың ішінде маңызы жағынан 1924 жылғы сәуірде Сталинге және Орталық Бақылау комиссиясы мен ГПУ-ге (жазалаушы құпия органға!) құпия түрде (өте құпия!) берілген Тұрар Рысқұлов пен жолдастарының бәріміз танысқан хаттары ең бірінші орынға шығатынын түсінуге соншалықты көп ақылдың керегі де жоқ. «Алашордашы» деп аталатындарды жазаға тарту қажеттігін Голощекин 1925–1928 жылдарғы өлкелік «партия», «өкімет» шешімдерімен негіздеп берді. Ал оны жүзеге асыруға басқалардан гөрі аса қолайлы тұлға ретінде Дінше таңдап алынды. Өйткені ол

1923 жыл басындағы әйгілі «Қараноғай-Шала оқиғасынан» бері үкімет қырына ілінген еді. Сол жылы Қазақ облпарткомы тарапынан оны Орынборға жеткізу Түркістан республикасы үкіметінен сұралды. 1924 жылы НКВД-дегі Қазақ милициясы басқармасының бастығы Дүйсебай Нысанбаев арнайы бригадамен Сарысу ауданында «ағайынды Әділовтердің салық жинау ісіне кедергі келтіргені» жайында тергеу жүргізіп, біраз кісіден түсінік алып қайтқан да, Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетіне арнайы баяндама берген. (Іс Қазатком қорында сақтаулы.)

Нысанбаев – Түркістан республикасында Рысқұловпен қызметтес әрі пікірлес, алдын ала жобаланған арнаулы топтың атынан Сталинге, ОБК-ге, ГПУ-ге жазылған хатқа қол қоюға тиіс коммунистердің бірі болған адам. Қазсовнарком төрағасы Сәкен Сейфуллиннің әлдеқандай себептерге байланысты қолдауымен аталмыш лауазымға жеткен (Сәбит Мұқановты қараңыз).

Ол Советтердің (ресми 5-ші болғанмен, қазақ жер-суы, халқы, жер-жердегі кеңестері бір шаңырақ астына біріктірілгеннен кейін тұңғыш өткізілген, яғни іс жүзіндегі 1-ші – бұл жәйт съездің үстінде атап айтылған) Ақмешіт съезі қарсаңында оны дайындаумен шұғылданып жүрген Қожановтың үстінен өлкелік бақылау комиссиясына арыз жазған болатын. Алайда Нысанбаевтың мәселені тек мансап тұрғысынан ушықтырғалы тұрғаны анық болғандықтан, саяси іс-шара өтіп болғанша арызды қарамау туралы шешім шығарылады.

Өлкекомның екінші хатшысы Қожанов белгілі бір дәрежеде Әділовтың қорғаны сияқты есептелетін. Қожанов Мәскеуге шақырып алынғаннан кейін, ол қорғансыз қалғандай болды. Әрі сол шамада Жоғарғы сотқа «Қараноғай-Шаланың» намыс жыртарларының бірі қызметке келеді. Сондықтан, жаңаша қуғыннан сақтанғандықтан (ондай қаупін ол Міржақыпқа айтқан болатын – бұл жәйт Міржақып Дулатовтың көрсетулерінде бар), Ұлт театрын ұйымдастырып (төрт-бес

айға ғана созылған алғашқы театр маусымында 12 премьерә ойналған, барлығы 20 шақты спектакль қойылған, көркемдік табыстары үшін театрға ағарту халкоматы шешімімен «академиялық» деген атақ берілген), жұмысын басқарып жүрген Дінше жазғы гастрольдер алдында (1926 жылғы мамырдың ортасында) отставкаға кетеді.

Жұмыс болып қалмас па екен деген үмітпен Мәскеуге барып қайтады.

Қыста Қызылордаға келіп, ескі досы Смағұл Садуақасовқа соққанында, ол бұған мынандай сыр ашады: «Ех, сайтан алғыр, сен жайында Нұрмақов өте жаман пікір айтты: сен – бандитке айналған бұрынғы коммунист, Мәскеуге барып, Өлкекомда жүріп жатқан алауыздықтар туралы кейбір жолдастарға хабарлапсың дейді».

Нығмет Нұрмақов бұл кезде Қазхалкомкеңестің төрағасы, егер сондай лауазым иесі Әділовты «бандит» («бандитке айналған бұрынғы коммунист!») деп тұрса – онда «Қараноғай-Шала» ісінің шындап көтерілгені... Дінше солай пайымдайды.

Шынында, көп ұзамай Діншенің ағасы Байсейіт ұсталып, Шымкент түрмесіне жабылады. Одан Діншенің көмегімен қашып шығады. Көп шырғалаңнан кейін, олардың соңына 1928 жылдың желтоқсанында қарулы жасақ түседі. Байсейіт оққа ұшып, Дінше камалады.

Тергеу арнайы қызмет сценарийімен жүреді. Сценарий чекистердің ұлт қайраткерлерін (солардың қатарында Тұрар Рысқұловты да) аңду арқылы кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бері жинақталған материалдар, одан басқа, «бірнеше жыл бойы астыртын жұмыс жүргізіп келе жатқан» «ұлтшылдар» мен «алашордашылардың құпия ұйымы» жайында 1924 жылдан ГПУ-да жатқан (жоғарыда баршамыз танысқан) Тұрар хаттарының деректері және Голощекиннің Қазақстанға басшылыққа келгелі қорытқан саяси тұжырымдары негізінде әлдеқашан жасалып қойған болатын.

Тергеуші 1929 жылғы 21 қаңтарда «азамат Әділовті Совет өкіметін құлату үшін құрылған контрреволюциялық ұйым-

ның мүшесі болған, басмашылық қозғалысқа қолдау көрсеткен, оған өзі тікелей қатысқан. Ақмола үйезаткомының мүшесі Әбубәкіров пен милиционер Жолдасбаевты атқаны үшін сот құзырында бола тұрып, өкіметтің қуғындауынан жасырынып жүрді. Өзі ұйымдастырған бандиттік қарулы шайканы басқарды. 17 XII 28 ж. оны ұстау үшін «Ирман» («Ермен» – ?) мекеніне арнайы жіберілген отряд қоршауға алып, жасақ тарапынан ескерту атыстары жасалғаннан соң, Әділов қолындағы қаруымен берілді» деп тапты. Сондықтан, заңнамалық құжаттың тиісті баптарын басшылыққа ала келе: «азамат Әділов Дінмұхамедке жоғарыда аталған қылмыстарды жасады деген айып таға отырып, ол айыпталушы ретінде іске тартылсын, алдын кесу шарасы ретінде – ОГПУ-дің (Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың) ҚКСР бойынша ТӨ (толық өкілетті өкілдігі) жанында күзетте ұстау таңдалсын» деп қаулы етті.

Қаулы тоғыз күннен соң (ыңғайы, жоғарғы жақтағылардың келісімін алып болғаннан кейін) айыпталушыға таныстырылды. Дінше қаулы мәтінінің астына 1929 жылғы 30 қаңтарда: «Осы қаулы маған хабарланды, өзімді менің бандиттік шайка құрғаным туралы тармақтан басқасында кінәлімін деп мойындаймын, ол (бандиттік шайка құру) жайында өзімді кінәлімін деп санамаймын», – деген жазу түсіріп, қолын қойды.

Абақтыдағы тергеу амалдары бағыттаған арнамен Дінмұхамед Әділовтің көрсеткендері оны 1930 жылғы 21 сәуірде атып тастағаннан кейін де басқа «алашордашылар» ісінде пайдаланылып, тура көзі тірі тұтқын айтып тұрғандай күйде қолданыла берді.

Арнайы қызмет тұтқындарды өз қалауымен сөйлетудің қилы жолын біледі. Үлкен террор жылдарындағы істермен танысқан зерттеуші бүгінде ең қадірлі делінетін кей азаматымыздың «жапон тыңшысы», «ұлтшылдық әрекеттер» жөнінде ағынан жарылып көрсеткен, шындыққа жанаса қоймайтын небір мәліметтеріне куә бола алады.

Демек, бізге әлдебір деректі бүгіп қалғаннан, баршасын ортаға салып, нақты ахуалды түсінуге тырысқан жөн.

Тұрар Рысқұловтың баршаға белгілі және күллі жұрт қадірлейтін тарихи орнын қайта-қайта, «25-қонақтың» ұнатып қалған және өзі ерекше сүйіп қолданатын сөздерімен айтқанда, «көкезулене» айтудың да, жарияланым мақсатын «кім керемет, кім оңбаған» деген тұрғыда бұра тартып «жанығудың» да қажеті шамалы. Өйткені бұл жәйт олардың байбаламдаған дәрекі арашасынсыз да көпке мәлім.

Одан да Тұрардың кезінде құпия түрде жазалаушыларға берген астыртын көмегінің сырын және сол «көмектің» жаппай қуғын-сүргін жылдары қоғамымызда орын алған салдарын талдау біздің азаматтарымызға әлдеқайда пайдалы болар еді.

«Рысқұловтың хаттарын» жария етудің басында да, сонында да айтқанымдай, бұл кім-кімді де тарих қойған тұғырынан ығыстырып жылжыту үшін емес, болған жағдайлардан болашақ үшін пайдалы көзқарас қорыту үшін, бұрын жол берілген келеңсіздіктерді келешекте қайталамау үшін қажет. Тарихи әділеттілікті түйсінуге арқылы тәрбиеленген ұрпақтың шын отаншыл болып, бүгінгі тәуелсіздігімізді баянды ететін адал азаматтар қатарын толықтыра түсері кәміл.

Ал аталмыш «Рысқұлов хаттарынан» дұрыс тағылым ала білудің озық үлгісін бүгінге дейін тек қызылордалық тарихшы, журналист, қоғам қайраткері Сағат Жүсіп көрсеткенін үлкен ризашылықпен атап айтуды парыз санаймын.

Оның «Общественная позиция» («Дат») газеті бетінде жариялаған «Біз «сексоттар» еліне айналдық немесе Бірін бірі қарауылдауға бейім халық ел бола ала ма?» деген мақаласында айтылған пікірлер ешкімді бейтарап қалдырмайды. Адал, әділ жандар сөзсіз қолдайды.

Мұны түсінбейтіндердің «пачкотнясы» (25-ші қонақтың өзі секілді тағы бір есімсіз пікірлесінің сөзі) тек түсінбеушілік тудырауы хақ.

5. Тұрар Рысқұлов хаттарын жариялаудағы мақсат

«Рысқұловтың хаттарына» орай қазірге дейін пікір білдіргендердің саны 180-нен асыпты. Іс жүзінде негізінен анонимдер форумы болып отырған пікір алмасулардан менің көзімнің анық жеткені мынау. Неғұрлым белсенді топ (ішінде екі мәрте «аса ақылды» ойлар жазған орыс тілді «пачкотня» иесі де бар) жарияланымның мақсатын, мән-маңызын бұрмалап, жұртшылыққа өз көкейіндегісін тықпалауда.

Рысқұлов хаттары неліктен жарияланған еді?

Ол мақаланың бас жағында атап айтылған: «Біз қилы ақпарат өтінде – ашықтық пен жариялылық желі еркін есіп, бұрын жабық мұрағаттар есігін ашып жатқан, кім-кімге де құпия қоймалардағы жықпылдарды қалтарыс қалдырмай аралауға мүмкіндік берген заманда өмір сүріп отырмыз. Біздің елемегенімізді, немесе әлдеқандай бір себептермен өзімізден өзіміз жасырғымыз келгенді бәрібір басқалар көреді.

Демек, бұрын жекелеген мамандарға ғана мәлім боп, белгісіздік тұңғығынан енді ғана әлдеқалай жарыққа шыққан да, ұзынқұлақ түрінде көпшілікке таралған әр жаңалықты, құбылысты бірінші кезекте өзіміз біліп, талдап, түсінуге тырысу ләзім. Бізге тарихи тұлғалардың шуақты істерімен қатар, көлеңкелі тірліктерін де ашып қараған пайдалы. Олардың себеп-салдарларын айық пайымға салған жөн. Бұндай әрекет оларды тарих қойған тұғырынан тайдырмайды, бейнелерін еш кішірейтпейді. Есесіне, олардың кескін-келбетіндегі барша көмескілікті жойып, толық адам ретінде тануға мүмкіндік береді. Бізге шын тарихтан толымды да жан-жақты сабақ алуға жәрдемдеседі».

Алайда бұл сөздерді (жалпы, жарияланымдағы басқа да қысқаша анықтамаларды) форумға қатысушылардың ішіндегі әсіре белсенділер елей қоймады. Содан, Тұрардың бұ-

дан 88 жылдай бұрын жазылған хаттарының жарық көруін өз беттерінше – құдды Рысқұловқа кір жағып, Қожановты көтермелеп тұрғандай ұққан және солай жарнамалаған сонау пікір білдіруші әсіре белсенділер едәуір даурықты, бәлкім, ондай қылықтарын әлі де жалғастыра берер.

Осыдан мынандай сұрақ туады: «...хаттар» кейбір «конактың» (орыс тілді) «провоцируете общество» деп айтқанындай, қоғамды ала тайдай бүлдіруге тырысушылықтан, басыбұзықтықтан туды ма? Әрине, жоқ. Бұл жала.

Аталмыш жарияланымнан екі жылдан астам ілгеріде, 2009 жылы, менің «Ұлттық ымыра» деген мақалам мерзімді баспасөзде шыққан.

Онда мен содан бірнеше жыл бұрын рухани салада жұртшылықты елең еткізген бірер оқиға болғанын: «бес кітапқа жинақталып, алаш қозғалысына қатысты құжаттар жинағы жарық көрді. Мұнда жалпыұлттық және таптық көзқарастар ыңғайымен жіктелген қайраткерлердің кейбір күтпеген қадамдарын көрсететін деректер жария етілді. Баспасөз беттерінде 20–30-жылдарғы ұлттық элита жайында қорғалған ғылыми еңбекке байланысты біріне бірі кереғар пікірлер білдірген мақалалар басылды. Күні кеше тұсауы кесілген Алаш-Орда тарихына арналған фильмде де тосын пікір естілмей қалған жоқ. Мәселе халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Тұрар Рысқұловтың Бас хатшы Сталинге 1924 жылы Түркістан өлкесіндегі ұлт қайраткерлерін таптық тұрғыдан сынап жазған хаттарының көпшілікке белгілі бола бастағанында болатын», – деп атап көрсеткенмін.

Сол «...хаттарға» байланысты Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамында өткен пікір алысулар жөніндегі ой-пікірлерімді келтірген мақаламның 2010 жылдан бері «Абай.кз» сайтында тұрғанын пікір білдіруші қонақтардың сұрауына орай атап айтқанмын.

Еске сала кетейін, «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы өзі құрылған 1989 жылдан бастап саяси қуғын-сүргін шындықтарын ашу арқылы азаматтарды тарихпен тәрбиелеу-

ге, демократиялық құндылықтардың өмірімізде бекем орнығуына атсалысып келеді.

Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін науқандары салған жара зардабы айтып-жеткісіз ауыр еді. Жан-дүниемізді үрей шеңгелдеген, әділеттілік өлшемі өзгерген заман орныққан. Ондай ахуалдан оналудың, тұманданған сананы тазартудың оңай болмағаны белгілі.

Қанды құпиялардың бүркеуі 50-ші жылдары аздап қана көтеріліп, ащы шындықты жартылай ғана ашқан. Соның өзі біздің қоғамдық тыныс-тіршілігімізге жылы леп, жарқын бет боп еніп, жаңа ұрпақты тәрбиелеу факторына айналды. Сөйтіп, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жаңа тарихи сана қалыптаса бастады. Бірақ, билеуші партия шындықты іріктеп қана ашқандықтан, жаңа тарихи сана да біржақты қалыптасты. Саяси қуғын-сүргінге көбірек көңіл бөлу құпталмады. Яғни режим қылмысы ауызға алынбады.

1957–1958 жылдары «нағыз лениншілдермен» қатар алаш қайраткерлері мен «ұлтшыл-коммунистер» де ақталған. Алайда тоталитаризм деп аталған неосталинизм тұсында олар хақында әлдеқандай оң пікірлі ой айту мүмкін емес-тін.

Оларды тек қайта құру саясаты өрістеген шақта ғана – 80-ші жылдардың соңына қарай ғана батыл еске ала бастадық.

Кейінгі кездері саяси қуғын-сүргіннің себептерін және оның барша шындығын анықтауға деген ұмтылыс артып келеді. Ұзақ жылдарғы құпиялықтан соң мұрағаттан жаңа деректер (Рысқұловтың хаттары) шықты. Баспасөзде тосын жаңалықтар жария болды. Бұл жәйт мәселені кең көлемде қарауға, идеологиялық күрес шындықтарын терең тануға ұмтылтты.

«Ұлттық ымырада» атап айтқан болатынмын, әлі де айтам: мен 20-жылдарғы кезеңнен екі тамаша ұлт қайраткерін өз кезеңдеріндегі жалпыұлттық мүддені көздеген аса ірі істері үшін ерекше құрметтеймін де, отаншылдықтың, елін, жұртын сүюдің озық үлгісі ретінде оларды бүгінгі ірілі-

уақты қайраткерлерге, барша азаматқа, жастарға әрдайым өнеге етіп тарта беруден айнымаймын.

Оның бірі – Тұрар Рысқұлов пен оның серіктерінің 1920 жылы Түркістан өлкесінде Түркі Республикасы мен Түркі халықтарының коммунистік партиясын құру жайындағы жобалары. Екіншісі – Сұлтанбек Қожанов пен оның серіктерінің 1924 жылғы Орта Азияны ұлттық-аумақтық тұрғыда межелеп-жіктеу науқаны кезінде аралас-құралас, қоян-қолтық өмір сүріп жатқан халықтардың бір-бірінен мүлдем ірге бөлісуіне қарсы тұру, Ортаазиялық Федерация құру, сол арқылы Кеңестер Одағы құрамына кіру, жаңа ұлттық республикаларды Қазақстанмен бірге ортақ экономикалық қауымдастыққа ұйыстыру, Ташкентті Қазақ Республикасының астанасы ету үшін күресудегі ұстанымдары.

Осы екі тұлға бастарында тұрған бағыттардың екеуі де Мәскеудегі орталық өкіметтің мақсатына сай келмегендіктен де жүзеге аспай қалған. (Байқап отырсыздар, мен жоғарыдағы орыс тілді және онымен пікірлес өзге де адамдардың Қожановтың «түкке алғысыздығын дәлелдеген» ашулы да орынсыз сөздеріне мән беріп отырған жоқпын. Олардың тарихи шындықты қолдап бұрмалап, советтік тарихнама үлгісінде келтіріп отырған мысалдары Рысқұловтың хаттарындағы Қожановты ұлтшылдықпен, антипартиялықпен айыптаулардың қасында жіп есе алмайды, сондықтан да – жоғарыда айтылғандардың қасында елең қылуға тұрмайтын ұсақ-түйек жәйттер). Осы аса ірі қос коммунист-қайраткердің мен атаған мәселелердегі сенімді көзқарастары мен батыл қадамдары ешқашан ұмытылмауға тиіс.

Солай бола тұрғанмен, Рысқұловтың аталмыш хаттары тарихи әділеттілік талабы тұрғысынан талқыға алынуға әбден лайық. Бұл Тұрарға немесе ол саяси тұрғыда сынаған қайраткерлерге деген көзқарасымызды өзгерту үшін емес, олардың күресінен тәлім ала білу үшін, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену үшін, өзіміздің бүгінгі күнімізді, болашағымызды айқын түсінуіміз үшін қажет. Тарихтан сабақ ала білу үшін

керек. Атап айтатыным, форумға қатысушылардың біразының мәдени пікірталас шегінен шығып, бейпіл сөздерді жөнсіз бұрқыратқаны бұл үдерісті тоқтата алмайды.

Сонымен, Тұрар Рысқұлов пен басқа да ұлт зиялыларының 20–30-шы жылдарғы пікір қайшылығы неде? Оның және ол хаттарында партияның басты жауы ретінде суреттеген қайраткердің есіміне байланысты Түркістан Республикасы тарихында «рысқұловшылдық» және «қожановшылдық» деген жіктер болғаны, олардың топшылдық ретінде бағаланғаны Тұрар хаттары белгілі болғаннан бұрын да айтылатын. Олар неліктен және қалай туып, қайтіп өрістеді? 2009 жылы «Әділет» қоғамында пікір алысқандар (М. Асылбеков, Ә. Жандосов, С. Жансүгіров, М. Нұрпейісов, Қ. Жұбанова, С. Айтмамбетова, Ш. Аманжолова, С. Қожықова, С. Шілдебаев, т.б.) осы төңіректе ой толғады. Өздеріне мәлім жәйттерді ортаға сала келе, көпшілік баршасы келісетін ортақ ой қорытқандай болды. Жеке тұлғалардың идеялық тартысының арты мансап тартысына, топ құруға апарғанын, бірін бірі сүріндіру мақсатымен өзді-өзіне саяси айып тағып, оларының анық-қанығына, дұрыс-бұрыстығына өзара пікірлесу нәтижесінде көз жеткізуге тырыспастан, әрдайым төрешілік сөзін айтуды Мәскеудегі орталықтан тосқанын, ал оның арты жалпыұлттық мүддеге кереғар шешімдер жасалуына ұласып жатқанын мойындады.

Шынында, патшалық кезінен қалыптасып, кеңестік дәуірде нығая түскен құлдық сана-сезім – жөн сөзге тоқтау, әділет алдында бас ию іспетті дәстүрлі қасиеттердің байырғы тұғырынан тайып, жаңа сапаға ауысқанын көрсетті. Ұлт қайраткерлерінің бірін бірі мойындамауы, араларында бедел тұтатын тұлға болмауы, дұрысында, араларындағы бедел тұтуға тұратын тұлғаны көпе-көрінеу көрмеуі, мойындамауы, шындап келгенде, шынымен сондай қадір-қасиетке ие жанның жоқтығынан емес, жаңа империялық орталыққа көзсіз емінушіліктен туған еді. Сөйтіп, жаңа сипатқа ие болған құлдық психологияның жетегімен, «жаңаша құл иеленушінің»

ілтпатына ілігуге тырысушылық, сол жолда бәрін тәрк етуге әзірлік оларға туған халқына риясыз қызмет ету сынды биік тұғырдан дербес ой толғауға мүмкіндік бермеді.

Рысқұловтың Бас хатшыға, Орталық Бақылау комиссиясы мен ГПУ-ге берген 1924 жылғы сәуірдегі хаттары Орта Азиядағы республикаларды ұлттық-мемлекеттік тұрғыда қайтадан межелеп бөлу науқаны өрістеген тұсқа дөп келді. Хаттардың мазмұнына қарағанда, өкініштісі, ол осынау аса маңызды, тағдырлы науқан жайына да жеңіл әрі біржақты (өзіне қарсылас деп білетін қайраткерді айыптау мақсатында) қараған.

Ал Мәскеуден Ташкентке 1924 жылғы мамырда жазған хатында ол сол қарсыласын қайткенде құлату үшін не істеу керек екенін өзінің пікірлесіне тәтпіштеп жазып бағдарламалық тапсырма берген. Тапсырмаларының ішінде қарсыластары жайындағы мағлұматтарды жоғарғы партия, партиялық бақылау және құпия полицияға – ГПУ-ге хабарлап отыру қажеттігін шегелеп айтқан.

Өзінің оның алдында Сталинге берген баян-хаттарында да қарсыластарының – бұрынғы алашордашылардың пәтерлеріне ГПУ органдары шұғыл тексеру жүргізгені мақұл екенін ескертіп отырады. «Ұлтшылдық әрекеттер» жасап жүрген басшы-коммунист қызметкер жайындағы «Негізгі баяндамаға» жақтастарының қолдарын қоймай, жасырын қалуын, сондықтан дайындалған мәтінді айтылған тараптарға өзінің жолдауының себебін аналардың жазаланудан қорыққандықтарынан болды деп түсіндіреді.

Хаттар өте құпия болғандықтан және партия мен кеңес өкіметі мүддесі тұрғысынан жазылғандықтан, сол шақта хат иесіне ешқандай залалы тиюі мүмкін емес еді. Солай болды да. Ол өте ірі қызметтер істеп, халық үшін көп жұмыс істеді.

Бірақ, ол аталмыш хаттарында 1924 жылы әшкерелеген «өзге пиғылды» кадрлардың көпшілігі – ал олардың есімдері іс жүзінде бүгін түгелдей репрессия зынданынан шығарылып, ардақталған – сол кезден бері түрлі қыспаққа ұшы-

рады. Бірқатары 1928 жылдан бастап алаштық азаматтарға жасалған жазалау шараларының екі толқынында да нысанаға алынды.

«Әділет» қоғамындағы 2009 жылы өткен талқылау кезінде жоғарыда аталған пікір алысушылар мәселе тек Рысқұловтың хаттарында емес десті. Олар 20–30-шы жылдарғы ұлт қайраткерлерінің бірінің үстінен бірі жазған шағымдардың өте көп болғанына назар аударды. Себептері де тілге тиек етілді. Ондай арыз-шағым, айыптау сарынды жазбалардың көптеп тууына таптық күрес желеу болды деген ой айтылды.

Тапшылдар ұлт мүддесін тапқа бөлмей қорғау жағындағы алашордашылармен де, таптық күресте ұлттық мақсатқа мол мән беруші, яғни алашордалық делінетін ұлт зиялыларына бүйрегі бұрып тұратын оңшыл-ауытқушылармен де күресті. Бірақ бұдан тапшылдар ұлт мүддесін мүлдем ескермеді деуге болмайды, олар да өздерінше қазақтың болашағын ойлайтын да – саясаттың мазмұны пролетарлық, түрі ұлттық сипатын қолдайтын.

Түптің түбінде жаппай саяси қуғын-сүргін жылдары бұл екі қанаттағылар да ұлтшылдар ретінде жазаланды. Және бір ескеретіні, десті пікірлесушілер, мұндай саяси айыптасу әрекеттері қазақ кадрлері арасында ғана емес, Кеңес Одағының шартараптарында да орын алды. Демек, деді көпшілік, біз олардың дау-дамайларын емес, халыққа сіңірген еңбектерін бағалауға тиіспіз...

Баршамыз осыған келістік. Жаны бар ой дедік. Әйтсе де, қит етсе орталыққа жүгінуге әуестіктің салдары жақсы болмағанына өкініш білдірдік. Қит етсе орталыққа жүгінуден әлдебір шешуі қиын күрделі мәселеге орай жәй ғана төрелік сұрау емес, бірін бірі көре алмауға, біріне бірі билік тұтқасын кимауға, бірін бірі мейлінше қаралай отырып, тұқыртуға, тіпті құртуға тырысушылық аңғарылады.

Мұндай әрекеттер өз араларынан ел басқаратын азамат жоқ деуге, барының даусын шығармауға апарды. Сөйтіп, түптің түбінде элитасы өзара ырың-жырың боп жүрген қа-

зақ елін басқаруға көлденең көк атты жіберілді. Сол көлденең көк атты халқымыздың сорына айналды. Ел-жұрттың шынайы мүддесін елемейтін зымиян саясат жүргізуі салдарынан зор күйзеліс туды. Республикада қолдан жасалған алапат ашаршылық қазақ халқын ұлттық апатқа ұрындырды, селдіреп тірі қалғандар санасында жаңаша құлдық ахуал қалыптастырды.

Осы қасіретті ойласақ, онда мұны жылы жауып қоя салуға да болмайды. Жылы жауып қоя бермей, айқара ашу керек. Бұл біздің азаматтығымызға сын. Қайраткерлеріміздің елге сіңірген еңбектерін мансұқтау үшін емес, керісінше, олардың одан да артық сіңіруі ықтимал, тек атқара алмаған істерін айқындап бағамдау үшін, ұтылған тұстарымыздың тамырларын айыра білу үшін солай ету ләзім. Бастан кешкен кемшілік себептері мен олардың қайғылы салдарларын болашақ үшін зерттеп білу абзал.

Бізге қайраткерлердің ел игілігіне сіңірген елеулі еңбегін тиісінше бағалай отырып, бойымыздан олардың сол заманғы саяси ұстанымдарын әділ талдай білетін күш табу ләзім. Кек қайтаруға тырыспауға, төзімсіздік танытпауға, түсінуге, талдауға, келешекке қажет тәлім ала білуге тиіспіз. Өштесу жарқын болашаққа қызмет етпейді.

Осындай ұйғарымға келгенбіз. Сондай көзқарас арнайы талқыланған Рысқұлов хаттарына байланысты да айтылды. Оларды жасыруға болмайды, біздің демократиялық қоғамда жабық тақырып болмауға тиіс, қайта, бәрін ғылыми айналымға түсіріп, зерттеп, талдау жөн. Міндетті түрде есте ұстауға тиіс жәйт сол, мұндай шаруа ұлттық мақтаныштарымызды тұғырдан тайдыру үшін жасалмауға керек, мұндай шаруа олардың күллі пенделіктерінің себеп-салдарларын ашып, бүгінгі күннің пайдасына, яғни жан-жақты да адал азаматтарды тәрбиелеу ісіне жұмсау үшін атқарылуға тиіс.

Таптық көзқарас халықты екі жарғаны ешкімге құпия емес, демек, бұл мәселені қарастырғанда, сол таптық негізде – бірі тек кедей-кепшік, екіншісі бай-кедейі айырылмаған

– жалпы ұлт мүддесін көздеп екі жарылған халқымыздың бірлігі қымбаттығын ойда ұстау керек. Яғни бізге ұлттық ымыра қажет. Оны жәй ұранмен, яки әлдебір тыйым салумен орнатам деу қате, оған тек қана ашық талқылау, мәселені айқын түсіну, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену арқылы қол жеткізуге болады.

Қазақ елінде жүз пәленше мындай жан жазықсыздан жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшырап, лагерьлерге айдалды, жиырма бес мындай боздақ атылып кетті. Большевизм жауынгерлері себеп боп 1917–1933 жылдары үш дүркін соққан аштық әкелген ұлттық апаттан тікелей төрт миллионнан астам (жоғалтқан табиғи өсімін есепке алғанда, он миллионнан астам) көшпенді жұрт қырылды. Осынау қасіреттер жайында ұстамды талдау мен қорытынды жасау үшін де ұлы төзім, ұлттық ымыра қажет.

Ол заманғы сұмдықтардың таптық жікке бой алдырып, ұлттық тұтастықты сақтай алмау, ұлттық тәуелділікке мойынсұну салдарынан орын алғанын жан-жақты парықтасақ, бүгінгі тәуелсіздігіміздің қадірін терең түйсініп, жіті ұға түсеміз, өткенгі қателіктерге жол бермеу жолдарын айқын ажырата білеміз. Сондықтан да «Әділет» күллі мүдделі топтарды тарихи таным жолында ымыраласып жұмыс атқаруға, қоғамдық сананың дұрыс қалыптасуына көп болып әділ үлес қосуға шақырды. Бұл мақсатқа жету үшін аталмыш хаттарды жұртшылыққа таныстыру жөн деп тапты. Ақыры, «Абай.кз» сайты осы мақсатты жүзеге асыруға дәнекер болды. Хаттар көпшілік назарына тартылды.

Тұрар Рысқұловтың жоғары билік пен жазалаушы органдарға берген белгілі де белгісіз хаттары сол кезгі ахуалды түсінуге жәрдем беретін құжаттар екені анық. Мен өз басым олар тек тарихи қайраткерлердің еңбектерін қайта бағалау сынды әлдебір шетін мәселелер көтеруге сылтау болмауға тиіс деп санаймын. Бұл орайда 2009 жылы «Ұлттық ымыра» деген мақаламда тұжырымдалған көзқараста қалуды жөн санайтынымды «Рысқұловтың хаттары» жарияланымның соңында атап көрсеткенмін.

Алайда, осы уақытқа дейін құпия сақталып келген Рысқұлов хаттарының біршама толық түрде жарыққа шығуын белгілі топ «Рысқұловты жамандау, Қожановты дәріптеу» деп ұқты. Сөйтіп, Қожановтың «түкке алғысыздығын», қоғам өміріне Рысқұловтан кейін отыз жылдай кешіктіріліп қайтарылған Қожанов туралы кітап жазған осы жолдар авторының «содан бір кем еместігін» дәлелдеумен талайдың құлағын шулатты. Форум барысында маған да бірнеше мәрте (пт, 02/10/2012 - 15:02; сб, 02/18/2012 - 02:37; вс, 02/19/2012 - 22:42; пт, 02/24/2012 - 22:01) пікір білдіруге тура келді. Алайда, аңғарылғаны, оларды түсіністікпен оқығандардың пікірлерінен гөрі орынсыз пәле теріп байбаламдағандардың айқайы мол әрі басым екен.

Менің түйгендерім:

1. Кінәмшілдер «Рысқұловтың хаттарын» түсініп оқымаған! Үстірт қана шолған. Егер дұрыс оқыған болса, онда Қожановты жамандап әуреге түспес еді. Маған «Қожановты мақтадың, Рысқұловты жамандадың» деген ерсі айып тақпас еді. Өйткені мен жарияланымда былай деп атап көрсеткенмін: мақсат – тек қана (Сталинге, ЦКК-ге, ГПУ-ге және Сарымолаевқа 1924 жылғы сәуір мен мамырда жазылған) хаттарды жұртшылыққа жеткізу (оларды талдау емес!).

Егер жарияланыммен мұқият түйсініп танысқан болса, онда олар: а) Тұрар Рысқұловтың өзінің лауазымына 1924 жылғы қаңтарда қайта сайланбай, тағайындалмай қалуының себебін мәскеуліктерден көретінін ұғар еді; б) Түркістан Кеңестерінің съезінде өзін Түркатком мүшелігіне сайламау, тиісінше, халкомкеңес төрағасы лауазымынан айыру арқылы мәскеуліктер «партияға жат ұлтшыл элементтердің Қожановтың басшылығымен басқару буындарында болуына жол бергенін» қалай әшкерелегенін көрер еді; в) бүгінгі орынсыз пәле іздегіштердің (соның ішінде орыс тілді пікір білдірушінің) Қожановтың қандай «дұшпан және түкке алғысыз» екенін дәлелдеу үшін, мұрағаттардан алдық деп келтірген жекелеген құжаттардан жасаған көшірмелері боль-

шевик Тұрардың 1924 жылғы хаттарында айтылған «дәйектер мен деректер» қасында жолда қаларын ұғар еді; г) демек, байбаламшыл форумшылардың необошшевиктік әсіре белсенділігін тек Рысқұловтың хаттарының жария болу факті ғана қоздырып жіберді. Олар бұл хаттарды түсініп оқыған да жоқ. Олардың ойынша, бұлар құпия күйі мұрағат түкпірінде жата беруге тиіс еді. Осылай олар өздерінің большевизм рухымен қалыптасқан көзқарастары тұрғысынан, тарихи әділеттілік деген түсінікті кеңестік дәуірдегі коммунистік біржақтылығымен ғана мойындайтынын көрсетіп отыр.

2. Оқырман жарияланымнан байқаған болуға керек, Тұрардың қатысуымен жасалған «Негізгі баяндама» өте ықшам түрде мазмұндалып қана берілді. Оның ішінде «Қожанов пен ол қолдайтын партия дұшпандарының («алашордашы», «бірлік-туылық», т.т.) «қылмыстарын» ашатын сөздер шаш-етектен. Мұны пәле іздегіш әм былапыт сөзге құмар «қонақтар» мүлдем білгісі келмейді. Олар Қожановтың Рысқұлов әлдеқашан ашып тастаған «қылмысын» құдды өздері ашып жатқандай көсемсиді. Сондықтан, тілге тиек болған хаттардың фрагменттерін (айыптауларға Сталиннің назар аударуын сұраған жазба мен «Негізгі баяндамадағы» айыптауларды) түпнұсқадан жаңғырталық (*аталған құжаттардың скан-көшірмелері сайтқа салынды*).

3. Әділеттілік, адалдық деген қасиеттерді қадірлей қоймайтын «қонақтар» менің жеке басымды кемсітуге, түрлі әдіске салып тұқыртуға тырысып бағуда. Алайда, тарихи әділеттілікті тап қазіргі демократиялық дәуірде мұндай күйкі тірліктің құрбаны етуге болмайтыны анық.

Хаттармен мұқият танысқан адам мойындауға тиіс, ондағы тізім мен айыптаулар (1924 жылы жазалау органдарын «бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан алашордашылардың астыртын ұйымы» хақында құлақтандырған және оған қатысушылардың аты-жөндерін тиісті сипаттамасымен ұсынған хаттар) елімізде орын алған қасіретті кезеңде жазалаушыларға ұлттық қызметкерлердің өз ішінен «сыр

ашып» бағыт сілтеген маңызды құжаттар релін атқарды (Мұны вс, 02/19/2012 жауабымда айтқанмын).

Әрине, зерттеушілер Мәскеудің қол жете бермейтін мұрағаттарын, әсіресе Сталиннің жеке қорларындағы жазбаларды егжей-тегжейлі қарастырса, құба-құп. Солай етсе, межелеу науқаны аяқталмай жатып, Ташкенттің Саяси Бюро шешімімен өзбектерге берілуінің, Сталиннің «буржуазиялық ұлтшылдардың межелеу кезінде қайткенде көбірек жер қарпып қалып, өз ұлтына жақсы көрінгісі келетіні» жайындағы тұжырымының, «Ақ жол» жөніндегі әйгілі сталиндік хаттың тууының, т.б. маңызды мәселелердің тарихы тереңірек ашылып қалуы ғажап емес.

Әрі, «Әділет» қоғамы көптен көтеріп келе жатқан мәселе – ҰҚК мұрағаты зерттеушілерге есігін кеңінен ашуы ләзім (тіпті сондағы тарихи қылмыстық істер материалдарын ведомстволық мұрағаттан Орталық мемлекеттік мұрағатқа өткізіп берген дұрыс).

Тәуелсіздіктің басында 30-шы жылдардағы қылмыстық істерді қарауға шек қойылған, репрессияланғандарды тергеу үдерісімен толық танысуға тыйым салынған – сол заң өзгертілуге тиіс.

Сондай жағдайда қасіретті кезеңдер картинасы мейлінше толық айқындалар еді.

Тақырыпқа қатысы жоқ болғандықтан әлдебір анонимнің «Қаратаевтың Алашорда жайындағы жазғандарын менің қашан жариялайтынымды» және «қазақты сатқанын мойындаған Әділовті неге мақтап кітап жазғанымды» қайта-қайта, шұқшия сұрағанын жауапсыз қалдыруым керек еді, бірақ, сол қайта-қайта сұрау салуларының бірінде таза адамшылық ниет білдіргенін көргендіктен, мынаны айтпақпын:

1) Қаратаевтың аталмыш мұрасын жариялауды менен күтуіңіздің еш реті жоқ, өйткені ол менің не меншігім емес, не құзырымдағы шаруа емес. Танысқыңыз келіп тұрса, кітапханадан табасыз: оны осыдан пәлен жыл бұрын тиісті мұрағат мекемесі жеке кітап етіп бастырған.

Дегенмен, желідегі осынау талқы барысында әлденеше қайталаған сұрағыңыздың астарын шамалаймын. Шамалаймын да, өз иланымымды, тұжырымдамамды, шығармашылық жоспарымды еш бүкпесіз, бар дауыспен жария етем: иә, мен Қаратаев жайында арнайы кітап жаздым, ол одан басқа тағы бірер туындымның, сондай-ақ жобаланған кей жұмыстарымның бас кейіпкері! Себебі, қазақ мүддесін қорғауда (жер-су мәселесін парламенттік жолмен және империялық үкіметтің алдына қою арқылы) Қаратаев ерен еңбек сіңірді. Ол парламентарий ретінде, қазақ қоғам қайраткері ретінде – өзіне дейін де, өзінен кейін де бірде-бір қазақ азаматы істей алмаған шаруаны жүзеге асырған адам, сонысымен де ұмытылмауға тиіс әрі ұрпақ құрметіне лайық!

2) Дінше Әділов жайында мен жеріне жеткізіп жаза алған жоқпын. Ол «қазақты сатқанын мойындады» дегеніңіз артық айтушылық, мұны, егер осы Тұрар хаттарын оқып, олар жөніндегі дискуссия барысын шындап қадағаласаңыз, сол кезгі нақты жағдайды білмеушіліктің салдарынан туған жала екенін екенін өзіңіз де ұғасыз. Жалпы, Әділовтің қиын тағдыры кез келген қаламгерді қызықтырар еді, өйткені оның өмір белестерінің «тұңғыш» деген анықтамамен бедерленетін тұстары көп:

1) жеткіншек шағында Дулатовтың, «Қазақ» газетінің камқорлығын көріп, Омбыда оқыды, қоғамдық-саяси жұмыстарға тартылды;

2) 1917 жылғы революцияшыл жастардың белсенділерінің бірі болды, қазан айында Әлихан Бөкейхановтың қатысуымен сайланған Алаш партиясының Ақмола облыстық комитетіне мүше болып сайланды;

3) 1918 жылдың көктемінде қызыл гвардия құрамына еніп, Қиыр Шығыста ақтармен ашық шайқасты;

4) Сол жылғы қыста Омбыда Колчак диктатурасына қарсы ұйымдастырылған көтеріліске қатысып, астыртын жағдайға көшуге мәжбүр болды;

4) 1919 жылы күзге қарай Ташкентте Киринопраста сабақ берді;

5) 1920 жылы көктемде Жетісу облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болды (осында бұл лауазымда қызмет еткен тұңғыш қазақ!), күзде Семей губкомы қазақ бөлімінде істеді;

6) 1920 жылғы қазанда өткен Қазақстан Кеңестерінің алғашқы ұйысу құрылтайында Қазатком мүшесі болып сайланды. Ішкі істер халкоматының алқа мүшесі, комиссардың орынбасары, комиссардың міндетін атқарушы болып істеді;

7) 1921 жылы Ташкентте Шығыс кештерін ұйымдастырушы (режиссер) болды;

8) 1921 жылы Бұхарада астыртын жағдайда Зәки Валидовпен қызметтес болды;

9) 1922–1923 жылдың қысында Сырдария облаткомының тапсырмасымен Шу бойындағы ауылдастары арасында әкімшілік бағыныс жайында жиналыстар өткізіп, шешім-қаулыларды жиып жүргенінде, кейін ел арасында аңыз болып кеткен «Қараноғай-Шала» оқиғасына қатысты, соған байланысты Рысқұлов пен Қожановтан түсінушілік пен қолдау тапты;

10) 1923–1924 жылдары Ташкентте Кирипроста істеді, сабақ берді, директор болды;

11) 1925–1926 жылдары Қазақ ағарту халкоматында істеді. Ұлт театрын (қазіргі Әуезов театрын) ұйымдастырып, алғашқы директоры әрі көркемдік жетекшісі болды.

Оның трагедиясы жайында бұрынғы жауабымда (вс, 02/19/2012 - 22:42) айтқанмын.

Дінше туралы кітап жазғаным (аноним пікір білдірушінің жақтырмай, кітапта оны «мақтадың» дегені жәй ғана өз «бниігінен» қарағандағы шолақ байламы) – алғашқы мемлекет және мәдениет қайраткерлерінің бірінің бастан кешкен қайғылы тағдырын ашуға тырысқаным екенін түсіну жөн.

Ақыр сөз еткеннен кейін, тағы бір аноним қонақтың Абылай мен Әбілқайыр хандарға байланысты қитұрқы сұрағына орай мынаны еске сала кетейін.

Сауалын түсініп-түсінбей қойғанын өзі-ақ бағамдауы үшін мынандай кеңес беремін – осы сайтта жарияланғанына

біраз уақыт болған «Ескі дерт көріністері» деген мақаламды және, әрине, талайдың қанын қыздырып тұрған «Рысқұловтың хаттарын» оның мұқият оқығаны жөн.

1 наурыз 2012 ж.

5. Қилы көзқарас және пікірлер

Өкінішті жәйт сол, осы уақытқа дейін орыс тілді «қонақ» (кейінгі кезде ол өзін «туркестанец» деп атай бастапты) және оның пікірлестері (кейінгі күндері форумға қатысқан 80-нен астам қонақтың басым көпшілігі) өздерінің ойларын жариялаған сайын өресі тар ұсақ рушылдыққа ұштасатын көзқарастарын жалаулатуда. Алайда, 1) Тұрар олардың жалған намысына сыятындай бір рудың адамы емес, ол күллі қазаққа ортақ, тіпті, халықаралық дәрежеде орын алған тұлға (Тұрар Түркістанда 3-4 жыл, Қазақстанда 3-4 ай, бір жылдай Монғолияда, 13-14 жыл Мәскеуде істеді); 2) Сұлтанбекті жамандауда олар бәрібір Тұрардың хаттарындағыдан асып түсе алмайды; 3) Жалпы, «туркестанец» пен оның сыбайластары есте тұтқаны жөн, тарихты зерттеуді ру мүддесіне бағындыру бірлікке апармайды. Олай шуылдаса берсек «көп ит жеңе ме, көк ит жеңе ме»-нің кері келеді, ал одан ғылым дами қоймайды, халықтың тарихи санасының дұрыс қалыптасуына да мейлінше залал тигіземіз.

Анық байқалғаны сол, олардың тараптарынан әзірге қилы рулық-ұсақтық пайымдарын жарыстырғаннан басқа, баршаға пайдалы ойлар айтылмады, «...хаттар» іс жүзінде талқыланған жоқ. Сөйтіп, менің бірнеше рет берген түсініктеріме назар аудармай, сынаржақтықтарымен өзара үндес «қонақтар» өз көкейлеріндегіні күйттеді. «Түркестанецке» – әлі күнгі большевиктік көзқарастағы, маркстік-лениндік әдістемеден тістесіп айрылмай келе жатқан осынау «қонаққа» – керегі де сол болып шықты. 21-ші ғасырдағы өркениетке жеткен білімді ортада мұндай ата қуу жолымен

шындықты құрбандыққа шалып жіберетін залалды тәсіл орын алмауға тиіс деп ойлайсың, бірақ амал не, кездеседі екен. Мұндайлармен пікір таластырып абырой да таппайтының байқалып тұр. Дегенмен әділдік үстем болуға тиіс деген үміттен ажырағың келмейді. Сондықтан да «Рысқұловтың хаттарына» байланысты ашылған форумға тағы да үн қоспақпын.

Рысқұловтың хаттарында аталған адамдардың да, оның өзінің де репрессияға ұшырағаны белгілі. «Үлкен террордан» жиырма жыл өткенде баршасы ақталды. Алайда олардың адал есімдерімен жұртшылық ақталған бетте қауыша алмады. Қоғам тыныс-тіршілігіне «лениншіл» деп табылғандар ғана (кейбірі іс жүзінде біраз жылға созылған сергелдеңнен кейін) қайтарылды. Ал «ұлтшылдардың», «оңшыл-ауытқушылардың», «алашордашылардың» адал есімдері халқына жету үшін тағы отыз жылдай уақыт керек болды. Олар рухани өмірге қайтарылғанға дейін «лениншілдердің» жағымды бейнелері жасалып, бекем тұғырға отырғызылды. Бейнелері коммунистік партияның идеологиясына сәйкес кіршіксіз таза етіп сомдалды. Сонау «лениншілдердің» бірақтарының тым солақай болғанын, олардың биліктерін асыра сілтеуде халқына тигізген зияны қоғам өміріне қайтарылуы тежелгендерден («ұлтшылдардан», «оңшыл-ауытқушылардан», «алашордашылардан») кей жағдайларда асып түсіп жатқанын «туркестанец» сияқты маркстік-лениндік зерттеушілер білді, бірақ мұқият жасырды, әлі де жасырып келеді. Олар бәрі кеңестік дәуірдегідей қалыпта қала берсе дейді. Өйткені Тұрардың хаттарына терең үңілген зерттеушілер ертең басқа «лениншілдердің» де бүгінгі қоғамнан жасырылған қылықтарын ашуы ықтимал, сонда олардың (рухани немесе биологиялық, әлде рушылдық тұрғыдағы) жақындары жайында теріс көзқарас туып қалуы мүмкін деп қорқады. «Туркестанец» сондықтан да Қожановтың «қылмыстарын», оны ешкімнің «жақсы көрмегенін» жанталаса дәлелдеуге тырысып-ақ жатыр.

Бұл әрекеті оның Рысқұловтың жарияланған хаттарын түсініп оқымағанын көрсетеді: Рысқұлов мұны 2012 жылғы «оқымыстыдан» әлдеқайда асырып, 1924 жылы жасап қойған. Алайда «туркестанец» көкейіндегісін дәйектей түсу үшін – Қожановты қайткенде де қаралай берсем деген ниетпен Нысанбаевтың (Тұрар тиісті орындарға 1924 жылы берген материалдарға қол қоюға тиіс болған, бірақ ол жолы қолын қорқып қоймаған, енді 1925 жылы батырлық көрсетіп, жер-суы біріккен республика кеңестерінің тұңғыш құрылтайын дайындап жүрген Қожановты тұқырту үшін, өлкелік бақылау комиссиясына арыз жолдаған кәдімгі жікшіл, топшылдардың бірі, ол жайында бұдан бұрынғы жауап-түсініктемемде айтқанмын) хатын белгілі құжаттар жинағынан алып, толық жариялапты.

Құп дейік, оны да білген дұрыс. Бірақ «туркестанец» сол кітаптағы өзі мүлдем сенетін (әлде бауыры, әкесі, немесе атасы, яки туысқаны, ең кемі, ынғайы, руласы болып табылатын) басқа бір лениншіл қайраткердің – Ораз Жандосовтың – Қожанов туралы 1925 жылғы 22 қазанда айтқанын қалай назарға алмады екен? Оқиық, онда былай делінген: «Султанбек отозван в г. Москву. Я далек от мысли, чтобы это было результатом группировок. Ставить вопрос так, как ставят некоторые товарищи, что означает чью-то победу, нельзя. ЦК, вероятно, имеет принципиально политические мотивы, – делінген. – В чем они заключаются, я точно не знаю. Но мне сдается, что тут определяющее значение имеют три момента: перспектива национально-государственного развития КССР (ориентация на Среднюю Азию или нет), основная линия политики и практики строительства у нас в дальнейшем (национальный вопрос в общей его постановке или реальная хозяйственная политика в связи с общей обстановкой) и внутрипартийные моменты в Казахстанской организации (опасность националистического уклона, как результат механическо-групповых столкновений с обеспечением случайного большинства). Во всех этих вопросах Султанбек занимал

определенную позицию. Она тебе должна быть известна. Он подходил ко всем этим вопросам, как тактик, и в тактике у него иногда получался некоторый перегиб. Но по существу он (это мое личное мнение) прав. В эпоху нацразмежевания и оформления Казахстана в национально-советскую республику (в борьбе за это дело) иначе нельзя было действовать. При этом не надо забывать таких обстоятельств, как обстановку обостренных национальных взаимоотношений, условия отсталости самого казахского народа (т. н. фактическое национальное неравенство), почти полное одиночество Султанбека и т. д. Я думаю, что отзыв Султанбека не должен иметь своим последствием ревизию всего прошлого и основ той политической линии, которая была представлена им. По существу те проблемы и практические задачи, которые выдвигались Султанбеком, сохраняют свою силу и теперь... ..незачем поднимать шум, устраивать перепалки, развязывать группировочную стихию по поводу отзыва Султанбека» («Алаш қозғалысы», 3-т., 1-к., 2007. 196–200-бб.). Жағдайды жап-жақсы түсіндіретін, тоқтауға тұратын сөздер емес пе?

1925 жылғы большевик Жандосовтың біздің заманғы ру мүддесімен қаруланған «жаңа тұрпатты большевик» зерттеушіден жер мен көктей айырмашылығы бар екені дәлел тілемес деп ойлаймын. Пікір жазу барысында «туркестанец» өзге де бірнеше мұрағаттық құжат келтіріп жүрген. Рысқұлов хаттарының жариялануына өздерінің теріс көзқарастарын дәйектейтін «бұлтартпас дерек» деп ұққандықтарынан, солардың бірін (Қожановтың «контрреволюциялық» бет-бейнесін әшкерелеген партиялық қаулыны) әлдебіреу қайта көшіріп жариялапты. Алайда осындай «деректерді» жалаулатушылар мынаны ойланбаған: Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясын кезінде қолдаған, Қоқанды қанды қырғынға ұшыратқаны үшін большевиктерге жылы сөз арнай қоймаған, әрдайым ұлт мүддесін көтерген «Бірлік туы» газетінің редакторы болған Сұлтанбек Қожановқа большевиктік билік одан басқа не деу керек еді?

Тарихи зерттеу жүргізуде бүгінгі демократиялық дәуірдің зерттеушілері большевизм саясатынан, маркстік-лениндік әдістемеден бастартып, құжаттарға тарихилық, әділеттілік тұрғысынан қарауға және талдауға тиіс. Сонда олар мұндай хаттарды әділ талдай алады. Ал «түркістандық» пен оның тілектестері неге осылай етпейді, бұл түсініксіз. Жок, түсінікті де: бұлар, өкінішке қарай – жалпыұлттық мүддеге өз рулық төбешіктерінен ғана қарауды мәртебе көреді.

Жарияланым мақсатын дәл түсініп, адал пікір білдіріп жатқан азаматтарға алғыстан басқа айтарым жоқ. Дей тұрғанмен, олардың даусынан гөрі ру мүддесін қуып кеткен жалақор қонақтардың үндері көп әрі басым шығып жатқаны анық. Бірақ сайттағы бұл «қонақтар» өздеріне рулық тұрғыда жекешелендіріп алып отырған қазақ қайраткері Тұрардың жарияланымда берілген хаттарын түсініп оқымаған. Әлде, саналары рушылдықпен тұманданғандықтан, түсініп оқуға қабілеттері жетпеген. Сондықтан, хаттарға қысқаша қайта оралуға тура келеді.

Рысқұлов 1924 жылғы 18 сәуірде Сталинге құпия түрде (және ЦКК мен ГПУ-ге): «өзінің табанды идеясымен Совет үкіметіне қарсы... ұйым... бір бүйірімде тура 3 жыл жұмыс істеді... Түркістандағы қазақ халқының бұқарасына ықпал ету тетіктерін өз қолдарына алып, шынымен де нығайып үлгерген болып шықты», – деп хабарлады. Өзінің «соңғы уақытқа дейін Қожанов пен оның адамдары шынымен де коммунист бола алған шығар» деп ойлағанын, бірақ «оның өз тұлғасымен тұтас ұйымды бүркемелеп отырғанын», демек, оған «тек идеялық жау ретінде» қарайтынын, сондықтан «Алаш-Орда туралы мәселені» тиісті «органдар алдына қабырғасынан қоям» деген кесімін айтып, Қожановтың «алашордалықтарды» қорғаштаған қылығын әшкерелейтін (өзгелермен бірге Нысанбаев та қол қоюға тиіс болған) баяндаманы ұсынады. Тұрардың 18.04.1924 ж. құпия хаты түпнұсқасының скан-көшірмесіне назар салыңыздар (*сайтта берілді*).

Тұрардың 18.04.1924 ж. құпия хатына ұжымдық шағым-хаттың «Препроводительная записка» дейтін 2 беттік жөнелтпе жазбасы және «Основной доклад» делінген 25 беттік басты құпия ақпараттары тіркелген. Хатына тіркеп жіберген ұжымдық сипатты жөнелтпе жазбада «Бірлік туынан» шыққан адамдарымен бірге Қожановтың «солшыл» коммунизмді бүркеніп» әрекет еткені, оның буржуазиялық-ұлтшыл «Алаш-Орда» ұйымымен идеялық байланыста екендігі және іс жүзінде бірлесіп жұмыс істейтіні жөнінде айтылып, «Қожановтың пәтеріне ГПУ желісі бойынша тінту жүргізуді талап ететіні» жазылған. Түпнұсқасын қараңыздар (*сайтта берілді*).

Бұның соңынан «Негізгі баяндама» тіркелген. Оның 5-бетінің 3-абзацынан бастап, аздаған ғана қысқартумен, «туркестанец» Нысанбаевтың арызын көшіріп алған белгілі құжаттар жинағында жарияланған. «Рысқұлов хаттарында» біз бұл басты құжатты мазмұндап қана таныстырғандықтан, жалпы оқырман үшін түпнұсқадан басын (5 бет) (*сайтта берілді*) және жинақтан (Из доклада Т. Рыскулова И. Сталину... г. Москва. Между 18 и 29 апреля 1924 г. //Алаш қозғалысы. 3-т., 1-к. 2007. 144–167-бб.) қалғанын түгел ұсынбақпыз (*сайтқа салынды*), үзіктерімен танысыңыздар:

В Туркестане отделением Алаш-Орды была организация «Бирлик туы» («Знамя единения»), с созданием газетного органа под этим названием. [...] Руководил и объединял эту группу в начале Мустафа Чокаев (член Туркестанского комитета Правительства Керенского, потом, после разгона его, бывший председатель Кокандского автономного правительства). [...] ...после бегства этого Чокаева редактором «Бирлик туы» по очереди состояли его [соратники]... Ходжанов [...] активно работавшие и содействовавшие до этого делам Чокаева. Организация «Бирлик туы» в Туркестане явилась ярой и идейной противницей соввласти. Она своей агитацией и печатным выступлением наносила огромный вред соввласти. [...] Мы помним [...] в 1918 г. как эта газета подготавливала киргиз к Учредительному собранию и введению земства,

но решительно выступала против большевиков. Ходжанов и Булганбаев на страницах «Бирлик туы», разбирали программу большевиков, разбирали очень грамотно и теоретически приходили к заключению, что нужно ее решительно отвергнуть. Говорили, что во главе большевиков – грабителей стоит приехавший недавно из Германии – немецкий «шпион Ленин».

Особенно «Бирлик туы» возмущалась, когда большевики свергнули Кокандское автономное правительство. Ходжанов и его люди возможно и теперь говорят, что они тогда ошибались, не поняли, ибо были мало образованы. Нет, не верно: они были вполне образованные интеллигенты и вполне понимали то, что делают. [...] например, выступление Ходжанова и других на Сыр-Дарьинском областном Киргизском съезде в г. Туркестане, характеризующее всю идейную сущность «Бирлик туы» и ее непримиримость с большевиками. Этот съезд был созван согласно [...] телеграммы центра Алаш-Орды, напечатанной в «Бирлик туы» № 17 от 14 декабря 1917 г. [...] «Из г. Оренбурга 18 декабря. Второй Всекиргизский съезд постановил всех киргиз и кара-киргиз объединить в одно автономное государство. Поэтому Совет Алаш-Орды созывает на 5 января 1918 г. в г. Туркестане Сыр-Дарьинский областной съезд киргиз и кара-киргиз. На этом съезде поставлен будет вопрос о присоединении туркестанских киргиз к общекиргизскому автономную правительству. Председатель Алаш-Орды Букейханов и Мустафа Чокаев». Эта телеграмма напечатана в «Бирлик туы», где редактором числится Ходжанов.

Отчет об указанном съезде пишет на страницах газеты «Улуг Туркестан» № 52 от 18 января 1918 г. Валитхан Омаров – один из идейных сотрудников Ходжанова, работающий и сейчас с ним вместе (перевод этой статьи целиком прилагается при этом докладе). ...подробно описывается выступление от имени большевистского Совета Народных Комиссаров покойного т. Полторацкого и резкое выступление против него и вообще большевиков Ходжанова, который

взял слово, перебив т. Полторацкого, и разгоряченный говорил при этом. В отчете пишется, что «красиво и подробно», разъяснил сущность программы большевиков Ходжанов и решительно заявил, что для киргиз она не приемлема.

В поддержку Ходжанову выступили потом Алдабек Мангельдин (нотариус) и Мирякуб Дулатов – видный руководитель и вдохновитель киргизской Алаш-Орды. Причем последний сказал, что не нужно признавать русский язык, поэтому переводить представителю большевиков речь возражавших против него лиц не следует. И дальше говорится, что, так и не дав закончить речь, потихоньку вывели из зала заседания «товарища», представителя большевиков.

Другое характерное выступление бирликтуинской группы было на совещании в доме Асфендиярова [...] ...с пеной у рта выступал Ходжанов, Булганбаев и другие, решительно заявляя, что киргизы никогда не признают большевиков, что последних дни уже сочтены, и подвергали насмешкам этих «выскочек» большевиков-киргиз, с которыми даже говорить считали для себя унижительным. Дело дошло чуть ли не до драки и собрание большинством, поддержав Ходжанова и Булганбаева, разошлось (не откажутся, наверное, подтвердить сказанное Асфендияров, Кутебаров и другие участники). [...] При этом прилагается ряд статей Ходжанова, Булганбаева и других (в переводе), характеризующих их взгляды.

В № 17 газеты «Бирлик туы» от 14 декабря 1917 г. помещена передовица Ходжанова, где говорится о решениях Кокандского автономного правительства и о том, что в несуществлении этой автономии являются виновниками «насильщики-большевики» силой оружия установившие свою власть. [...] В общем статья рисует большевиков как зверей, против которых необходимо выступить решительно (см. приложение). [...] Здесь так же большевики рисуются как империалисты, поправшие свободу и угнетенные малые народы.

В № 37 указанной газеты характерна статья Булганбасва, так же чисто контрреволюционного характера, где открыто осуждаются руководители российских большевиков за Брестский мир... ..статья Дулатова, который не стесняясь тоже самое и теперь на 7-м году совласти под прикрытием Ходжанова пишет и проводит на страницах органа ЦК КПТ «Ак жол». Переводы статей приложены при этом [...] После роспуска организации «Бирлик туы» [...] многие, во главе с Ходжановым и Булганбаевым, оставались в Туркестане, продолжая прежнюю деятельность, Ходжанов и его люди до начала 1920 г. вели контрреволюционную деятельность среди киргиз, особенно Сыр-Дарьинской обл. Так же как, например, за контрреволюционную агитацию в Туркестанском у. по постановлению угоркома он был один раз арестован. Этот факт имел место, и есть очевидцы.

В 1919 г. во время Осиповского восстания...[...] в рядах белых со стороны старого города с оружием в руках выступили: Ходжанов, Тохтыбаев и Борцев (есть также видевшие). Но эти три лица в следующем принимали все меры, чтобы сгладить все следы этого выступления. Если как следует взяться за расследование, то можно без сомнения это установить.

[...] Ходжанов вошел в партию в том же 1920 г. и тут же посчастливилось прямехонько войти в состав в ЦК КПТ. За ним потянулась вся его компания (из бывшей «Бирлик туы») под именем уже «интернационалистов», и действительно, чтобы загладить свое прошлое эта группа, каким-то образом заручившаяся полным доверием и поддержкой т. Сафарова, начинает гнуть слишком (по внешней форме, конечно) левую линию. [...] Национальным чувствам Алаш-Орды как раз кстати пришлось эта земреформа, нашелся предлог, на основе которого можно было вновь выступить на арену политической жизни. [...] В это время в Киротделе при ТурЦИКе сидели также виднейшие деятели Алаш-Орды, а газета «Ак жол» всецело Ходжановым вручена была этим алашордынцам. Редактором был Мирякуб Дулатов. Последний на стра-

ницах газеты говорил «бить всех русских колонизаторов, причем все крестьяне рассматривались ими «врагами»... [...] алашордынец Дулатов пишет длинную статью инструктивного характера для киргизских коммунистов, громя русских и советуя «по возможности не жалеть русские поселки».

Мы не собираемся судить земреформу, она была нужна, дала некоторую пользу бедноте, но проведена была со многими «ошибками» под «национальным признаком» алашордынской организации. И многие еще из киргизского населения действительно думают, что земреформу дали алашордынцы, работавшие под прикрытием и руководством «коммуниста» Ходжанова.

[...] Может быть Ходжанов отказался от своей алашордынской среды и действительно проводит коммунистические принципы. Ведь его даже предупреждают об этом решения предыдущих съездов РКП и ЦК о чистке чуждых элементов из партии [...] Ходжанов, может быть, согласно этим директивам партии опомнился и отмежевался от всего несоответствующего с коммунистическими принципами.

Заявляем, ничего подобного. Под «левым коммунизмом» и красивыми лозунгами о союзах «Кошчи» идет самая отвратительная, разлагающая массы и молодежь контрреволюционная работа, прodelываются преступная фальсификация и злоупотребления именем партии, и вместо марксистского воспитания и марксистской теории, идет насаждение принципов идеализма и даже религиозной мистики среди подрастающего поколения. Героями этой разлагающей изнутри коммунистической партии среды являются те же виднейшие деятели Алаш-Орды под председательством официально и прикрытием «левого коммуниста» Ходжанова (бесспорно хитрого, способного на всякие «комбинации» и умело вошедшего в доверие некоторой части руководителей компартии).

Полям деятельности этой хитроумной организации являются страницы газеты «Ак жол» (орган ЦК КПТ и ТурЦИКа, киргизский журнал «Чолпан» – приложение к «Ак жолу»,

подарок читателям», а так же разные лекции представителей этой организации). В последнем случае, если расспросить, расскажут сами учащиеся в разных школах. Главными из деятелей, упорно работающими по проведению своих идей, являются: Алихан Букейханов (бывш. председатель Алаш-Орды Киргизии, бывш. кадет, виднейший интеллигент и публицист), Мир-Якуб Дулатов (один из главных руководителей Алаш-Орды и ее идеологов, литератор), Магжан Джумабаев (новый поэт на старый «алашордынский лад»), Булгамбаев, известный нам, Халил Дос-Мухамедов (д-р и научный деятель) и др.

Основная линия «Ак жола» и всех остальных перечисленных нами киргизских журналов заключается в статьях указанных деятелей. [...] Там – под видом какого-нибудь рассказа, басни или стихотворения (см. Джумабаева), но иногда даже прямо в политической статье – вы увидите подлинную идею и старую программу Алаш-Орды, вбиваемую с «благословения коммунистической партии» в головы темных масс и молодого поколения.

[...] Начнем со статей молодого поэта Магжана Джумабаева, портрет которого (по предложению Ходжанова) повешен в стенах Киринпроса и сам зачислен на стипендию Турк-республики. В газете «Ак жол» № 408 от 25 февраля 1924 г. помещено стихотворение под заглавием «Джилкычи». В этом стихотворении под снежной бурей, разыгрывающейся в степях, подразумевается большевистская революция, под отбившимся от пастуха во время бури табуном лошадей подразумевается киргизский народ, а под именем пастуха – руководители Алаш-Орды. Дальше говорится, что разыгрался буран, кругом холод, все коченеет, ходят голодные волки (подразумеваются большевики)... В № 10 «Ак жола» от 1 марта сего года помещено стихотворение под названием «Железная дорога» того же М. Джумабаева. ...спрашивается: закончена ли эта дорога, встречали ли собравшиеся во встречных аулах лицезреть ее толпы женщин и детей, скакали ли рядом с поездом пастух лошадей? Узнай обо всем этом,

друг мой, если ее судьба тебя перебросит туда. [...] Проверишь: построена ли эта дорога. Проверишь ты там: остался ли народ таким же богатым, полны ли его мешки хлебом или все те «хорошие времена отошли в прошлое». А может быть, ты увидишь, что киргизский народ уже стал другим. Попал в бедствие. Может быть [...] эти несчастные во сне только вспоминают теперь вкусный кумыс, вместо него пьют горькую воду (водку). Не продает ли несчастный киргиз [последнее], держа в руке чашку молока и не надсмехается ли над ним «желтая собака» (русский), торгуя у него молоко. Не увидишь ли ты еще 60-ти летнюю старуху, не имеющую ничего продать и продающую ...тело своей дочери (т. е. проституция и, вообще, все эти ухудшения произошли будто бы при большевиках). Поэтому, мой брат (читатель), если попадешь в степь, расскажешь там о той железной дороге и прежних хороших временах. Этим призывом кончается указанное стихотворение.

У Магжана Джумабаева много и других произведений. Есть напечатанные в виде целого сборника, в котором сначала до конца ни одного слова, пожалуй, о коммунизме нельзя встретить. В основу этих произведений положена идея Алаш-Орды, подтачиваются большевистские принципы и не только отрицается марксизм, но призывается к помощи народу в его стихах Аллах и другие сверхъестественные силы. Произведения Джумабаева правительством Кирреспублики запрещены к распространению в Киргизии, и поэтому поводу Ходжанов вел целую полемику на страницах газет с «коммунистическим» (настоящим, конечно) г. Оренбургом.

Теперь перейдем к разбору ряда выдержек из статей другого идеолога Алаш-Орды – Мир-Якуба Дулатова. Последний больше пишет политические статьи директивного характера для киргизских коммунистов. Ходжанов, его преданный ученик, и печатает его статьи на видном месте. [...] Недаром в юбилейном номере этой «подлинно батрацкой» газеты «Ак жол» рядом с портретом Ходжанова помещен портрет Дула-

това (удивительно: они похожи друг на друга по выражению лица), идея ведь одна у них и не даром этот Дулатов в фельетоне того же юбилейного номера восхваляет «Ак жол» даже лучше, чем сам Ходжанов и указывает народу, что эта газета находится на правильной дороге, т. е. алашордынской. [...] Главой всех их и идейным руководителем является Алихан Букейханов (псевдоним Кыр баласы), инструкциям которого слепо подчиняется его неразрывный ученик Ходжанов. [...] нигде ни на страницах печати, ни в выступлениях в докладах Ходжанова ни одного слова не только осуждающего, но упоминающего об Алаш-Орде нельзя найти (это подтвердится, если кто-нибудь попробует проверить). В то же время недавно один из участников (видных) Алаш-Орды, но теперь коммунист т. Кенжин в киргизской газете «Энбекчил казак» написал длинную статью с разоблачением контрреволюционной деятельности Алаш-Орды и с осуждением ее, что давно должен был сделать Ходжанов, если он действительно (как он старается доказать) сделался коммунистом.

На идеализме, а не на марксизме основаны взгляды Алаш-Орды (вместе с тем взгляды всей Бирликтуинской организации). Это видно из следующего невинного, казалось бы, рассказа Ал. Букейханова, напечатанного под названием «подарок читателям» в приложении к «Ак жолу» № 385. [...] В других рассказах и стихотворениях как Букейханов, так и Дулатов и остальные ссылаются каждый раз на «проведение всевышнего бога» и основывают жизнь на вере. В других местах, например, воспевается геройство былых киргизских ханов и «батыров» (богатырей) и говорится, что народ ждет героев подобно такого то батыра, который спас бы народ. Например, в том же приложении Магжан Джумабаев воспекает героя батыра Кенесары, боровшегося с русскими, но потом, при завоевании ими киргиз последние подчинились окончательно власти этих «хрюкающих свиней». Дальше говорится, что теперь (конечно, после революции) народу хуже стало, он впал в горе и, делая обращение к богу, призы-

ваает его послать для многострадаального «алашского» народа подобного героя, как Кенесары батыр.

Между прочим, сейчас молодежь и читающая киргизская публика довольствуются «батырами» (народными былинами) при отсутствии совершенно марксистской и даже научного направления литературы на киргизском языке, а организация бывшая «Бирлик туы» во главе с Ходжановым, захватившая газетный киргизский орган, разыгрывая официально из себя «коммунистов», на деле угощает идеализмом и религией с примесью патриархально родовых привкусов в статьях дулатовых, джумабаевых, букейхановых и т.д. малограмотные киргизские массы и коммунистическую молодежь.

Заканчивая разбор «алашордынской» и идеалистической подоплеки ходжановской группы, мы не можем не указать на удивительно смелый «авантюризм и карьеризм» Ходжанова и его людей. [...] Ходжанов, прежде всего, выставляет себя ярым противником бывших царских переводчиков, но сажает кругом власть «своих» переводчиков... [...] Всем хорошо известно о том, что Ходжанов ведет непрерывную переписку с Ал. Букейхановым, Дулатовым, Болганбаевым, Ах. Байтурсуновым и др. Выдает им тайны партии и получает от них директивы. Все эти письма можно было бы захватить, если бы неожиданно ГПУ сделало обыск на его квартире. Например, мы знаем через одного человека-очевидца письмо Ал. Букейханова на имя Ходжанова, где Букейханов говорит, что он «на старости лет не желает унижаться перед Сталиным и просить его зачислить сыновей на стипендию», а решил через Ходжанова зачислить их на стипендию за счет Туркеспублики. Пусть Ходжанов покажет эта письма. Мы полагаем, что если расспросить прямо самих Букейханова, Дулатова и других они должны будут сознаться, что действительно переписывались с Ходжановым. Пусть Ходжанов покажет их письма (хоть несколько), если он ни одного не покажет будет неверно, ибо после тех статей, которые помещаются в газетах, никто из посторонних не поверит, что не было пере-

писки. Мало того, что Ходжанов каждый раз по всем серьезным вопросам совещается дома с беспартийными (бывшими алашордынцами, видными) Ходжиковым, Испуловым, Утегеновым и др. Потом вынесенные там решения и планы несет в Исполбюро или Среднеазиатское бюро ЦК для проведения. Вся эта публика все тайны РКП знает великолепно. Испулов, замначальника землеустройства, бывший командир полка, алашордынец не раз доказавший себя [в борьбе] против большевиков. [...] Что же касается окружающих Ходжанова в данный момент киргизских работников, то нужно определенно сказать, что около него сидят и вместе с ним идейно-связано работают (в виде партийных и беспартийных) все почти бывшие бирликтуинцы. Среда, окружающая Ходжанова, как и он сам, ничего общего не имеет с коммунистической партией по своей политической подкладке, но и чужда так же по своей определенной мелко буржуазности и материальной нечистоте. Бесконечная борьба за власть, начиная с волостей, разжигание родовой вражды (назначение и переназначение волостных), взяточничество, нарушение на каждом шагу требований партийного устава, двуличность, обман и т. д. – вот чем отличается среда Ходжанова. Такие люди как Шерихан (явный жулик и взяточник) и Садык Утегенов (почтенный старик монархического толка, ездивший в 1913 г. на празднование юбилея Романовых в г. Петербург), и много других подобных, включая сюда уже упоминавшегося нами Ходжикова, (писавшего на киргизском языке брошюру о трехсотлетию Романовых с портретами), конечно, ничего общего не имеют с коммунистической партией и вредны бесконечно. Так, например, Садык Утегенов у Ходжанова служит патриархальным примирителем отдельных ссорящихся между собой коммунистов-киргиз, а так же является его глашатаем по аулам о тех или других назначениях, не обходящихся, конечно, и без взяток. Например, знаменитый Х. Булганбаев [в] 1922 г. выбирался членом ТурЦИКа и потом отправленный на казенные деньги в Киргизию.

Мы перечислять всех его Ходжанова деятелей из «Бирлик туы» не будем, ибо это займет много места, а если нужно представим отдельный список, их характеристики. Но нужно сказать, что эти люди поддерживаются Ходжановым и систематически выдвигаются на ответственные посты. [...] Все это можно проверить на месте. Мало того, нам, подписавшим этот доклад, и то не давалась возможность проводить определенную коммунистическую мысль в прессе. Вот приблизительно то, что нужно было сказать для освещения сущности ходжановской группы и ее вредной роли для компартии» (144–161-бб.).

Бұдан әрі сайтқа түпнұсқаның скан-көшірмесін бердік, ондағы айыптаулар мен ұсыныстардың аталмыш құжаттар жинағындағы мәтіні мынау (қысқаша):

«На основании вышеизложенного, мы обвиняем Ходжанова и его группу из бывших алашордынцев в следующем:

1. В борьбе идейной и практической во главе организации киргизской националистической интеллигенции «Бирлик туы» против соввласти в период 1917–1919 гг. с причинением тогда определенного вреда развитию коммунистического движения в начальный период в Туркестане. [...] 2. В продолжение этой антисоветской работы (борьбы) и в период с 1919 г. и начала 1920 г., выразившейся в агитации и даже открытых выступлениях членов бывшей Алаш-Орды, в «Бирлик туы» против советской власти, использование каждой ее неудачных моментов и в работе по всяческому разложению рядов киргизской бедноты и коммунистов. 3. В преступном использовании земреформы 1920–1921 гг. и землеустройства среди киргизского населения с привлечением в политическую работу видных деятелей алаш-ордынской организации, их популяризации в глазах масс и агитации, что земреформе киргизы обязаны ходжановской группе и Алаш-Орде. [...] 4. В создании и углублении в рядах киргизской части партии групповой борьбы с привлечением к активной партийной работе всех почти бывших бирлик-

туинцев (в большинстве вошедших в партию с 1920 г.) и гонения на киргизских коммунистов, не относящихся к «Бирлик туы», состоящих в партии в большинстве с 1918 г. [...] 5. В продолжении и в настоящее время ходжановской (бирликуинской) группой совместной идейной работы с бывшими деятелями Алаш-Орды, выразившейся в воспитании массы и киргизской молодежи в антикоммунистическом духе, печатании статей и произведений этих алшордынских деятелей на страницах коммунистических органов явно контрреволюционного характера, пользующейся незнанием киргизского языка руководящей русской частью работников и малоразборчивости киргизских низовых работников; популяризации этих алшордынских деятелей путем организации их юбилеев (Ах. Байтурсунов и другие) и вешания в сте-... (*Обрыв текста источника*). 6. В выдаче беспартийным бывшим алашордынцам (Ходжиков, Испулов, Утегенов и т.д.) партийных тайн и совместном обсуждении с ними всяких партийных вопросов (назначение и распределение работников, земельная политика и т. д.), а так же в постоянной переписке Ходжанова и других с алашордынскими деятелями, находящимися вне Туркестана с сообщением им о партийных делах и получения от них инструкций. 7. В ложном разыгрывании роли «левых» коммунистов, но в действительности продолжении дела Алаш-Орды и определенном введении в заблуждение высших органов компартии. Упоминание Ходжановым, до сего времени ни единого слова не сказавшим об Алаш-Орде, относительно реакционного взгляда Ал. Букейханова, когда разбирался недавно на Пленуме ЦК КПТ вопрос о национальном размежевании Туркестана (и видно Ходжанов чует вину свою и уже желает начать обсуждение своих учителей), в то же время состоя в идейной связи с ними. Этого Ал. Букейханова статьи под псевдонимом Кыр баласы, однако, продолжают печататься на страницах «Ак жола». 8. Во всяческом отвоевании места своим бирликуинцам, защите их, если некоторые из них

даже являются явными жуликами [...] 9. В подмене вопросов принципиальных на вопрос о сохранении «кресел» и преступном использовании союзом «Кошчи» в карьерных целях «своих людей»... [...]

Согласно вышеуказанному обвинению и принимая во внимание последнее решение (ЦК РКП (б) в связи с рабочением партии о необходимости тщательной чистки от всяких антисоветских элементов) выносим следующее предложение.

1. Удалить немедленно от всех занимаемых ответственных постов Ходжанова и его людей из бывшей «Бирликуту». Поставить вопрос об их исключении из партии как чуждых партии элементов.
2. Немедленно оздоровить руководящие органы киргизской партийной части организации, выдвинув туда действительно коммунистический элемент из киргизских коммунистов и молодежи... [...] Приостановить «чехарду» назначений и переназначений работников, подлежащую Ходжановым.
3. Проверить деятельность бывших алашордынцев из Киргизии и поставить под контроль партии их работу.
4. Все важнейшие политическо-культурные организации и учреждения среди киргиз, где во главе стоят беспартийные, возглавить коммунистами. [...] 5. Взять на учет беспартийные антисоветские киргизские элементы на местах, тем или иным путем влияющие на политическую работу, и поставить их работу под контроль партии и соответствующих инспекторских органов.
6. Произвести согласно решению ЦК РКП о чистке партии, в первую очередь, перерегистрацию бывших царских переводчиков, вошедших в партию, и подвергнуть тщательной проверке... [...] 7. Устроить, если надобно, ряд собраний (партийных и даже беспартийных) исключительно киргиз и расспросить там о деятельности ходжановской группы во время существования бирликутинской организации в 1918–1919 гг., во время земреформы и о связи ходжановской группы с алашордынцами, где собрание бесспорно подтвердит вышесказанное. Особенно желательно расспросить учащуюся молодежь, что им пре-

подносится алашордынцами и людьми Ходжанова. 8. Всякую защиту и дальнейшее прикрытие со стороны кого-либо из вышеруководящих работников этой ходжановской группы и тесно связанной с ней алашордынской организации... [...] 9. Произвести обыск в квартире у Ходжанова и его других сотрудников, где без сомнения будут найдены документы, раскрывающие их контрреволюционную деятельность, а также и тех вне Туркестана, с кем он ведет переписку, где без сомнения найдены будут письма Ходжанова. Потребовать от Ходжанова все номера [газет] «Бирлик туы» и «Ак жол» за 1921 г. 10. Обратить на все наши вышеизложенные требования самое серьезное внимание, отнестись к вопросу со всей строгостью партийного устава и требований и вынести должное соответствующее решение, ибо голос наш считаем, является голосом всей коммунистической молодежи и всего, что есть коммунистического среди киргиз. [...] Надеемся, наши вожди коммунистической партии достойным образом оценят наши выступления и оздоровят, наконец, болезненную действительность жизни среди киргизского населения.

С коммунистическим приветом...» (161–164-бб.).

Одан әрі берілген: «Из приложения «Перечень и характеристика ряда главнейших деятелей из бывшей Алаш-орды и «Бирлик туы», играющих сейчас политическую роль в киргизской части населения туркестана к докладу об Алаш-орде» атты мәтіннен үзінді:

1. Беспартийные

[...] Мир-Якуб Дулатов. Тоже один из видных идейных руководителей Алаш-Орды, бывший редактор газеты «Казак», издававшейся до революции, бывший видный поэт, теперь неспособный по взглядам своим это призвание применять к революционной обстановке. Он, пожалуй, является слишком тесным другом Ходжанова, работал с ним прежде, и они связаны идейно и практически и теперь. [...] Дулатов, не скрывая говорит, что они добились у русских большевиков необходимости земреформы для киргиз, поэтому землю

дают они, а не кто-нибудь другой и т. д. Много статей этого Дулатова печаталось на страницах «Ак жол» и в последние 1922–1924 гг., где кроме буржуазного национализма, ничего больше нельзя встретить. Как создателя «Ак жола» портрет Дулатова дважды печатался рядом с портретом Ходжанова на страницах юбилейных номеров «Ак жол» (в 1922–1923 гг.). Портрет Дулатова висит в киргизском Инпросе в г. Алматы (Верный). Всемерно популяризируется. Имеет полную связь с Ходжановым и узнает через него секреты партии.

3. Ахмед Байтурсунов. Тоже видный деятель Алаш-Орды. Одно время состоял в партии, но был потом вычищен. [...] Когда Байтурсунов приезжал как-то в г. Ташкент в Киринпросе ему был устроен большой банкет, где все старались уверить его, что они его последователи, поднимали на руки, оказывали всякие почести и т. д. Исправлен был в 1923 г. его юбилей, когда целый номер «Ак жола» был посвящен ему, писали его биографию и перечисляли заслуги. Ходжанов пользуется всяким случаем, чтобы популяризировать Байтурсунова и теперь. Так, совсем недавно, в «Ак жоле» № 421 от 3 апреля 1924 г. в своей полемике с оренбургскими коммунистами в защиту алашордынских писателей о культуре в одном из пунктов своих поставленных вопросов (пункт 5) Ходжанов пишет подлинно следующее: «Кто главой дела должен быть: тот, кто дело это сделал или тот, кто это дело только дополнил?» Если заслуга должна быть за тем, кто сделал дело, то почему тогда Ахмед Байтурсунов, являющийся первым деятелем киргизской национальной культуры, работающий по очистке языка, написавший киргизскую грамматику, положивший незыблемую основу киргизской национальной культуре – почему должен быть сравним с Омар Карач Муфти. Много и других случаев, когда восхваляется Ахмед Байтурсунов. По мысли Ходжанова киргизы должны пройти сперва расцвет национальной культуры и потом уже приобщаться к новой культуре. [...]

2. Партийные

С. Ходжанов. Его охарактеризовали отчасти в основном докладе. [...] Когда записывался в партию, он говорил всем, что записывается не по убеждению, а чтобы отомстить, делавшим гонения на него киргизским большевикам. Особенно на это толкнул арест его за контрреволюционную работу в 1919 г. в Туркестанском у. И об этом все знают (нужно спросить работников Туркестанского у., и они расскажут), Ходжанов, пожалуй, достиг своей цели и достаточно поиздевался над тогдашними киргизскими большевиками. [...] В 1918 г. в г. Ташкенте существовал, т. н. «Краевой мусульманский Совет Туркестана», являвшийся преддверием к «Кокандской автономии». Возглавляли его: М. Чокаев, Ахмед Заки Валидов, Сейфуль-Муликов, Нарбутабеков и др. Многие из них возглавляли потом Кокандскую автономию. Членами в это Совет входили также: С. Ходжанов... Ходжанов после вхождения в Компартию и до сего времени ни в печати и ни в выступлениях ни одним словом не осудил свое контрреволюционное прошлое, Алаш-Орду и Кокандскую автономию.

Санжар Асфендиаров. Сын генерала, состоявшего при Туркестанском генерал-губернаторе. Сам он окончил военно-медицинскую академию и был видным царским чиновником. Состоял в Алаш-Орде, в биографии своей он возможно пишет, что он был председателем мусульманских рабочих (тыловые рабочие фронта) в г. Ташкенте. Но [участвовал] в Коканде на съезде, т. н. «мусульманских рабочих и военных» (замаскированных представителей туземной буржуазии). Этот съезд при участии в Президиуме Асфендиарова вынес постановление поддержать Кокандскую автономию и осудить большевиков. ...В конце 1919 г. по моей инициативе привлекли его к работе, назначили беспартийного в Наркомздрав, потом согласно нашим ходатайствам, как полезного врача из туземцев, даже приняли в партию. Но Асфендиаров не мог сделаться «левее» меня и заделаться подлинным «интернационалистом». Тем более быть вообще

одним из секретарей ЦК КПТ, каким он является теперь. Все это ничего, если бы он не оказался теперь в компании контр-революционной Алаш-Орды. [...]

Т. РЫСКУЛОВ

РГАСПИ. Ф.17. Оп.85. Д.77. Л.204–244. Подлинник» (Аталған жинақта: 161–167-бб.).

1924 жылғы 18 сәуірде берілген осы баян-хаттардан үш-төрт күн өткенде Тұрар Рысқұлов Сталиннің секретариатына келеді. Сталиннің хаттармен әзір таныса қоймағанын естігеннен кейін, «қолы тимесе, тым болмаса, Негізгі баяндаманың 22-ші бетінен басталатын айыптауларды оқыса» деген өтінішін білдіріп, төмендегі хатты тастайды (*түпнұсқаның скан-көшірмесі сайтта берілді*). Жақын күнде қосымша «алашордашылар» тізімін берем деген уәдесін де жазады, баяндамасын ЦКК мен ГПУ-ге де беріп отырғанын ескерте кетеді.

Содан тағы бір аптадай өткен соң, 1924 жылғы 29 сәуірде, Тұрар Сталинге уәде еткен негізгі баян-хатына қосымшасын (8 беттік) құпия етіп ұсынады. («Алаш қозғалысы» жинағында Қожанов есімі аталатын екі-үш адам мен оның өзі туралы жазылған жерлері ғана келтірілген). Жинақтағы үзікпен жоғарыда таныстыңыздар, енді түпнұсқаның толық скан-көшірмесін көріңіздер (*сайтта берілді*).

Ертеңіне, 30 сәуірде, Тұрар Бас хатшы Иосиф Сталинге, сонымен бірге ЦКК мен ГПУ-ге тағы да құпия хат береді. Онда автор Қожановтың жасауы ықтимал қарсы әрекетін, оның Шокаевпен байланысын, осы орайда Мемлекеттік саяси басқарманың бақылауды күшейткені дұрыстығын айтып, алашордашылардың ел ішінде беделі зор екені ескертеді де, жастарды олардан бөліп алу үшін партияның көмекке келуін сұрайды (*түпнұсқаның скан-көшірмесі сайтта берілді*).

Міне, Рысқұловтың Сталинге, ЦКК мен ГПУ-ге Қожанов пен алашордашылар үстінен 1924 жылғы 18–30 сәуірде

жазған баян-хаттарымен тағы бір таныстық. Бұларда «туркестанец» байбалам салатындай, «Рысқұловты төмендетіп, Қожановты көтермелеу» әрекеті бар ма? Тиісінше, «туркестанецтің» қайткенде Қожановты қосымша қаралай түсуіне итермелейтін себеп боларлық бірдеңе бар ма? Әрине, жоқ. Ендеше, ол неге соншалықты қуыстанып кетті?

Шын зерттеуші тек таныстыру мақсатында жарияланған (негізгі бөлігі 2007 жылы ресми-ғылыми құжаттар жинағында басылған) хаттарға бейтарап, әділ, адал сарапшы тұрғысынан қарау керек еді ғой деп ойлаймын.

Тұрардың Сталинге тікелей кірген-кірмегенін білмейміз, ал бірақ ГПУ-де әлденеше болып, Петерспен көтерген мәселесі бойынша әңгімелескені жайында оның өз жазғандарынан баршамыз хабардармыз.

Ал Петерс (Ян, Яков Христофорович) 1917 жылы контрреволюциямен күресу үшін құрылған бүкілресейлік төтенше комиссия (ВЧК) басшылығына Дзержинскиймен бірге тағайындалып, әлемдегі өте күшті арнайы қызметтердің бірін аз жылда-ақ түбегейлі құруға белсенді атсалысқан партия сарбазы.

Ол 1918 жылы Мәскеудегі шетелдік елшілердің астыртын қастандығын ашуға, солшыл эсерлер бүлігін жоюға қатысқан. Ленинге оқ атқан Капланның ісі бойынша тергеу жүргізген.

1920–1922 жылдары Петерс ВЧК өкілі ретінде Түркістанда ақ атамандармен, басмашылармен күресуді, түрлі тыңшыларды әшкерелеуді және, әрине, чекистер агентурасын құруды ұйымдастырды. Сталин оны «революциялық шайқастардың соңғы романтигі» деп атаған.

Міне, осы атакты чекист ГПУ-дің Шығыс бөлімін басқарып отырғанда, Тұрар оның алдына барған еді. Петерспен екеуінің арасында тәп-тәуір қарым-қатынас орнайды. Ол Коминтерннің атқару комитетінде қызмет істеп жүрген Тұрар Рысқұловты Қазақияға қызметке жіберу жайында жоғарыға ұсыныс жасағандарын сыр етіп Тұрардың өзіне айтады.

Сәуірде орталыққа жазған хаттарынан кейін Тұрардың мамыр айында Қабылбекке хат жазып берген тапсырмалары соның пайдалы кеңестерінен туған болуы керек.

Сондай-ақ, Тұрар Қабылбекке жазған хатында (Петерстің аузынан естуі бек мүмкін): «Қазақтардікінен кейін кезекке өзбектер арасындағы Қоқан автономияшылары туралы мәселе қойылады» деген чекистік жоспарды да айта кетеді...

Осыларды оқығаннан кейін, адал зерттеушінің санасына Тұрардың 20-шы жылдардың соңына қарай басталған репрессияға өз еркінен тыс тамызық тастау іспетті рөл атқарғаны жайында ой келмей тұрмайды.

Халықтың аяулы ұлы тарапынан ондай әрекет жасалғанына сенгің келмейді. Әрі, «туркестанецтің» Қожановты «әшкерелеу» үшін айналымға қосқан құжаттар жинағында Рысқұловтың 1924 жылы тіл табысып тұрған Петерстен 1934 жылы қалай қорғануға мәжбүр болғанына куә боларлық маңызды дәлел – Сталинге 1934 жылғы 15 желтоқсанда жазған хаты бар (Письмо Т. Рыскулова И.В. Сталину и Л.М. Кагановичу «О перегибах в связи с чисткой парторганизации в Средней Азии» //Алаш қозғалысы. 3-т., 2-к., 2007. 183–195-бб.). Онда ол Петерстің Орта Азияның көптеген көрнекті қызметкерлеріне және түрлі жауапты қызметімен партияға адал берілгендігін дәлелдеген өзіне де таққан айыбы жайында әңгімелеп, ақталуына қажет өтініштерін білдіреді.

Демек, «туркестанец» пен оның сыбайластарына жарияланым мақсатын дөрекі бұрмалап, қилы жала жабу, байбалам салу әрекеттерін дуылдатқаннан гөрі – барлық зерттеушілік мүмкіндіктерін жұмсап, чекистердің қазақ ішіндегі әрекеттерінің құпиясын ашумен шұғылдану ләзім.

6 наурыз 2012 ж.


Тұрар Рысқұлов



Сұлтанбек Қожанов

Смағұл Садуақасов





Смағұл Садуақасов зайыбы
Елизавета Әлиханқызымен



Тұрар және Әзиза
Рысқұловтар



Әлихан Бөкейханов
немересі Ескендірмен



Сұлтанбек Қожанов зайыбы
Гүлндам, қарындасы
Озипа, балдызы Бану, қызы
Зиба, ұлы Нұрланмен



«Халыктар экеси»
Иосиф Сталин



Иван
Говстуха



Ян Петерс



Үлттык же желеуден кейинги Орта Азия картасы



Филипп
Голошекин



Кабылбек
Сарымолдаев



Мухтар Ғуезов,
Смағұл Садуакасов



**Сұлтанбек
Қожанов**



Смағұл Садуақасов



Тұрар Рысқұлов



**30-жж. кинохро-
никасынан кадр.
Сұлтанбек Қожанов
пен БК(б)П ОК Орта
Азия бюросының
бірінші хатшысы
Карл Бауман**



**Дінмұхамед
(Дінше,
Мұқыш)
Әділов.
Ташкент.
1921ж.**

**Бақытжан Қаратаев 1907 жылғы
16 мамырда II Мемдума мінберінен
атақты сөзін сөйлер қарсаңда. Оң
жағында тұрған Ахмет Бірімжанов.
С.-Петербург. Таврия сарайы, 1907 жс.**



СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ

*От кешу * Тернистый путь * Иманшарт * Алғашқы қарлығаштар еді... * Өмірдерек * Иштен шыққан жсау жсаман * Алты алаштың ардағы * Азаттық қозғалысының жалынды күрескері * Ұлттың рухани көшбасшысы бар ма?*

1. От кешу

Бұдан жарты ғасыр ілгеріде заңсыз жапа шеккендер есімі халыққа қайтарылып, қайта құрудың әділетті аясында тиісті қадір-құрметке бөленіп жатқан қазіргі шақта оқырман назарын сондай ықыласқа лайық мына тұлғаға аударуды парызым санап отырмын...

Менің алдымда СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының анықтамасы жатыр. «Тұтқындалғанға дейін (1937 жылғы 16 июль) Советтік бақылау комиссиясының өкілетті өкілінің Өзбекстан бойынша орынбасары болып істеген Сұлтанбек Қожанұлы Қожановты айыптау жөніндегі істі СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы 1957 жылдың 5 июлінде қайта қарады, – делінген онда. – Әскери коллегияның С.Қ. Қожановқа қатысты 1938 жылғы 8 февральдағы үкімі жаңадан ашылған жағдайларға байланысты қайтып алынып, қылмыс құрамы болмағандықтан, іс тоқтатылды. С.Қ. Қожанов қайтыс болған соң ақталды».

Ал келесі бір қағаз Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының 1957 жылғы 17 декабрьдегі шешімімен Қожановтың партиялылығы қалпына келтірілгенін айғақтап тұр.

Ақталғанына отыз жылдан асқанымен, не Қазақ совет энциклопедиясынан, не басқа анықтамалықтардан Сұлтанбек Қожанов туралы ешқандай өмірбаяндық дерек таба алмайсың. Таңырқарлық жәйт. Өйткені ол революция тудырған

айшықты тұлғалар қатарындағы қайраткер. Ендеше, оның сонша ұмыт қалдырылуы қалай? Абайлап қарасақ, мәселе оның Қазақстан партия ұйымы тарихындағы 20-жылдардың алғашқы жартысында қылаң беріп, белсенділер дақпыртымен дабырайған «шылдық-шілдіктердің» бірімен таңбаланғанында екен. Бүгінде біздің қоғамдық, рухани тыныс-тіршілігімізге Тұрар, Сәкен, Сейтқали есімдерінің бекем еніп кеткені соншалық, 20-жылдары рысқұловшылдық, сейфуллиншілдік, мендешевшілдік болып, олар әлдебір нәрселерде «бұра тартыпты-ау», залалды жіктердің басында тұрыпты-ау дегендерге мән беруге тұрмайтын өсек естігендей қарар едік. Бірақ қожановшылдық дегенді тосырқап қабылдарымыз хақ, өйткені қазіргі ұрпақ Қожанов туралы ештеңе білмейді деуге болады. Себебі... Мұның себебін Сұлтанбек Қожанұлымен таныса отырып ашуға тырысайық.

С. Қожановтың негізгі өмірбаяндық деректері КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві берген анықтамада жақсы көрсетілген. Соларды толықтыра түсуге Өзбек ССР-інің Орталық мемлекеттік Октябрь революциясы және социалистік құрылыс архивінде сақталған мәліметтер мен «Костры» журналының 1923 жылғы 2–3-санында «Біздің қызметкерлер» айдарымен басылған өмірбаяны, сондай-ақ Қожановтың өзі жазған ірілі-ұсақты еңбектер тәп-тәуір жәрдемдесе алады.

Қазіргі Шымкент облысы, Созақ ауданындағы Аксүмбе деген жерде 1894 жылы туған Сұлтанбектің қысқа ғана балалық шағы сол Қаратау баурайында, шаруасы жартымсыз, сіңірі шыққан кедей болған малшы әкесі Қожан Қоңқақұлының қолында өтеді. Көп балалы қойшы Қожанның ұлдарының үлкені Сұлтанбек екен. Патша үкіметі өзінің отардағы ісіне септесер болашақ қолшоқпарларын тәрбиелеу мақсатымен орыс-тузем мектептерін ашып, оқытатын балаларды әр болыстан жинауға кіріскенде, ауқаттылар «тұқымын

шоқындырып алудан» қорғаншақтағандықтан, жеребе «бір қора ұл-қызы бар» кедей-кепшік Қожанның бақташы боп жүрген еті тірі, пысық жеткіншегі – Сұлтанбегіне түседі. Осындай жағдаймен он бір жасар баланың тұрмыс салтына өзгеріс енеді – әкесі оны Түркістанға әкеліп, танысының үйіне орналастырады. Мұнда ол бір ауыз орысша сөз білместен орыс-тузем мектебінің партасына отырады, әрі, күнкөріс талабына орай, етікшінің жәрдемшісі ретінде жұмыс істей бастайды.

Зерек бала орысшаға тез төселіп, төрт кластық бастауыш орыс-тузем мектебін ойдағыдай аяқтайды да, үш кластық қалалық училищені бітірген соң, білім қуып Ташкентке келеді. Ізденімпаз жасөспірім Сұлтанбек сондағы мұғалімдер семинариясына түсуге талпынады, ол Түркістан уезінің туземдіктері үшін төрт орын белінгенін алдын ала біліп алғанын. Алайда тым жүдеу киінген жарлы баланы бұл оқу орны маңайлатқысы да келмейді. Тек өзінің ұстазы, Түркістан қазақтары арасында Ұзынсақал атанып кеткен орыс тілінің мұғалімі Иван Михайлович Яковлевтің араласуымен ғана конкурс бойынша қабылдау емтиханын тапсыруға рұқсат алады. Сынақтардан мүдірмей өтеді.

Семинарияда оқыған жылдарында Сұлтанбек жалпы білімін көтерумен қатар қоғамдық озық ой-пікірлермен таныса бастайды, мұғалімдердің астыртын ұйымдарының жүргізген жұмыстарына қатысады. Өзі оқып жүрген мұғалімдер семинариясында 1915 жылы «Кеңес» атты жасырын үйірме ұйымдастырады. Оқуды 1916 жылы мақтау грамотасымен тамамдайды да, Әндижан уезіндегі орыс-тузем мектебінің мұғалімі боп тағайындалады. Онда бір жыл істейді, сосын туған жеріне оралып, ауыл мектебінде бала оқытуға кіріседі.

Қожановтың белсенді қоғамдық-саяси жұмысқа біржола ден қоюын Февраль революциясы мүмкін етті. Ол Ташкентке барып, мұғалімдер институтында тыңдаушы бола жүре, буырқанған саясат жолдарынан өз бағытын, адастырмас дұрыс жолды табуға тырысты. Ал ол кездегі жағдай күр-

делі болатын. Патша тақтан құлаған сәтте туындаған саяси мүмкіндіктерді ең алдымен ұлттық буржуазия мен оған іркес-тіркес жүрген интеллигенция тобы пайдаланып қалуға ұмтылды. Бұл топ өлкенің Европа капиталымен тығыз байланысқан түрде капиталистік жолмен дамуын қолдайтын. Олар Уақытша үкіметтің Түркістандағы сенімді тірегіне айналды. Тағы бір шапшаң ұйымдасқан топ – мешіт үстемдігін орнатуға тырысқан мұсылман дін басылары еді. Олардың «Улема» атты ұйымы өлкені шариғат негізінде басқару үшін Уақытша үкіметтің алдына федерация болу талабын қойды. Буржуазиялық ұлт интеллигенциясын «орыстарға беріліп, шариғатты мойындамағандығы үшін» мешіттен аластады. Ал еңбекші бұқара негізінен осы екі топтың соңынан шұбыратындай сынайда-тын, сондықтан да оларды өздерінің революцияшыл ұйымдарына біріктірудің, сөйтіп орыс пролетариатына жақындастырудың маңызы зор болды. Бұл орайда жергілікті халық арасынан шыққан революционерлердің кең көлемде үгіт-насихат, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізгені белгілі. Сұлтанбек те батыл түрде сол жолды ұстанды. Жоғарыда аталған «Костры» журналының мағлұматына қарағанда – Қожанов «Февраль революциясы күндерінен бастап киргиз газетін редакциялады, газет улемистермен, олардың ұйымы ресми жойылған сәтке дейін, күшейе түскен күрес жүргізді».

Түркістан халықтары еңбекші бұқарасының тілегі революцияшыл пролетариат қозғалысымен үндесіп жатқанын сол кездегі кейбір басшы қайраткерлер Ұлы Октябрь жеңісінен кейін де түсіне қоймады. Мәселен, 1917 жылғы 19 ноябрьде Ташкентте өткен Советтердің ІІІ съезінде комфракция мынадай декларация қабылдады: «Қазіргі уақытта өлкенің жоғары революциялық өкіметіне мұсылмандарды енгізу тиімсіз болып табылады, өйткені солдат, жұмысшы және крестьян Советі өкіметіне туземдік халықтың көзқарасында ешқандай айқындық жоқ, әрі туземдік халық арасында, жоғары өлкелік өкімет органдарында өкілдігі болуын фракция құп

аларлықтай, таптық пролетар ұйымдары жоқ»¹. Езілген халықтардың күллі революцияшыл элементтерін баурап алып, басқаруға тиіс пролетар партиясының өкілдері тарапынан жергілікті халыққа мұндай сенімсіздік көрсетілуі ортақ іске көп залалын тигізді. Оның басты себептерінің бірі – эсерлер ықпалының сол тұста зор болғандығында жатыр еді. Ескі отаршылдық көзқарастан арыла алмаған ондай қайраткерлер жергілікті халықтың аштыққа ұрынуына да көз жұмып қарады.

Сол шақта теріс пиғылдағылармен жан аямас күреске түскен Тұрар Рысқұловтың қатарында Сұлтанбек Қожанов та болды. Тұрар өлкедегі аштыққа қарсы күрес комиссиясын басқарып, Сұлтанбек 1918 жылдың көктемінде комиссия тапсырмасымен Түркістан уезіне аттанды. Мұнда ол жергілікті капиталистер мен байлардан азық-түлік, киіз үй жинап, Созақ, Түркістан, Жаңақорған, тағы басқа елді мекендерде ашыққан адамдарды тамақтандыратын пункттер ашуды ұйымдастырды. «Жылан жылы ел Сұлтанбектің шүлен көжесін ішіп жан сақтады ғой», – дегенді сол өңір қариялары күні кешеге дейін, өздері дүниеден озғанша айтып жүрді.

Қожанов аудандық азық-түлік комитетінің секретары және ашыққандарға жәрдем беру комиссиясының ұйымдастырушысы қызметінде 1918 жылдың күзіне дейін істеді. Ноябрьде Ташкентке ауыстырылды, мұнда ол педагогика училищесі мен педагогикалық курстарға сабақ берді. Өзінің жігерлі де елгезек, тынымсыз, ізденімпаз мінезіне сәйкес, Сұлтанбек ұстаздық қызметімен ғана шектеліп қалмай, ұйымдастырушылық қабілетін қоса танытты. Қазақ халыққа білім беру институтының (КИНО) іргесін көтерісіп, осы орта дәрежелі оқу орнында алғашқы 300 мұғалімді даярлауға атсалысты. 1919 жылғы сентябрьде ол Түркістан қаласына, уездік оқу бөлімінде қызмет атқаруға жіберіледі. Мұнда ол Советтердің уездік съезінің председателі және уездік

¹ История коммунистических организаций Средней Азии. Ташкент. 1967. С. 200.

атқару комитетінің мүшесі, кейінірек председателі болып сайланады. 1920 жылғы мартта Сұлтанбек РК(б)П мүшелігіне қабылданады. Ұзамай қалалық партия комитетінің мүшесі болады. Сол шамада ол Түркістан Компартиясының Түрккомиссия құрған Уақытша Орталық Комитетіне мүше боп тағайындалады. Коммунистердің Сырдария облыстық конференциясы оны обком мүшесі етіп сайлайды. Кешікпей Сұлтанбек Қожанұлы Сырдария облыстық революциялық комитетінің председателі болады.

1920 жылдың жазында В.И. Ленин Түркістан өлкесіне «Қызыл Күншығыс» үгіт пойызын жібереді. Осы үгіт пойызының Сырдария облысында болған кезінде халық арасындағы пәрменді жұмыс жүргізуін Қожанов ұйымдастырады, онысы жалынды насихат, көрнекті істерімен көптен ел құрметіне бөленіп жүрген жас коммунистің Түркістан АССР-і партия қызметкерлері арасындағы беделін арттыра түседі. Түркістан Компартиясының 1920 жылғы сентябрьде өткен бесінші съезінде Сұлтанбек Қожанұлы Орталық Комитет Атқару бюросының мүшесі боп сайланады. Съезден кейін іле-шала Түркістан Советтерінің өлкелік тоғызыншы съезі болады. Съезд С. Қожановты ТүркЦИК президиумының мүшесі етіп сайлайды. Ол Ішкі істер халық комиссары қызметіне бекітіліп, Түркістан АССР-і үкіметінің құрамына енеді. Осылай оның көпұлтты Түркістан республикасындағы партия және мемлекет қайраткері ретінде құлашын кеңге сермеген, жігерлі де жемісті жұмысы өріс алады.

Түркістан Советтерінің өлкелік бесінші съезінде, 1918 жылы, дүниежүзі еңбекшілерінің ынтымақтастық мерекесі 1 май күні дүниеге келген жаңа халықтық мемлекет – РСФСР-дің құрамындағы Түркістан Автономиялы Советтік Социалистік Республикасында тұратын адамдардың жалпы саны бұл кезде 5 миллион 250 мыңнан астам еді. Олардың ішінде өзбектер – 41,4, қазақтар – 19,3, қырғыздар – 10,8, тәжіктер – 7,7, түрікмендер – 4,7, қарақалпақтар

– 1,4, орыс және басқа ұлттар – 14,7 процент болатын. Осындай тұрмыс салттары, жеке ұлт пен ұлыс ретіндегі ерекшеліктері әр алуан халықтар ішіне адамзат ғұмырында тұңғыш рет ұлттық теңдік әперген Совет өкіметін орнықтыру, оларды қараңғылықтан саналы өмірге бастау мәселелері Түркесублика қызметкерлерінің бар есіл-дерті мен қажыр-қайратын билеген еді. Сұлтанбек Қожанұлы да сол қатарда нысаналы істерді мақсаткерлікпен жүргізді.

Бүгінде көп айта бермейміз, Түркістан автономиясының құрылуы, шындап келгенде, бұрынғы отаршыл империядағы шет аймақтың кейінірек бес бірдей ұлт республикасы өсіп шыққан советтік іргетасты қалаушы мемлекет болғандығымен ғана маңызды емес; Түркістан АССР-інің дүниеге келіп, алты жыл ілгерілеу, өркендеу жағдайында өмір сүруі – кешегі езілген, қос қыспақта қаналған ұлттар мен ұлыстар мекендейтін шеткері аймақтың әлеуметтік сілкінісінің тамаша нәтижесін, халықтардың саяси және қоғамдық сана-сезімін оятып, тыныс-тіршілігін түрлендіре дамытудағы тұтас бір кезеңнің аяқталғанын көрсетті, – Түркесубликаның тарихта еншілер ересен зор мән-мағына, маңызы сонда. Сол себепті де Сұлтанбек секілді ғұмырын, қажыр-қайратын Орта Азиядағы тұңғыш ұлттық (дұрысында – көпұлтты) социалистік мемлекеттің Россия Федерациясы аясында қаз тұрып нығая түсуіне арнаған қайраткерлердің қай-қайсысына да құрметпен қарау, оларды танып-білу бізге парыз. Олардың көбі – жатқан қазына, іс-әрекеттерінде қазіргі ұрпақ үлгі тұтарлық сипат мол. Мәселен, Сұлтанбектің Түркесубликада Ішкі істер наркомынан басталған мемлекеттік қызметі – Ағарту халық комиссары, Екіншілік халық комиссары, Түркістан Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары, біраз мезгіл уақытша председателі болып жалғасқаны, солардың бірсыпырасын бір мезгілде, әрі олармен қатар басқа қызметтерді де атқарғанын, соның ішінде Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Ақ жол» газетінің редак-

торы болғаны көп нәрсені аңғартпай ма? Ол Түркеспублика Советтерінің IX, X XI, XII съездеріне, Түркістан Компартиясының V, VI, VII, VIII съездеріне делегат болып қатысты. ТКП Орталық Комитеті Атқару бюросының тұрақты мүшесі болды. Ауыр да жауапты міндеттерін атқара жүріп, ол өзінің қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік, әдебиет тақырыптарына жазған мақалаларымен баспасөзге атсалысты, тіпті, «Есеп тану кұралы» деген алғашқы советтік қазақ мектеп оқушыларына арналған оқулық та жазды.

Бұл адамның ерік-жігері мен күш-қайраты қайран қалдырады: неткен шаршамайтын жан дейсің, оны тыным тапқызбай, жасампаз істерге құлшынтып қойған нендей сиқыр екен деген де ойға кетесің. Алайда мұндай таңырқастың әбестеу шығарын да түйсінесің, өйткені ол тұстағы барша өрелі азаматтың жан-дүниесін билеген де, санасын нәрлендірген де Ұлы Октябрь ғой. Ал Сұлтанбек Қожанұлы болса, революция көсемінің өзінен тікелей ақыл-кеңес, нұсқау алу бақытына ие болған адам. Ол В.И. Ленинді тұңғыш рет 1921 жылдың көктемінде, РК(б)П X съезінде көрді. Съезге басшылық етіп, үлкен үш мәселе жөнінен баяндамалар жасаған көсемді Қожанов құмарта тыңдады, көсемнің саяси жағдай, жаңа экономикалық саясатқа көшу, ұлт мәселесі, партия бірлігі туралы маңызды қарарлар қабылдауға негіз болған парасатты ұсыныс, дәйектемелерін көңіліне тоқып алуға тырысты. Екінші рет ол Владимир Ильичті сол жылғы декабрьде Советтердің Бүкілроссиялық тоғызыншы съезінде тыңдады. В.И. Ленин онда сыртқы және ішкі саясат туралы ВЦИК пен Совнаркомның есебін жасаған еді. Осы жолы Сұлтанбек көсеммен жүздесіп, тілдесті...

Лагерь азабынан өткен, өмірдің сан қиыншылығын көрген қария кісі Гүлэндәм Мұнайтпасқызы Қожанова бүгіндері 88-ге келіп жасы ұлғайғанымен, бұдан 66 жыл ілгерідегі сол кездесу жайында күйеуінен естігендерін жадында жақсы сақтапты... Сұлтанбек Қожанұлы талқыланған мәселелер бойынша жарыссөзге қатысады. Оның сөзінің мазмұны

В.И. Ленинге ұнаған болса керек, Президиумнан көз алмай отырған Қожанов бір кезде көсемнің әлдекімді қасына шақырғанын көреді. Владимир Ильич мәжіліс залының алдыңғы жағына жүзін бұрып, Сұлтанбекті саусағымен нұсқайды да: «Вот, того черного киргиза», – дейді... Үзіліс болысымен Қожанов жүгіре басып, шақырылған жерге жетеді. Владимир Ильич бөлме есігінің алдында шапшаң адыммен ерсілі-қарсылы жүр екен, жетіп кеп сәлем берген Сұлтанбекке жарқын жүзбен жалт бұрылыпты. Қол алысқан күйі оң қолын жібермей, сол қолымен Қожановтың иығынан қағып: «Молодец, горячий киргиз», – деген көрінеді... «Сұлтанбек тез, қолма-қол, жұлып алғандай жауап қайтаратын кісі еді ғой, – деді Гүләндәм апай. – Үйреншікті әдетінен ұлы адам алдында да айнымапты. «Қызу қанды киргиздар әлі далада жүр, Владимир Ильич, – депті тақ-тақ етіп. – Олар әлі сізге жеткен жоқ, бірақ келеді, өзіңізбен, сөз жоқ, кездеседі». Өзі маған осылай айтып келген-тін. Лениннің халық арасындағы жағдайды шұқшия сұрағанын, өзіне ағарту мәселелерімен түбегейлі айналысуды тапсырғанын сүйсіне әңгімелеген болатын...»

Сол съезде Сұлтанбек Қожанұлы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі боп сайланды. Өлкеде ол көсем кеңесін бұлжытпай орындауға тырысты. Жалпы, Түркеспублика тұсындағы қазақ халық ағарту саласында істелген жұмыстар зерттеушілер үшін әлі тың тақырып сияқты, өйткені біз күні бүгінге дейін аға ұрпақ қаламынан Ташкентті, 20-жылдардың басындағы Ташкентті, «қазақ ұлтшылдарының ордасы» етіп көрсетуге тырысқан сыңаржак пікірден өзге көңіл қоярлық байсалды талдау жасалған еңбек шыққанын көрмей келеміз. Ал зерттелуге тиіс тұстар баршылық. Бір ғана мысал. В. И. Лениннің ой-пікіріне сәйкес, халықты қараңғылықтан құтқару жолында жасаған сан салалы жұмыстары қатарында С. Қожанов интеллигенцияның қоғамдық белсенділігін пайдалану жолдарын да ескерген екен. Бұған дәлел ретінде өзіме кезіккен мынадай деректерді

келтіргім келеді. Түркістан Ағарту халкоматының мемлекеттік ғылыми кеңесі 1922 жылғы 4 декабрьде (ал бұл кездегі Түркесублика Наркомпросы – Сұлтанбек Қожанов) қазақ, қырғыз мәдениетін көркейтушілердің «Талап» атты қауымының (қоғамының – *Б.Қ.*) уставын бекітіп, 822-номермен кеңсе кітабына тіркеген. Уставта қауымның мақсаты: а) қазақ, қырғыз әдеби тілінің терминологиясын, орфографиясын, тағы басқа мәселелерін талдап жасау; б) ұлттық өнерін зерттеу; в) тарихы мен тұрмысын зерттеу; г) қазақ, қырғыз институтында сабақ беру мәселелерін талдап жасау; д) ғылыми қызметкерлер мен өнер қайраткерлеріне жәрдем беру арқылы қазақ, қырғыз халқының мәдени дамуына ықпал ету екен. Бұл міндеттерді орындау үшін «Талап» қауымына диспут, лекция, баяндамалар жасау, экспедиция, саяхаттар жабдықтау, көрме ұйымдастыру, кітап, қолжазба, көне бұйым, колөнер туындыларын жинау, бәйгелер өткізіп, ғылыми еңбек пен көркемөнер шығармаларына сыйлықтар тағайындау, оқу-ағарту мамандарын даярлайтын курстар ашу, басылымдар мен баспасөзде істеу үшін қазақ, қырғыз жауапты аудармашы, корректор, қызметкерлер бюросын ұйымдастыру, сондай-ақ қажет жағдайда үкімет мекемелері мен қоғамдық ұйымдарына өтініш білдіріп отыру хұқы беріліпті. Қауымды құрушылар мен оның алғашқы құрылтай жиналысында басқармаға сайланғандар қатарында Ташкенттегі Түркістан Шығыс институтының ректоры, профессор Александр Эдуардович Шмидт (бұл кісі 1925 жылдан СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болды), САГУ мен Шығыс институтының профессоры, белгілі этнограф және фольклоршы Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев, САГУ-дің тыңдаушысы, кейіннен әлемге әйгілі жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов, оқытушылар Николай Архангельский, Кәрім Жәленов, доктор Халел Досмұхамедов, тағы басқалар бар еді. Қоғам Түркесубликаның шартарапынан, тиісті рұқсат алынған жағдайда Кирреспублика (Қазақ республикасы – *Б.Қ.*) территориясында өз бөлімшелерін ашуға

хақылы екендігін жариялапты. Іс жүзінде «Талаптың» қызметі қалай болды, қаншаға созылды, жер-жерге қаншалықты таралды, – бұлардың бәрі туралы келешекте зерттеушілер өз сөздерін айта жатар. Әзірге, қолға түскен мәліметтерге қарап, қоғам мүшелерінің оқулықтар жазуда белсенді еңбек еткенін аңғаруға болады. Сұлтанбек Қожанұлының жоғарыда аталған «Есеп тану құралы» деген оқулығы 1924 жылы басылыпты, сондағы «Сөз басында» былай делінген: «Бұл кітап есеп тану білімінің 1-бөлімі болғандықтан, Жәленұлы жазған (бөлшек есеп) 2-бөлімнен бұрын шыкса керек еді, бірақ не жазушы, не білім комиссиясында емес себептермен белгіленген уақыттан тым кеш шығып отыр»². Сол кез каталогтарынан алғашқы оқығандар жазған тіл, әдебиет, психология, биология, математика оқулықтары әлденеше басылым болып шыққанын көрдім. Бұл Түркесублика басшыларының ескі интеллигенциямен қарым-қатынаста ұстамды, парасатты саясатқа жүгінгенін көрсетеді. Ал ұлт мәселесі жөніндегі партия жұмысының жалпы бағыты, 1923 жылғы июньде РКП Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен өткізген Төртінші кеңесінде³ атап айтылғандай, ондағы халықтардың әлеуметтік құрамы өнеркәсіпті орталықтағы жағдайдан мүлдем өзгешелігін ескеруге негізделген-ді. «Шет аймақтарда жергілікті интеллигент қызметкерлер өте аз болғандықтан, олардың әрқайсысын күллі қажыр-қайратты жұмсап Совет өкіметі жағына тарту керек», – делінген-ді кеңестің Саяси Бюро мақұлдаған қарарында. Еңбекші бұқараның қолдауына ие болу үшін «революциялық-демократиялық, тіпті жәй ғана Совет өкіметіне түсінушілікпен қарайтып элементтерге құшақ ашу керек» екендігі шегелеп айтылып, шешімге мынадай ереже де жазылды: «Шет аймақтағы коммунистің есінде болуға тиіс: мен коммунистін, сондықтан да, қоршаған орта жағдайына сәйкес, совет жүйесі ауқымында түсінушілікпен

2 Қожанұлы Сұлтанбек. Есеп тану құралы. 1-ші бөлім. Таш.. 1924.

3 Четвертое совещание ЦК РКП с ответственными работниками национальных республик и областей. Стенографический отчет. М. 1923.

жұмыс істегісі келетін және жұмыс істей алатын жергілікті ұлт элементтеріне жұмсақ қарауға тиіспін». Төртінші кеңес жұмысына Сұлтанбек Қожанов та қатысып, сөз сөйлеген. Оның Сұлтан-Ғалиев ісі және ұлт республикалары мен облыстарындағы оңшылдар мен «солшылдар» туралы мәселені талқылауға белсене араласуы И.В. Сталиннің назарынан тыс қалған жоқ. «Менің ойымша, Қожанов жақсы айтты», – дей келе, оның Түркістан жағдайына жасаған талдауын қатты сынады, сосын оңшылдар мен «солшылдарға» қалай қарау керектігі жөнінде нұсқау беріп тұрып: «Осының бәріп істеу қажет болатыны, Қожановтың орынды атап көрсеткеніндей, шындық «ортада», оңшылдар мен «солшылдар» арасында жатыр», – деді. Сталиннің осы пікірі мен келер жылы Қожановтың Қазақстан партия ұйымында жұмыс істеуге жіберілуінің арасында тікелей байланыс бар ғой деп ойлаймын...

Ұлттық-территориялық жағынан межеленгенге дейін Түркістанда істеген Сұлтанбек Қожанұлы 1920–1924 жылдары Түркесублика Советтері мен Түркістан Компартиясының барлық съездеріне, РК(б)П-ның X және XIII съездеріне делегат болды. 1924 жылдың аяғына қарай Қазақ АССР-інің құрамына республиканың қазіргі оңтүстігі – Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстары мен Қарақалпақ автономиялы облысы енгізіліп, Орынбор губерниясы Қазақстаннан бөлінетін болды. РК(б)П Қазақ обкомының үшінші секретарлығына 1924 жылғы ноябрьде сайланған Қожанов осындай жаңа жағдайда жұмыс істеуге тиіс еді. Ол қызметке кіріскен алғашқы айда – 9 декабрьде – РК(б)П Орталық Комитетінен қазақ жауапты қызметкерлерінің топқа бөлінуін батыл жойып, коммунистер қатарының тығыз бірлігіне қол жеткізуге шақырған хат келіп түседі. Жалпы, Сұлтанбектің Ташкенттен Орынборға жіберілуінің түп-төркінінде осы құбылыс – партияның Қазақстан коммунистері арасындағы ахуалды сауықтыруға тырысқан әрекеті жатса керек, өйткені содан

жарты-ақ жыл бұрын, майда өткен IV Қазақстандық партия конференциясында сайланған обкомның бірінші секретары Г.А. Қоростелевтың орнына екі-үш айдан кейін РК(б)П Орталық Комитеті В.И. Нанейшвилиді жіберген-тін. Қазобкомның екінші секретары бұрын Семей губкомында істеген, кейін репрессиялық аппараттың құлағында тұрып бүкіл елді тітіренткен Н.И. Ежов болатын. Түркеспубликадағы партиялық және мемлекеттік жұмыстарда ысылып, орталықтың сеніміне ие болған, жергілікті халықтың, Қазақстанға жаңадан қосылған облыстардың жай-күйін жетік білетін С.К. Қожанов Қазобкомның жаңа бірінші секретары үшін үлкен сүйеніш еді, ол РК(б)П Орталық Комитетінің хатында көтерілген мәселенің дұрыс шешім табуына, сөз жоқ, зор ықпал етті. Орталық Комитет 1925 жылғы 19 февральда Қазак облыстық 116 партия ұйымын өлкелік ұйым деп өзгертті, обком содан былай крайком деп аталды. Сол көктемде астана Ақмешітке көшті. Осы жерде, өлкелік комитеттің құрылуына орай, еске сала кететін бір жәйт бар. Орта Азиядағы ұлттық-территориялық межелеу нәтижесінде Өзбекстан, Түрікменстан қатарлы Қазақстан да одақтас республика правосымен СССР-дің құрамына кірсе керек еді. Мәселенің тап солай шешілуіне РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы принципінде қарсылық жасаған жоқ. Алайда, коммунистерге жоғарыда айтылған хатты жолдауға мәжбүр еткен ахуалдың Қазак автономиясында орын алып тұрғандығынан болар, бұл мәселенің шешілуі кейінге қалдырылды. Қазак республикасының жана шекара, кеңейген территория жағдайында жанартылған басшылықтың атқарар жұмыс тәжірибесін анықтағанға шейін осынау маңызды істің қолға алынуын шегере тұруды тиісті орындар жөн көрген секілді. Уақыт бұл ұстамдылықтың орындылығын көрсетті. Қазак АССР-інің басшы орындарында істеген маркстік-лениндік білім деңгейлері төмен коммунистер өздері ұнатпаған қызметкерлердің үстінен арыз айдауын көпке дейін тоқтатқан жоқ, және ең қауіптісі,

олар өздерінің ұсақ, тар есептерін міндетті түрде орып түсер-ау дейтін саяси айыптармен бояйтын. Мәселен, Нанейшвили мен Қожанов республиканың басшы орындарына лайық кадрлар тандауда біраз жұмыс жүргізді. Астананың атын Қызылорда деп өзгертіп, халықтың бұрмаланған тарихи есімін өзіне қайтарған, яғни аталуын тұңғыш рет «Киргиз республикасынан» «Қазақ республикасына» ауыстырған Советтердің бесінші съезін өткізді. Бірақ Қожановтың арта түскен беделі «портфельден» айрылған бұрынғы белсенділерге ұнаған жоқ. Одан кемшілік іздеу, Москваға арыздар жөнелту, жалпы Казкрайком басшыларына күйе жағудың түрлі айла-шарғысы жасалды. Қожанов бұл кезде екінші секретарь, ал партия билетінің 1936 жылғы үлгісіндегі тіркеу бланкісінде келтірілген мәлімет бойынша – өлкелік комитеттің жауапты секретары. Жікшілдік күрестің тынбауынан және оған тосқауыл бола алмауының салдарынан шығар, 1925 жылғы июньде Нанейшвили Москваға шақырылады да, СССР Сауда халкоматында қызмет істеуге жіберіледі. Өлкелік комитеттің бірінші секретары боп Ф.И. Голощекин келеді. Лениндік ұлт саясатынын мән-мағынасын терең ұғына алмаған, биліктің әкімшілік-командалық тәсілін ғана мойындаған бұл адамның өзіндік беті, ой-пікірі бар ұлт кадрымен жұлдызы жараспайтыны аныққа айналғандықтан, 1925 жылғы октябрьде С.Қ. Қожанов ВКП(б) Орталық Комитеті аппаратына, ұлт республикалары мен облыстары бойынша жауапты нұсқаушы қызметіне ауыстырылады. Сонымен, Сұлтанбек Қожанұлы Қазақстанда 1924 жылдың ноябрінен 1925 жылдың октябріне шейін ғана, бар болғаны он бір ай істеді. Қазақ өлкелік партия комитетінің қазақтан шыққан тұңғыш екінші хатшысы осы лауазыммен қызмет атқарған аз мерзім ішінде дабыры ұзаққа кететін із тастап үлгерді. Сол дабырдың түрлі көрінісін Сәбит Мұқановтың таңдамалы шығармаларынан (11-том; 95–104, 130–145, 166-беттер) көруге болады. Заман рухын, 20-жылдардағы қоғамның тыныс-тіршілігін дәл бе-

дерлеген жазушы мұрасының зерделі оқырманға берері мол. Әсіре тапшылдық, кей-кейде әділет пен дұрыс пиғылды бұрмалап, таптап жүре берген солақайлықтар сонау уақыттың шындығы болғанмен, бүгінгі сарабдал ұрпақтың көзінен шын асылды бұркеп қала алмайтынын көресің. Мәселен, Сәбең Қожановты Қазақстанға обкомның екінші хатшысы боп келеді екен деген хабарды естігеннен ұнатпағанын жасырмайды: «Менің Сұлтанбек Қожанов туралы бұған дейін білетіндерім: 1) «Мағжан Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкент қаласында бастырды да, өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады; 2) Ахмет Байтұрсыновтың 1923 жылдың күзінде Орынборда құлаған 50 жылдық юбилейін (Сәбеңнің қатысуымен бір топ студент мінбеге шірік овощ жаудырып, баяндамашыны сахнадан қуады – 10-том, 509-б. – *Б.Қ.*) Ташкентте өткізіп, Түркістан республикасының басқарушы газеті – «Ақ жолда» Байтұрсыновты мақтаған мақалалар бастырды, портретін жариялады; Түркістан республикасын Қожанов басқарған кезде (1922–1925 жылдары) алашорда партиясының лидерлері... Ташкент қаласынан пана тапты... Сондай Қожанов енді Қазақстанды басқаратын болса нені оңдырмақ?» (11-том, 97-бет). Сәбеңнің бұл пікірін сырласы Дүйсебай Нысанбаев қызу колдайды, ол «Сәкеннің айтуынша: революциядан бұрын орысша оқып, көп жерде писарьлік қызмет атқарған да, революция жылдары большевиктер қатарына қосылған... Орынборға 1924 жылдың басында келген оны, Сәкеннің ұсынысымен қырғыз (қазақ) автономиялы республикасының ішкі істер халық комиссары ғып тағайындатқан... Дүйсекең большевик болғанымеи рушылдау да адам. Сәкеннің де, оның да арғы түбі – арғын. Дүйсекең Сәкенді осы жағынан жақын тартады» (96-б.) Міне, осынау Қазақ АССР Ішкі істер наркомының «айтуынша, Түркістандағы қазақ коммунистерінің арасында екі топ бар: біреуін Тұрар Рысқұлов басқарады (Дүйсебайдың айтуынша, ол дұрыс

бағыттағы топ), екіншісін – Сұлтанбек Қожанов басқарады, бұл – ұлтшылдық бағыттағы топ» (96-б.). Сол кездегі көп «қайраткерлер» осынау қорқынышты «ұлтшылдық» деген анықтауышты байыбына барғандықтан емес, жек көретіндерін біржола тұралату үшін қолдана бергеніне бүгіндері оп-оңай көз жеткізуге болады. Мәселен, әлгі «білгір» рушыл наркомның «ұлтшыл» Қожановқа берген мінездемесі мынадай: «Қожанов барып тұрған қу, өжет, іскер адам... Қожанов өзге түгіл, Сталиннің өзімен де жұлқыса кетуге тайынбайтын адам. Бір жиналыста Сталин Қожановқа қалжыңдап: «Халың қалай, Шыңғыс хан?» десе, Қожанов оған: «Мен емес, өзің Шыңғыс хан!» депті. Ол сондай батыл сөйлейтін адам». «Оның топтастары» Серғазиев, Есқараев, Аралбаев, Тоқтабаев, тағы тағылар, нағыз «сен тұр, мен атайын» дейтіндер». «Ол ұстаған жерінде тістесіп қатып қалатын адам... Көресің, садуақасовшылдармен біріккен қожановшылдар, бірлік-берекеден айрылған меңдешешілдер мен сейфуллиншілдердің әр жерде соғып сілесін қатырады» (97–98-бб.). Міне, алдын ала пікір туғызудың, қолдап жік тартысын үдетудің 20-жылдардағы үлгісі осындай болған. Әйтсе де осы өсекшінің жек көрген сөзінен-ақ Сұлтанбектің принципті қызметкер екені байқалады. «Қожанов деген гадты көрдің бе?» «Бюрода соның ғана ұсынысы өтіпті де отырыпты», «Сәкен совнарком председателдігінен түсіріліп, орнына Нығмет Нұрмақов бопты» (101-б.). «Нұрмақов ұлтшылдыққа аяқ баспайтын адам. Сонысын біле тұра Қожанов оны совнаркомға әдейі председатель ғып отыр...» (102-б.). «Сөздің қысқасы, өткен бір бюроның өзінде-ақ Қазақстан басшылығының 90 процентін «оңға» айналдырып болды, ұлтшыл-гадтар. Бесінші съезден кейін 100-ге айналдырады» (103-б.). Мұның бәрі Сәбиттің өзі сеніп сөйлесетін адамдарынан естігені, ал Сұлтанбекке тікелей кездескендегі әсері төменгіше: «Обкомдағы кабинетіне барған мені Сұлтанбек жылы шыраймен қарсы алып, шүйіркелесе, теңдесе сөйлесті. Оның да өлең жазатынын сонда ғана білдім. Таш-

кентте қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналындағы «Тоқпақ» және «Замандас» соның псевдонимі екен.

Бірінші рет сөйлесуім демей, ол біраз пікірін ашық айтып салды. Саясат жайын, қазақтың тұтас республикасы құрылу жайын, оның өткені, қазіргісі, болашағы жайын айта кеп, менің баспасөзде жариялаған шығармаларыма (ол жалпы әдебиетті, оның ішінде қазақ баспасын көп оқитын адам екен) бағасын бере кеп, былай деді:

– ...Сен, әрине, талапты жастың бірісін... Өлеңдеріңнің көркемдігі жетіп болмағанмен, мазмұн жағынан өз бағытында жаман шықпайды... Қызыл езулікті қою керек те, шеберлену жағына күш салу керек... – деді» (131–132-бб.).

«Содан кейін Сұлтанбек Қожановпен кездесуім – Орынбордан Ақмешітке жөнеп бара жатқан поездың үстінде. Оған да себеп – Сұлтанбек Қожановтың өзі болды. Ол мейлінше көпшіл адам болатын. Естуімізше, «үлкен қызметкермін» демей, бұрын да базарларға, мектептерге, студенттердің жатақ үйлеріне... дегендей, көпшілік жүретін жерлерге жиі араласады дейтін. Ол сөздің анығын Орынборда көрдік. «Қожанов онда барыпты, мұнда барыпты, олай депті, бұлай депті...» деген хабар күн сайын естіліп жатты. Бір күні біздің рабфактың жатақханасына келіп (мен жоқ едім), бөлмелерді аралап, студенттермен кеңесіп, қалжыңдасып, асханаға барып тамақ ішіп кетіпті. Бұнысын біреулер «көпшілдігі» десе, енді біреулер «көсем болуға даярланып жүруі, көптің ықыласын өзіне тартуы» деседі» (132–133-бб.).

«...Қожановтың салон-вагонына барып, бірнеше сағат әдемі мәжіліс жасап қайттық. Сонда көрсем, Сұлтанбек шынында да адамшылық қасиеттері мол, ойыншы, күлкіші, әзілқой, кеңесқор, әдебиет пен көркемөнерді сүйетін кісі екен» (133-б.).

«Ақмешіт маған ұнаған жоқ...

– Сонда шаң басып жатқан осы сиықсыз, болашағы да нашар қалаға астананы сүйреуші кім? – деген сұрауға:

– Сұлтанбек Қожанов, – деп жауап береді анау, – бұл ара – оның туған жері. Ата-бабалары – осы елдің қожалары. (Қожанов, жоғарыда айттық, Қаратау өңірінде туған, тегі – кедей малшы. – *Б.Қ.*) Революциядан бұрын ресми қағаздарда «Перовский» аталып келген қаланы, Совет тұсында «Ақмешіт» ататқан да сол. Енді, ертең ашылғалы отырған V съезде (Қазақстан Советтерінің V съезі 1925 жылғы 15–19 апрельде өтті. – *Б. Қ.*) «Қызылорда» ататып, Қазақстан астанасы жасатпақ та, шамасы келсе әдемі қалаға айналдырмақ» (138–139-бб.). Соншалықты сүйінішпен айтыла қоймаған бұл сөздерден азулы қайраткер сипатын көретінімізді бір түйіп, енді Қожановтың Сәбеңнің өз аузымен «әшкереленетін» тұстарына көз тігейік. «Бесінші съезд өтті. Мен, әрне, бұл жолы КирЦИК-тің мүшелігіне сайланған жоқпын» (143-б.). «Жұрттың айтуынша (расы да солай), Қазақстанды ендігі билеуші екі адам ғана: Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Садуақасов. Бұл екеуі де Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі... Ауыз біріктірген Қожанов пен Садуақасов оңшыл-ұлтшылдық беттерін күшейте түсіп, мекемелерге, мектептерге бай баласы, алашордашыл аталатындарды толтыра түсті» (144-б.). Партияның XII съезінің шешімдерін орындау мәселелерін ұйымдастыруды көздеген Төртінші кеңестің Саяси Бюро мақұлдаған қарарында совет өкіметін таныған, совет негізінде жұмыс істеуге ықыласты адамдарды сыртқа тебуге болмайтыны жазылғанын тағы бір еске алайық. Азамат соғысының от-жалынында біржола күйреген Алашорданың әлдеқашан ешқандай ұйымдық белгісі қалмағанын, адасқандарды дұрыс жолға түскен уақытта өткенімен күйдіре берудің лениндік қисынға жуыспайтынын ойлап қояйық. Жақтырмайтындарының бәрін сол аласталған, аты бар, заты жоқ ұйымға тели беру – әсіре тапшылдар мен маркстік-лениндік білімі тайыз солақай қайраткерлер қолданған «қолайлы» қару екендігін зерделейік. Жалпы, жоғарыда түйіндеген айыптауында шындықтан гөрі, қолдан жағылған кір көптігін автордың өзі де

мойындайды: «Осыған ызаланған мен, «Еңбекші қазақ» газетіне «Құрғақ қиял» есімді фельетон жарияладым. Мазмұны: Кир. ЦИК-тің үйіне кіремін... оның сыртқы есігі қызыл түсті шынымен қапталған болады... Содан сыртқа қарасам: жер де, көк те, барлық жәндік те қып-қызыл көрінеді... Мен «дүниенің бәрі қызарып... коммунизм боп қалған екен» (түсінігімнің түрін қарандар!) деп ойлаймын... Бір кезде әлдене қып-қызыл адам есікке жақындайды... мен оны «коммунизм адамы екен» ден құрметпен қарсы алмақ боп есік ашсам, өзім жақсы білетін, Совет өкіметіне қарсы бай баласы... Мен содан шошынам да: «Ә-ә, бай ұлының сырты қызарған сияқтанғанмен, табиғаты өзгермейді екен» деген қорытындыға келем...

Осы фельетонды оқығаннан кейін Қожанов Садуақасовты обкомға шақырып алады да, «мына левакқа осылай жол бере беруді қашан қоясындар?» деп қатты ренжиді» (104-б.). Осындай жағдаймен қызметтен босанған Сәбең Орынборға оралады. «Ақылдасайын деген адамым – Сәкен Сейфуллин туған еліне жүргелі жатыр екен.

– Қанша уақытқа? – десем:

– Белгісіз, – деп жауап берді ол. – Қазақстанның саяси жағдайын бақылап көрем. Қолайлы жағдай туса оралам да, әйтпесе, ел қашан түзеліп болғанша ішінде жүре берем» (145-б.).

Қызметтен «айрылған» бұл екі өкпелі кісінің республикадағы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағдайға ой жүгіртуді ойламастан, бар «пәлені» өздері ұнатпайтын басшылықтан көріп, объективті дәлел келтірмей-ақ, оларды «ұлтшылдар» деп байбалам салуы қайран қалдырады. Сәкен ұзамай, ВКП(б) Орталық Комитетіне «қазақ ұлтшылдарымен күресі туралы» ұзақ хат жазады (142-б.). Ал бұл кезде әлгі «ұлтшылдар» басқарған БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті Орта Азияның ұлттық межеленуіне байланысты тарихта тұңғыш мәрте бір республикаға біріккен қазақ халқын белсенді социалистік құрылыс ісіне араластыруға дайындап

жатты, ауылдарда партияның ықпалы мен жетекшілік рөлін арттыру шараларын жүргізуде болды.

Сәбеннің Қызылордаға қайта оралғандағы информаторларының бірі Сапар Мұстафиннен естігендері мынау: «Орынборда бірлескен «оңшыл-ұлтшыл» аталатындардың пашпырты бітуге жақын: Биыл Қаз. Крайкомға секретарь болып келген Филипп Исаевич Голощекин, іскерлігінің үстіне тәсілқой адам боп шығып, Садуақасов пен Қожановты өзара атыстырды да, араларына жік түсіріп, ақырында Қожановты Садуақасовқа жеңдірді. Крайкомнан қуылған Қожановқа Қазақстан өлкесінен қызмет берілмей, Ташкенттегі досы, Өзбек орталық партия комитетінің секретары Икрамовқа паналады» (187–188-бб.). Іс жүзінде Қожанов, жоғарыда көрсеткеніміздей, Москваға, партияның Орталық Комитетіне жауапты қызметке ауыстырылды. Ал енді осы өсек таратушы кім? Сәбен Мұстафин туралы: «Көптен сот қызметкері боп келе жатқан, Жоғарғы соттың коллегия мүшесі және азаматтық істердің басқарушысы болып қызмет атқаратын ол, менімен көптен таныс, көңілдес болатын, пікір, іс жағынан адал коммунистің бірі саналатын, шыққан тегі – ақмолалық, орысша да, қазақша да сауатты адам» (187-б.), – дейді. Өкінішке қарай, тап осындай «сауатты адамдардың» тыраштануы салдарынан Қожановтың Қазақстанда бір жылға жетер-жетпес уақыт ішінде принциптілікпен атқарған қызметіне теріс ниет таңылып, «жамандығы» өсіре таңбаланды. Сәбен жазғандай, «Голощекин ескі большевиктігінің, жақсы жақтарының үстіне, барып тұрған эгоист. Оған ақылдасудың керегі жоқ, билеу керек» (190-б.) – міне, шын себеп. Қожанов осындай адаммен істесе алмады. Голощекинге өзін көсем санайтын сарыауыздар керек еді. Сондай адам – жалпы да, маркстік-лениндік те тиянақты білім алып көрмеген, практик, республикалық деңгейдегі жұмысқа шыққанына бір жылдай ғана болған, бірақ Қожановтың тұсында, Советтердің V съезіне дейін, ҚазЦИК секретары қызметінен

түсірілген Ораз Исаев болып шықты. Ол Қожановтың орнына, өлкелік партия комитетінің екінші секретарылығына сайланады. Голощекиннің сенімін толығымен ақтайды. Үш жылдан кейін, Қожановтан өзі қойған сұрақтарға орай, Голощекиннің саясатын мойындайтынын жазған жауап-хат әкеліп, «Еңбекші қазаққа» жариялайды⁴. Голощекиннің қолшоқпары бола жүріп, 1929 жылы үкімет басына жетеді де, тағы үш жылдан кейін, өзге жауапты қызметкерлермен бірге бас шұлғи беру салдарынан, халықты қайғылы ашаршылыққа душар етіседі...

Қожановтың өмір жолына оралайық. Ол Москвада екі жылдай істейді. ВКП(б) Орталық Комитетінің жауапты нұсқаушысы қызметін атқара жүріп, марксизм-ленинизм курсына оқиды. 1927 жылдың декабрінде Ташкентке, ВКП(б) Орталық Комитеті Орта Азия бюросының қарамағына жіберіледі. Мұнда ол Средазбюро үгіт-насихат бөлімі меңгерушісі, кейін үгіт-насихат жөніндегі секретары болады. «Түркістан Совет Автономиясының он жылдығына» деген еңбек жазды. Еңбегінде Түркеспубликаның даму кезеңдерін талдап, Түркістан АССР-інің жер-жерде Совет өкіметін орнықтырудағы рөліне, жалпы, Россия Федерациясы құрамына Азиядан кірген тұңғыш автономиялы республиканың маңызына тоқталды. Бұл қазіргі ғалымдардың назар аударуын қажет ететін құнды жұмыс, онда, қайта құру кезеңі талап етіп отырған, ой тоқырауын жоюды мүмкін ететін деректер мен тұжырымдар мол⁵. Орта Азия бюросындағы қызметімен қоса Сұлтанбек Қожанұлы Ташкентте партия тапсырмаларына орай басқа жұмыстар да істеді.

САХИПИ-ді – Орта Азиядағы мақта ирригациялық политехника институтын ұйымдастырып, алғашқы директоры болды. ВАСХНИЛ-дің Ташкенттегі филиалында да қызмет атқарды. Ортаазиялық мақта комитетін басқарды. 1931

4 *Исаұлы Ораз*. Сұлтанбек Қожанұлы қателерін мойнына алды // «Еңбекші қазақ» газеті. 2 ноябрь 1928 жыл.

5 *Ходжанов С.* К десятилетию Советской Автономии Туркестана. Таш., 1928.

жылғы мартта ол қайтадан Москваға шақырып алынды. Әуелі ВКП(б) Орталық Комитеті аппаратында боп, 1932 жылғы майдан «Союззаготхлопок» меңгерушісінің орынбасары, августан Орталық бақылау комиссиясында техникалық дақылдар тобы жетекшісінің орынбасары, ал 1934 жылғы февральдан августқа дейін СССР Халкомсовы жанындағы Советтік бақылау комиссиясының мақта жөніндегі бақылаушысы болды.

Сұлтанбек Қожанұлы 1934 жылғы августан бастап 1937 жылғы июльде қамауға алынғанға дейін Ташкентте істеді. Әуелі СССР Егіншілік халкоматының Орта Азиядағы өкілі, ал 1934 жылдың октябрінен – Советтік бақылау комиссиясы өкілінің Өзбекстан бойынша орынбасары қызметтерін атқарды. Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі боп сайланды.

Бар саналы ғұмырын халық игілігі үшін еңбек етуге арнаған бұл қайраткер партияның X, XIII, XIV және XVII съездеріне делегат ретінде қатысты, Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетіне мүше болды. Жазықсыз репрессияланды. Ардақты есімі КПСС XX съезінен кейін көп ұзамай қалпына келтірілді.

Алайда Қазақстан тарихшыларының орынсыз кір жағуынан әзірге аршып алынған жоқ. Жекелеген ғалымдар, мәселен, философия ғылымының кандидаттары Т. Жангелдин мен М. Бұрабасв: «С. Садуақасов, С. Қожановтың антипартиялық топтары... Коммунистік партияның Қазақстандағы саясатына шабуыл жасап, ұлт араздығын қоздырды. Крайкомның (түпнұсқада солай, дұрысы: өлкелік партия (комитетінің емес) ұйымының – Б.Қ.) V партконференциясынан бастап партияның тап саясатына қарсылығы күшейіп, әсіресе VI партконференциясынан кейін белсенді түрде дами түскен бұл топтардың идеологиялық мәнін олардың байлар мен солардың лидерлері – алашордашылар мүддесін көрсететіндігі анықтайтын» (Қазақстан Компартиясы тарихының мәселелері. Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1969.

79-б.), – деп, Сұлтанбек Қожановқа жазықсыз жала жапты⁶.

Өлкедегі аталған V және VI партконференциялар 1925 жылғы декабрь мен 1927 жылғы ноябрьде өткенін, ал бұл кезде С. Қожанов партияның XIV съезіне делегат боп катысып, Орталық Комитет аппаратында жауапты жұмыс істеп жүргенін, сондай-ақ білімін жетілдірумен шұғылданғанын айтсақ, жоғарыдағы тұжырымды түйген философтардың тарихи шындыққа жүгінуден гөрі, тоқырау кезеңінің салғырттығына сай, тарихты қолдан жасаумен айналысқанын аңғару қиын емес.

Адал адам туралы ақ сөз айтуды КПСС XXVII съезінің нұрлы шуағында ерекше қуанышпен бар дауыспен жариялай отырып, орындалуға тиіс міндетіміз деп білейік.

10 сәуір 1988 ж.

2. Тернистый путь

Следуя принципам перестройки и широкий гласности, основанным на ленинских нормах, партия открыла путь к пересмотру нашего прошлого. В застойные времена многие факты жизни общества оставались за завесой молчания. В Казахстане, к примеру, замалчивались имена людей, которые активно участвовали в становлении и укреплении Советской власти в республике. Один из них Султанбек Ходжанович Ходжанов.

Передо мной – справка Военной коллегии Верховного суда СССР. Там говорится следующее: «Дело по обвинению Султанбека Ходжановича Ходжанова, работавшего до ареста (16 июля 1937 года) заместителем уполномоченного Комиссии Советского контроля по Узбекистану, пересмотрено 5 июля 1957 года. Приговор Военной коллегии от 8 февраля 1938 года в отношении С.Х. Ходжанова по вновь открывшимся

⁶ Вопросы истории Компартии Казахстана. Выпуск шестой. Алма-Ата: издательство «Казахстан», 1969. С. 79.

обстоятельствам отменен и дело за отсутствием состава преступления прекращено. С.Х. Ходжанов реабилитирован посмертно».

Следующий документ свидетельствует о том, что, согласно решению Бюро ЦК Компартии Узбекистана от 17 декабря 1957 года Ходжанов восстановлен в партии.

Несмотря на то, что он был реабилитирован свыше тридцати лет назад ни в Казахской советской энциклопедии, ни в прочей справочной литературе нет никаких сведений об его жизненном пути и деятельности. Удивительный факт. Почему имя одного из видных деятелей революционной эпохи предано забвению? Если внимательно всмотреться, можно обнаружить, что причина – в практике наклеивания одиозных ярлыков, которая в истории партийной организации Казахстана дала знать о себе впервые в первой половине 20-х годов, и впоследствии, благодаря стараниям активистов-переборщиков, происходили досадные метаморфозы. Ныне имена Турара Рыскулова, Сакена Сейфуллина, Сейткалия Мендешева прочно сплелись с нашим общественным сознанием и духовной жизнью, современную молодежь не убедишь в том, что эти люди вредили Советской власти и что «рыскуловщина» или «мендешевщина» были явлением реальным. А в то, что была «ходжановщина», она может и поверить. Поэтому и мы хотим рассказать о жизненном пути Султанбека Ходжанова...

Родился он в местечке Аксумбе, которые ныне находится на территории Сузакского района Чимкентской области, в 1894 году. Его короткое детство происходило у подножия гор Каратау. Отец Султанбека, пастух Кожан Конкаков, был бедняком из бедняков. Он с трудом содержал свою многодетную семью. Султанбек был самым старшим из детей. Когда царское правительство в целях укоренения своей колониальной политики начало открывать русско-туземные школы, волею случая в одну из них попал и Султанбек. Дело в том, что в эти учебные заведения каждая волость, населенная казаха-

ми, должна была поставить определенное количество детей, а степные богачи не желали отдавать своих сыновей на учебу – боялись, что их отпрысков обратят там в православную веру. И старались пропихнуть в набор сыновей малоимущих и подвластных им людей. Таким образом, «по жребию», в школе в числе прочих бедняцких детей оказался и Султанбек, сообразительный, живой по характеру мальчуган. В его жизни наступила крутая перемена. Отец привез его в Туркестан и оставил жить у своих знакомых. Не знающий ни одного русского слова мальчик, сел за парту. Одновременно, чтобы прокормить себя, работал подмастерьем у сапожника.

Восприимчивый мальчик за короткий срок освоил русский язык. Успешно окончил четырехклассную начальную русско-туземную школу и городское трехклассное училище. После его окончания он отправился в Ташкент, желая продолжать свое образование. Ему удалось поступить в учительскую семинарию. Здесь Султанбек познакомился с передовыми общественными взглядами того времени, стал участвовать в работе подпольных организаций учителей. В 1915 году он организовал в семинарии нелегальный кружок «Кенес» – «Совет». В 1916-м окончил семинарию с похвальной грамотой и был отправлен в Андижанский уезд преподавать в русско-туземной школе. Проработав там год, вернулся на родину и стал учить детей в аульной школе.

Февральская революция всколыхнула его, сделала возможным вплотную заняться активной общественно-политической деятельностью. Являясь в то время слушателем Ташкентского учительского института, Султанбек старался найти верный путь в бурном круговороте политических направлений. Обстановка тогда была сложная. Национальная буржуазия и примкнувшая к ней группа интеллигентов спешили использовать в своих целях появившиеся после свержения царя политические возможности. Они выступали за то, чтобы развитие края пошло по капиталистическому пути, завязав тесные связи с европейским капиталом, стали верной

опорой Временного правительства в Туркестане. Спешно собирала свои силы и группировка представителей мусульманского духовенства, которая хотела подчинить религии всю общественную жизнь. Ее политическая организация «Улема» добивалась объединения края в федерацию, которая бы управлялась согласно правилам шариата, и выдвигала это требование перед Временным правительством. Духовенство обвиняло национальную буржуазную интеллигенцию в том, что она «не признает шариат, продавшись русским», и отлучило ее от мечети. Каждая из этих группировок пытались вовлечь в сферу своего влияния широкие слои трудящихся. В сложившейся обстановке очень важно было объединить их в свою революционную организацию, которая бы вывела трудовой народ из заблуждения и направила его борьбу за свои классовые интересы в союзе с русским пролетариатом. Во имя того, не жалея сил, боролись революционеры, выходцы из коренного населения. Они проводили широкомасштабные агитационно-пропагандистские работы. Султанбек примкнул к ним.

Некоторые деятели того времени даже после победы Великого Октября не могли осознать того, что чаяния народов Туркестана перекликаются с интересами революционного движения российского пролетариата. Даже на III съезд Советов, который проходил в Ташкенте 19 ноября 1917 года, комфракция приняла такую декларацию, где говорилось, что «включение в настоящее время мусульман в органы высшей краевой революционной власти является неприемлемым, ввиду полной неопределенности отношения туземного населения власти Советов солдат, рабочих и крестьян, и нет среди туземного населения таких классовых пролетарских организаций, представительство которых в органы высшей краевой власти фракция приветствовала бы». Такое недоверие со стороны представителей пролетарской партии, призванной увлечь за собой все революционные элементы угнетенных народов и руководить ими, принесло много вре-

да общему делу. Одна из причин этой ошибки заключалась в том, что эсеры в Советах тогда имели определенный вес. Подобные деятели, не сумевшие избавиться от старых колониальных взглядов, не захотели помочь коренному населению, когда оно оказалась в тисках голода. Турар Рыскулов вступил с ними в отчаянную схватку, а рядом с Рыскуловым находился и Султанбек Ходжанов. Была создана комиссия по борьбе с голодом. Ее возглавлял Турар Рыскулов. Весной 1918 года Султанбек Ходжанов по заданию этой комиссии и отправился в Туркестанский уезд. Здесь он реквизирует у местных капиталистов и баев продукты и юрты, организовал пункты питания для голодающих в Сузаке, Туркестане, Яна-кургане, в других населенных пунктах. До недавнего времени из уст здешних стариков можно было частенько слышать такое признание: «В год змеи народ спасся только благодаря похлебкам Султанбека. Иначе не миновать было гибели». Они до самой смерти с благодарностью вспоминали его имя. До осени 1918 года Ходжанов оставался тут. Выполнял обязанности секретаря уездного продкомитета и организатора комиссии по оказанию помощи голодающим. В ноябре он был отозван в Ташкент. Стал преподавать в педучилище и на педагогических курсах. Но Султанбек, энергичный и деятельный по своей природе, не мог ограничиться одной педагогической работой. Он и тут проявил свои организаторские способности. Активно участвовал в создании Казахского института народного образования (КИНО), в обучении первых 300 выпускников этого среднего специального учебного заведения.

В сентябре 1919 года он был направлен на работу в Туркестанский уездный отдел народного образования. Здесь Султанбек Ходжанов председательствовал на уездном съезде Советов. Его избрали сперва членом, а потом – председателем уездного исполнительного комитета. В марте 1920 года Султанбек вступил в ряды РКП(б). Вскоре его избрали членом горкома партии. В это же время он был включен

в состав Временного Центрального Комитета Компартии Туркестана, образованного Туркомиссией. На конференции коммунистов Сырдаринской области его избрали членом обкома. Спустя некоторое время Султанбек Ходжанов стал председателем Сырдаринского областного ревкома.

Летом 1920 года В.И. Ленин направил в Туркестанский край агитпоезд «Красный Восток». Во время его пребывания в Сырдарьинской области Ходжанов оказывал ему всяческое содействие в проведении действенных агитационно-пропагандистских работ. Это способствовала еще большему росту авторитета, пользующегося уважением местного населения, молодого коммуниста среди партийных деятелей Туркестанской АССР. На пятом съезде Компартии Туркестана в сентябре 1920 года Султанбек Ходжанов был избран членом Исполнительного бюро Центрального Комитета. Вслед за съездом коммунистов девятый съезд Советов Туркестанского края избрал Ходжанова членом президиума ТуркЦИКа. Он был утвержден на должности народного комиссара внутренних дел и вошел в состав правительства Туркестанской АССР.

Так Ходжанов, благодаря своей энергичной плодотворной деятельности, выдвинулся в ряды видных партийно-государственных деятелей многонациональной Туркестанской республики. Должность наркома внутренних дел была только началом его работы в составе руководства края. Потом он был народным комиссаром просвещения, народным комиссаром земледелия, заместителем председателя ТуркЦИКа. Порой ему приходилось совмещать сразу несколько должностей, например, быть еще редактором газеты «Ак жол» – органа ЦК Компартии Туркестана. Несмотря на то, что он состоял на ответственных должностях и был предельно занят, писал статьи на общественно-политические, литературные и социально-культурные темы. Им был создан первый советский учебник для казахских школ – «Пособие по арифметике».

Султанбеку Ходжанову выпало счастье встретиться с вождем революции и получить от него советы и наставления.

Впервые он увидел В.И. Ленина весной 1921 года, во время работы X съезда РКП(б).

На съезде Владимир Ильич выступал с докладом по трем важным вопросам. Ходжанов слушал его с огромной заинтересованностью. Речь шла о политической обстановке, переходе к новой экономической политике, национальном вопросе и укреплении единства партии.

Второй раз Ходжанов слушал вождя в декабре того же года, на IX Всероссийском съезде Советов. Тогда В.И. Ленин выступал с отчетом ВЦИК и Совнаркома о внутренней и международной политике. В этот раз Султанбеку довелось встретиться и беседовать с Владимиром Ильичом...

Гуляндам Мунайтпасовна Ходжанова, которой ныне уже 88 лет, прожила трудную жизнь, прошла через муки сталинских лагерей. Но она до сих пор помнит рассказы мужа о той встрече, 66 лет назад. Султанбек Ходжанович участвовал в прениях по обсуждаемым проблемам. Видимо, высказанные им мысли понравились Ленину. Закончив речь, Ходжанов сел на свое место. Вдруг он заметил, как Владимир Ильич подозвал кого-то к себе. Обращаясь к этому человеку, Ленин повернулся в сторону зала заседаний и, указав пальцем на Султанбека, произнес: «Вот, того черного киргиза...».

Как только объявили перерыв, Ходжанов поспешил к назначенному месту. Владимир Ильич стремительным шагом ходил взад-вперед перед дверью кабинета. Когда Султанбек, подойдя, поздоровался, он, резко к нему обернувшись, приветливо улыбнулся. Пожал руку, похлопал за плечу. «Молодец, горячий киргиз», – сказал он при этом...

Общая линия партийной работы по национальному вопросу, как это отмечалось на проходившем в июне 1923 года Четвертом совещании ЦК РКП(б) с ответственными работниками национальных республик и областей, в котором принимал участие и выступал С. Ходжанов, определялась тем, что обстановка на окраинах сильно отличается от обстановки в промышленных центрах в силу иного социаль-

ного состава населения, что обуславливает применение иных методов работы. В принятом на совещании решении, которое одобрило Политбюро ЦК, говорилось: «Окраины настолько бедны местными интеллигентными работниками, что каждый из них должен быть привлекаем на сторону Советской власти всеми силами.

К концу 1924 года произошло национально-территориальное размежевание Средней Азии, из Туркеспублики отошли в состав Казахстана те земли, которые ныне составляют южный регион – Алматинскую, Талды-Курганскую, Джамбулскую, Чимкентскую и Кызыл-Ординскую области, а также Каракалпакская автономная область. Из состава Казахстана отделялась Оренбургская губерния.

Ходжанову, избранному в ноябре 1924 года третьим секретарем Казахского обкома РКП(б), предстояло работать именно в период воссоединения всех земель республики. В первый же месяц его работы на новой должности, 9 декабря поступило письмо из ЦК РКП(б). В нем содержался призыв покончить с групповщиной среди казахских ответработников и добиться сплочения рядов коммунистов. Вообще, направление Султанбека Ходжанова из Ташкента в Оренбург, видимо, было частью предпринятых партией мер по оздоровлению атмосферы среди казахстанских коммунистов.

За полгода до этого на IV конференции коммунистов Казахстана первым секретарем обкома был избран Г.А. Коростелев. Но проработал он на этой должности после конференции недолго: всего несколько месяцев. Потом его место занял В.А. Нанейшвили, направленный Центральным Комитетом РКП(б). Вторым секретарем обкома был Н.И. Ежов, работавший прежде в Семипалатинском губкоме и ставший позже у руля печально известного репрессивного аппарата.

С.Х. Ходжанов, завоевавший доверие руководства партии, имеющий за плечами опыт работы в партийных и государственных органах Туркестанской республики и хорошо знакомый с положением населения вновь присоединенных

к Казахстану территорий, оказался хорошей подмогой для нового первого секретаря обкома.

Безусловно, он немало сделал для правильного решения вопроса, поднятого в письме Центрального Комитета РКП(б). Постановлением ЦК РКП(б) от 19 февраля 1925 года Казахский обком партии был переименован в крайком. Той же весной столица переехала в Акмечеть. На V съезде Советов Казахстана были приняты важные решения. Акмечеть была переименована в Кызыл-Орду, Киргизская республика стала отныне называться Казахской. Так народу было возвращено его настоящее историческое имя.

Видимо, Нанейшвили все таки не удалось покончить с групповщиной среди руководящих работников Казахстана. В июне 1925 года он был отозван в Москву и направлен на работу в Наркомат торговли СССР. Место первого секретаря крайкома занял Ф.И. Голощекин.

Вскоре стало ясно, что этот человек, не сумевший глубоко осознать сути национальной ленинской политики и признающий только административно-командный метод руководства, не сработался с принципиальным, имеющим собственное мнение С. Ходжановым.

В октябре 1925 года Султанбек Ходжанович был переведен в аппарат ЦК ВКП(б) ответственным инструктором по делам национальных республик и областей.

Таким образом, он проработал в Казахстане всего одиннадцать месяцев – с ноября 1924 года до октября 1925 года. Но и за столь короткое время деятельность этого человека, первого из казахов ставшего вторым секретарем краевого комитета партии, вызвала такой резонанс, что его отзвуки еще долго не затихали. Об этом напишет в своих воспоминаниях Сабит Муканов. Писателем отображена картина общественной жизни в 20-е годы, дух того времени. Пылливый читатель не без интереса познакомится с его мемуарным наследием. Сабит Муканов не скрывает, что не был в восторге, когда узнал о прибытии Ходжанова в Казахстан в качестве

секретаря обкома: «До этого я о Султанбека Ходжанове знал следующее. В 1923 году он помог Магжану Жумабаеву издавать в Ташкенте стихи и поэмы, которые тот не смог напечатать в Казахстане, причем лично написал к ним предисловие. ...Осенью 1923 года в Оренбурге провалился 50-летний юбилей Ахмета Байтурсынова (группа студентов с участием С.Муканова забросала трибуну гнилыми овощами и согнала докладчика со сцены). Ходжанов провел его юбилей в Ташкенте». Излагая далее и чужие мнения на этот счет, автор делает вывод: «Если такой вот Ходжанов будет руководить Казахстаном, что тут может быть хорошего?» С его мнением был полностью согласен Дюйсенбай Нысанбаев, бывший тогда наркомом внутренних дел автономной области. Он высказался так: «Среди казахских коммунистов в Туркестане есть две группировки: одну возглавляет Турар Рыскулов (Нысанбаев считал, что они на правильном пути), а вторую – Султанбек Ходжанов, эти придерживаются националистического направления».

Многие из «деятелей» тех времен частенько пользовались словом «национализм» не столько потому, что обнаруживали явление, соответствующее сути определения, а сколько для того, чтобы очернить и предать анафеме тех, кто был им неуютен. В этом сейчас уже легко убедиться. Вот, например, тот же «всезнающий» нарком Нысанбаев характеризует Ходжанова следующим образом: «Ходжанов хитрый, смелый и деловой человек... Ходжанов не побоится схватиться с кем угодно, даже с самим Сталиным... Этот человек способен стоять на своем до конца, чего бы то ни стоило... Еще увидишь, ходжановцы, объединившись с садвакасовцами, побьют разобщенных раздорами мендешевцев и сейфуллинцев». Вот таким образом в 20-е годы создавались предвзятые мнения и разжигались междоусобные конфликты. Но даже из такой тенденциозной характеристики можно заметить: в Султанбека Ходжанове видели принципиального работника.

Подобные факты поведали Сабиту Муканову и другие люди. А теперь посмотрим, какое впечатление вынес он из

личной встречи с Султанбеком Ходжановичем: «В своем обкомовском кабинете Султанбек встретил меня тепло. Заговорил со мной как равный с равным. Заинтересованно. Тогда я узнал, что он тоже пишет стихи. В газете «Ак жол» и журнале «Шолпан», которые выходили в Ташкенте на казахском языке, он печатал, оказывается, свои произведения под псевдонимом «Колотушка» и «Современник».

Хотя это была первая встреча со мной, он высказался о многом открыто. Говорил о политике, о создании единой казахской республики, о прошлом и будущем. А потом, оценивая мои произведения, опубликованные на страницах печати, произнес следующие слова:

«...Ты, конечно, парень талантливый... Твои стихи по содержанию хороши, но художественная сторона хромает... Нужно кончать увлекаться громкими словами и вместо этого заняться совершенствованием мастерства...»

«Во второй раз с Султанбеком Ходжановым я встретился в поезде по пути из Оренбурга в Акмечеть. Инициатором этой встречи явился он сам. Это был очень общительный человек...

...Отправились в вагон-салон Ходжанова и засиделись там долго. Разговор получился интересный. Тогда, присмотревшись, я решил, что Султанбек и в самом деле человек хороший, готовый помочь советом, острый на язык и умеющий оценить шутку других, любящий литературу и искусство».

Далее Муканов пишет о том, что узнал от знакомого Сапара Мустафина: «Объединившимся в Оренбурге «правым националистам» скоро настанет конец. Новый секретарь Казкрайкома партии Филипп Исаевич Голошекин оказался не только деловым, но и находчивым человеком. Он сумел посеять вражду между Садвакасовым и Ходжановым. Те двое столкнулись. И в конце концов Садвакасов, поддерживаемый Голошекиным, одолел Ходжанова.

Изгнанному из Крайкома Ходжанову работы в Казахстане не дали, и он, в поисках покровительства, поехал в Ташкент,

к своему другу Икрамову, секретарю ЦК Компартии Узбекистана».

На самом же деле Ходжанов был переведен в аппарат ЦК ВКП(б) на ответственную работу. А кем же был человек, распространявший эти ложные слухи? Сабит Муқанов пишет о Мустафине так: «Давно работав в органах правосудия, член коллегии Верховного суда... хорошо владеет как казахским, так и русским языками». И надо сказать, благодаря «стараниям» вот таких «грамотных людей» многие настоящие большевики-ленинцы, работавшие в республике, были оклеветаны и заклеймлены надуманными ярлыками. В том числе и Ходжанов. «Голощекин, хотя он и большевик старый и не лишен хороших качеств, – настоящий эгоист. Ему нужна не коллегиальность, а беспрекословное подчинение», – вот в чем настоящая причина ухода Ходжанова.

Голощекину нужны были не соратники, а подчиненные, послушные его воле и готовые даже поступиться ленинскими принципами. Таким человеком оказался Ураз Исаев, не получивший полноценного ни общего, ни марксистско-ленинского образования, практик, выдвинутый на работу республиканского масштаба всего год назад, но при Ходжанове, накануне V съезда Советов, освобожденный от должности секретаря КирЦИКа. Спустя некоторое время его избрали на место Ходжанова – вторым секретарем краевого комитета партии. И этот человек оправдал доверие Голощекина сполна.

Спустя три года он привез от Ходжанова письмо, где тот, отвечая на заданные Исаевым вопросы, писал, что он сознает ошибочность «ходжановщины» и признает политику Голощекина, как соответствующую линии партии, и опубликовал его в газете «Енбекши Казак».

Служа орудием перегибов, Исаев в 1929 году получил пост главы правительства, и еще три года, попустительствуя наряду с другими руководителями, обрек народ на большую трагедию – страшный голод.

Однако вернемся к Ходжанову. В Москве он оставался два года. Работая ответственным инструктором Центрального Комитета ВКП(б), одновременно учился на курсах марксизма-ленинизма. В декабре 1927 года был направлен в Ташкент, в распоряжение Среднеазиатского бюро ЦК ВКП(б). Здесь он начал работать заведующим агитационно-пропагандистским обделом, позже – секретарем по агитации и пропаганде. Написал свой труд «Десятилетие Туркестанской Советской Автономии». Эта работа представляет большой интерес для современных ученых.

Наряду с выполнением своих обязанностей в Среднеазиатском бюро, Султанбек Ходжанович в Ташкенте по заданию партий участвовал в создании САХИПИ – Среднеазиатского хлопково-ирригационного политического института, стал его первым директором. Работал также в Ташкентском филиале ВАСХНИЛа. Возглавлял Среднеазиатский комитет по хлопку. В марте 1931 года он был назначен заместителем заведующего «Союззаготхлопка». В августе того же года стал выполнять обязанности заместителя руководителя группы технических культур Центральной контрольной комиссии НК РКИ. А с февраля 1934 года Ходжанов являлся контролером по хлопку в Комиссии Советского контроля при Совнаркоме СССР.

С августа 1934 года до своего ареста в июле 1937 Султанбек Ходжанович работал в Ташкенте, сначала уполномоченным представителем Наркомата земледелия СССР в Средней Азии, затем, с октября 1934 года – заместителем уполномоченного Комиссии Советского контроля по Узбекистану, избран членом ЦК Компартии Узбекистана.

Посвятивший всю свою сознательную жизнь служению народу, он был делегатом X, XIII, XIV и XVII съездов партии, являлся членом ВЦИК и ЦИК СССР. Доброе имя Султанбека Ходжанова было восстановлено только после XX съезда КПСС. И все же, очерненное в свое время некоторыми историками, оно не избавлено еще от налета неспра-

ведливых обвинений. Отдельные ученые все еще пишут: «Антипартийные группы С.Садвакасова, С.Ходжанова... нападали на политику Коммунистической партии в Казахстане, разжигали межнациональную рознь. Идеологическая сущность этих групп определялась тем, что они представляли собой интересы байства и его лидеров – алаш-ордынцев, сопротивление которых классовой политике партии усиливалось со временем и особенно активно развивалось после VI партконференции Крайкома»⁷ (так в оригинале, правильно: края – Б.К.).

Думается, настало время дать справедливую оценку жизни и деятельности таких преданных делу партии и народа людей, как Султанбек Ходжанов.

11 мамыр 1988 ж.

3. Иманшарт

Қайта құрудың қуатты қаруларының бірі – шындыққа жүгіну. Сталинизм дәуірінде бұрмаланып, ұмыттырылып келген құбылыстарды, өткен белестерімізді, «ақтандақтарға» айналдырылған деректерді, сондай-ақ заңсыздық құрбаны болған адамдар тағдырын қайтадан мұқият зерделеп, оларға катысты жол берілген қиянаттардың бәрін жою, тарихи, праволық және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру – бүгінде саяси мәні орасан шаруаға айналып отыр.

Күллі адамзаттың көкейтесті мұң-мүддесіне жауап беретін, елімізде кең өріс алған қайта құру процесінің, құрылғалы жатқан праволық мемлекеттің максаттарына сай келетін ұран іспетті ӘДІЛЕТ деген ыстық сөзді жалауша желбіретіп шаңырақ көтерген Қазақ республикалық ерікті тарихи-ағарту «Әділет» қоғамы өзі құрылғалы бергі жарты жыл бойы осы игілікті іске хал-қадерінше үлес қосуда.

⁷ Вопросы истории Компартии Казахстана. Алма-Ата: изд. «Казахстан». 1969. С. 79.

Қоғамның бірқатар қалалық, облыстық бөлімшелері өздерінің алғашқы ұйысу құрылтайларын өткізіп, алға қойған міндеттерін атқаруға кірісіп жатыр. «Әділет» активистері тарихи-ағартушылық қызметке белсене араласуда. Радио, телевизия және баспасөз, соның ішінде – «Әділеттің» қоғам болып отау тігуіне мұрындық болған «Қазақ әдебиеті» газеті – 30–40-жылдарғы, 50-жылдардың басындағы негізсіз репрессиялар мен 30-жылдардағы алапат аштық сырлары жөніндегі ащы шындықты ашып айтып келеді. Сол жылдар зобалаңында құрбан болғандар аруағына ескерткіш қою мәселесі де әлденеше қозғалды. Бұл күндері осы мақсатты көздейтін арнайы қорға – СССР Тұрғын үй-әлеуметтік банкінің Алматы операция басқармасындағы № 1700314 есепке – «Әділет» жанашырлары, сталинизм қатыгездіктерінің келмеске кетуін қалайтын, жазықсыз опат болғандардың рухына тағзым ететін барша азамат шама-шарқынша өз қаржыларын құюда.

Халқымыздың репрессияға ұшыраған адал ұлдарын еске алу кештерін жер-жерде өткізу, арнайы музей экспозицияларын ұйымдастыру, деректі фильмдер түсіру, спектакльдер қою, көркемөнер туындылары көрмесін жасау, баспасөзде қалам тербеу, радио мен теледидардан хабарлар беру секілді «Әділет» қоғамы мүшелерінің қатысуымен жүзеге асырылып жатқан күллі іс-шаралар, түптеп келгенде, қоғамдық сананы дамыта түседі, социалистік праволық мемлекетті қалыптастыру жолындағы партия басшылығымен өріс алулы әрекет-қимылымыздың соны серпінмен жандануына ықпал етеді. Жұртшылық күшімен атқарылып жүрген осынау игі жұмыстарға әрдайым партиялық қолдау көрсетіліп келеді.

Сонымен бірге, 30–40-шы жылдар мен 50-ші жылдардың басында негізсіз репрессияланғандарды ақтауға байланысты жұмыстарды толығымен аяқтауды көздеген КПСС Орталық Комитетінің белгілі қаулысын орындау мақсатымен партия-совет органдарының барлық буындарында құрылған тиісті комиссиялармен екі арада – өзара түсіністік ахуал бар.

«Әділет» қоғамының мүшелері мен барша қауым Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 30–40-шы жылдары және 50-ші жылдардың басында орын алған репрессиялардан ақталғандардың хұқтары мен мүдделерін қорғап, қамтамасыз етуге, әрі репрессия құрбандарына ескерткіш орнатуға жәрдемдесу жөнінде арнайы депутаттық комиссия құруын зор ризашылық сезіммен қарсы алды. Республиканың парламенттік комиссиясы төрағалығына Қазақ ерікті тарихи-ағарту «Әділет» қоғамы басқармасының председатели С.О. Жандосовтың тағайындалуы жұртшылық көңілінен шыққанын айрықша атап айтқан жөн, өйткені бұл – жоғарғы өкімет органы мен халық бұқарасының тілегіндегі үндестіктің көрсеткішіндей қабылданған еді.

Жақында Қазақ Республикасының Жоғарғы Советі құрған Комиссия депутат С.О. Жандосовтың басқаруымен алғашқы мәжілісін өткізді. Мәжіліске «Әділет» қоғамы басқармасының президиум мүшелері де қатысып, қаралған мәселелерді талқылауға атсалысып отырды. Пікір алысу барысында Комиссия туралы ереже мен Комиссияның жұмыс жоспары бекітілді. Комиссия мүшелерінің атқаратын міндеттері белгіленіп берілді. Солардан кейін талқыланған екі мәселеге біршама тоқталыңқыраған жөн тәрізді...

«Үлкен террор» жылдары ері атылып кеткен, өзі он шақты жыл бойы сталиндік лагерь азабын шегіп қайтқан Күләндәм Мұңайтпасқызы Қожанованың өтінішін қарау – Қазақ ССР Жоғарғы Советі Комиссиясының қолға алған алғашқы нақты ісі болды...

Күләндәм апаның ері Сұлтанбек Қожанов – Түркістан Республикасының беделді мемлекет қайраткері, ұлттық-территориялық межелеуден соң Қазақстан өлкелік партия комитетінің екінші секретары болған, ВКП(б) Орталық Комитетінде, одақтық наркоматтарда, Советтік Бақылау комиссиясында жауапты қызметтер атқарған кісі. Оның мәдени-ағарту саласында педагог, әдебиетші, публицист ретінде сіңірген еңбегі өз алдына бір төбе. (Кейінгі кездері мерзімді

басылымдар бетінде Қожановтың өмірі мен қызметі туралы оң пікірлі материалдар жарияланып жүр, онда осы жолдар авторының да кішігірім үлесі бар. Дегенмен Сұлтанбек Қожанұлының толымды саяси портретін жасауда өзбек ғалымдары көш ілгері келеді, мұны әділдік үшін мойындау ләзім).

Ол – халық алдындағы азаматтық парызын адал өтеген адам. Сонау революция жеңістерін орнықтыруға кеткен қиын-қыстау жылдар шежіресінде Қожановтың жүрек отымен, маңдай терімен жазылған жарқын жолдар бар, соларды көзден таса ғып жағылып тұрған «ақтаңдақтар» уақыт өткен сайын біртіндеп өшіріле береріне күмән жоқ.

Еңбек ардагері Айтжан Бутин Сұлтанбек Қожанұлының алқалы жиындарда сөйлеген сөзін әлденеше мәрте тыңдаған екен, міне сол кісі биылғы июльде, С. Қожановтың туғанына 95 жыл толуына орай Алматыда өткен кеште, оның: «Мен Коммунистік партияға қарнымды тойғызу үшін кірген жоқпын, мен халқыма қызмет еткім келгендіктен коммунист болдым!» – деген сөздерін тебірене еске алды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтына жазып берген естелігінде партия ардагері, қарт әдебиетші, 1926 жылдан КПСС мүшесі Ғалым Хакімұлы Ахмедов Қожанов жайында былай дейді: «Сұлтанбек бойшаң, арық, қараторы кісі еді, орысша, қазақша еркін сөйлейтін...»

Ленин идеяларына берілген С.Қ. Қожанов өжет ой, батыл әрекеттер адамы еді. Сондықтан да ол Қазақстандағы лениндік ұлт саясатының басты бұрмалаушысы Ф.И. Голощекинмен ұзақ қызметтес бола алмады.

«Голощекин бетіне жан қаратпайтын, ұрысып, ақырып-бақырып, ер адамдар түгіл әйелдерге де тіл тигізіп сөйлейтін адам еді. Былай қарағанда интеллигент сияқты болғанымен, көңілінен шықпаған жерде тым қатты кететін», – деп жазды жоғарыда аталған естелігінде Ғ.Х. Ахмедов. – Л. Троцкий Алматыға жер аударылғанда, кейде Голощекинге

келеді екен. Екі қолын шалбарының қалтасына салып, әрілі-берілі жүріп, Голощекинге: «Ну как дела у тебя, царек?» – дейді екен. Мұны маған Голощекиннің көмекшісі болып істеген М. Ряднин айтқан еді, ол беріде қайтыс болды».

Голощекинді Троцкийдің «царек» деп атауы мүлдем кездейсоқ еместігіне бүгін еш күмән келтіре алмайсыз. Қазақ өлкесінің 20-жылдардың екінші жартысы мен 30-жылдардың басындағы осынау қандықол «патшасымағы» қалдырған ауыр мұра құрсауынан шығуға біз енді ғана талпынудамыз. Ол қимылға келтірген репрессиялық аппараттың жалмаңдаған пышағына 1928–1930 жылдары іліккен бірқатар ардақты ұлдарымызды алпыс жылдан кейін әрең ақтап алдық. Республикамыздың ол ойрандаған шаруашылығы бүгін қатты сезіліп отырған экономикалық қиғаштықтарға, экологиялық қиындықтарға, айналып келгенде, тұрмысымыздың төменгі деңгейде қалуына ұрындырды. Осы келеңсіздіктерден құтылу үшін – кезінде ол тұншықтырған шаруашылық есеп пен өзін-өзі басқару идеяларын алпыс жылдан кейін зорға дегенде қолға қайта алып отырмыз. Республика партия ұйымының тарихында «ұлтшылдар» мен «уклоншылар» туралы ол қалыптастырып кеткен догмалардан күні бүгінге дейін толық арылып біткен жоқпыз. Жазықсыз қорғасын оққа байланған Сұлтанбек Қожанов 1957 жылы ақталды, сол жылы партиялылығы қалпына келтірілді, алайда оған Голощекин таққан жалалы айырым-белгі «құндылығын» әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ...

Сол теріс көзқарас салдарынан болуы ғажап емес, С. Қожановтың зайыбы Күләндәм апа парламенттік комиссияға өзінің тұрмыс жағдайын түзеуге көмек сұрап өтініш жолдады...

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Комиссиясы К.М. Қожанованың пенсиясының мөлшерін барлық ережелер мен жеңілдіктерді ескере отырып қайта қарауды Комиссия мүшесі, әлеуметтік қамсыздандыру министрі Д.Е. Әбдірахимоваға

тапсырды, ал тұрғын үйі жөнінде Алматы қалалық атқару комитетіне ұсыныс түсіруге ұйғарды.

Алғашқы мәжілісте, сондай-ақ, республиканың мемлекеттік қауіпсіздік комитеті председателінің орынбасары С.Қ. Әбдірахмановтың хабары тыңдалды. Ол жазықсыз репрессияға ұшырағандарды ақтау, атылғандардың сүйегі тасталған жерлерді анықтау жұмыстарының барысы жайында айтып берді. Республика право қорғау органдары бұл орайда сталиндік репрессияға ұшырағандарды ақтау жұмыстарын толық аяғына жеткізуді көздейтін КПСС Орталық Комитетінің Қаулысы мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указын басшылыққа ала отырып, көптеген шаруаларды тындырып келеді. Дегенмен орган қызметкерлерінің халық жәрдемінсіз орындай алмайтын бір ісі – жазаланғандар көмілген қорымдарды анықтау мәселесі. Себебі НКВД архивінде үкім орындалған күннен басқа дерек қалмаған көрінеді. Ал халықтың көмегі – елеулі. Мәселен, Ақтөбе маңында медицина институтының бір студенті меңзеген жерден жүзден астам адам бас сүйегі қазылып алынды, біреуінің ішінде, тіпті, қорғасын оқ калып қойыпты... «Әділет» қоғамы мүшелерінің Алматы түбіндегі Боралдай сайы жөнінде әңгіме қозғап жүргені белгілі, мұнда да соттық-медициналық экспертиза жасалуға тиіс, тек, Ақтөбедегі жағдайдағыдай, белгіленген тәртіппен, прокуратура тарапынан қылмыстық іс қозғау керек...

Сонымен, репрессия құрбандарының денелері тасталған жерлерді анықтауға «Әділет» қоғамының мүшелері мен күллі тілектестері атсалысса деген ой өз-өзінен туындайды. Көне көз қариялардың, бұрынғы НКВД қызметкерлерінің естеліктерін жинастыру ләзім, әрбір ықтимал деген орындарға тиісті тексеру-зерттеулер жүргізу үшін «Әділет» қоғамы мен партия-совет органдарының комиссияларына дер кезінде хабарлап отыру жөн. Өстіп көп болып қолға алғанда ғана игілікті ниетіміз тезірек жүзеге асып қалар деп ойлаймыз.

Сталиндік репрессиялар ешкімді де қызметіне, әлеуметтік жағдайына, ұлтына, біліміне, жасына, мекен-жайына қарап таңдаған жоқ, жазалаушылардың қара семсері, еш жазығы болмаса да, қарапайым еңбек адамынан бастап, халықтың қаймағы іспетті көзі ашық, көкірегі ояу зиялы қауымға, жер-жердегі саналы қызметкерлерге, тіпті республика басшылығына дейін қатыгездікпен сермеле берді.

Сонау сұм кезең құрбандарына астанада символикалық ескерткіш тұрғызылар болса, оның айналасына – іздеп келген ел қайғырып тәуап етер, тарихи сабақ алар азалы аллеяларға – 30-жылдардағы республика партия ұйымының лидері Л.И. Мирзоян, республика президенті Ұ.Ж. Құлымбетов, премьері О.Ж. Исаев бейнелерінен бастап, халқымыздың бақыты үшін күрескен Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Садуақасов, Н. Төреқұлов, Т. Жүргенов, Н. Сырғабеков, О. Жандосов, Н. Нұрмаков, С. Аспандияров, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Ә. Бөкейханов, М. Тынышпаев, Ж. Садуақасов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев секілді ондаған адал ұлдарының мүсіндік-портреттік галереялары орын тебер еді...

«Әділет» тарихи-ағарту қоғамы, сөйтіп, репрессиялар құрбандары басына белгі қою мақсатындағы жұмысында – республика жоғарғы өкімет органының арнаулы парламенттік комиссиясына арқа сүйей алады.

Алайда оның алдында тағы бір аса маңызды міндет – ашаршылық құрбандарына да ескерткіш орнату мәселесі бар екенін ұмытпаған жөн. Бұл іс әзір жалғыз «Әділетке» қарап тұр. Сондықтан, күллі жұртшылық болып, «Әділет» қоғамына жәрдемдесуіміз керек.

Ең алдымен ғалымдар, тарихшылар, журналистер мен жазушылардың, қиын-қыстаулы шежіремізге енжар қарай алмайтын барша азаматтың ағартушылық, іздеп-зерттеушілік жұмысқа ден қойғаны абзал. Аштықтың сырын, түп-тамырын терең ашқан сайын социалистік құрылыстағы сталиндік бұрмалауларды, Ленин жолынан ауытқушылықтарды кейін-

гі ұрпақ мейлінше айқын түсінетін болады. Ал бұл – қайта құру салған бағытпен правоға негізделген қоғам орнату жолында нық алға баса беруімізге сенімді мүмкіндік жасайды деген сөз.

Үстіміздегі ғасыр ішінде қазақ жері миллиондаған адам өмірін әкеткен үш дүркін аштық нәубетін бастан кешкені мәлім. 1917–1918 жылдары – оңтүстік, 1920–1921 жылдары – терістік аймақтарымызда, ал 1931–33 жылдары – күллі Қазақстанда адам айтқысыз ашаршылық жайлады. Алғашқы екі аштыққа – әлеуметтік сілкіністердің, барлық жерде бірдей революциялық тәртіпті сақтауға қол жеткізілмегендіктің себеп болғаны белгілі. Сол кездерде шыққан қоғамдық-саяси әдебиеттен де, мерзімді баспасөз бетінен де сонау іркес-тіркес зобалаң сырлары туралы талай дерекке қаныға аласыз.

Өйткені революциядан кейінгі алғашқы бірнеше жыл – жариялылықтың шын мәнінде кең канат жайып, өрістеген кезеңі еді. Ең арғысы, большевиктердің қас жауы, шетелде эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқайдың өзі Парижде әуелі 1928 жылы, одан 1935 жылы жаңа мәліметтермен толықтырып шығарған, қайта құру саясатының арқасында бүгіндері бізге 1986 жылғы Оксфорд басылымы арқылы жетіп отырған «Түркістан совет өкіметі қоластында» атты кітабындағы сталинизмді әшкерелейтін күллі тұжырымдарының бәрін 20-жылдарғы советтік газет-журналдар мен кітаптардан алған деректері негізінде жазғанына көзіміз жетіп отыр.

Эмигранттардың аузына өзіміз сөз салмайық дегеннен бе екен, сталиншілдер ұзамай шет елдермен екі араға ғана емес, өзіміздің советтік баспасөз бен шындық арасына да «темір шымылдық» түрді.

Газеттер 1931–1933 жылдарғы алапат аштық жөнінде жұмған аузын ашқан жоқ. Халықты қырғынға ұшыратқан ашаршылықтың авторы Филипп Голощекин қызметінен алынғанда да ақиқатын айтпай, лауазымы жоғарылаған қайраткер ретінде дәріптеп, халықтың онымен қимай қоштасқаны туралы ғана жазды. Сондықтан шығар, революциядан

кейінгі ашаршылыққа қатысты жағдайларды: «Большевиктер бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген аштық саясатын жүргізді», – деп қорытқан М. Шоқаев отыз екінші жылдың сұмдық көріністерін мүлдем сөз етпейді. Совет өкіметіне қаншама дұшпан болса да, қолына ресми басылым материалдары түспегендіктен, үнсіз қалса керек...

Шындықты, партия көрсеткен үлгімен, халыққа өзіміз айтуға тиіспіз, халықтың өзін қатыстыра отырып, сталинизм зардаптарын бүге-шігесіне шейін айыра білуді үйрену қажет бізге. Кейінгі ұрпақты тар жол, тайғақ кешуі мол қиын тарихымыздан тағылым ала білуге баулу шарт. Бұл үшін жаппай «Әділет» қоғамының жұмысына атсалысқан жөн. Жер-жерде «Әділет» бөлімшелерін құрып, жергілікті музейлерде, кітапханаларда, мектептерде көрнекі үгіт жұмыстарын жолға қою қажет. Репрессия мен аштық жұтып, арманда кеткен боздақтарға тие берсін деген тілекпен, бір сом да болса, «Әділет» қорына қосуды ұмытпау ләзім.

Өткенін зерделей білетін, бағалай білетін ел болуды ойлайық, ағайын!

Қасіретті белестер құрбандарына ел боп қояр белгілер – бәріміз үшін, күллі келер ұрпақ үшін әрдайым ИМАНШАРТ қызметін атқара берері сөзсіз.

6 қазан 1989 ж.

4. Алғашқы қарлығаштар еді...

Дәрігер-нарколог Зиба Сұлтанбекқызы Қожанова әңгімелейді:

– Менің әкем Сұлтанбек Қожанов Түркістан Республикасында басшы қызметте жүрген жылдары Қазақстандағы кейбір солақай коммунистердің сыңаржақ қудалауына душар болған талай аяулы азаматтың тағдырына араша болған еді. Жарты ғасыр бойы оның сол қызметіне: «Қожанов алашордашыларды паналатты, қорғады» деген қара бояу жағылып

келді. Шүкір, қайта құрудың арқасында әділдік қалпына келе бастағандай. Мағжанның кітабына Қожановтың алғысөз жазып шығаруы, ұлттың басқа да зиялы тұлғаларына жәрдем беруі – оған күнә емес, бұл оның өз тұсындағы ерлігі, көрегендігі, тіпті, кәдімгі сауаттылығы еді дегенді ести бастадык...

Әкемнің революцияға дейін Ташкентте оқып жүрген кезінде «Кенес» атты қазақ жастарының жасырын саяси ұйымына мүше болғаны белгілі. «Кенес» үйірмесінің жиылатын жері – патша армиясының отставкадағы полковнигі Жағыпар Аспандиаровтың зәулім үйі екен. Жиынның жан-жүрегі де Аспандиаровтар әулеті болса керек. Өйткені Сейітжағыпар (Жафар-Жағыпар Аспандиаровтың толық аты осылай) ақсақалдың балалары мен оларға жақын жүрген кісілер шетінен оқыған, халық камын ойлаған адамдар-тын.

Санжар Жағыпарұлының есімі бұл күнде халқымызға кеңінен мәлім. Жакында Ленинград архивінен әскери-медициналық академияны 1912 жылы бітіргендер альбомын көтертіп, ішінен Санжардың суретін таптым да, көргенде көз жасымды тыя алмай, көп жыладым...

Санжардың әпкелері де дәрігерлер еді. Гүлсім Санкт-Петербургте медицина институтын бітірген алғашқы қазақ қыздарының бірі ретінде Қазақ энциклопедиясынан орын алған. Мәриям да дәрігер-тін. Санжар Аспандиаровтың ең кіші қарындасы Әнел менің әкеммен жасты еді, ол да дәрігер болды, әуелі Ташкентте, кейін Ленинградта оқыды. Сонда тұрып қызмет істеді, сонда қайтыс болды.

Әкемнің «Кенес» саяси үйірмесінің жұмысына араласуы біздің Аспандиаровтармен туыстығымызды нығайта түскен екен. Шешем екеуі алғаш сонда танысты да, көп ұзамай үйленді.

Ал менің анам Күләндәмнің сіндісі Рабиға Лапина Санжарға Петербургте тұрмысқа шыққан еді. Рабиға Смольный- дағы текті қыздар институтында оқыған. Оның әкесі – менің шешемнің інісі Серәлі Лапин (юрист, қоғам қайрат-

кері, шығыстанушы) 1910-ші жылдары Түркістан өлкесінің империя астанасындағы сенімді өкілі болып істеген-ді...

Түркістан АССР-інде лауазымды жұмыстарда жүргенде әкем революциядан бұрынғы оқығандарды тегіне, тағылған саяси жалауына қарамастан бауырына тартты. Ол бұл орайда буржуазия мамандарын совет құрылысына пайдалану қажеттігін үйрететін Ленин қағидасын басшылыққа алған екен. Ташкентке келіп, әкемнің қамқорлығына бөленіп қызмет атқарған талай аяулы азаматтар арасында белгілі қоғам қайраткері, ғалым, дәрігер Халел Досмұхамедов бастаған дәрігерлер де болатын.

Халел аға менің сәби кезімдегі жеке дәрігерім іспетті еді... 1930 жылы ол Воронежге айдалды, «үлкен террор» кезінде қайта ұсталды. Этаппен әкетіп бара жатқан жолда, Ташкент түбіндегі лагерьде үкім тосып жатқан шешемді іздеп келіп, демеу сөздерін айтыпты...

Сұлтанбек те, Халел де репрессия құрбаны болды. Тағдыр мені түрлі қудалаудан соң медицина институтында оқып жүргенімде, сонда оқитын Халелдің ұлы Әділханға қосты...

Сұлтанбектің студенттерге халықтың болашағы ретінде үлкен үміт арта қарап, қамдарын жеп жүргені қазір айтылуда. Үйден жастар үзілмейтін. Ташкентте білім алған алғашқы дәрігерлер ішінен Дәмеш Жүргенова-Ермекова небір қиын-қыстау күндерді бірге өткеріп, анам Күләндаммен күні кеше қайтыс болғанына дейін туған сіңлісіндей қарым-қатынаста болды.

Ал әкем шама-шарқынша жәрдемдескен қазақтың бір тамаша қызы ауыр науқас салдарынан өмірден ерте кетті. Ол – советтік дәуірде жоғары білім алған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Аққағаз Досжанова еді.

Аққағаз Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік университетінің медицина факультетін бітіргенде, Түркістан республикасының басшылығындағы Сұлтанбек Қожанов алғашқы қазақ совет дәрігер-қызына үкімет сыйы есебінде, Ташкентте арнайы гинекологиялық кабинет ашқызып, арнайы ағыл-

шын медициналық аспап-құралдар жиынтығымен жасақтап берді. Өзі ұйтқы болып, Аққағаздың оқу бітіру тойын біздің үйде өткізді. Алда келе жатқан Халықаралық әйелдер күні орайында осы кісі туралы бірер сөз айтқым келеді. Бала кезімізде мен Аққағазды өз үйімізден талай көрген едім. Кейін, жеке басқа табыну зұлматы әшкереленгеннен соң ес жия келе, әкемнің айналасында болған кісілердің бәрі жайында, соның ішінде Аққағаз жөнінде сұрастырып, дерек жидым.

Университетте Аққағаз Досжанова атындағы стипендия тағайындалған болатын. Ойлап қарасам, мұндай құрметке Аққағаз тек советтік бірінші дәрігер қыз ретінде емес, тынымсыз еңбекқор, қайраткер, ауру-сырқауы мол қараңғы халықтың шын жанашыры болғандықтан бөленген екен ғой. Ол алыс ауылдарға дәрігерлік жәрдем көрсету, панасыз балалар арасында жиі ұшырайтын дерттерді емдеу, ана мен баланы қорғауды жолға қою істерімен қатар шығыс әйелдерін ескінің бұғауынан босатып, жаңа өмірге тарту шараларына белсене қатысты. Аққағаз университеттің медицина факультетінде оқи жүріп дәрігер-ординатор қызметін қоса атқарған-ды. 1928–1929 жылдары ол алғашқы жоғары білімді қазақ дәрігер әйелі Гүлсім Аспандиаровамен бірге Ташкентте дәрігер-гинеколог болып істеді.

Аққағаз революцияға дейін Москва Жоғары медициналық курсына оқып жүріп ауыр науқасқа шалдыққан болатын. Соның салдары шығар, бар болғаны 39 жасында дүниеден өтті. Алайда ол өзінің сол аз ғұмырын адамдардың денсаулығын жақсарту, санитарлық-гигиеналық ағарту саласын жолға қою ісіне түбегейлі арнап, Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі денсаулық сақтауды ұйымдастыру, дамыту тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

«Денсаулық» журналы халқымыздың Аққағаз Досжанова секілді дәрігер қыздарының есімін тірілтіп, еңбегін еске алып, оқырмандарға таныстырып отырса нұр үстіне нұр болар еді. Рухани саулықтың тән саулығына септесері кәміл.

28 қаңтар 1991 жс.

5. Өмірдерек

ҚОЖАНОВ (Ходжанов) Сұлтанбек Қожанұлы (10.09.1894, Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Ақсұмбе а. – 10.02.1938, Мәскеу) – мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист. Түркістандағы 4 сыныптық орыс-тузем бастауыш мектебін (1910), 3 сыныптық қалалық мектепті (1913), Ташкент мұғалімдер семинариясын (1916), Мәскеуде БК(б)П ОК Марксизм-ленинизм курсы (1927) бітірген.

Еңбек жолын Түркістан қ-нда оқи жүріп, етікшінің көмекшілігінен, саяси қызметін Ташкент қ-нда семинария оқушыларынан құралған «Кеңес» атты астыртын жастар ұйымын құрудан бастаған. 1916–17 ж. Әндіжан орыс-тузем мектебінде Қ.Қожықовпен қатар сабақ берді. 1917 ж. Минскіге «Земстволық-қалалық одақтың» Ә.Бөкейханов басқаратын бұратаналар бөлімі қарамағына барып, батыс майданның қорғаныс құрылыстарын салу жұмыстарына алынған түркістандықтарға қызмет етті. Ақпан төңкерісінен кейін, Минскіден қазақ жеріндегі 25 елді мекенде тұратын саяси белсенді азаматтарға 1917 ж. 16 наурызда жолданған әйгілі жеделхатқа қол қойған. 1917 ж. көктемде Ташкентте Мұстафа Шоқай, Қ.Қожықов, Қ.Болғанбаев, С.Ақаевтармен бірге «Бірлік туы» газетін шығарды. Түркістан (Қоқан) автономиясына қызу қолдаушылық танытып, оны кеңес өкіметінің әскер күшімен құлатуын жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығын аяқ асты етушілік деп бағалады. Өлкеде кеңестік билік тұсында орын алған ашаршылыққа қарсы күресте белсенділік танытты. Аштықпен күресетін орт. комиссияның мүшесі ретінде 1918 ж. Түркістан, Созақ, Жаңақорған, Қызылқұм, Шиелі өңірлерінде ашыққан адамдарды тамақтандыратын арнайы орындар ашуды ұйымдастырды. Өлкелік мұсылмандар бюросы жұмысына қатысты. Ташкент пед. уч-щесінде, мұғалімдерді қайта даярлау курсына оқытушы, пед. кеңестің хатшысы болды.

1919 ж. қыркүйекте Түркістан уездік-қалалық атком төрағасының орынбасары, төрағасы, 1920 ж. наурызда Сырдария обл. ревком төрағасы болып істеді. Сол жылғы шілдеде Түркістан Компартиясы уақытша орт. к-тінің құрамына енді, қыркүйекте ТүркОАК (Түркатком) төралқасының мүшелігіне сайланды, «Ақ жол» газетін шығаруды ұйымдастырды және оның алғашқы редакторы болды. Содан Түркістан Республикасы тарқағанға дейін Ішкі істер халкомы (1920–21), Ағарту халкомы (1921–22), Жер шаруашылығы халкомы (1922–24), сондай-ақ 1922–24 жж. ТКП орт. к-тінің хатшысы, Түркатком төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Орта Азия Бюросының (Средазбюро) мүшесі болды. Ол осы қызметтерді атқару барысында БОАК пен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Түркістан ісі бойынша құрған комиссиясы – Түрккомиссияның Ресейде іске асырылып жатқан коммунистік шараларды Түркістан өміріне күштеп енгізуге, таптық күресті шиеленістіре түсуге, сөйтіп ұлттық мәселені кейінге ығыстырып тастауға бағытталған әрекеттеріне қарсы тұрды. Отаршылдық іздерін жоюға, көшпелілер тіршілігін жақсартуға белсене араласты. А.ш.-ның ахуалына ерекше көңіл бөліп, өлкедегі жер-су реформасына тек таптық қана емес, сонымен бірге ұлттық сипат беру бағытын ұстанды. Халық ағарту саласында білім беруді жергілікті халықтар тілінде жүргізу мәселесін көтеріп, оны жүзеге асыруды талап етті. Мәскеу, Ленинград секілді ірі қалаларда жоғары оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық жастарға материалдық көмек көрсетуде бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Түркістанда баспасөздің және ұлттық театрдың өркендеуіне елеулі үлес қосты.

Қ. мемл. қайраткер ретінде Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеу (1924) кезінде айрықша танылды. Ол межеленіп жатқан ұлттық республикалардың тұтастығы, ежелден қалыптасқан экономикалық байланысы бұзылмауына зор мән берді, Ташкенттің қазақ астанасы болуын жақтаған топтың басында тұрды, Қарақалпақ автон. облысын Қазақстан

құрамына қосуға ықпал етті. 1924 ж. қарашада, РК(б)П Қазақ обкомының (1925 ж. ақпаннан – Қазақ өлкекомының) екінші хатшысы қызметіне жіберілді. Қ-тың тікелей ұсынысымен Кеңестердің 5-съезі (жер-суы, халқы біріккен Қаз. Кеңестерінің 1-съезі) халықтың тарихи дұрыс аталымын (патшалық тұсынан бұрмаланып қалыптасқан «киргиз» деген атты төл атауына «қазаққа» түзетіп) қайтарып, астаналық қала атын Қызылорда деп өзгертті. 1925 ж. қарашада БК(б)П Орт. К-тіне қызметке шақырылды, ұлт респ-лары бойынша жауапты нұсқаушы лауазымымен Кавказда (Әзербайжан КСР-інде) саяси жұмыстар жүргізді. 1928 ж. Ташкентке, БК(б)П ОК Орта Азия Бюросына (Средазбюроға) қызметке жіберілді. Мұнда ол әуелі үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, одан – хатшы болды. Бүкілодақтық а. ш. ғылымдары академиясының (ВАСХНИЛ) Ташкент бөлімшесін ұйымдастырды. 1929 ж. Орта Азия мақта-ирригациялық политехника ин-тын (САХИПИ) құрып, алғашқы директоры болды, сонымен қатар 1929–31 ж. Орта Азия мақта к-тінің директоры қызметін атқарды. 1931–32 жж. БК(б)П ОК аппаратында істеді. 1932–33 жж. Орт. Бақылау к-ті-Жұмысшы-шаруа инспекциясында тех. дақылдар тобы жетекшісінің орынбасары болды. 1934 ж. КСРО ХКК жанындағы Кеңестік бақылау комиссиясының мақта жөніндегі бақылаушысы, одан – КСРО Жер шаруашылығы халкоматының Орта Азиядағы уәкілі, сол жылдың ортасынан аса – Кеңестік Бақылау комиссиясының Өзбекстандағы уәкілі, ал 1934 ж. қазаннан 1937 жылға дейін Кеңестік Бақылау комиссиясы уәкілінің Өзбекстан бойынша орынбасары қызметтерін атқарды.

Қ. өзінің осындай жауапты лауазымдары жүктейтін негізгі міндеттерін үнемі қоғамдық, ғыл.-шығарм. жұмыстармен ұштастырып отырды. Түркістандағы қызметі кезінде «Ақ жол» газетін құрып, редакциялаумен қатар, «Шолпан» журналын ашуға атсалысты, орыс тілінде шығып тұрған партиялық басылымдардың алқа мүшесі болды. Мектепке арналған «Есеп тану құралы» атты оқулығы (1924), «Түр-

кістанның Кеңестік Автономиясының он жылдығына» атты орыс тіліндегі зерттеуі (1928) жеке кітап болып шыққан. Мерзімді басылымдарға тұрақты түрде мақалалар жазып тұрды. «Мағжанның өлеңдері туралы бір-екі ауыз сөз» деген тақырыппен алғысөз беріп, 1923 ж. Ташкентте М.Жұмабаевтың жинағын бастырды. Қазақстанда «Еңбекші қазақ» газетіне саяси басшылық жасады. Қ-тың саяси көзқарастары РК(б)П ОК-нің ұлт қызметкерлерімен өткізген Төртінші кеңесінде (1923), РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың басқаруымен өткен жеке кеңесте (1926) сөйлеген сөздерінде, сондай-ақ өзінің И.В. Сталинге 1927 ж. жазған екі хатында мейлінше айқын тұжырымдалған.

Ол 1937 ж. 16 шілдеде Ташкентте тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1957 ж ақталды. Кейінгі жылдары Қ-тың қоғамдық-саяси қызметін әр қырынан қарастырған бірнеше канд. дисс. қорғалды. Алматы, Шымкент қ-ларында бір-бір көшеге Қ. есімі берілген. Түркістанда ескерткіш қойылған, мұражайда бөлім арналған.

Әдеб.: Қойшыбаев Б., Жазықсыз жапа шеккендер, Алматы, 1990; Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? А., 1993; Әлмашұлы Ж. Сұлтанбек Қожанұлы. А., 1994; Шәріпов А. Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиетші, А., 1994; Масов Р. Таджики: история с грифом «совершенно секретно». Душанбе, 1995.

2004 ж.

6. Іштен шыққан жау жаман

Большевизмге көзсіз сеніп, таптық ту астына бірден топтасқандар қатарына Сұлтанбек Қожанов ұлттық қозғалыс сапынан келіп қосылған. Сондықтан да болар, ол большевиктік коммунистік партияның орталық штабынан шығып жатқан саяси құжаттармен мұқият танысып, ұлттық мүддеге жауап беретін тұстарын қатты ұстанып жүрді.

Мәселен, 1920 жылғы 29 маусымда Орталық Комитет тарапынан жер-су реформасын көздеген қаулы шыққан. Соған

сәйкес, сол жылғы қыркүйекте Түркістан Компартиясының 5-ші съезі мен Бүкілтүркістан Кеңестерінің 9-шы съезі тиісті шешімдер қабылдап, республикада жергілікті халық пен еуропалық шаруалардың жер-суды пайдаланудағы құқтарын теңестіру, патшалық тұсында орыс қоныс аударушылары үшін тартып алынған жерлерді жергілікті жұртқа қайтару мәселелері реформаның басты мақсаты ретінде алға қойылған. Сонда, 1921–1922 жылдары жер-су реформасын жүргізуде, Қожанов комиссиясы екпінді жұмыс атқарған еді. Комиссияның белді мүшесі болған Тұркаткомның жауапты қызметкері Қоңырқожа Қожықовтың сөзімен айтқанда, реформа барысында «отаршылдарға табысты түрде соққы берген» болатын. Алайда Мәскеуге арыздар қардай борады да, нәтижесінде, комиссия кері шақырып алынды. Дегенмен, кулактардан екі жүз мың гектардан астам жер бөліп алынып, жергілікті кедейлердің қожалықтарына берілді.

Ұлттық-мемлекеттік тұрғыда жіктеп-межелу науқанында да Қожанов айрықша мінез танытқан. Ол ғасырлар бойы бірге, қоян-қолтық өмір сүріп келе жатқан халықтарды іргесін ажыратып бөліп тастауға қарсы болған. Орталықтың қолға алған бұл науқаны ежелгі «бөлшектеп таста да, билей бер» формуласының ұлттық мүдделер бояуымен көмкерілген жымысқы түрі екенін аңдағандықтан да, алдымен Ортаазиялық федерация құрып, содан соң барып, Кеңестер Одағын құрушы бірліктер қатарына қосылу керектігін айтқан. Орта Азияда шаңырақ көтермек ұлттық республикалардан экономикалық бірлестік құру мәселелерін көтерген. Ортаазиялық көршілерімен мың сан дәнекермен жалғасқан, шаруашылық күш-қуаты әлжуаз Қазақ республикасын Экономикалық бірлестіктен бөліп тастауға болмайтынын ескерткен. Ташкентті оған экономикалық және мәдени байланыстар арқылы тартылып тұрған қазақ елінің орталығы ету жөніндегі көзқарасын табанды түрде Орталық Комитетке дейін барып дәлелдеуге тырысқан. Бірақ, партиялық көзқарасқа сүйенгенімен, күресі сәтсіз болды. Оның оң нәтижеге жете алмауына, бәлкім, өзге бір қазақ коммунистінің Сталинге мұны «партияға

кіріп алған жау және түзелмес ұлтшыл» ретінде сипаттаған хаттары да әсер еткен шығар.

Қожанов өз көзқарасы үшін қызылкеңірдек болып айтысудан тайынбайтын, бірақ дауласқан мәселесі жөнінен тиісті қаулы қабылданған соң, өз көңілінен шықпаса да, айтысуды доғаратын. Оның партиялық тәртіп хақындағы түсінігі осындай еді. Биік шешім шығарылғаннан кейін, қарсылық көрсетпей, тек оны орындауға атсалысуды қош көретін.

Орта Азиядан межеленген жер-су барлық тұрғындарымен Қазақ республикасына қосылып, Қожанов Үлкен Қазақстан партия ұйымын басқарысуға келген. Сол кезде ол бюрода қабылданған бірқатар ұйымдық шараларға бастамашылық етті де, өзіне бітіспес дұшпандар да тауып алды.

Осы тұста ескі республикада белді саналатын қазақ коммунистерінің бірі Сталинге кіріп, орталықта қызмет істеуге сұранып жүретін. Ал Қазақ обкомы оны облыстық деңгейдегі басшылық жұмысқа жібермек болған-ды. Сонда ол «Қожановтың кадр саясатында жүргізіп отырған озбырлығынан» өзін қорғауды сұрап, Сталинге шағым хат жазады. Нәтижесінде республикалық деңгейдегі қызметте қалады да, Қожановтың жұмысынан қайткенде кір табуға тырысқан түрлі әрекеттерін жасай береді. Тағы бір беделді қазақ коммунисті Қожановтың жетекшілігімен өткен Ақмешіттегі Кеңестер съезін «неоұлтшылдықтың көрінісі» болды деп бағалап, Мәскеуге, Сталинге ұзақ хат жолдайды.

Не керек, царизм орнықтырған құлдық психология кеңестік дәуірде жойылудың орнына, үдей түсіп, елдік мүддені терең түсіне алмаған қазақ коммунистерінің өзара күресінің тәсіліне айналады. Соның салдарынан, Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Нанейшвили жазғытұрым Мәскеуге қызметке ауысып, республика партия ұйымының іс жүзіндегі басшысы Қожанов боп қалғанда, соны рәсімдеуге беделді қызметкерлердің ешқайсысы ынта танытпайды, қайта, онымен жұлдызы қарсылар Орталық Комитетке барғыштап жүріп, біріншіден, оның жолын кеседі, екіншіден, республиканы басқаруға шын мәніндегі «көл-

денең көк атты» Филипп Голощекиннің жіберілуін мүмкін етеді. Сөйтіп, елді көл-көсір қайғы-қасіретке душар ететін болашақ ұлттық апаттың аранын өз қолдарымен ашады...

Қожанов Мәскеуге, Орталық Комитеттің қарамағына шақырып алынғалы талай уақыт өткенмен, Филипп Голощекин бастаған қазақ коммунистерінің бірқатары оған қисынсыз кінә арту науқандарына тез нүкте қоя салмады.

Олар, біріншіден, Сұлтанбек Қожанұлының Қазақстанға қызметке жіберілуі мүмкін екенін естігенде, орталықтың мұндай жоспарына жандары шыға қарсы шықты. Солардың ортақ ойын қорытқан Голощекин, Орталық Комитет егер Қожановты Қазақстанға жіберер болса, онда оны тек ең төменгі буындағы қызметтің бірін беріп сынап көрулері ықтимал болмағын Бас хатшының өзіне хабарлап жатты.

Екіншіден, үрейлерін сонша ұшырған Қожанов дегенмен ел жаққа тақалғанда да, яғни Ташкентке, БК(б)П Орталық Комитетінің Орта Азия Бюросында (Средазбюрода) қызмет істеуге келгенде де қарап қалмады.

1928 жылдың күзінде, БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Ораз Жанұзақұлы Исаев Голощекиннің тапсырмасымен, Ташкентке арнайы барып қайтты. Мәскеуден жақында ғана Средазбюроның үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары лауазымында қызмет істеуге жіберілген Қожановпен сөйлесті. Оған жазбаша төрт сұрақ қойып, оның жазып берген жауабын Қызылордаға әкелді де, «Еңбекші қазақ» газетінде «Сұлтанбек Қожанұлы қателерін мойнына алды. Шынды жасыруға, партияны алдауға болмайды» деген үлкен тақырыппен жариялады.

Сондағы қазақ премьері Ораз Исаевтың ОК ОА Бюросының қызметкері Қожановқа қойған сауалдары мыналар:

«Сұлтанбек жолдас!

Менің мына сұрауларыма жауап беріңізші:

1) Қазақстанда «қожановшылдық» болғанын мойындайсыз ба? Болса, қандай түрде болды?

2) «Қожановшылдық» партия жолына қарсы жол екеніне қол қоясыз ба? Қол қойсаңыз, бұдан былай «қожановшылдықтан» безесіз бе?

3) Өлкелік партия комитетінің басшылығымен Қазақстанда істеліп отырған істерді, партияның саяси жолын дұрыс деп білесіз бе? Жеке-жеке айтқанда, дұрыс деп табасыз ба?

4) Өлкелік партия комитетінің Қазақстандағы партия басшылығы жана белсенділер шығару, ауыл коммунасын шығару, ауыл коммунасын жасау жайындағы жұмыстарын дұрыс дейсіз бе?

Садуақасовшылдыққа сіздің қатысыңыз қалай?

Көменестік сәлеммен Исаұлы Ораз».

«Еңбекші қазаққа» басылған осы хаттың соңы мен Сұлтанбектің жауаптары алдында Ораз Исаұлының түсіндірмесі басылған. Онда ол былай дейді:

«Жоғарыда айтылған мәселе туралы Сұлтанбек Қожанұлының бұл күнге дейін партиядан бөлек «өзінің» пікірлері бар еді. Енді осы мәселелер туралы Қожанұлы мен сұрау қойған күні маған мынадай жауап берді. Жауабын түгел келтірейін».

Бұл сауалдарға Сұлтанбек бұдан бұрындары өзінің Қазақ өлкелік партия комитеті мен Орталық Комитеттің Бас хатшысы Иосиф Сталинге жазбаша берген түсінік хаттары рухында толық жауап берген. Оның газетке басылған жауаптарын Қазақ өлкепарткомының екінші хатшысы Ораз Исаев түйіндейді. Сұлтанбектің «бәрін мойнына алған» сөздерін Ораз жолдас «большевиктік» рухта былай қорытыпты:

«Қожанұлының теріс пікірлерін Сталиннің мына сөзімен көрсетуге болады: «Қожанұлы ыңғи да қазақ елінің өзгешелігін тым көптігіп, ұлқейте айтады. Күншығыс ұлт республикалары мен Кеңес Одағындағы кәсібі күшті аудандардың тағдыры, тілегі бір екенін ұмытады, социалдық жұмыстарды ескермейді. Бар жұмыста ұлт тілегін үстем қылады, соған лайықтал қана істейді. Бұл пікірдегі жолдастар ұлт ішіндегі ұлт республикасындағы істерге аз көңіл бөледі. Істің бұ жағын бұлар өз бетімен өше берсін деп біледі, мұны ұлкен

жұмыс деп білмейді. Бұларша ең үлкен жұмыс республиканың шегін кеңейту, «сыртқы» саясатпен шұғылданып... айттысып, таласу, көбірек жерін алып, өзіне қосып алу, сөйтіп өз еліндегі байшылдарға, ұлтшылдарға жақсы кісі болып көрініп, бұл пікірдің аяғы келіп мұндай көменестерді социалшылық тілектен, жолдан алыстатады. Мұндай көменестер кәдімгі байшыл, ұлтшылдардың бірі болып шығады. Сталин».

Көсемнің аса беделді ой-пікірін осылай алға тарта отырып, Қазақстанның партия ұйымы жетекшілерінің бірі Ораз Исаев елден 1925 жылы кетірілген Қожановтың осы уақытқа дейін өз пікірінен бәрібір «таймай келгенін, оған куә – 1927 жылғы 12 февраль мен 10 августа жазған хаттары» екенін атап айта келіп: «Енді міне, көріп отырсыздар, Қожанұлы барлық қателерін мойнына алып отыр», – деп, салтанатты түрде хабарлайды...

Газетті мұқият оқып шығып:

– Бұдан кейін соңына шырақ алып түскенді қоятын шығар? – деді Гүландам күйеуіне сұраулы жүзбен қарап.

– Кім білген бұларды. – Сұлтанбек күлді. – Дегенмен құмарлары қанған тәрізді. Біраз уақыт үндемес. Бірақ сиырша қисайып, ақты қара деуден танбайтындардан, не әділдікті жақтауды, не әділ сөзге тоқтауды білмейтіндерден не үміт, не қайыр...

– Ана құжақтарына жағымпазданып өліп барады ғой.

– Ол да ғажап емес. Мұны енді ұмытайық. Сен, одан да, мына қызыққа қара, Гүлім. – Сұлтанбек портфелінен бір орысша газетті алып шықты. – Бұлардың хорына Алматыдан Санжар бажам да қосылып жатыр.

– Қойшы? – Гүландам шошына селк етіп, газетке үрке қарады.

Газетте мұның өзіне Исаев қойған сұрақтарға қайтарған жауаптарына байланысты жазылған Санжар Асфендияровтың сыни мақаласы басылған болатын.

Сұлтанбек жайбарақат қолын сілтеді.

– Қазақстанның саяси тіршілігіне тап өздерінің жырымен кірігіп кетейін дегені шығар. Сонысы дұрыс та. Сыртта жүрген, әрі енді қайтып елге жіберілуім екіталай маған қандай сынның да келіп-кетері шамалы екенін біледі ғой.

– Сонда да, онысы несі...

Біраз жыл Мәскеуде, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінде жауапты қызметін абыроймен атқарып жүрген бажасы Санжар Асфендияров та таяуда елге оралған. Тек ол Қазақстанға, Алматыға, жоғары оқу орнына оқытушылық қызметке келді. Профессор.

Гүлэндам титімдей де қобалжамасын. Сұлтанбектің еті қалың, таяқ өтпейді, әрі бажалардың татулығына мұндай бір күндік сөздің еш әсер етпейтіні кәміл.

Осы бір қасиетті ескергендігінен деу керек, Алматыдағы педагогикалық институттың су жаңа профессоры бола тұрып, Голощекинге жағатын жасанды саяси дүрбелеңнен қалай тыс қалсын. Бірақ онысын Санжардың балдызы, мұның жұбайы Гүлэндам кешіре салсын, көңіліне алмай-ақ қойғаны дұрыс. Әрі мана ғана осы газетпен бірге Санжардың жары, мұның қайынбикесі Рәбиядан Гүлэндам сіңлісіне дұғай сәлем айтқан сағынышты хат келді. Міне, оқысын...

Ташкентте Сұлтанбек Қожанов БК(б)П Орталық Комитетінің Средазбюросында үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, одан хатшысы болып істеді.

Орта Азия республикаларын дамытуға партия жұмысының өзіне тапсырылған саласы ауқымында қашанғысынша зор ынтамен үлес қосты. Көптеген ғылыми комиссиялардың жұмысын ұйымдастырып, жүргізіп отырды. Өзі де ғылыми жұмыспен тереңірек шұғылданады.

1928 жылы оның «Түркістанның Кеңестік Автомиясының он жылдығына» деген зерттеу еңбегі орыс тілінде жарық көрді. Қожановтың сол жұмысының ғылыми мәні әлі көнерген жоқ, өйткені мұнда түркі халықтарының ортақ елінде

бірнеше жыл өмір сүрген тұңғыш республиканың тарихы, жалпы, Түркістан өлкесіндегі өзгерістер кезеңдері, ұлт мәселесінің шешілу жолдары мен кездескен қиындықтар салықалы талдауға түскен.

Орта Азия Бюросындағы қызмет бабымен, күнделікті іс-дағдысында, ол өз түсінігіндегі революция мұраттарын, әсіресе оқу ісінде, халық игілігіне пайдалана алмаушылықтарды күйіне әшкерелеп отырды. Негізінен күні кешегі Түркістан Республикасы аумағының Қазақстанға кеткен бөлігінен өзге өңірінде, Бұхара мен Хиуа жерін қосып бой түзеген Орта Азия республикалары халықтарының рухани саладағы мұқтаждығы әлі бәз-баяғы қалпында екенін көрді. Дәлірек айтқанда, білім беру, жоғары білімді маман дайындау істерінің тиісті қарқынмен дамымағанына көзі жетті. Соны кешенді түрде қолға алған жөн деп есептеді. Бұл орайда әр республикадағы атқарылмақ шаруаны өзара үйлестіріп жүргізудің тиімді болмағын түйсінді. Жергілікті ұлттардың көпшілік бұқарасы үшін біртұтас кеңестік халық ағарту жүйесін түзу қажет-ақ. Шындап келгенде, сол жолда революциялық шаралар қолдану ләзім деген ойға келді.

Алайда, ақиқаты – солай ету керектігін мойындайтын адамдар аз. Өлкеде тап осы тараптан өзін қолдайтын жан шамалы. Сондықтан, бірінші кезекте қоғамдық пікір туғыза беру ләзім, адамдардың өздері қуынып, өз құқтарын өздері қорғайтындай дәрежеге жету жөн.

Мынандай жәйтке қашанғы төзуге болады: жергілікті халықтардың сұранысын қанағаттандыра аларлықтай дәрежеде жұмыс істейтін екінші басқышты оқу орындары осындағы республикалардың бірде-біреуінде жоқ. Себебі неде?

Себеп – мұндай оқу орындарында істеуге тиіс маман ұстаздарды жоғары білім ошақтары дайындап бере алмайды. Ал оның себебі – жергілікті халықтан буырқана шығатын ұмтылыс жоқ. Өйткені мектептер балаларды жоғары оқу орнында оқи алатындай деңгейге көтеріп дайындай алмай отыр.

Бұл ахуалды сөзсіз өзгерту қажет. Ол үшін төменгі жақғы қозғау пәрменді болмақ, яғни – бұқараны ояту жөн.

Мына мәселе практикалық қызметтегі әрбір азаматқа ой салар болса керек. 1929 жылдың соңына қарай алынған дерекке қарағанда – Орта Азия мемлекеттік университетінің ауылшаруашылық факультетінде 950 студент оқитын көрінеді. Тәп-тәуір мөлшер. Алайда солардың қатарында қыш-лақтар мен ауылдардан талаптанып келіп оқып жүрген жергілікті ұлттар өкілдерінің саны бар болғаны елу ғана. Яғни, ауыл шаруашылығының болашақ жоғары білімді ұлт мамандары ішіндегі жергіліктілердің үлес салмағы кісі күлерлік – әрбір жиырма студенттің біреуі ғана түбегейлі түркістандық.

Республикаларының дамуын, ел болып шанырақ көтерген ұлттарының жан-жақты өсуін қалайтын қызметкерлер ой жүгіртіп көрсін, кеңес өкіметіне артқан үміттері, көздеген мүдделері қаншалықты қанағаттандырылды екен, өздерінің көздері жетсін: Орта Азиядағы барлық ұлт республикаларының егістік далаларында ауыл шаруашылығын көтеру ұранымен екпінді жұмыс істемекке әзірленіп, жоғары білім алып жатқандардың бес-ак пайызын ғана осы республикалардың өз түлектері құрайды.

Тағы мынандай жәйтке назар аударсын. Осының өзі – осы болмашы ғана цифрдың өзі жергілікті халықты оқуға тарту үшін нысаналы түрде жүргізілген күрестің нәтижесінде ғана мүмкін болды. Жүргізуге кедергісі көп болған жергіліктілендіру саясатының жартыкеш нәтижелерінің бірі бұл.

Осылар жайында тиісті орындарда мәселе көтерумен қатар. Қожанов баспасөзге өткір мақалалар беріп отырды. Оның бұл орайдағы проблемалық жарияланымдары «Правда Востока» газетінде басылып, кеңес билігінің шетелдегі адуынды оппоненті Мұстафа Шоқайдың сыни-талдамалы өткір қаламына ілігіп тұрды.

Сұлтанбек Қожанов 1929 жылы САХИПИ-ді – Орта Азия мақта-ирригация политехникалық институтын ұйымдастырушы және оның алғашқы директоры болды. Осы лауазымында ұлттық кадрлар даярлаудың ақсаулы ахуалына іс

жүзінде мол көңіл бөліп, өзі басқаратын жоғары оқу орнына жергілікті жастардан талапкерлер тартумен тікелей шұғылданды. Кеңес өкіметінің жариялы ұлт саясатына арқа сүйеп, шешімді әрекет етті: студенттер қатары тез арада өзбек, тәжік, қазақ, қырғыз, түрікмен қыз-жігіттерімен толығы бастады. Бұны ол күншығыс халықтарының даму жолына түсуінің жарқын көрінісіне балады. Партияның отар елдегі патшалық кезінен қордаланып қалған ұлт мәселесін шешуінің көрнекі мысалы деп білді.

Қожанов Бүкілодақтық ауылшаруашылық академиясының Ташкенттегі филиалын ұйымдастыруға қатысты. 1929–1931 жылдары Орта Азия мақта комитетінің директоры, 1932 жылға дейін оның басқармасының мүшесі болды. 1931 жылы ВК(б)П Орталық Комитеті аппаратында, 1932–1933 жылдары Орта Азия «Союззаготхлопок» басқарушысының орынбасары, одан 1934 жылға дейін Орталық Бақылау Комитеті мен Жұмысшы-шаруа инспекциясы техникалық дақылдар тобы жетекшісінің орынбасары, 1934 жылы КСРО Халкомкеңесі жанындағы Кеңестік бақылау комиссиясының мақта жөніндегі бақылаушысы, одан КСРО Жер халкоматының Орта Азиядағы уәкілі, сол жылдың қазанынан 1937 жылы репрессияланғанға дейін – Кеңестік бақылау комиссиясы уәкілінің Өзбекстан бойынша орынбасары болды.

Осы қызметтерімен қоса, ғылыми-шығармашылықтан қол үзбей, 1929 жылдан Истпарттың «Орта Азиядағы революция» журналы редакциялық алқасының, 1930 жылдан Орта Азия ғылыми-зерттеу партия тарихы институты кеңесінің, 1931 жылдан Өзбекстан Ағарту халкоматы Бас ғылыми кеңесі төралқасының мүшесі міндеттерін атқарған.

Алайда іштен жау іздеумен өзін өзі жалмаған большевиктік індет елді жайлай берді...

Ташкенттегі Тексеру комиссиясы да қарап қалмай, Экономкеңес жанындағы ұйда 1929 жылы Қожановтың «бұрынғы антипартиялық жұмысын» талқылады. Сұлтанбек Қожанұлы тағы да қорғануға мәжбүр болады...

Шындықты бұрмалаудың үздік үлгісін көрсеткен Голощекин өзінің жымысқы аштық саясатын жүргізіп отырған 30-жылдары да «партия ішіндегі алашорда идеологиясының көрінісі болған қожановшылдықты» сынауды тоқтатқан жоқ. Өзінің большевизмнің солақай реформасын дәріптеген саясатымен халықты ашаршылыққа душар етіп, қырғынға ұшыратқалы тұрған қылмысына айыптыны «ұлтшылдардан» іздеді...

Оның партия белсенділері алдында Қазақстанның он жылдығына орай жасаған баяндамасындағы «жүрекжарды» сырына карағанда, шетте – Ташкентте (Қожанов), Мәскеуде (Рысқұлов) отырған «ұлтшылдар» шай, басқа да ішімдік үстінде, қайғырғансып, өз ұлтының камын ойлағансып, сол жақтарда оқып жүрген жастардың басын айналдырады екен, социализм жолына түскен Қазақстан «жетістіктеріне» кір жағатын көрінеді...

Айтқанын аузынан жерге түсірмей қағып алатын партактиві алдында «адал лениншіл-сталиншіл» елбасы осылай көсіліп жатқанда – «социализм жолына түскен» қазақтар ұлттық апатқа ұрынып, қынадай қырылу шындығымен бетпе-бет келген-ді.

Бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген ұлттық апат шарықтау шегіне жеткенде, Қазақстанда басшылық ауыстырылды. Халқы селдіреп, шаруашылығы күйзелген республика біртіндеп еңсе көтере бастады.

Ауыр мемлекеттік қылмысты бүркеуге бағытталған іс-шаралар қоғамдық өмірге біршама тыншу әкелді. Қарапайым ел-жұрттың өмірге құштарлығы оянды. Жасампаз еңбекке құлшыныс, ынта пайда болды. Жұртшылық жақсы үмітпен болашаққа ұмтылды.

Қазақстанның он бес жылдық мерейтойын халық едәуір көтеріңкі көңіл-күйде қарсы алды: тәркілеу, ұжымдастыру зорлықтары мен оған білдірілген наразылықтарды қарулы күшпен басудан соң жайлаған аштық апатының салдары жәйлап естелікке айнала бастады. Опат болғандар жерлен-

ді, көрші республикаларға босып кеткендер оралып, қанырап қалған ауылдарға аздап та болса қайтадан жан кіргендей болды. 40 миллионнан құлдырап екі миллионға түскен мал саны республикадан сырт өлкелерден тасылған көмек мөлшерімен көтеріліп, алты миллионға тақады.

Мерекелік жиында БК(б)П Қазөлкекомының жаңа бірінші хатшысы Левон Мирзоян «социалистік құрылыстағы жаңа жетістіктер» жайын салтанатты түрде жария етті.

Мемлекеттік салтанатты іс-шараларға Ташкенттен келіп Қожанов та қатысты. Құрметті қонақтар қатарында ол да «Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен марапатталды.

Сұлтанбек отбасымен – зайыбы Гүлэндәм, қызы Зиба, ұлдары Арыстан, Нұрланмен бірге Алматыда той қызығына бөленді. Рухани үзеңгілестері Қоңырқожа Қожықов, Санжар Аспандиаров, басқа да көңілі жақындармен сұхбаттасты.

Бала-шағаларын ерткен апалы-сіңлілі Ләтипа, Рәбия, Гүлэндәм бәрі отағаларымен Алатау баурайына той құрметіне тігілген ақын-жазушылардың үйлерінде мейман болғандарын бертінде Гүлэндәм апа мен Зиба Сұлтанбекқызы жылы сезіммен еске алатын.

1937 жылы жазда Сұлтанбек Қожанов демалысын Қырымда өткізді. «Үлкен террор» елдің үрейін алып тұрған кез. Ол демалысқа келер қарсаңда, жазғытұрым, Қырымда Тұрар Рысқұлов ұсталған.

Сол сапарда Зиба Сұлтанбекқызы әкесімен бірге демалған екен. Әкесінің жағдайды лауазымды кісінің өз аузынан біле кетпекке бекінгенін, сөйтіп, қайтар жолда Мәскеуге соққанын еске алатын.

Алайда, бір заманда өзімен «дос-жолдас» болуға әзірлігін жазбаша білдірген «халықтар әкесіне» сәлемдесудің реті келмепті, бірақ, өзінің Қазақ обкомы басшылығында бірге қызмет атқарған байырғы әріптесі, бүгінде бүткіл елді тітіретіп тұрған ішкі істер халық комиссары Николай Ежовқа кіріп шығудың сәті түскен көрінеді.

Бас чекист «Қожанов жолдас қобалжығындай ештеңе жоқтығын, өз орнында шаруасына кірісе беруі керектігін» сендіріп айтады. Сөйтіп, алаңдамай, еліне қайтуға кенсе береді.

Бірақ жендеттердің құбыжық-қызықтарында шек болмайды...

Пойыз Ташкентке түнделетіп жеткен. Таң ата үйге НКВД қызметкерлері сау ете түсіпті. Олардың келген мақсатын естісімен, Сұлтанбек әлдекімге телефон шалмақ болады. Бірақ аппараттан дыбыс шықпайды да, сылқ етіп орындыққа отыра кетеді...

Гүләндам еріне әдеттегісіндей сүт қатқан күрең қызыл шай берді. Келген жаналғыштарға да бір-бір ыстық кеседен ұстатты. Бәрі үн-түнсіз кеселеріндегі шайды тауысты. Гүләндам Сұлтанбекке тағы бір кесе шай күйды. Соңғы кесе...

Сосын ол жары мен балаларына мұңды жанарын ақтық рет тастады да, қоштасып, қос қапталынан қаумалаған қағара кнімділердің алдына түсіп кете барды.

Қожанов сол күні темір торлы вагонмен Мәскеуге аттандырылды.

Бұл 1937 жылғы 16 шілде еді.

2005 ж.

6. Алты алаштың ардағы

Сұлтанбек Қожанов – өткен ғасырдың 20-30-жылдары Орта Азия мен Қазақстан аумағында бой түзген көпте ұлттық-мемлекеттік құрылымдарының аса көрнекті мемлекет қайраткері. Бұдан жетпіс жыл ілгерідегі саяси репрессиян еңбекшілердің құрбаны. 43 жасында Мәскеуде атылған. Осынау абжал ағамның Алаш қозғалысының 90 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту көзделіп отырған қайырлы ниетті арнайы еске алу өте орынды. Тарихи әділдікке сай келетін ағамның ақара болар еді.

Өйткені, Сұлтанбек Қожанұлы:

Біріншіден – ұлттық теңдік жолдарын самодержавие тұсында іздестіре бастаған аға ұрпақ қатарынан. Ол Ақпан революциясы өмірге әкелген саяси мүмкіндіктерді отар халықтың игілігіне жарату жолын сол кезгі көзі ашық азаматтармен бірге іздестірді. 1917 жылғы Қоқан (Түркістан) және Алаш автономиялық құрылымдарының бой көтеруіне қызу атсалысты. Осылай, революцияның ұлттық демократиялық қанатында шыңдалып, тапшыл кеңес өкіметіне келіп қызмет етті;

екіншіден – ол Алаш мұраттарын большевизм саясаты ауқымында жүзеге асыруға елеулі үлес қосты. Кеңес өкіметі тұғырнамасында тұрып, ұлттық мүддені мейлінше белсенді түрде, жеріне жеткізе қорғаған, әрдайым ұлт намысын жыртыққан дүмді қайраткерлердің бірі болды.

Көзқарас бастаулары

Алдымен, Сұлтанбек Қожановтың мемлекеттік деңгейдегі басшы қызметке келгенге дейінгі өмір жолына шағын шолу жасайық.

Қаршадайынан білімқұмар, зерек жеткіншектің дүниетанымы әуелі Түркістан қаласындағы орыс-қазақ мектебінде оқып жүрген шағында, алғашқы орыс революциясы ұшқын тастаған саяси ой серпілістері арайында, заман ағымына сәйкес, ұлттық ояну ахуалында қалыптаса бастады. Оған мұғалімдер Қоңырқожа Қожықов пен Садық Өтегенов, әкімшіліктің кеңсе қызметкері Әзімхан Кенесарин, жаңадан ашылған «Қазақ» газетін жаздырып алушылар қатарын көбейту мақсатымен Түркістанға келгенінде танысқан Міржақып Дулатов секілді озық ойлы азаматтар елеулі ықпалын тигізді.

Ташкенттегі Түркістан өлкелік мұғалімдер семинариясында оқып жүргенінде ол «Кеңес» атты жасырын саяси үйірме жұмысын ұйымдастырушылардың бірі болды. Үйірмеге қатысушылармен бірге белгілі азаматтардың баяндамаларын тыңдап, ағымдағы қоғамдық-саяси жағдайды талқы-

ласты. Бірінші дүниежүзілік соғыс майданынан оралған жас офицер Санжар Аспандиаров арқылы социал-демократиялық оймен танысты.

Қысқасы, семинарияны бітіргенде ол өз уақытындағы озық қоғамдық-саяси оймен де қаруланып үлгерген болатын.

Патша тақтан құлағаннан кейін, отарлаушы ояу жұрт түгіл, ұйқыдағы жергілікті халық арасында да айрықша серпінмен жандана, тез өріс алған ташкенттік саяси өмірге мұғалім Қожанов белсене араласты. Түрлі саяси бағдардағы ұйымдардың жиналыстарына қатысып, өз бағытын айқындауға тырысты. Қаладағы жастар бірлестігі атынан «Бірлік туы» газетін ашудың нақты істерімен шұғылданды. Тиісті өкілеттілікпен, 1917 жылдың жазында Орынбордағы қазақ мұғалімдерінің жиналысына, одан бірінші жалпықазақ құрылтайына қатысып қайтты.

Күзге қарай Ташкентте өлкелік қазақ-қырғыз және орыс комитеттері бірлесіп, ортақ ұйым құрды. Депутаттар кеңесі атқару комитетінің төрағасы Мұстафа Шоқаев, мүшелерінің бірі Тұрар Рысқұлов, хатшысы Сұлтанбек Қожанов болды. Сол кезгі саяси оқиғалар Мұстафаның редакция жұмысын қоса жүргізуіне уақыт қалдырмағандықтан, «Бірлік туы» газетін Сұлтанбек басқарды.

Ол газет шығара жүріп, қоғам ісінен қол үзбей. Қоканда Түркістан автономиясын жариялаған әйгілі Төртінші мұсылман съезін дайындауға атсалысты. Түркістан қаласында 1918 жылдың басында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезінде Алаш автономиясын қолдап сөйледі.

Өлке автономиясының Қокандағы үкіметі ташкенттік кеңес билігінің қарулы күшімен құлатылғаннан кейін, елге қызмет етудің жалғыз жолы елдегі нақты билік тізгінін қолға алған осынау тапшыл саясат жүргізушілердің өкіметін – кеңес өкіметін мойындау болмағын ұқты.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылы Түркістан өлкесінде ашаршылық белең алды. Оған құрғақшылық салдарынан

орын алған табиғи жұтқа ташкенттік большевиктер жасаған жасанды жұттың қосарлануы себеп болды. Ташкенттегі жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің көсемдері көшпенділерді марксизм тұрғысынан болашақсыз деген желеумен тіршілік көзінсіз қалдырып, ас-сумен тек қызыләскерлерді жабдықтау ұранын көтерген-ді. Сонда, әлеуметтік сілкініс туғызушы биліктің тарапынан көмек көрмей, азық-түліктен тарыққан халық өлкедегі бас қалаға жетіп жығылып, Ташкент көшелерінде көз жұмып сұлап жатқанда, Сұлтанбек әуелі газет редакциясы атынан тамақтандыру бекетін құрды, одан елге шығып, жер-жердегі ашыққандарға жәрдем беруді ұйымдастырумен түбегейлі шұғылданды. Сондай-ақ, Түркістан үйезінде оқу ісімен айналысты.

1918 жылдың күзінде ол Ташкентте ашылған қазақ педагогика училищесіне оқытушылыққа шақырылды. Ал келесі жылы Сырдария облыстық революциялық комитет төрағасы лауазымымен кеңес жұмысына жіберілді.

1920 жылдың көктемінде өлкеге «Қызыл Күншығыс» үгіт пойызын бастап келген, ұзамай Орталық Комитеттің Түркістан бюросын басқарған, Түркістандағы отарлық революция жайынан шыншыл публицистикалық зерттеу жазған большевик Георгий Сафаровпен Сұлтанбек Қожановтың пікірі жарасты. Ол сол көктемде коммунистік партияның қатарына өтті. Ұзамай оның республикалық дәрежедегі басшылық қызметі басталды.

Қожанов Түркістан Федеративтік Республикасындағы жоғары деңгейдегі басшылық жұмыстарға 1920 жылғы шілдеде тартылды. Соның алдында ғана Тұрар Рысқұлов бастаған коммунистердің өлкедегі тиісті партиялық конференцияларда Түркі Республикасын құру, Түркі халықтарының коммунистік партиясын құру жайында қаулылар қабылдауға қол жеткізуі, өлкеде іс жүзінде ұлттық құрылымды тапап, дара билік жүргізіп отырған орталықтың Түркістан комиссиясын өлкеден әкету туралы талап қоюы Мәскеу тарапынан мақұлданбай, арнайы баяндамамен Лениннің алдына барған сапарлары сәтсіз аяқталған еді.

Соған байланысты Түркатком төрағасы Рысқұлов пен оның үзеңгілестерінің бірқатары басшы қызметтен кетуге мәжбүр болған да, Түрккомиссия республика басшылығына жаңашыл коммунистерді, солардың қатарында Сұлтанбек Қожановты да көтерген еді.

Түркілер еліндегі қызмет

Сұлтанбек Қожанұлы кеңестік автономия басшыларының бірі болып Түркістан Республикасында төрт жыл және одан кейін жер-суы мен халқы біріктірілген Үлкен Қазақ Республикасында он ай істеді. Осы бес жылдай ғана қысқа мерзім ішінде ол өзін шешімтал, әділ, ұлт мүддесіне адал мемлекет қайраткері ретінде көрсете білді.

1920–1924 жылдары Қожанов Түркеспубликада ішкі істер халық комиссары, ағарту халық комиссары, жер өңдеу халық комиссары, халық комиссарлары кеңесінің төрағасы, Түркістан Орталық Аткару Комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы, Ресей Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Орта Азия Бюросының мүшесі болды. Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы ретінде 1920 жылы «Ақ жол» газетін ашып, басқарды. Басқа да басылымдардың ашылуына ұйтқы болды, баспасөзге өзі де көсемсөзімен тікелей атсалысып тұрды.

Ол отарлық езгіде болған халықтардың тарихи әділеттілік тұрғысынан жанғыруын кеңес билігі күшімен қамтамасыз етуге тырысты. Мәселен, Жетісуда жергілікті қазақ және қырғыз халықтарынан отаршылдар тартып алған жерлерді 1922 жылы заңды иелеріне қайтарып беріп, жер-су реформасын жасау жұмысын жүргізді.

Ал 1924 жылы Түркістан өлкесін бөлшектеуге кіріскен орталық биліктің шешіміне көзсіз бас шұлғушылар арасынан дараланып, мәселеге өзіндік көзқарасын танытты. Ғасырлар бойы аралас-құралас тұрып келе жатқан, экономикасы өзара сан дәнекермен тығыз байланысқан халықтарды бір-бірінен мүлдем бөліп тастауға болмайтынын айтты.

Сондықтан, ұлттық белгілері бойынша жаңаша жіктеліп, ұйымдастырылмақ республикаларды әуелі Орта Азия Федерациясына ұйыстыруды, сосын толыққанды мүше ретінде Кеңес Одағы құрамына кіруді ұсынды. Терістіктегі Қазақ Республикасын ортаазиялық жаңа мемлекеттік құрылымдарға байлап, бәрі бірге экономикалық қауымдастық құру мәселесін алға тартты. Қазақ тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты Ташкент қаласының Қазақ Республикасына астана болуы керектігін көтерді.

Межелеп бөлу науқанында Орта Азия алты ұлттық құрылымға жіктелді. Оның екеуі бірден одақтас республика тәжін киген Өзбек және Түрікмен республикалары, үшіншісі – шартты түрде нобайланған автономиялы Қазақ республикасы, яғни Үлкен Қазақ республикасына өтетін Сырдария мен Жетісу облыстары, төртіншісі – Тәжік, бесіншісі – Қырғыз және алтыншысы – Қарақалпақ автономиялы облыстары. Мұның бәрінің жасалуына Средазбюро Аумақтық комиссиясының мүшесі Қожанов белсенділікпен араласты. Ол Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық жіктеу науқаны кезінде қазақ шекараларын анықтаумен қатар, Тәжік құрылымының әділ ұйысуына күш салды. Қарақалпақ құрылымының Қазақ Республикасы құрамына енуіне мұрындық болды.

Орта Азияның ұлттық тұрғыдан қайтадан жаңаша жіктеліп, межеленуіне байланысты, Түркеспубликаның жоғарғы басқару органдары өзін-өзі тарқату жиынын өткізді. Сонда ол түркістандық қазақ облыстарының Қазақ Республикасына қосылуға мүмкіндік алуы – оны Ұлттық Республика етіп қайта құруға мүмкіндік береді деп хабарлады.

Түркістан Федеративтік Республикасы алты жыл өмір сүрді. Қожанов Түркеспубликаның 1918 жылы 1 мамырда жариялануын өлкеде жаппай орын алған аштықпен күресу майданында қарсылады. Республиканың алғашқы қаз тұру кезеңіне ағартушылықпен шұғылданып үлес қосты: халыққа білім беру және мұғалімдер дайындау ісіне атсалысты. Одан

республиканың үйездік, облыстық буындарын нығайтысып, федеративті республиканың жоғары басшылық құрамында аянбай еңбек етті.

Мәскеу Орта Азияны 1924 жылдың күзінде көкейіндегідей бөліп болған соң, таратылған Түркістан Федеративтік Республикасының көрнекті қайраткері Сұлтанбек Қожановты біріккен Қазақ республикасының партия ұйымы басшыларының бірі етіп жіберді.

Біріккен қазақ елінде

Сұлтанбек Қожанұлы екі республикаға бөлініп тұрған халықты бір шаңыраққа біріктірудің практикалық нақты шараларын жүзеге асырды. Ол Қазақ Республикасының астанасын орыс пролетариаты мекендейтін Орынбор қаласынан көшіріп әкетуге айрықша күш салды. Орыс қаласын терістіктегі жоғарыдан ұйымдастырылған қазақ автономиялы республикасының астанасы етіп отырған қазақ қайраткерлерінің бұқарадан қол үзіп қалғанын, олардың «марксизмді игеру дәрежесі баяғыда опат болған Алаш-Ордамен әлі күнгі шайқасып жүруімен, өлі дұшпанмен айқаста қаһармандықтың небір кереметтерін көрсетуімен» ғана танылатынын көріп-білді. Соны айтып, бұл ахуалды шұғыл түзеу керектігін, ол үшін қазақ саяси жұртшылығын, қазақтың партиялық ортасын қалыптастыратын жаңа астана белгілеу қажеттігін Мәскеу алдында табанды түрде көтерумен болды.

Қала тек сол қаланың тұрғындарына ғана емес, оның тіршілігін экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ететін қоршаған айналасына да тиесілі екендігін айтатын большевиктер өздерінің күллі лениндік теориясына қасақана, ішкі пиғылдарына сай кері әрекет ететін. Сөйтіп, Кремль қалың қазақ ортасындағы Ташкентті Өзбек Республикасының қарамағына берген.

Тағы да қазаққа келгенде тап сондай түсініксіз жұлдызы қарсылықпен, іргесі кеңейген республиканың бас қаласы болсын деп қазақ үкіметі белгілеген Шымкентті де қазақ астанасы етуге келіспеді.

Бірақ қораш, жұпыны, қолайсыз қалашықты көшпенділердің автономиялық орталығы етуге келісімін берді. Дегенмен оның да қазақтар үшін ұтымды жағы бар еді. Ақмешіт ұлы өзен жағасында, теміржол бойында орналасуымен, әрі қалың қазақтың ортасында тұруымен – Сұлтанбек айтып жүрген саналы партиялық жұртшылықты қалыптастыруға әбден ыңғайлы болатын және сонысымен тартымды еді.

Біртұтастанған Қазақия партия ұйымының 1925 жылғы сәуірде болған пленумында Қожанов Ақмешітте өтпек кеңестер съезі жайында баяндама жасады.

Ол баяндамасында қазағы басым Сырдария және Жетісу, сондай-ақ Қарақалпақ облыстары қосылғаннан кейін жергілікті халықтың үлес салмағы 68 пайызға жеткенін, яғни Ұлттық Республика құрылғанын жария етті. Енді сол Ұлттық Республиканы барлық белгілерін айқындап жасап шығу хақында алға екпінді міндеттер қойды. Ғасырлар бойғы отарлық жағдайдан кейін тұңғыш рет күллі қазақ елінің кеңестік құрылтайын шақырып, өткізуді ұйымдастырды.

Бүкілқазақстандық тұңғыш кеңес құрылтайы, ресми реті бойынша Бесінші съезд қазақтың ұлттық мемлекетінің жасалғанын мәлімдеп, соның құрылысын салудың бағдарламасын бекітті.

Империя құрсауына түскелі бері киргиз, киргиз-қайсақ аталып келген халқымыздың қазақ деген төл атауын қайтаруды, советтік дәуір бұрмаланған атпен шаңырақ көтерткен Киргиз Республикасын Қазақ Республикасы деп атауды съезд Сұлтанбек Қожанұлының дәлелді ұсынысымен жүзеге асырды.

Сондай-ақ, Қожанов елдік шаңырақ тігіліп, ту көтерілген шаһарды – біртұтас қазақ елінің жаңа да бірінші астанасына айналған қазақы Ақмешітті, өзінің ұстазы Қоңырқожа Қожықовтың ақылымен, қызылдардың биліктегі рөлін көрсететін тарихи ақиқатты ескере отырып – Қызыл Орда деп атауға ұсынды. Бұл ұсыныс та бір ауыздан қабылданды.

Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Виктор Нанейшвили орталыққа шақырып алынғандықтан, екінші

хатшы Сұлтанбек Қожанов республика партия ұйымын 1925 жылдың көктемінен күзіне дейін іс жүзінде бірінші басшы есебінде басқарып тұрды. Осы кезеңде ол 5-кеңестер съезі шешімдерінің орындалуын назарда ұстады. Ішкі Ресейден, Сібірден Қазақстан аумағына бақылаусыз ағылған қоныстанушылар тасқынын тоқтату жайындағы құрылтай қарарын елемей, ұлттық республика тағдырына елеулі өзгеріс әкелуі ықтимал миграцияға жол ашып отырған орталық мекемелердің әрекеттеріне наразылық білдірді. Реэмиграция мәселесіне елеулі көңіл қойып, еліне оралған қазақтарды қоныстандыруға және жағдайластыруға күш салды.

Сол жылдың қыркүйек айында бірінші хатшы болып Филипп Голощекин келетіні, өлкекомның хатшылық құрылымының өзгертіні белгілі болғанда, Қожанов бюро мүшелерінен өзін республикалық партия газетін басқаруға жіберуді сұрайды. Алайда бюро мүшелерінің көпшілігінен ол қолдау таппайды. Күні кеше Орта Азиядағы түркістандық федеративті республиканың басшыларының бірі болған, небір саяси күреске түсіп шындалған, мемлекеттік және партиялық жұмыс тәжірибесі әріптестерінің бәрінен артық Сұлтанбек Қожанұлын олар республика партия ұйымының бірінші басшысы лауазымына ұсынбақ түгіл, оған газеттің редакторлығын да қимайды.

Есесіне, қазақ елін басқаруға орталықтан көлденең көк аттының келуін, оның көп ұзатпай белді қайраткерлерді тоз-тоз етуін, соның салдарынан аз жылда елді ұлттық апатқа – дүлей ашаршылыққа ұрындыруын мүмкін етеді.

Қазақстаннан шеттетілген соң Қожанов екі-үш жыл Мәскеуде – партияның Орталық Комитетінде ұлттық республикалар бойынша нұсқаушы, марксизм-ленинизм курстарының тыңдаушысы болды. Одан «халық жауы» таңбасы жапсырылғанға дейін Ташкентте істеді. Орталық Комитеттің Средазбюросының жауапты қызметкері, Орта Азия мақта-иригация институтының ұйымдастырушысы және алғашқы ректоры. Кеңестік бақылау комитеті бастығының Өзбекстан бойынша орынбасары қызметтерін атқарды. Публицист,

аңартушы, әдебиетші ретінде тер төкті. Қоғамдық-саяси бағылымдарда алқа мүшесі еынды жауапты жұмыстарға қатысын тұрды. Қай жерде істемесін, өзінің адал да табанды еңбегімен жұртшылық ықыласына бөленіп жүрді.

Бұл Азамат біздің елдегі биік лауазымда ұзақ істеген жоқ, бірақ әр кезде, ең тағдырлы сәттерде қауіптен қорықпай, қиындықтан тайсалмай, Қазақстанды ұлттық республика мәртебесінде сақтау ісіне бар жан-дүниесімен беріліп, елі үшін жанқиярлық жұмыстар атқарды. Оның серіктерімен бізге еліміздің игілігіне арнаған риясыз еңбегі, адалдығы, жүректілігі, ұлтымыздың бірден-бір намыс жыртары бола білуі, мойындауымыз керек. бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізін қалап берді. Ол екі ғасыр, екі мемлекеттік құрылыс, екі әміршіл жүйе тоғысында ұлт мүддесі үшін аянбай еңбек етті. Ұлттық мемлекет туын көтерді, оны баянды етудің жолын нобайлап кетті.

Бізге енді сол аға ұрпақ еңбегін дұрыс бағалау ләзім. Атап айтқанда, Сұлтанбек Қожанұлының күрескерлік бейнесінен үлгі ала білуіміз керек. Егер ұлтты сақтау хақындағы оның ұлағатты істерінен үйрене алмасак, жалпы, ол қызмет атқарған күрделі заман тарихынан тағылым ала білмесек, қазіргі жаһандану дәуірінде ұлтымызды жоғалтып алуымыз да ғажап емес.

Демек, біз өтеуге тиіс парыз – ұлы қайраткерді өз тарихи орнына қою, тарихқа сіңірілген еңбектер қайраткердің бүгінгі күн тұрғысынан не жасамағанымен емес, өзінен бұрынғылармен салыстырғанда жаңа не жасағанына қарап бағалануға тиістігін есте тұта тұрып, Алаш қозғалысының 90 жылдығына орай, оның да есімін ардақтау. Менің ойымша, еліміздегі мемлекеттік қызметшілер жасағын даярлаумен шұғылданатын оқу орнын осынау аса көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанов атымен атап, оның елді сүюдегі тамаша қасиеттерін болашақ мемлекеттік қызметшілер

бойына дарыта білсек, тәуелсіз еліміздің болашағын баянды етуге бағытталған бір қажет іс тындырған болар едік.

13 шілде 2008 ж.

7. Азаттық қозғалысының жалынды күрескері

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 120 жыл толуына

Жиырмамыншы жүзжылдық басындағы бірінші орыс революциясы дүмпуімен өмірге келіп, монархия құлар тұста қатты өрістеген қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жалынды күрескерлері қатарында Сұлтанбек Қожанов те жүрген. Ол 20–30-шы жылдары Орта Азия мен Қазақстан аумағында бой түзеген кеңес ұлттық-мемлекеттік құрылымдарының аса көрнекті мемлекет қайраткер болды. Шетелдік зерттеушілер қаламымен «Үлкен террор» деп таңбаланған 1937–1938 жылдарғы саяси репрессия науқанының құрбаны. Осынау абзал азаматтың рухына тағзым етіп, дүниеге келгеніне 120 жыл толуын туған ауылында атап ас беру – алдағы уақыттарда өтпек үлкен іс-шаралардың басы болуға керек.

Тәуелсіздік жылдары Алаш қозғалысын терең зерттеп, Алаш идеясын ерекше дәріптей бастағанымыз белгілі. Алдағы уақытта Алаш мемлекетінің 100 жылдығы биік деңгейде атап өтіледі деген үмітіміз бар. Сұлтанбек Қожанұлының өмірі мен қызметін осы жәйтпен – бір ғасырлық белесін меркелеу көзделіп отырған азаттық қозғалысымен байланыстыра қарау орынды болмақ. Бұл сөз жоқ, тарихи әділдікке сай келетін иманды шара. Ойткені Қожанов ұлттық теңдік жолдарын самодержавие тұсында іздестіре бастаған аға ұрпақ қатарынан. Ол екінші орыс революциясы өмірге әкелген саяси мүмкіндіктерді отар халықтың игілігіне жарату жолын сол кезгі көзі ашық азаматтармен бірге іздестірді. Самодер-

жавие құлаған 1917 жылы Қоқандағы Түркістан және Орынбордағы Қазақ (Алаш) автономиялық құрылымдарының бой көтеруіне қызу атсалысты. Ол күрескерлік жолын осылай, революцияның ұлттық демократиялық канатында бастады, сонда шындалды, сосын Қазан төңкерісі дүниеге әкелген тапшыл кеңес өкіметіне келіп қызмет етті.

Ерекше атап айтатын жәйт – Сұлтанбек Қожанұлы Алаш мұраттарын большевизм саясаты ауқымында жүзеге асыруға елеулі үлес қосты. Кеңес өкіметі тұғырнамасында тұрып, ұлттық мүддені мейлінше белсенді түрде, жеріне жеткізе қорғаған, әрдайым ұлт намысын жыртқан дүмді қайраткерлердің бірі болды.

Қожановтың сондай сапада көрінуін мүмкін еткен көзқарас бастауларына көз жүгіртейік. Бұл ретте, әрине, алдымен, оның мемлекеттік деңгейдегі басшы қызметке келгенге дейінгі өмір жолына шағын шолу жасаған жөн.

Зерек, білімқұмар жеткіншектің дүниетанымы әуелі Түркістан қаласындағы орыс-қазақ мектебінде оқып жүрген шағында калыптаса бастады. Оған заман ағымына сәйкес саяси ой қорытқан ұстаздары Қоңырқожа Қожықов, Садық Өтегенов, Әзімхан Кенесарин секілді озық ойлы азаматтар, жаңадан ашылған «Қазақ» газетін жаздырып алушылар қатарын көбейту мақсатымен Түркістан қаласында болған Міржақып Дулатов елеулі ықпалын тигізді.

Ташкенттегі Түркістан өлкелік мұғалімдер семинариясында оқып жүргенінде Сұлтекең «Кеңес» атты жасырын саяси үйірме жұмысын ұйымдастырушылардың бірі болды. Үйірмеге қатысушылармен бірге ол белгілі азаматтардың баяндамаларын тыңдап, ағымдағы қоғамдық-саяси жағдайды талқыласты.

Бірінші дүниежүзілік соғыс майданынан оралған жас офицер Санжар Аспандиаров арқылы социал-демократиялық оймен танысты. Қысқасы, Ташкенттегі мұғалімдер семинариясында оқи жүріп, өз уақытындағы озық қоғамдық-саяси оймен де қаруланды.

1917 жылы монархия күйреп, барша азаттық ансаушылар алдынан жаңа саяси мүмкіндіктер есігі айқара ашылды. Империя бодандары ерекше сергіді. Қазақтардың да қарап қалмағаны белгілі. Ұйқыдағы жергілікті халық арасында да тез өріс алған саяси өмірге жас мұғалім Сұлтанбек Қожанов белсене араласты. Ол түрлі саяси бағдардағы ұйымдардың жиналыстарына қатысып, өз бағытын айқындауға тырысты. Қаладағы жастар бірлестігі атынан «Бірлік туы» газетін ашудың нақты істерімен шұғылданды. Тиісті өкілеттілікпен, 1917 жылдың жазында Орынбордағы қазақ мұғалімдерінің жиналысына, одан бірінші жалпықазақ құрылтайына қатысып қайтты.

Ташкентте өлкелік қазақ-қырғыз және орыс комитеттері күзге қарай бірлескен ұйым құрды. Депутаттар кеңесінің атқару комитетін сайлады. Комитеттің төрағасы Мұстафа Шоқайев, мүшелерінің бірі Тұрар Рысқұлов, хатшысы Сұлтанбек Қожанов болды. Сол кезгі саяси оқиғалар Мұстафаның газет жұмысын қоса басқаруына уақыт қалдырмағандықтан, «Бірлік туын» редакциялауды Қайреддин Болғанбаевпен бірге Сұлтанбек Қожанов жүргізді. Ол газет шығара жүріп, қоғам ісінен қол үзбей, Қоканда 1917 жылғы қарашада Түркістан автономиясын жариялаған әйгілі Төртінші мұсылман съезін дайындауға атсалысты. Түркістан қаласында 1918 жылдың басында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезінде Алаш автономиясын қолдап сөйледі.

1917–1918 жылдары Түркістан өлкесінде ашаршылық болғаны мәлім. Құрғақшылық салдарынан етін өспей, табиғи жұт қылан бергенде, оған ташкенттік большевиктер жасаған жақсанды жұт – Мұстафа эмиграцияда әшкереленіп жатқан «большевиктердің аштық саясаты» қосарланды. Ташкенттегі жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің көсемдері «көшпенділердің марксизм тұрғысынан болашағы жоқ» деп санағандықтан, олардың жылқысын армия мұқтажына алып, өздерін азық-түліксіз қалдырған болатын. Аштан бұралған қазақтар өлкедегі бас қала Ташкентке ағылып келе бастағанда, Сұлтанбек бастаған азаматтар «Бірлік туы» газеті ре-

дакциясының қоғамдық асханасын ашып, көшелерде сұлап жатқандарға қолған келген жәрдемдерін береді. Өлке автономиясының Қокандағы үкіметі ташкенттік кеңес билігінің қарулы күшімен құлатылғаннан кейін, Сұлтанбек Қожанұлы елге шығып, Түркістан үйезінде ашыққандарға жәрдем беруді ұйымдастырумен түбегейлі шұғылданды. Сондай-ақ, оқу ісімен айналысты. Ол халыққа қызмет етудің жалғыз жолы нақты билік тізгінін қолға алған большевизмді мойындау болмағын ұқты.

1918 жылғы 1 мамырда Кеңестік Түркістан Республикасы жарияланған еді. Сол жылғы күзде Түркістан Орталық Атқару Комитеті Ташкентте қазақ мектептеріне мұғалімдер дайындайтын курстар ашып, ұзамай оны педагогика училищесіне айналдырды. Сұлтекең осы оқу орнында оқытушы әрі педагогикалық кеңестің хатшысы болып, ел ішіне өте қажет алғашқы мұғалімдер тобын даярлауға атсалысты. Ұзамай кеңес жұмысына жіберілді. Сырдария облыстық революциялық комитеттің төрағасы болды. Өлкеге 1920 жылдың көктемінде «Қызыл Күншығыс» үгіт пойызы келген, соның халық игілігін көздеген жұмысын ұйымдастыруға Қожанов көп жәрдем берді. Сол көктемде коммунистік партияның қатарына өтті. Ұзамай оның республикалық дәрежедегі басшылық қызметі басталды.

1920 жылы Тұрар Рысқұлов бастаған ұлт коммунистері Түркі Республикасын құру, Түркі халықтарының коммунистік партиясын құру жайында өлкедегі тиісті партиялық конференцияларда тиісті қаулылар қабылдауға қол жеткізгенді. Сөйтіп, орталықтың іс жүзінде жеке-дара билік жүргізушіге айналған Түркістан комиссиясын өлкеден әкету жайында талап қойған. Осы жөнінде арнайы баяндамамен Ленинге барған-ды. Алайда сапарлары белгілі себептерге байланысты сәтсіз аяқталды. Сондықтан Түркатком төрағасы Рысқұлов пен оның үзеңгілестерінің біркатары басшы қызметтен кетуге мәжбүр болған. Ал Түрккомиссия олардың орнына өздері интернационалистер деп атаған жаңашыл коммунистерді, солардың қатарында Сұлтанбек Қожановты да республика

басшылығына көтерген еді. Осылайша, 1920 жылғы шілдеде, Қожанов Ресей Кеңестік Федерациясының Түркістан Федеративтік Республикасындағы жоғары деңгейдегі басшылық жұмыстарға тартылған-ды. Сонда ол Түркеспублика таркатылғанға дейін істеді. Ішкі істер халық комиссары, ағарту халық комиссары, жер өңдеу халық комиссары, халық комиссарлары кеңесінің төрағасы, Түркістан Орталық Аткару Комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы, Ресей Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Орта Азия Бюросының мүшесі болды. Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы ретінде «Ақ жол» газетін ашып, алғашқы жылдары оған өзі редакторлық етті. Басқа да басылымдардың ашылуына қамқорлық жасады.

Қожанов отарлық езгіде болған халықтардың тарихи әділеттілік тұрғысынан жаңғыруын кеңес билігі күшімен қамтамасыз етуге тырысты. Мәселен, Жетісуда жергілікті қазақ және қырғыз халықтарынан отаршылдар тартып алған жерлерді 1922 жылы заңды иелеріне қайтарып беріп, жерсу реформасын жасау жұмысын екпінді түрде жүргізді. 1923 жылы, Мәскеуде өткен ұлт қызметкерлерінің Төртінші кеңесінде, Түркістан Республикасындағы кеңестік қызмет ахуалын патшалық кезіндегі жарнамаларды ауыстырғаннан басқа өзгеріс жасалған жоқ деп бағалады. Ал 1924 жылы, Орта Азияны ұлттық-аумақтық тұрғыда жіктеп-межелену науқанында, Түркістан өлкесін бөлшектеуге кіріскен орталық биліктің шешіміне көзсіз бас шұлғушылар арасынан дараланып, мәселеге өзіндік көзқарасын танытты. Ғасырлар бойы аралас-құралас тұрып келе жатқан, экономикасы өзара сан дәнекермен тығыз байланысқан халықтарды бір-бірінен мүлдем бөліп тастауға болмайтынын айтты. Сондықтан, ұлттық белгілері бойынша жаңаша жіктеліп, ұйымдастырылмақ республикаларды әуелі Орта Азия Федерациясына ұйыстыруды, сосын толыққанды мүше ретінде Кеңес Одағы құрамына кіруді ұсынды. Терістіктегі Қазақ Республикасын ортаазиялық жаңа мемлекеттік құрылымдарға байлап, бәрі

бірге экономикалық қауымдастық құру мәселесін алға тартты. Қазақ тыныс-тіршілігімен байланысы тығыз Ташкент қаласының Қазақ Республикасына астана болуы керектігін көтерді.

Межелеп бөлу науқанында Орта Азия алты ұлттық құрылымға жіктелгені белгілі. Оның екеуі бірден одақтас республика тәжін киген Өзбек және Түрікмен республикалары, үшіншісі – шартты түрде нобайланған автономиялы Қазақ республикасы, яғни терістіктегі Қазақ республикасына өтетін Сырдария мен Жетісу облыстары, төртіншісі – Тәжік, бесіншісі – Қырғыз және алтыншысы – Қарақалпақ автономиялы облыстары. Мұның бәрінің жасалуына Средазбюро Аумақтық комиссиясының мүшесі Қожанов белсенділікпен араласты. Ол Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық жіктеу науқаны кезінде қазақ шекараларын анықтаумен қатар, Тәжік құрылымының әділ ұйысуына күш салды, Қарақалпақ құрылымының Қазақ Республикасы құрамына енуіне мұрындық болды. Орта Азияның ұлттық тұрғыдан қайтадан жаңаша жіктеліп, межеленуіне байланысты, Түркеспубликаның өзін-өзі таркату жиынындағы сөзінде ол түркістандық қазақ облыстарының Қазақ Республикасына қосылуға мүмкіндік алуы – Қазақ Республикасын Ұлттық Республика етіп қайта құруға мүмкіндік береді деп хабарлады.

Сұлтанбек Қожанұлы Түркістан Федеративтік Республикасында төрт жыл және одан кейін жер-суы мен халқы біріктірілген Үлкен Қазақ Республикасында он ай істеді. Осы бес жылдай ғана қысқа мерзім ішінде ол өзін шешімтал, әділ, ұлт мүддесіне адал мемлекет қайраткері ретінде көрсете білді.

Түркеспублика бар-жоғы алты жыл ғана өмір сүрді. Қожанов оның жариялануын өлкеде жаппай орын алған аштықпен күресу майданында қарсылады. Республиканың алғашқы қаз тұру кезеңіне ағартушылықпен шұғылданып үлес қосты: халыққа білім беру және мұғалімдер дайындау ісіне атсалысты. Одан республиканың үйездік, облыстық

буындарын нығайтысып, федеративті республиканың жоғары басшылық құрамында аянбай еңбек етті.

Мәскеу Орта Азияны көкейіндегідей бөліп болған соң, таратылған Түркістан Федеративтік Республикасының көрнекті қайраткері Сұлтанбек Қожановты біріккен Қазақ республикасының партия ұйымы басшыларының бірі етіп жіберді. Біріккен қазақ елінде Сұлтанбек Қожанұлы екі республикаға бөлініп тұрған халықты бір шаңыраққа біріктірудің практикалық нақты шараларын жүзеге асырды. Ол Қазақ Республикасының астанасын орыс пролетариаты мекендейтін Орынбор қаласынан көшіріп әкетуге айрықша күш салды. Жоғарыдан ұйымдастырылған қазақ автономиялы республикасының астанасы етіп орыс қаласын белгілеу қазақ қайраткерлерінің бұқарадан қол үзіп қалуына соғып тұр деп санады. Қазақтың қалың бұқарасымен жанды байланысы жоқ қазақ қайраткерлері қазіргі озық саяси ілімді игеруде де кенжелеп қалды еді, олардың «марксизмді игеру дәрежесі баяғыда опат болған Алаш-Ордамен әлі күнгі шайқасып жүруімен, өлі дұшпанмен айқаста қаһармандықтың небір кереметтерін көрсетуімен» ғана шектелген деп білді. Сондықтан да бұл ахуалды шұғыл түзеу керектігін, ол үшін қазақ саяси жұртшылығын, қазақтың партиялық ортасын қалыптастыратын жаңа астана белгілеу қажеттігін Мәскеу алдында табанды түрде көтерумен болды.

Қаланың тек өз тұрғындарына ғана емес, оның тіршілігін экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ететін қоршаған айналасына да тиесілі екендігін айтатын большевиктер өздерінің күллі лениндік теориясына қасақана, ішкі пиғылдарына сай кері әрекет ететін. Сөйтіп, Кремль әуелде Омбы мен Орынборды қазаққа қатыссыз еткен, одан қалың қазақ ортасындағы Ташкентті Өзбек Республикасының қарамағына берген. Тағы да қазаққа келгенде тап сондай түсініксіз жұлдызы қарсылықпен, іргесі кеңейген республиканың бас қаласы болсын деп қазақ үкіметі белгілеген Шымкентті де қазақ астанасы етуге келіспеді. Бірақ қораш, жұпыны, қолайсыз (Перовск) Ақмешіт атты қалашықты көшпенділердің ав-

тономиялық орталығы етуге келісімін берді. Дегенмен оның да қазақтар үшін ұтымды жағы бар еді. Ақмешіт ұлы өзен жағасында, теміржол бойында орналасуымен, әрі қалың қазақтың ортасында тұруымен – Сұлтанбек айтып жүрген саналы партиялық жұртшылықты қалыптастыруға әбден ыңғайлы болатын және сонысымен тартымды еді.

Біртұтастанған Қазақия партия ұйымының 1925 жылғы сәуірде болған пленумында Қожанов Ақмешітте өтпек кеңестер съезі жайында баяндама жасап, қазағы басым Сырдария және Жетісу облыстары қосылғаннан кейін жергілікті халықтың үлес салмағы 68 пайызға жеткенін, яғни Ұлттық Республика құрылғанын жария етті. Енді сол Ұлттық Республиканы барлық белгілерін айқындап жасап шығу хақында алға екпінді міндеттер қойды. Ғасырлар бойғы отарлық жағдайдан кейін тұңғыш рет күллі қазақ елінің кеңестік құрылтайын шақырып, өткізуді ұйымдастырды.

Бүкілқазақстандық тұңғыш кеңес құрылтайы, ресми реті бойынша Бесінші съезд қазақтың ұлттық мемлекетінің жасалғанын мәлімдеп, соның құрылысын салудың бағдарламасын бекітті. Сұлтанбек Қожанұлының дәлелді ұсынысы нәтижесінде империя құрсауына түскелі бері киргиз, киргиз-қайсақ аталып келген халқымыздың қазақ деген төл атауы ресми түрде өзіне қайтарылды, Киргиз Республикасы Қазақ Республикасы деп аталды. Сондай-ақ, елдік шаңырақ тігіліп, ту көтерілген шаһар – біртұтас қазақ елінің жаңа да бірінші астанасына айналған қазақы Ақмешіт – Қызыл Орда деп өзгертілді. Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожанов республика партия ұйымын 1925 жылдың көктемінен күзіне дейін іс жүзінде бірінші басшы есебінде басқарып тұрды. Осы кезеңде ол 5-ші кеңестер съезі шешімдерінің орындалуын назарда ұстады. Ішкі Ресейден, Сібірден Қазақстан аумағына бақылаусыз ағылған қоныстанушылар тасқынын тоқтату жайындағы құрылтай қарарын елемей, ұлттық республика тағдырына елеулі өзгеріс әкелуі ықтимал миграцияға жол ашып отырған орталық мекемелердің әрекеттеріне наразылық білдірді. Резмиграция мәсе-

лесіне елеулі көңіл қойып, еліне оралған казактарды қоныстандыруға және жағдайластыруға күш салды.

Сол жылдың қыркүйек айында бірінші хатшы болып Филипп Голощекин келетіні, өлкекомның хатшылық құрылымының өзгертіні белгілі болғанда, Қожанов бюро мүшелерінен өзін республикалық партия газетін басқаруға жіберуді сұрайды. Алайда бюро мүшелерінің көпшілігінен ол қолдау таппайды. Күні кеше Орта Азиядағы түркістандық федеративті республиканың басшыларының бірі болған, небір саяси күреске түсіп шыңдалған, мемлекеттік және партиялық жұмыс тәжірибесі әріптестерінің бәрінен артық Сұлтанбек Қожанұлын олар республика партия ұйымының бірінші басшысы лауазымына ұсынбақ түгілі, оған газеттің редакторлығын да қимайды. Есесіне, казак елін басқаруға орталықтан көлденең көк аттынын келуін, оның көп ұзаппай белді қайраткерлерді тоз-тоз етуін, соның салдарынан аз жылда елді ұлттық апатқа – дүлей ашаршылыққа ұрындыруын мүмкін етеді. Өкінішті, алайда солай болды. Қожанов Қазақстаннан шеттетіліп, екі-үш жыл Мәскеуде – партияның Орталық Комитетінде ұлттық республикалар бойынша нұсқаушы, марксизм-ленинизм курстарының тыңдаушысы, одан Ташкентте – Орталық Комитеттің Средазбюросының жауапты қызметкері, Орта Азия мақта-иригация институтының ұйымдастырушысы және алғашқы ректоры. Кеңестік бақылау комитеті бастығының Өзбекстан бойынша орынбасары болды. Публицист, ағартушы, әдебиетші ретінде тер төгіп, қоғамдық-саяси басылымдарда жауапты міндеттер атқарды. Қай жерде істемесін, өзінің адал да табанды еңбегімен жұртшылық ықыласына бөленіп жүрді.

Ол казак азаттық қозғалысының жалынды күрескері еді. Алаш идеясын шәкірт шағынан жанына сіңіріп өсті. Төзкеріс кезеңіндегі саяси жағдайлар толқынымен ұлттық қанаттан большевиктік кеңес тұғырына ауысты. Большевизм саясаты ауқымында ұлт мүддесін қорғауды мақсат етті. Әр кезде, ең тағдырлы сәттерде қауіптен қорықпай, қиындықтан тайсалмай, Қазақстанды ұлттық республика мәрте-

бесінде сақтау ісіне бар жан-дүниесімен беріліп, елі үшін жанқиярлық жұмыстар атқарды. Оның серіктерімен бізге еліміздің игілігіне арнаған риясыз еңбегі, адалдығы, жүректілігі, ұлтымыздың бірден-бір намыс жыртары бола білуі, бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізін қалаған кірпіштердің бірі болғанын мойындауымыз керек. Ол екі ғасыр, екі мемлекеттік құрылыс, екі әміршіл жүйе тоғысында ұлт мүддесі үшін аянбай еңбек етті. Ұлттық мемлекет туын көтерді, оны баянды етудің жолын нобайлап кетті.

Біз Сұлтанбек Қожанұлының күрескерлік бейнесінен үлгі ала білуіміз керек. Ұлтты сақтау хақындағы оның ұлағатты істерінен үйрену ләзім, ол қызмет атқарған күрделі заман тарихынан тәлім ала білу жөн. Бұлай ету бізге қазіргі жаһандану дәуірінде ұлтымызды өз ерекшеліктерімен сақтап қала алуымыз үшін өте керек. Осындай мақсатпен бұл қайраткерді терең тани түсуге тиіспіз. Сөйтіп оның елін сүйген тамаша қасиеттерін жас ұрпаққа үлгі етуіміз жөн болмақ. Өйткені бұл – тәуелсіз еліміздің болашағын баянды ету жолы. Алаш идеяларын кеңестік платформада өмірге енгізуге бар қажыр-қайратын жұмсаған Сұлтанбек Қожанұлының есімін ардақтау – баршамыздың парызымыз.

18 қыркүйек 2014 ж.

8. Ұлттың рухани көшбасшысы бар ма?

«Ашық алаң» газетінің сауалнамасы:

1. Қазір қазақта рухани көшбасшы (моральный авторитет) бар ма?

2. Ол қандай болуы керек? Рухани көшбасшының белгісі қандай?

3. Жалпы сіз үшін рухани көшбасшы идеалы кім? Тарихтан, әлемдік деңгейдегі тұлғалардан кімдерді айта аласыз?

1. «Қазір қазақта рухани көшбасшы (моральный авторитет) бар ма?» деген сауалға мен бірден «бар» демей: «Сондай деңгейде тануға лайық тұлға бар» деп жауап бергенді дұрыс

көрем. «Ол кім?» деп сұрағандарға: «Мұхтар Шаханов!» деймін. Ол қазақтың қалың қауымы үшін бүгіннің өзінде әрқашан елдің сөзін сөйлейтін рухани көшбасшы – Ахлаки Бедел.

Бірақ сол қазағыңыздың көзі айрықша ашық, асқан зиялы саналатын бөлігі мұндай тұжырымға пысыра қарайды. Ал орыс және орыс тілді көпшілік үшін ол – бар болғаны нашар мағынасындағы ұлтшыл ғана. Осы екі маңызды топ оны шын түсініп, мойындаса, сөйтіп, қалың қазақтың таңдауына қосылуды жөн көрсе – Мұханды рухани көшбасшы деп танып, қолдайтын болады. Мұхтар Шаханов рухани көшбасшы міндетін қажымай-талмай атқарып жүр. Ол басқаратын «Қазақ ұлттық кеңесі» ұйымы ұлт мүддесін көздейтін маңызды мәселелердің баршасын (кедендік, экономикалық одақтар, күллі ішкі-сыртқы саясат мәселелерін) бар дауыспен көтеруде.

Мұханды жақтырмайтындар әдетте оның қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту қажеттігін ұдайы көтере бергенін коштамайды. Жақында бір қадірменді ағамыз оны емеурінмен нұсқап: «Қойып қойған адам, жалбақай, ақылы жоқ, білімі жоқ адам «Ойбай, тілім!» деп айғайлап шықты, айқай көтерді» деп кемсітуімен қоймай, тіпті: «Тіл жанашырларының қозғалысы – қазаққа қарсы қозғалыс. Халықтың назарын басын басқа жаққа аударатын реакциялық қозғалыс» депті. Көзі ашық, көкірегі ояу деген азамат тарапынан көпшілікке мұндай таяз байлам таратылып жатуы өте өкінішті.

Мұндай бірін-бірі мойындамаушылықтар бізге кезінде талай зиянын тигізген. Сондай бас-басына би болушылықтың салдарынан 1919 жылы Қазақ әскери-революциялық комитетінің төрағасы лауазымын қазақтар бір-біріне қимады, ал 1925 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысын өз арасынан сайлаудың орнына, орталықтан халқымызды ұзамай қалың қасіретке бөктіретін қандықол эмиссардың келуіне жол ашып берді.

2. «Рухани көшбасшы қандай болуы керек?» – Меніңше ол – ұлт мүддесіне берілген, білімге, тәжірибеге, адамшылық-

имандылық қасиеттерге ие, астыртын қулық-сұмдықтарға жаны қас, адал, әділ адам болу керек. «Оның белгісі қандай?» – Рухани көшбасшы – ахлақи қадір-қасиетімен, абыройымен ерекшеленетін тұлға. Ол адамдардың санасына әсер етіп, рухани билік жүргізуге қабілетті болады. Шынайы ахлақи бедел (моральный авторитет) халық мүддесіне бірізділікпен қызмет ету жолымен келеді. Оны ешкім жоғарыдан бекітіп бермейді. Ондай тұлғаны таңдап атау, дегенмен, ой адамдарының шын ойшылдығына, әділдігіне, бәрін жоққа шығара бермей, қатарларындағы соған лайық адамды танып, мойындай білу қасиеттеріне байланысты.

3. Әр тарихи кезеңде өз заманына сай рухани көшбасшылар болды. Менің өзім Алаш идеяларын коммунистік платформада орнықтыруға күш салған, ұлт мүддесін белгілі дәрежеде қорғай алған тұлға болғандықтан, өткен ғасырдың 20–30-шы жылдар қайраткері Сұлтанбек Қожановты рухани көшбасшы үлгісі ретінде атар едім.

Сұлтанбек ұлттық-аумақтық межелену кезінде түркі халықтарының мүлдем бөлінуге болмайтынын айтып, Орта Азия Федерациясын құру идеясын көтерді, Қазақ Ұлттық Республикасының шартын атап, оны құруға атсалысты, қазақ астанасының қазақ ортасында болуы қажеттігін дәлелдеді, астанаға уақыт талабына сай аталым ұсынып, қабылдағты, ұлтымыздың тарихи атын іс жүзінде өзіне қайтаруды жүзеге асырды, сырттан көшіп келушілерге есік ашып қоя берудің республиканың ұлттық сипатын өзгертетініне батыл назар аударды...

20 қазан 2014 ж.

СМАҒҰЛ САДУАҚАСОВ

Қайраткер Садуақасов ✦ Революцияшыл жастар ұйытқысы ✦ Тұңғыштардың бірі ✦ Смағұл Садуақасұлының рухына тағзым

1. Қайраткер Садуақасов

Қайта құру идеялары болмысымыздың бар қырын билей келе – біз социализм құруда жіберген кемшіліктерімізді, ең бастысы – ұлы Ленин жолын бұрмалауға қалай жол бергенімізді мейлінше терең ұға түстік. Екіжүзді, қос мораль ұстанған сталиншілдер жала мен жазаны қатар безеп, талай таза коммунистің түбіне жетті. Солардың зұлым саясатынан құрбан болғандар туралы әділ сөз айтуға қайта құру мүмкіндік беріп отыр. Жаңаша ойлаудың, диалектикалық пайымға жүгінудің нәтижесінде, жеке басқа табынушылық қалыптаса бастаған жылдардағы трагедиялық тұлғалардың бірі – Смағұл Садуақасов туралы да ой түйо реті келген секілді. Осынау қайраткер хақында көп жыл бойы бұрмаланып келген ақиқатты ашу, шынын айту керек, өте күрделі шаруа. Бұл үшін әзірге жабық архивтің шаңына көмілген деректерді тауып, жарыққа шығарып пайдалана отырып, ғалымдардың күшімен терең зерттеулер жүргізу қажет. Ал біздің оқырмандар назарына ұсынбақ мына жазбаларымыз – сол бағыттағы алғашқы талап ғана...

Біздің ойымызша, Садуақасовтың қайғылы тағдырынын сырын 1927 жылы жазған «Ұлттар мен ұлт адамдары туралы» атты мақаласы жақсы аңғартады. Мұнда ол ұлт мәселесі соңғы рет талқыланған ВКП(б)-ның XII съезінде түйінделген қағидаларды еске ала отырып: «Біздің партияның XII съезінен бері төрт жарым жыл уақыт өтті. – дейді. – Бұл

ХІІ партсъездің тым болмаса негізгі шешімдерінің орындалу процесін тексеріп байқауға мейлінше жеткілікті мерзім»⁸.

Ол мақаласына съезд қаулысындағы: «Октябрь революциясы алға шығарған ұлт программасын өмірге дұрыс енгізу үшін – біз өткен ұлт езгісі кезеңінен мұраға қалған және қысқа мерзім ішінде бір серпіліспен жойыла қоймайтын кедергілерді алуға тиіспіз... соңғысының мәні – Республикалар Одағындағы ұлттардың іс жүзінде, яғни, шаруашылық және мәдениет тұрғысынан бір-бірімен терезесі тең еместігінде. Октябрь революциясы әперген праволық ұлт теңдігі халықтардың ұлы жеңісі болып табылады, бірақ сол барша ұлт мәселесін өздігінен шеше қоймайды... Іс жүзіндегі теңсіздіктердің себептері тек қана осы халықтардың тарихтарында емес, сондай-ақ царизм мен орыс буржуазиясының шет аймақтарды өнеркәсібі дамыған орталық аудандарға жегілген, солар пайдаланатын бірыңғай шикізат аудандарына айналдыруға тырысқан саясатында жатыр. Бұл теңсіздікті қысқа мерзімде теңестіру, бұл мұраны бір-екі жылда жою мүмкін емес... Бірақ оны міндетті түрде түзеу керек», – деген жолдарды сүйеніш етті. Осылардан өрбіткен пікірлерінде ол бірінші кезекте «түптеп келгенде Одақ ұлттарының іс жүзіндегі теңдігін» қамтамасыз ететін «шаруашылық мәселелерін» көтерді.

«Бүкіл халық шаруашылығын қалпына келтіру межесін аттап, реконструкциялау жолына түскелі отырған қазіргі шақта ұлттық шет аймақтардың шаруашылық мәселелері туралы айту өте-мөте орынды», – деп есептеді Садуақасов.

Оның ойынша, елімізді индустрияландыру мәселесі Совет Одағының Батыс Европа мен Америка капиталына тәуелділігінен құтылуын ғана көрсетіп қоймай, сонымен бірге «Одақтың өз ішіндегі ұлтаралық қатынастарды социалистік жолмен шешіп беруге тиіс».

⁸ Садуақасов С. О национальностях и националах // Журнал «Большевик». 1928. № 1. С. 56.

Индустрияландыру ісінде табысқа жету мен ұлттар одағын нығайта түсу кілтін – орыс пролетариаты қатарына жылдан жылға шет аймақтар пролетарларының қосыла беруінде деп санаған Садуақасов: «Шет аймақтардағы кедей шаруашылықтарды көтеру жөніндегі біздің саясатымызбен қатар біз осы кедей-кепшіктің белгілі бір бөлігін шет аймақтардағы өнеркәсіпке тартуға тиіспіз»⁹, – деген мәселе қояды.

«Қысқасы, егер империалистік орыс буржуазиясы фабрикалар мен заводтарды өз іргесіне салып, шикізатты шет аймақтардан тек сорып отырса, социалистік өнеркәсіп шаруашылық мақсатына сәйкестік принципімен дамытылуға тиіс...– деп түйеді ол. – Мешеу аймақтарды социалистік құрылысқа қосудың күллі мәнісі осында, шет аймақтарда совет өкіметін одан әрі нығайтуға кепіл де – осы».

Одан әрі автор партияның дау-дамайсыз айқын нұсқауын «шет аймақтардағы жекелеген жауапты қызметкерлердің» қалай түсінетінін қарастырады. ВКП(б) Орталық Комитеті Орта Азия бюросының председателі Исаак Абрамович Зеленскийдің: «Республикаларды тұйық организм секілді шаруашылық етіп құру – жалпы социалистік шаруашылықты өрістету тұрғысынан қарағанда зиянды әрі қауіпті». – деген пайымын «ұлыдержавалық көне жолға бұрып бара жатқандығы» ретінде бағалайды.

«Біріншіден, ж. Зеленскийдің әрбір республикада (ұлт өкілдерінде деп оқыңыз) тұйық шаруашылық жасау (бұл туралы айтудың өзі күлкілі) тенденциясы бар деген тұжырымы дұрыс емес, ал екіншіден, Орта Азиядан мақта алып шығу – жақсы, ал кездеме алып шығу – бұл тұйық шаруашылықтың белгісі деген ұғым қандай теориядан туындайды екен? Бұлай емес, ж. Зеленский. Керісінше, шаруашылық мақсатына сәйкестік пен тиімділік тұрғысынан қарағанда, өнеркәсіпті шикізат көзіне тақалту керек»¹⁰, – дейді ол. Пікірінің

9 «Большевик». 1928. № 1. С. 56.

10 «Большевик». 1928. № 1. С. 57.

орындылығы бүгінгі күн биігінен қарағанда да күдік тугызбайды. Смағұл тап осы мәселе бойынша ВКП(б) Қаз-крайкомының секретары Филипп Исаевич Голощекинді де сынады: «Крайком секретарымен теориялық бәсекеге түсу – ұлт өкілі үшін үмітсіз іс, бірақ соған қарамастан, көзге ұрып тұрған жөнсіздіктерді көрсетпеуге тағы болмайды... Адам-ата заманынан бері кісілер байпақ жамап, күрек жөндеп келеді, алайда оны осы уақытқа дейін ешкім «өнеркәсіп», әсіресе «өнеркәсіп саласының негізгісі» деп атаған емес. Неліктен Голощекин жолдас жүн жуатын орыннан әріге бара алмай жүр, дұрысында, барғысы келмейді? Шұға фабрикаларын ұйымдастыру ісі өз-өзінен сұрануда ғой? Темір-жолдардың біресе Қазақстаннан жуылған жүнді, біресе осы жүннен тоқылған «москвалық» шұғаны кері тасығанынан гөрі, Қазақстаннан бірден дайын шұға алып шыққаны жеңіл емес пе?»

Экономикаға тап осылай қарау жөн екендігі бүгінгі күн биігінен бізге шүбәсіз аян, солай дұрыс боларына Садуақасов та сенімді: «Шаруашылық мақсатына оңтайлы және тиімді болу тұрғысынан қарағанда – біздің қорытындымыз орынды-ақ тәрізді, – дейді ол, – алайда ж. Голощекин, көршісі ж. Зеленскийдің үлгісімен, бізді «Қазақстандағы тұйық шаруашылықты» жақтаушылар, немесе одан да сүмірейтіп, «қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық құрылымын қол сұққызбай сақтау жағындағылар» деп атайды».

Бұл анықтамасын Голощекин 1926 жылғы декабрьде, өлкелік партия комитетінің III пленумында, өзінен өзгеше ойлаушыларды тұқырту мақсатымен жасаған болатын. Алайда өзінің содан бір жылдай уақыт өткеннен кейінгі көзқарасы да Қазақстанның шаруашылығын күрт ілгері бастырарлықтай деңгейге жете қоймаған-ды:

«Өнеркәсіп саласында ірілері емес, қайта, жергілікті жерлердегі ұсақ және орташалары (жарма тартқыш, жүн жуғыш, май шайқағыш, жөндеу шеберханалары және т.б.), яғни ауыл шаруашылығына байланысты және оны пайдалы

ететіннің бәрі негізгі болып табылады», – деп жазған болатын ол 1927 жылғы октябрьде, Садуақасовтың сын садағына іліккен мақаласында.

Шынында, оның «өнеркәсіпті ауыл шаруашылығының артына тіркеп, сол арқылы Қазақстанды өмір-бақи шаруа кәсібімен күнелтетін етіп қоюы»¹¹ дұрыс көзқарасқа жатпайды. «Қазақстанның ауыл шаруашылығын «жарылқаушы» ж. Голощекин мынаны ұмытқан, – дейді Садуақасов, – өнеркәсіптің болмауы немесе нашар дамуы ауыл шаруашылығының өсуін де тежейді, ауыл шаруашылығындағы товарлық өнеркәсіптің даму қарқынына тікелей тәуелді, ауыл шаруашылығының товарлығын дамытпайынша – ауыл шаруашылығы интенсифтендіру мен коллективтендірудің даңғыл жолына шыға алмайды». Осы тақылетті пайымдарын тарата келе, ол Орта Азия мен Қазақстанды тек қана шикізат алатын ауданға айналдыруға бағытталған царизм мен орыс буржуазиясының саясатын түбегейлі жою жөніндегі XII партсъезі шешімі тым жеткіліксіз орындалуда деп қорытады. Мақала жазылған шаққа қарағанда онысы орынды да.

Автор өз кезі үшін аса зәру, әрі өткір тағы екі тақырыпты қозғайды. Олардың бірі – жер мәселесі де, екіншісі – шет аймақтардағы партиялық басшылық туралы.

Ол патшалық тұсындағы жерге көз аларту тарихына шөлу жасай отырып, отарлау саясатын тас-талқан еткен Ұлы Октябрьден кейін де бұрмалаушылықтардың әзірге түгел жойылып болмағанын айтады. «РСФСР Наркомжемінің мамандары боп отырған ескі режимнің қоныс аудару жөніндегі чиновниктері қайтадан өздерінің отаршылдық арандарын аша бастады, – дейді ол. – Чермак пен Чиркин, Рудин және басқалар «территорияны ұйымдастыру» желеуімен, тіпті, Смирнов пен Калинин жолдастардың өздерінің коммунистік жүректеріне қаяу салуға бар».

Аграрлық қайта қоныстану мәселесіне деген көзқарастарды талдай келе, оны шешу жөніндегі өз ұсынысын білдіреді: «Бірінші жол, біздің ойымызша, дегенмен Совет Одағын

¹¹ «Большевик», 1928, № 1, С. 58.

индустрияландыруды мүмкіндігінше көбірек күшейту бағытында жатыр, ал маңызы мен сенімділігі одан кем түспейтін екінші жол – ауыл шаруашылығының өзінің негізін рационалдандыруда».

Садуақасовтың көтерген үшінші мәселесінің түп-төркінін: «Ұлы Октябрдің заңды перзенті – ұлт коммунистіне сенім мен теңдік!»¹² – деген ұранынан дәл білуге болады.

Партияның XII съезінен кейін коммунистік ұлт кадрларын даярлауда кол жеткен елеулі жетістіктермен қатар ұлт мәселесі жөніндегі шешімдерді өмірге енгізуде едәуір бұрмалауларға жол берілгеніне ол нақты мысалдар келтіреді. Кейбір жауапты қызметкерлердің баспасөз бетінде, партия ұйымының пленумында: «басшылықта істейтін ұлт кадрлары өкіметті басып алуға», сосын «Одақтың басқаруынан құтылуға» тырысады, ұлт кадрлары «мемлекеттің ұлттық-тұйық тәсілмен басқарылуына» жақ, олар «Россия пролетариатының басшылығына қарсы» (Нодель), ұлттық кадрлардың өздеріне сенім артуын талап етуі – «өзін ғана ойлайтын жоғарыдағы топтың қысымы», мәселенің бұлай қойылуы «партиялық емес, жеке бастың – топшылдық-пайдакүнемдіктің белгісі» (Голошекин) деп байбалам салуын жөнсіз жала ретінде қатты сынға алады. Аппаратты жерсіндірудегі проблемаларға тоқталады. «Шет аймақтағы бюрократ осы сөздің көпке әйгілі мағынасындағы бюрократ қана емес, ол – өзі қызмет көрсетіп отырған халықтың ана тілінде, ең арғысы, тіл қатыса да алмайтын мылқау бюрократ» екенін айта келе, Смағұл Садуақасов жерсіндірудің маңызы мен оның барысында бой көрсетіп келе жатқан кемшіліктерді нақты мысалдармен ашады. Ол аталмыш мақаласында партияның саясатын шет аймақта бұрмалап жүргендерді әшкерелейді.

Ұлт саясатын жүргізуде жол беріліп келе жатқан келеңсіздіктерді жоюға шақырып, «ұлт мәселесі бойынша лениндік позицияларға»¹³ көшу керектігі жөнінде ұран тастайды.

12 «Большевик». 1928. № 1. С. 59–63.

13 «Большевик». 1928. № 1. С. 63–64.

Мақала бұдан алпыс жылдан астам уақыт бұрын, партияның XV съезіне дайындық қарсаңындағы дискуссияларға қатыстырылу үшін жазылды.

Смағұл Садуақасов Совнарком председателі А.И. Рыковтың көзқарастарына, оның съезде жасайтын баяндамасының тезистеріне мақаласында сарапшылдықпен үңіліп, өзінің пікірін білдіріп отырады.

Мәселен: «Индустриялы түрде дамыған шаруашылықтың алғашқы қауым шаруашылығынан айырмасы сол, ешқашан тұйық боп тұрмайды біздің ойымызша, – дейді ол. – Одақтың бірлігі мен оның жекелеген бөліктерінің өзара тәуелділігі барған сайын арта түссе деген Рыков жолдастың тілегі – ұлттық шет аймақтар тек қана шикізаттар базасы болуды неғұрлым жылдамырақ жойған жағдайда, соғұрлым нақтырақ жүзеге асырылады»¹⁴.

Біз бұдан бүгінгі таңда да мәнін жоғалтпаған элеуметтік-экономикалық кемел ойды аңғарамыз. Алайда, ортақ ой түюге жан-жақты жәрдемдесуге тиіс осынау шағын еңбегімен, Смағұл, пікір таластары «ауыздықтала» бастаған сол шақта, өзіне өзі айыптау үкімін шығарғандай болды...

Смағұл Садуақасов мақаласын, өз сөзімен айтқанда, «съезд алдындағы дискуссиялық паракта» басылуы үшін 1927 жылғы октябрьде «Правда» газетінің редакциясына жолдапты. Жарық көруі созылып бара жатқандықтан, келесі айда «Правдаға» телеграмма салып, мақаласының тағдырын сұрайды.

Сонда редакциядан: «26.XI.27. Садуақасов жолдасқа. Сіздің «Ұлттар мен ұлт адамдары туралы» корреспонденцияңыздың түпнұсқасын біз «Большевик» журналының редакциясына пайдалансын деп жібердік. Нәтижесі жөніндегі жауап «Большевик» редакциясынан барады. Жолдастық сәлеммен «Правда»¹⁵, – деген хат келеді. Ал «Большевик» журналы – партияның XV съезі қарсаңында өткен

14 «Большевик». 1928. № 1. С. 64.

15 «Правда Востока». 17 февраля 1928 г.

пікірталасқа үн қосу мақсатымен жазылған осы мақаланы XV съезд жұмысын аяқтаған соң араға ай салып, 1928 жылғы 15 январьда басты. Және жәй ғана, өсу, даму үстіндегі қоғамдық ойдың бір белесін танытар әдеттегі ғылыми мақала ретінде басқан жоқ, керісінше, бұдан былай бой көтермеуге тиіс пайымдар «үлгісі» секілдендіріп, саяси қара бояумен аймандай «әшкерелеп», тұқырта жария етті.

«Большевик» журналы Смағұл Садуақасовтың 9 беттік аталмыш мақаласына тіркеп, Коста Таболовтың 14 беттік «Ұлттық демократияның бағытына қарсы (Садуақасов жолдасқа жауап)» деп аталатын мақаласын берді.

«Садуақасов жолдастың мақаласын ұлт мәселесіндегі буржуазиялық демократияның бағытын салуға әрекеттену деп қарап қарау керек», – деген, саяси кір жағатын сөздермен басталған антимақаланың күллі талдаулары сол лас бояуды қоюлата түсетін: Садуақасов «ұлтшылдықпен көзі қарыққан», «ұлтшылдық уымен уланған», «XII партсъездің шешімдерін басына көтереді... өзінің ұлтшылдық жат қылығын жасыруға болатын жерлерін келтіреді» іспетті жасанды айып, жарнама-айырым белгілерімен өрілген. Садуақасовтың «шаруашылықты тиімді жүргізуді» алға ұстай беруді «ұлтшылдық пен коммунизмді ымыраластыруға бағытталған үмітсіз әрекет» деп тұжырады автор бұл қарсы мақаласында. Ал оның «қоныс аудару саясатына өкпелеуі», «жерсіндіру мәселесін бадырайтып көрсетуі», К. Таболовтың ойынша, «әлі де алашордашылар ықпалында жүргендігін» көрсетеді...¹⁶

Қайта құрудың арқасында біз әкімшілік-әміршілдік системаның түп-тамырына үңіле бастадық, күллі басқару жүйесін бір қолға алуды, тіпті қоғамдық ойды «орталықтандыруды» Сталиннің ұлы көсем қайтыс болғаннан кейін іле-шала-ақ жүзеге асыруға кіріскенін қазіргі таңда ешкім мансұқ етпейді. Садуақасовтың мақаласын өз уақытынан – пікірталастар кезеңінен басқа кезеңге, съезд

16 Таболов К. Против линии национальной демократии. Ответ тов. Садвакасову // Журнал «Большевик». 1928. № 1.

шешімдерін орындау кезеңіне дейін әдейі ұстап, оған қарсы мақала жазғызып барып жариялау – «өзгеше пікірдің» және сол «өзгеше пікірмен» келіспеушіліктің, ымырасыз күресудің «жөн-жобасын» аңғартады. Сол қос мақала басылған «Большевик» журналы Москвадан келіп жетісімен Ташкент пен Қызылордадағы (Средазбюро мен Казкрайком) басшы қызметкерлер қатал ұйымдық шара қолдануға жұмыла бет бұрғанға ұқсайды.

«...Менің мақаламды «Большевик» редакциясының дұрыс пайдаланбауы салдарынан, мен енді, өзімнің еркімнен тыс, 15 партсъездің шешімдеріне қарсы үн көтерген адам тәрізді болып отырмын, – деп жазды Смағұл «Правда Востока» газетінің 1928 жылғы 17 февраль күнгі номерінде жарияланған хатында. «Ұлттар мен ұлт адамдары туралы» мақаланың беймезгіл көрінуіне байланысты болып жатқан және болуы ықтимал түсініспеушіліктерді тоқтату мақсатымен мынаны мәлімдеймін: мен толығымен 15 партсъездің шешімдері жағындамын және мақалада жазылғандардан формальды тұрғыдан да, мәні бойынша да бас тартамын. Коммунистік сәлеммен Садуақасов».

Алайда оған «қателігін мойындаудың» берер пайдасы шамалы-тын. Ол өлкедегі басшылық үшін тым қолайсыз тұлға еді: оны жолдан біржола ысырап тастаудың сәті түскен шақта, қимылға келтіріліп қойған «тазалағыш» машинаның жұмысына араласуға ешкім құштар емес болатын. Өзбекстан Коммунистік (большевиктер) партиясының сол кезде Ташкентте істеп тұрған Қазақ педагогика институтындағы ұясы жалпы партия жиналысында мақаланы теріс деп тауып, Садуақасовты бұдан былай Казпедвуз ректоры қызметінде қалдыру тиімсіз әрі мүмкін емес деп шешті...

Ташкенттегі шаңырақ көтергеніне екінші жыл ғана болған ҚазПИ-дің ректоры лауазымы С. Садуақасовқа Қазақстанда тапсырылған соңғы жауапты қызмет еді. Бұған дейін ол «Еңбекші казак» газетінің редакторы, Қазақ АССР-інің Ағарту жөніндегі халық комиссары, ВКП(б) Қазақ өлкелік коми-

тетінің бюро мүшесі болған. Ал одан да ертерек, Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы жылдарда, Омбыда мұғалімдер курсына жаратылыс пәндерінен сабақ берді, политехника институтында оқыды. Қазақ автономиялы республикасында РКСМ-ның облыстық ұйымы құрылып, құрылтайшы съезі өткенде, делегаттар Смағұлды облыстық комсомол комитетінің секретары етіп сайлады. Ректорлықтан түскенге шейін ол бірнеше мәрте республика Советтері Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды.

Жас республиканы өсіріп-өркендету жолдарына ол әрдайым өз көзқарасын білдіріп отырды. Ол Ф.И. Голощекиннің «ауылда кіші Октябрь жасау» идеясына бірден-бір қарсы тұрған қайраткер еді. Қазақстан партия ұйымының конференцияларында, пленумдарында ол ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды «революциялық тәсілдермен», яғни «жаңа Октябрь жүргізу арқылы» өзгерту шарасымен келісе алмайтынын әлденеше мәлімдеді. «Кіші Октябрдің» қандай қайғылы трагедияға апарып соқтырғанын ашып айтып отырған қазіргі күнде сонау науқанға өз кезінде батыл қарсылық көрсеткен коммунисті бұрынғыдай «антипартиялық топтың лидері, ұлтшыл» деуге аузымыз бармайды. Біз оның: «Қазіргі уақытта еліміз күйзелістерді емес, творчестволық және тыныш, бейбіт жұмысты тосуда, елімізді жаңа экспроприациялар емес, еңбек пен ғылым құтқарады»¹⁷, – деген тұжырымын, кооперациялау жөніндегі идеяларды батыл қорғауын, еңбекшілер кеңесін құру арқылы ауылды социалистік құрылыс жолына аударуға болады деген сенімін бүгін, сөз жоқ, дұрыс дей аламыз.

Ал сонау жылдарда олардың бәрі Голощекин жүргізген ресми саясатқа қайшы еді, сондықтан да ол крайкомның бюро мүшелігінен біртіндеп ығыстырылып, ақыры Қазақстан партия ұйымынан мүлдем қуып жіберілді...

Дербес ой түйіп, шындықты бетке айту қабілетіне ие ұлт кадрының көбі Сталин «аузына түкірген» Голощекиннің

17 Отчет III Всекиргизской красной конференции РКП(б). Оренбург. 1923. С. 142.

қаһарына ілікті, көптің бел ортасында Садуақасов та жасанды саяси айыптың қара бояуымен таңбаланды. Алматы қалалық партия активінің жиналысында «Қазақстандағы партия құрылысының 10 жылы» деген тақырыппен жасаған баяндамасында Голощекин: «...қазір тарих жазумен айналыспаған болар едім. Қазір тарихты жасайды»¹⁸, – деп мақтанды да, «тарихты қалай жасап жатқанын» әңгімеледі. Партия ұйымында: «Садуақасов, Әуезов және олардың басқа да сыбайластары алашордалық бағыт үшін күресті, – дейді баяндамашы. – Бұған, менің ойымша, ешқандай күдік келтіруге болмайды».

Енді бір тұста: «Мен ол кездің баспасөзін сипаттауға... Садуақасов, Байділдин, Әуезов және басқа ұлтшылдар басқарған «Қазақ» газетіне (кейін оған «Еңбекші» деген сөзді қосып қойды) тоқталмаймын», – дей келіп, Сталиннің репрессиялық аппараты Қазақстаннан «тауып, әшкерелеген» контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымдар туралы хабарлады да, «халық жауларының» «тергеуде» берген «жауаптарын» оқып берді. Ішінде С. Садуақасовтың «жаулық әрекеттер» жайлы «дерек» те жеткілікті еді.

Дуалы ауыз осылай өзіне қажет пікірді ел ішінде орнықтырды. Смағұл Садуақасов есімі күні бүгінге дейін республика партия ұйымының тарихында ілтипатпен атала қоймайды. Ресми бағаға 20-жылдардан тамаша естелік қалдырған Сәбит Мұқанов та қатты ұйыпты, ол өзінің әйгілі «Өмір мектебінде» Смағұлды әлденеше рет тілге тиек ете отырып (Таңдамалы шығармалар, 10–11-томдар), еш жылылық танытпайды. Тіпті, кейде, артық бұрмалауға да жол беретін сияқты. Мәселен, Сәбең Садуақасовтың губерниялық конференцияда «Қазақстан қазақтар үшін ғана» деген пікірді дәлелдеуге тырысканын айтады (10-т., 464–465-бб.). Алайда, біз жоғарыда әңгіме еткен мақалаға қарағанда, Сәбең жаңсақ айтып отырған тәрізді. Садуақасов былай дейді: «Бірде-бір саналы ұлт адамы. әсіресе сөз

¹⁸ 10 лет партийного строительства в Казахстане // Газета «Советская степь». 18 октября 1930 г.

жүзінде емес, іс жүзінде совет платформасында тұрған әрі компартия принциптерін ұстанатын коммунист «Қазақстан қазақ үшін» деген ұран көтермейді және көтерген де емес»¹⁹.

Дегенмен, сыншыл көзбен сүзе оқыған кісі «Өмір мектебінің» екінші және үшінші кітаптарынан Смағұл туралы көп дерек біле алады. «Арық. ұзын бойлылау, жалпақ беттілеу, май мұрындылау, жалпақ ақ бұжыр кескінді бұл жігіт (10-т., 451-6.) 1923 жылдың басында «Орынбордағы ең үлкен зал – Свердлов атындағы клубтағы... мыңнан аса кісі орналасатын залға адам лық толғанда... Байтұрсыновтың елу жасқа толғанына... арналған кеште... «Ақанның алдында» деген баяндама жасады» (508–511-бб.). «Қостанайдан Орынборға келген Бейімбетке Смағұл Садуақасов көбірек көңілін бөліп, «Еңбекші қазақ» газетіне өлеңдерін, фельетондарын, әңгімелерін тоғыта басып отырды, онымен де қанағаттанбай, Бейімбетке өлеңдер жинағын жасатты да, өзі оған кіріспе сөз жазып, Ақмешіт баспаханасында тез бастыру үшін Бейімбетті әдейі жіберді... Смағұлдың сипаттауынша, Бейімбеттің тұрақты геройы – Мырқымбай – бүкіл қазақ кедейінің «прообразы»... Смағұл Бейімбетті ерекше қолдап, қазақтың Советтік дәуірдегі әдебиеті сөз болса үнемі соны ұстайтын» (11-т., 108–109-бб.). Смағұл тек жекелеген әдебиетшілерге қамқорлық жасаумен шектелген жоқ, өнердің дамуына мол залал келтірген «Пролеткульт» идеяларын іс жүзінде ту етуші ҚазАПП белсенділерін сынап, қазақ жазушыларын одақтасуға шақырып жүрді (223-б.). Өзі де көркем шығармашылықпен айналысты. «Садуақасов... әңгімелер, повестер жазып жүретін, – дейді Сәбен. – «Күміс қоңырауы» көркемдік жағынан да бірсыдырғы тәуір шығып, көпшіліктің арасына тез тарап кетті» (107-б.). Сол кездегі елеулі сыншылардың бірі Ғаббас Тоғжанов оны қазақ әдебиетінің «оң» қанатына жатқызатын (225-б.).

Сәбең оның партия мен мемлекет қайраткері ретіндегі қызметінен де бірер мәлімет береді. «Жұрттың айтуынша (расы да солай), Қазақстанды ендігі билеуші екі адам ғана. Сұл-

19 «Большевик». 1928. № 1.

танбек Қожанов, Смағұл Садуақасов. Бұл екеуі де Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі» (144-б.). «Садуақасовтың өзі қазір күшейді... Голощекин бұған дейін тұтасып келген Садуақасов пен Қожанов арасына жік түсіріп Садуақасовты қарсы қою арқылы Қожановты қызметінен қуды. Голощекиннің қазақ қызметкерінен қазіргі сүйенері – Смағұл Садуақасов деседі» (166-б.). «Одан кейін, Голощекин Садуақасовтың өзін де қолға алып, крайкомның көктемде өткен пленумында біраз сілкіледі, қазір Садуақасов басқа ұрған аттай жасқаншақ болып, ұлтшылдық пікірін бұрынғыдай көрнеу айта алмайды: бұқпантайлап өткізуге тырысады, ол қулығына, кәрі большевиктердің бірі саналатын, патша өкіметі кезінде коммунистік партияның жасырын қызметінде жүріп мейлінше ысылған... екінші Николайды өз қолымен атқан Голощекин бола ма?» (188-б.). Қосымша түсіндірме қажетсіз секілді...

Сонымен, Смағұл Садуақасов 1928 жылы Қазақстаннан біржола кетті. Москвада, салалық халкоматтардың бірінде қызметтер атқарды. Өкінішке қарай, ешқандай анықтама-лықта ағы кездеспеуі себепті және, әрине, әзірге архивтегі жеке іс қағазымен танысуға рұқсат ала алмағандықтан, бұл жолы осыдан артық ештеңе айта алмаймыз. Есесіне оқырмандарға Смағұлдың зайыбы жөнінде Қазақ совет энциклопедиясының дерегін ұсынуға болады.

Елизавета Әлиханқызы Садуақасова Москва мемлекеттік университетінің медицина факультетін, аспирантураны бітіріп, соғысқа дейін СССР Денсаулық сақтау халкоматында істеді. Ұлы Отан соғысына қатысып, жауынгерлік Қызыл Ту, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен наградталды. Майданда КПСС мүшелігіне қабылданды. Соғыстан кейін СССР Медицина ғылымдары академиясының Денсаулық сақтау институтында ғылыми секретарь, СССР Денсаулық сақтау министрлігінде бөлім меңгерушісі болды. 1959 жылдан 1971 жылы қайтыс болғанға дейін Әлеуметтік гигиена ғылыми-зерттеу институтының статистикалық са-

нитария бөлімін басқарды. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. 50-ден астам ғылыми еңбек жазды. Бейбіт өмірдегі жұмысы Еңбек Қызыл Ту орденімен атап өтілді...

Социализм мұраттарына барша ақыл-жігерімен, шын жүректен, қолынан келгенше қызмет етуге тырысқан, сол жолда дұрыс та, шалыс та басқан көрнекті азаматтардың бірі Смағұл Садуақасов туралы сөзімізді осымен аяқтай келіп, қайта құрудың нұрлы аясы осынау жарты ғасырдан астам уақыт бойы «ұмыттырылып» жүрген қайғылы фигураны бұдан да тереңірек тани түсуге қолайлы жағдай жасай берер деп сенеміз.

Осы материалды жазып біткен соң маған Ұлы Отан соғысының ардагері, экономика ғылымдарының кандидаты Мұхамбетқали Жақсалиевпен жақын танысып әңгімелесудің орайы келді. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында әлеуметтік-экономикалық ойдың біздің өлкеде қалай өрбігенін терең зерттеген бұл ғалымның жеке архивінде Смағұл Садуақасовқа қатысты деректер де мол боп шықты.

– Смағұл Садуақасов кемел марксист, адал коммунист қалпы өтті дүниеден, – деді М. Жақсалиев. – Ол 1931 жылы Москва теміржол транспорты институтын бітірді, партия тапсырмасымен «Днепростройға» барып, учаске бастығының орынбасары қызметін атқарды. 1933 жылы әлдебір заводтағы авария салдарынан бөлінген химиялық заттардан қатты уланып қалғанында оны санитариялық самолетпен Москваға жеткізіп, Кремль ауруханасына салыпты, сонда қайтыс болды. Қасында ұдайы жары Елизавета Әлиханқызының өзі отырған. Смағұлды жерлеуге Орджоникидзе, Каганович қатысты, басына СССР Орталық Аткару Комитетінің Президиумы мемориал тақта орнатты.

Фотосуреттер... документтер... Бар болғаны 33-ақ жыл өмір сүрген (С. Садуақасов 1900 жылы туыпты) осы тамаша қайраткерді соңғы сапарына СССР үкіметінің өзі құрметтеп

шығарып салады, ал біз, қазақстандықтар, күні бүгінге дейін оған Голощекин мен оның жандайшаптары жапсырған қара таңбалы айырым белгісін желеу етіп, үрке қараймыз...

Еңсемізді көтерейік. Бәр-бәрінің де тарих текшесіндегі өз орнына қойылар күні алыс емес. Қайта құруға мың тағзым.

25 тамыз 1988 ж.

2. Революцияшыл жастар ұйытқысы

Комсомолдық жастық шақ – замандастар ғұмырының бір галамат кезеңі. Ғылым мен техника әлеміне, өнер-білімге құштарлана қол созатын, әркім бағыт алар жарық жұлдызын, рухани нәрді, жарқын идеалын қуып іздейтін кез осы. Отандық тарихта комсомолдың әр ұрпағы үшін тағылымды тұлғалар мол, бұл қатарда – өнегелі ғұмыр кешкен өз топырағымыздың ұл-қыздары да баршылық. Сол лекке қайта құрудың жасампаз идеялары аясында ашылған жаңа есімдердің біртіндеп қосылып келе жатқаны белгілі.

Бұлардың ішінде қоғамдық-саяси қызметі комсомол жұмысымен басталған партия және мемлекет қайраткері, жазушы, журналист, әдебиетші, экономист, теміржол құрылысының тамаша инженері Смағұл Садуақасов та бар. Ол туралы «Қазақ әдебиеті» газеті бұрын жазған болатын, әйтсе де, осы аяулы азаматтың жарқын бейнесіне Ленин комсомолының 70 жылдық мүшелтойына орай тағы бір оралуды жөн көрді. Мен редакциядан тапсырма алдым...

Бұл ретте мен байырғы комсомол қызметкері, Ұлы Отан соғысына қатысушы, 3-гвардиялық әуе-десант бригадасы ардагерлер советінің мүшесі, экономика ғылымдарының кандидаты Мұхамбетқали Жақсалиевпен әңгімелесуді қолайлы көрдім.

20-жылдар қайраткері Смағұл Садуақасовтың өмірі мен қызметін жақсы білетін осынау ғалымның өзінің де жастық шағы комсомолмен тығыз байланыста өткен еді. Ол 1936

жылы Орал жұмысшы факультетіне оқуға түсіп, әуелі топ комсоргі, одан күллі рабфак бойынша комсомол ұйымдастырушысы болып сайланған-тын. 1942 жылы Орал облысындағы Бөрілі аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары қызметінен өзі сұранып майданға аттанды. Соғыста бірнеше мәрте ауыр жарақаттанған, ерліктері 12 үкімет наградасымен атап өтілген гвардия аға лейтенанты М. Жақсалиев Ұлы Жеңістен соң елге оралып, Орал облысы Шыңғырлау аудандық комсомол комитетінің бірінші секретарлығына сайланды. 1946 жылы «Комсомольский работник» (қазіргі «Молодой коммунист») журналы басқан сыни корреспонденция мен республикалық комсомол газеттерінде шыққан Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті XII пленумының материалдары оның сол кездегі сынға қысым жасаушыларға қарсы ымырасыз күрескен белсенді, принципті, сауатты комсомол жетекшісі болғанын айғақтайды. Бұл қызметінде ол 1947 жылы жоғары партия мектебіне түскенге дейін істеді.

М. Жақсалиевтің жеке өз басынан өткерген осындай өмірбаяндық белестер Смағұл Садуақасовты комсомолец ретінде тануына да жәрдемдескеніне еш күмәнданбастан, мен одан өзінің зерттеушілік жолында осынау тарихи тұлға жөнінде түйгендерін және онымен шұғылдану себебін сұрадым.

– Мен қазақ қоғам қайраткерлерінің экономикалық, саяси-әлеуметтік ойларын 50-жылдары зерттей бастаған едім, – деді Мұхаметқали Жақсәліұлы. – Сол кездері мені ресми тарихтағы толып жатқан «шинашылдықтар» таңырқатты да, солардың астарын ашуға, қайткенде анық-қанығына жетуге тырыстым.

Ал 20-жылдар шежіресін ақтарған адамның Смағұл Садуақасовты аттап кете алмайтыны хақ. Өте ірі тұлға. Мені оның ресми сөздері мен мақалаларындағы маркстік-лениндік терең сенімге толы тұжырымдары мен пайымдары күні бүгінге дейін қайран қалдырып келеді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жасалғанда кәмелетке де толмаған жасөспірім ғой. Сонша білімді қайда жүріп, кашан игеріп

үлгерді? Совет өкіметінің алғашқы жылдарында – 20-жылдары – бүгінгі заманымызға – 80-жылдарға – лайық нағыз коммунистік дүниетаныммен қызмет атқаруын өзіне және басқаға қалай түсіндіруге болар екен? Оның қарымы, алғырлығы, ақылы бүгінгі қайраткерлердің талайын қызықтырары сөзсіз... Тіпті, ондай кісілер қазір көп пе? Міне, осындай сауалдарды мен өзіме әлі күнге таңырқай қоям...

Ғалым ой-пікірін тарата әңгімеледі. Оның көп пайымы газетіміздегі жоғарыда аталған жарияланымдарға үндес шықты. Пікір алмаса келе тоқталғанымыз: әйтсе де мұндай ғажайып құбылыстың бар құпиясы – Смағұлдың қаршадайынан жастар қозғалысына белсене араласқанында. Ал білімге сусаған, әлемді жаңаша құруды аңсаған жас ұрпақ заманының озық ойына қол созбай ма...

Біз С. Садуақасов қайтыс болғанда «Известия» газеті 1933 жылғы 18 декабрьде берген некрологты оқыдық. Некрологқа Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, Ғ. Тоғжанов, М. Мырзағалиев, В. Шатов, А. Авдеев қол қойған. Ондағы жоғарыда айтқан ойды айқындай түсетін мынандай деректерге назар аудардық:

«Октябрь революциясының алғашқы күндерінен бастап Садуақасов жолдас совет өкіметі жағына шыққан революцияшыл қазақ жастары қатарында болды... 1920 жылы Садуақасов жолдас Орынборда комсомолдың қазақ өлкелік бюросының секретары болып істейді...»

Сонымен, Смағұл 17 жасында революцияшыл жастармен бірге Ұлы Октябрь арайын қуана қарсылап, 19-20 жасында РКСМ Орталық Комитеті Қазақ өлкелік бюросының секретары ретінде ауылдарда комсомол ұяларын құруды ұйымдастырды. Белгілі жәйт – басқаны тұтату үшін өзін жанып тұруың керек. Ал өзіңнің жанып тұруың – тамызығыңа байланысты, идеялық қуат көзін қаншалықты бекем ұстағаныңа тәуелді болмақ. Бұл тұрғыда Смағұлдың жұлдызы биік. 1920 жылы, яғни 20 жасында жазған «Жастарға жаңа жол» атты кітапша талай қыз-жігітке Темірқазық тәрізді бағдар-

лаушылық жәрдемін тигізді. Танытқыш, ұйыстырғыш еңбек дала өлкесінде комсомол ұяларының жыпырлап шаңырақ көтеруіне септесті, сөйтіп, Қазақстан комсомолдарының съезін әзірлеуге өзіндік үлес қосты...

– «Жастарға жаңа жол» кітапшасында Смағұл Садуақасов сол кездегі саяси ахуалдан жан-жақты мәлімет береді, комсомолдың революциялық қоғамда алатын орнын сала-лап түсіндіреді, – деді Мұхамбетқали Жақсәліұлы. – Со-сын ұйымдық мәселелерге егжей-тегжейлі тоқталады. Бұл кітапшаны 20-жылдардағы комсомол активистерінің қалта-ларына салып жүргені шүбәсіз...

– Некрологтағы мына: «Ол «Еңбекші жастар» атты қазақ комсомол газетінің тұңғыш редакторы болды», – деген жол туралы не айтар едісіз?

– Бір кезде сондай жастар газетінің шығып тұрғанын және оның редакторы Смағұл Садуақасов болғанын маған теңдес-сіз зерттеуші, тамаша ғалым Әлкей Марғұлан айтқан бола-тын. Мен оның «Еңбекші жастар» туралы өз қолымен жазып берген шағын анықтамасын көзімнің қарашығындай сақтап келемін. Еңбекқор академик бұл газеттің қай архивте қанша нөмірі бар екендігіне дейін білетін еді...

– Оқып көрдіңіз бе ол газетті? Қандай мәселелер көтерген екен? Смағұлдың өз жазғандары нені қозғапты?

– Бір өкініштісі, менің Омбыға жолым түспеді. Бола-шақ зерттеушілер – журналистика тарихымен, комсомол шежіресімен шұғылданушылар және, әрине, Смағұл өмір-баянын жазатындар бұл олқылықтың орнын толтыруға тиіс. Рас, кейінгі ғалымдардың бойында елеулі кемшілік бар – олар араб әріптеріне негізделген төте жазуды (қадымды бы-лай қойғанда) танымайды. Өткенімізді зерттеу үшін – сол бір ақсайтын мәселемізді тез жою ләзім...

Шынында, келешекте Қазақстан комсомолы тарихын жазу кең көлемде қолға алынса, бір ескерілер тұс осы – ұмытылған әліппені жаңғырта отырып, көне басылымдарды зерттеу. Бүгінгі «Лениншіл жас» газетінің шежіресінен ажырамай-

тын екі газет – Ғани Мұратбаев редакторы болған Түркістан комсомолы Орталық Комитетінің органы «Жас алаш» та, Смағұл Садуақасов редакторы болған РКСМ Қазақ облыстық комитетінің органы «Еңбекші жастар» да сондай жағдайда әділ талданып, өздерінің, біздің тарихымыздағы құрметті орындарына қойылар.

Республика комсомол ұйымының алғашқы жетекшілері санатынан Смағұл Садуақасов есімін әзірге көрмей жүргеніміздің себебі тереңде екені негізінен белгілі. 20–30-жылдарда солақай басшылық маңына үйірілген жағымпаздардың қайғылы оқиғаларға әкеп соққан зиянкестік іс-әрекеттерін өзінің жеке архивіндегі материалдарымен әшкере ете дәлелдей отырып:

– Смағұл өте көрнекті кайраткер еді ғой, – деді М. Жаксалиев. – Садуақасов комсомол секретарьлығынан бірден, Қазақстан Советтерінің Құрылтайшы съезінде, тұңғыш КазЦИК секретарьлығына сайланды. Кейін ол Казпланның председателі, Казнаркомпрос, «Еңбекші қазақтың» редакторы, Казкрайкомның бюро мүшесі болды. Республикаға еңбегі сіңген адам. Алайда Голощекинге сүйенген алаяқтар оған күн көрсетпеді. Тіпті Москвада, мен өзім берідс көп сөйлескен Садуақасовтың зайыбы Елизавета Әлихановнаның айтуынша, қазақстандық жалақорлардың бәлелі арыздарының салдарынан ерлі-зайыпты екеуі екі жатақханада тұруға мәжбүр болған екен...

– Сонда олар не деп арызданған?

– «Ұлтшыл Бөкейхановтың Қазақстаннан қуылған ұлтшыл күйеу баласы Москвада, қайын атасының қасында шалқып жүр...» Шолақ белсенділер дәуірлеген бар заманда да мұндай жалалар дәлелдеуді тілеген емес, әрі нысанасына керемет дөп тиетін...

– Мен оның Қарқаралыда тұтқынға алынуына байланысты Түркістан республикасының басшылары – ТүркЦИК председателінің орынбасары Сұлтанбек Қожанов пен Түркістан Совнаркомының председателі Тұрар Рысқұлов еке-

уі Москваға, Наркомнац Сталинге жолдаған телеграмманы оқыған едім. Телеграммада олар ВЦИК кешірімін еске ала отырып, халыққа танымал Бөкейхановты түрмеден босатуды, революция игілігі үшін еңбек етуіне мүмкіндік жасауды сұраған еді...

– Елизавета Әлихановнадан мен бұл орайда да талай әңгіме естідім. Апай өзінің сол тұста көз жасын бұлап, әкесінің сыйлас кісісі Бонч-Бруевичке келгенін, ескі революционерлердің араласуымен әкесін абақтыдан босатуға, одан Москваға алдырып, пәтер бергізуге, жұмысқа орналастыруға шынында да Сталиннің өзі тікелей жәрдем бергенін айтқан еді...

Мұның себебі түсінікті, ол – ұзақ жылдар бойы царизмге қарсы күрескен революционер, қазақ даласында жұмыс істеген әйгілі Щербина экспедициясына қатысудан бастап талай құнды, бағалы еңбек жазған экономист, ғалым, публицист... Ал Қазақстандағы шолақ белсенділер үшін ол бірінші кезекте «алашордашы» болатын. Батыл, білімді қайраткер Смағұл Садуақасовты Қазақстандағы партия және мемлекет қызметінен аластаудың бір оңтайлы әдісі де сол – оның «алашордашының» қызына үйленгендігін бетке шіркеу ететін...

– Сөз реті Смағұл тағдырына ойысып бара жатқандықтан, оның ұлы жөнінде айта кетсеңіз? Соғыста ерлік көрсеткен екен дейді әркім...

– Ұлы Отан соғысы басталғанда Елизавета Әлиханқызы Садуақасова дәрігер ретінде шұғыл әскерге шақырылған. Содан, пионер лагеріндегі жалғыз ұлы Ескендірмен қоштаса да алмай, майданға кете барыпты. Ұзамай, жасын өсіріп көрсетіп, 15 жасар Ескендір Смағұлұлы Садуақасов та соғысқа аттанған екен. Өзі тіленіп кеткен көрінеді. Сонымен, баяғы бас «алашордашының» қызы мен немересі фашизммен шайқастың бел ортасында болады. Бірі майданда партияға өтіп, соғыстағы жақсы қызметі үшін үкімет наградаларын алады, медицина қызметінің майоры шенінде, абыроймен елге оралады. Медицина ғылымының докторы болып, беріде қайтыс

болды. Екіншісі – жас патриот, желкілдеген жеткіншек, сол алапат соғыста қаза тапты. Осының өзі аз нәрсе емес...

– Дегенмен... Отан үшін соғысқан Ескендір туралы майдан газеттері жазған деседі...

– 1942 жылы «Известия» газетінде Садуақасов деген жауынгердің ерлігі туралы Совинформбюро хабары шықты. Бірақ оның аты бәймәлім, демек Ескендір болмауы әбден ықтимал.

Елизавета апай күрсініп: «Садуақасовтар көп қой... Мақала авторын таптым-ау, бірақ ол кейіпкерінің есімін еске түсіре алмады», – деп еді. Әрі, әскери архив дерегіне қарағанда, байланысшы қызыләскер Ескендір Смағұлұлы Садуақасов 1941 жылдың 19 ноябрінде хабар-ошарсыз жоғалып кеткен.

Қолдан батыр жасау не керек. Менің ойымша, жоғарыда айтылған ой әбден жеткілікті...

– Онда негізгі әңгімемізге оралайық.

– Қазақстан комсомолиясы өзінің алғашқы жетекшілері қатарында Смағұл Садуақасов секілді көрнекті қоғам қайраткері және ойшылдың болғанын мақтан етуге тиіс. Тоқырау жылдары «жабулы қазан жабулы қалсын» дегендер көп еді, солар кезінде мейлінше кедергі жасаған болатын. Ендігі жерде шындықты шырқырай айтпаса жарамайды. Смағұлдың қиын тағдырында келер ұрпақ үлгі алатын мысал мол. Қаламгерлердің осы жағына көбірек көңіл бөлуін тілеймін.

Жастар – біздің болашағымыз. Оларға тарихымыздағы қалтарыстарды ашып беру, тарихи адамдарымызды күллі болмысымен таныстыру – баршамыздың борышымыз. «Қазақ әдебиеті» газетінің бұл тараптағы қызметін ризашылықпен қадағалап жүретін адамның бірі менмін. Табысқа жете беріңіздер.

– Рақмет. Ленин комсомолының торқалы тойы үстінде комсомол ардагері ретінде сіздің өзіңізді және коммунистік жастар одағына адал еңбек сіңірген барша азаматты, жаста-

рымызды мерекемен құттықтап, революциялық қайта құру ісіне жастық жалынмен атсалыса берулеріңізге тілектестік білдіреміз.

22 қазан 1988 ж.

3. Тұңғыштардың бірі

Революциялық қайта құру кезеңі «Социалистік Қазақстанның» алғашқы редакторларының бірі Смағұл Садуақасов туралы жарты ғасырдан астам уақыт бойы бүркемеленіп, бұрмаланып келген ақиқатты ашып айтуға мүмкіндік жасап отыр... Алайда С. Садуақасов қоры, оның жеке іс-қағазы, өз қолымен жазған өмірбаяны әлі күнгі партия архиві қойнауының зерттеушілер қолы жетпейтін түкпірінде сақталуда. Дегенмен баспасөз бетінде әр кез қылаң берген деректер негізінде-ақ оның өмір жолын біршама дәл елестетуге болады.

Смағұл 1900 жылы Омбы маңында туды, Омбы қаласында оқып, қоғамдық-саяси өмірге жастай араласа бастады. Совет өкіметі орнағаннан кейін алғашқы комсомол ұйымдарын құруға белсене атсалысты. 1920 жылы РКСМ Орталық Комитеті Қазақ өлкелік бюросының секретары болды. Қазақ жастары арасында белсенді түрде ұйымдастыру-насихат жұмыстарын жүргізді. Комсомол газетін ашып, өзі редакторы болды. Орынборға шартараптан көкірегі ояу қыз-жігіттерді жинап, арнайы курста оқытты.

Демократиялық жастар ұйымдарының тарихы мен жастар қозғалысының қазіргі жай-күйі, комсомол ұяларын ашудың жай-жапсары жөнінде өзі лекция оқыды. 1920 жылдың соңына қарай «Жастарға жаңа жол» деген кітап жазды. Кітабына берген алғысөзінде комсомол жетекшісі Смағұл: «...жергілікті жолдастардан алған хаттарға карағанда, ашылған ұйымдар тек қағаз жүзінде ғана қалып жатқан түрі бар, колданарлық, мағлұмат аларлық әдебиеттің

жоқтығы үлкен қиыншылық жасайтын көрінеді»²⁰, – деді. Сол «мұқтаждықты жою жолында аз да болса себеп болар ма екен деген ниетпен» аталмыш еңбегін ұсынып отырғанын, мақсаты – «жастардың көңілін ояту, пікірін қозғалту, жігерін туғызу, басын қосу» екенін айтты.

«Қазақ жастарының кіндік комитеті» 1921 жылдың басында 20 мың дана етіп басып шығарған бұл кітапша Қазақ АССР-і территориясында комсомол ұяларының көбеюіне, ұйымдық жағынан нығайып, тұтастануына, сол жылғы июльде өткен республика комсомолының өлкелік тұңғыш съезін дайындауға елеулі үлес қосты.

Смағұл Садуақасов 1921, 1922 жылдары өткен алғашқы екі съезде РКСМ Қазақ облыстық комитетінің құрамына сайланды. ВЛКСМ-нің 70 жылдық мүшелтойын мерекелегелі отырған бүгінгі таңда Қазақстан комсомолының бас штабы осынау – есімі қолдан ұмыттырылып келе жатқан. 20-ші жылдардағы жалынды комсомол қайраткерін тарихқа қайтаруды, сөйтіп, ұрпақ тәрбиесі кәдесіне жаратуды қолға алса – нұр үстіне нұр. Орайы келгенде айта кетейік, Смағұлдың «Жастарға жаңа жолында» комсомол тарихшылары назар аударарлық жәйттер мол, мәселен, мұнда 1917 жылы Қазақстанда құрылған 21 ұйым туралы дерек бар...

Қазақ автономиялы республикасы шаңырақ көтеріп, білімді, белсенді қызметкерлерге мұқтаж боп тұрған дүбірлі шақ 1920 жылдан большевиктер партиясының мүшесі Смағұл Садуақасұлының комсомолда ұзақ істеуіне мүмкіндік бермейді.

Түркістанда ұлттық-территориялық межелеу жүргізіліп, онтүстік облыстар Қазақ АССР-іне қосылғанға дейін ол КазЦИК секретарьлығына сайланады, жоспарлау комитетін (Казплан) басқарады, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, республика Ағарту наркомы болады.

Садуақасов – ВКП(б) Қазақ облыстық комитетінің, қазақ жерлері біріктірілгеннен кейін – 1925 жылғы февральдан –

20 Садуақасов С. Жастарға жаңа жол. Орынбор. 1921.

өлкелік комитетінің бюро мүшесі. Ол партияның XIV съезіне делегат боп қатысты. ВЦИК мүшесі болды.

Жоғарыда біз Смағұл Садуақасұлының бұрынғы Дала өлкесінде комсомол ұйымын құрушылардың алдыңғы легінде жүргенін айттық. Алғашқы жастар газетінің редакторы болғанын атай кеттік. Шынтуайтқа келгенде, бірінші деген анықтаманы Садуақасов фамилиясының тұсына басқа орайларда да қосуға болады.

Мәселен, мына бір жәйтке ой жүгіртейік.

Орта Азия ұлттық-территориялық тұрғыдан межелеңгенге дейін Қазақстанның қазіргі оңтүстік және оңтүстік-батыс облыстарына Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Ақ жол» газеті қызмет етті, ал Қазобкомның органы «Еңбекші қазақ» газеті терістікте – бұрынғы Дала өлкесінде тарап тұрды. Қазақ жерлері біріккеннен кейін «Ақ жол» облыстық газет дәрежесіне түсіріліп, «Еңбекші қазақ» өлкелік партия комитетінің органы ретінде республиканың жаңадан қосылған Түркістан аймағын да қамтыды.

Ендеше, жаңа жағдайда, жаңа территорияда шыға бастаған партия газетінің бірінші редакторы Смағұл Садуақасов еді деуге әбден болса керек. Ол қазақтың тұңғыш ұлттық театрын ұйымдастыруға дем беруші, театр репертуарын молайтып, жақсартуға қаламгерлерді жұмылдырушы, яғни, шын мәніндегі бірінші ұлттық мәдениет қайраткері болды. Ол оқу-ағарту жұмысын республиканың жаңа шекаралары ауқымында қарастырған бірінші нарком еді.

Смағұлдың театр өнерін қалыптастыру, мектеп ісін жақсарту жөнінде жазған «Ұлт театры туралы» (1926), «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» (1927) атты кітапшалары да өз кезі үшін кемел еңбек, бүгінгі зерттеуші үшін оларда құнды эстетикалық, педагогикалық ойлар баршылық. Ол Ағарту халық комиссары ретінде 1926 жылы тұңғыш ұлттық педагогикалық жоғары оқу орнын ашуға мұрындық болды.

Реті келгенде айта кетейік, Абай атындағы Қазақ педагогика институты өзінің туған күнін қателесіп, Қазақ универ-

ситеті ашылған 1928 жылдан бастайды. Іс жүзінде ҚазПИ тұңғыш рет 1926 жылы, орта дәрежелі мұғалімдер даярлайтын Казинпростың орнына, Ташкентте шаңырақ көтерді де, екі жылдан кейін Алматыға көшіріліп, үш факультеті болады деген есеппен ірге көтерген университеттің жалғыз педагогика факультетінің түтінін түтетті. Нарком С. Садуақасовтың тұсында есік ашқан Казпедвуздың бірінші ректоры Темірбек Жүргенов болғаны мәлім. Кейін Т. Жүргенов ғылыми жұмысқа ауысты да, ректорлыққа наркомның өзі келді.

Білімді ұстаз, терең марксист, белсенді қайраткер Смағұл Садуақасұлының оқытушылар мен студенттер арасында беделділігін 1928 жылы, «Ұлттар және ұлт адамдары туралы» атты мақаланы жазғаны үшін оны ректорлықтан түсіруге қаулы алған партия жиналысының өзі мойындауға мәжбүр болды. «Жиналыс кейбір жолдастардың педвуз жастары жекелеген адамдардың (Садуақасовтардың) ықпалында келді деген тұжырымын шындыққа сай емес деп санайды. – делінген қаулының 4-пунктінде. – Қазақ педагогикалық жоғары оқу орнының жастары партия соңынан ілесуде және Өзбекстан КП(б) ұясының басшылығына қарайды»²¹.

Сонымен, Смағұл Садуақасұлы Қазақстандағы жоғары оқу орнын тұңғыш ұйымдастырушы және ҚазПИ-дің алғашқы ректорларының бірі. Оған қатысты «алғашқы» анықтамасы бұнымен де шектелмейді, ол – алғашқы қазақ совет жазушыларының, әдебиетшілерінің бірі.

Смағұлдың қаламынан үлкенді-кішілі әлденеше шығарма туған және олары, замандастарының (Сәбит Мұқановтың) айтуынша, көркемдік сападан құралақан болмаған. Смағұл 20-жылдарғы қаламгерлер жөнінде бірқатар мақалалар жазды, оларды орыс оқырманына таныстыру ісіне де едәуір еңбек сіңірді.

Таланттарды дер кезінде тану мен олардың дарынының ұшталуына жан-жақты жәрдем берудің озық үлгісі – осынау тағылымды ұстаздықтың біріншілігі де Садуақасов үлесін

21 «Правда Востока». 17 февраля 1928 г.

де. Ол ауылдан астанаға алдырып, қызметте демеген, туындыларының баспасөзде кідіріссіз шығып тұруына мүмкіндік жасаған, өзі алғысөз жазып, кітабын тікелей қамқорлығымен бастырған Бейімбет Майлин қазақ совет әдебиетінің классигі болды. Смағұл Садуақасұлының әдебиет қайраткері ретіндегі көрегендігіне бұдан артық қайран қалдырарлықтай мысал іздеу керексіз шығар.

Марксизм-ленинизм ілімін терең бойлай меңгерген тұңғыш қазақ совет экономисі де Смағұл Садуақасов еді. Оның Орта Азия мен Қазақстан шаруашылығын ұйымдастыруға көзқарасы «Қазақ әдебиеті» газетінде («Қайраткер Садуақасов», 2.9.1988.) біршама кеңірек айтылған-тын. Зерделі ойға құлақ асып, практикалық экономика кәдесіне асырмақ былай тұрсын, сол кездегі ел билеушілер оны сол зерделі ойы үшін қудалап берді. Бүгінгі күн биігінен айқын көрініп тұр: олар Садуақасовтың кемел марксистік ой-пікірін «ұлтшылдық» ретінде қаралай отырып, халықты ауыр қайғы-қасіретке ұшыратты.

Мәселен, ауылды социалистік құрылысқа еңбекшілер кеңесін құру арқылы әкелуді жөн көрген Садуақасовтың ұсынысына керісінше жасалған «Кіші Октябрь» 1932 жылғы алапат ашаршылықпен тынды.

Мақаш Тәгімовтің демографиялық зерттеулерінен мәлім – халық санасында баяғы «ақтабан шұбырынды» заманынан да жаман жара қалдырған сол аштық 2 миллионнан астам адам өмірін, яғни қазақ халқының сол кездегі жалпы санының 60 процентін әкетті. Жүздеген мың жан көрші республикаларға, шетелге босып көшіп кетті. Оралғаны некен-саяқ.

Тура сондай трагедияға ұрындырарын деп баса қоймаса да, көшпелі халықты прогреске Голощекин ұсынған «жаңа революция» емес, Ұлы Октябрь әперген еңбек ету правосы апарарын Садуақасов айқын-ақ айтқан-тын.

Ол мақта алқабын есепсіз көбейте беруді сынады, аймақты тек қана орталықтағы фабрикалар үшін шикізат со-

рып отыратын жер етіп қалдырмай, тиімді социалистік шаруашылық құру мақсатында, сол шикізат көзіне өнеркәсіпті әкелу керектігін дәлелдеді. Ел билеушілер оның дәлелінің тонын айналдырып, өзін «тұйық» шаруашылық құруды аңсаған, республиканың дербестігін күйттеген «ұлтшыл» етіп шығарды.

Ал қазір бәріміз сол Садуақасовша ойлаудамыз. Өңдеуші өнеркәсібіміздің жоқтығынан, дұрысында жетімсіздігінен, ұлттық табысымыз мардымсыз, орталықтан несие ала бергенбіз, енді ғана оның себебін – мемлекетке тек қана шикізат өткізгенге мәз болғанымызды парықтадық. Мақсатымыз – республиканы шаруашылық есепке көшіру. Бұл – бұдан алпыс жыл бұрын әсіре саясатшылардың қылышымен қырқылған жол. Солар орнықтырған монокультура бүгін Арал маңын экологиялық кесепатқа киліктірді. Енді міне, қолды тым кеш сермеп, сол қатерлі ахуалды сауықтыру амалын қарастырудамыз...

Ел басшылары, әсіресе Ф.И. Голощекин өз қызметінде парасатқа жүгінуді мұрат етсе, әрине, мұндай сұмдық қайғы-қасірет болмас еді.

Амал не, ол қазақтың әлеуметтік-экономикалық тұрмыс-тіршілігін терең түсініп-білуге тырыспады, ал көшпенділік өмір ерекшеліктерін Садуақасов секілді коммунистер айтқан тұрғыда ескеруді ойына да алмады.

Қайта, өзіндік ойы барлардың бәрін қуғынға ұшыратты. «Жана белсенділер тәрбиелеу» желеуімен, бұрынғы оқыған қазақтар мен қара халық арасына сына қағып, іс жүзінде еңбекшілерді ұлт интеллигенциясына қарсы қойды.

Репрессиялық аппараттың күшіне үлкен сенім артты. Қолдан туғызылған жоқшылыққа наразы жұрт әр жерде бұлқына бас көтергенде, оны өз қателігінің салдары емес, совет өкіметіне қарсылық деп, аяусыз жазалау шараларын қолданды.

30-жылдарғы репрессияның алғашқы кезегінде – «ұлтшыл» деп өшіккендерін түгел бір сыпырып алды. Және сол

істегендерінің «дұрыстығына» жазаланудан қорыққан қызметкерлер мен насихатқа иланғыш қауымды мойындатып отырды.

Ақыры, көшпенді жұртты қор қылып қырып болған соң, ресми атақ-даңқына қылаудай кірбің түсірмей, Алматыдағы жұмысшы коллективтерінің марапат хат-телеграммаларын күшәқтап, миллиондаған кісі қанын арқаласа да қошеметке бөленген күйі, 1933 жылғы февральда Москваға жоғары лауазымды қызметке ауысып кете барды.

С. Мұқановтың естелігіне қарағанда, Голощекин Қазқрайком басшылығына келген бетте (1925 жылдың жазы) біраз уақыт Садуақасовқа бюро мүшесі ретінде арқа сүйеп, сенім артып жүрген. Алайда ұзамай-ақ, үш жылға жетер-жетпес мерзімде оны Қазақстаннан біржола аластап үлгерді. Себебі ол, жоғарыда бірер ретін көрсеткеніміздей, Голощекиннің саясатына қайшы келе берді. Ол тек экономикадағы қиғаштықтарды ғана емес, идеологиялық жұмыстағы, ұлт мәселесін жүргізудегі жолсыздықтарды сынауын қоймады, ал бұл Голощекинге ұнамаған-тын.

«Бақылау комиссиясының басшы органдарына жергілікті қызметкерлерді көбірек тарту жөніндегі ұлт өкілдерінің ұсынысына жауап ретінде ВКП(б) Қазақстан крайкомының жауапты секретары Голощекин жолдас құдды біз тек қана «өзіміздің қамымызды ойлайтындай», «пайдакүнемдік мақсатымыз барын» «әшкерелеп» отырса, бұл европалық жолдастың сыпайылық сақтай білетін биік әдепке иелігін куәландыра қояр ма екен? Егер ұлт адамдары оның (Голощекиннің) осы қайырына мойынсұнып, алдында бастары жерге тигенш тағзым етіп тұрар болса, бұдан кейін Голощекин жолдасқа өкпелеу жөн бе?» – деп жазды Смағұл партияның XV съезі қарсаңында («Большевик». 1928. № 1).

Жергілікті жандайшаптар Голощекиннің қолшоқпарына айналып, халық мүддесін мансап жолына қиып жіберуге жаппай кіріскен-тін, солар Смағұл Садуақасұлы секілді Голощекинге жақпаған коммунистердің соңына шырақ алып

түсті. Сондай өзара қырқысудың және міндетті түрде шала сауатты шолақ белсенді жеңіп отырған шайқастың салдарынан өлкеде Лениндік ұлт саясаты дұрыс жүргізілмеді.

Мәселен, «...Шымкент секілді көне ұлттық қалада сауаты жақсы 200-дей ұлт адамы еңбек биржасында есепте тұрғанына қарамастан (ВЦИК нұсқаушылары Ружейников пен Талли жж. баянд. Март, 1927 ж.) аппарат, әйгілі бюрократиялық бұрмалауларын былай қойғанда, басқа тілде беймарал жұмысын істеп, жазуын жазып жатыр».

Алайда бұған Голощекин әкімшілігі кинала қоймайды, оның ойынша «Қазақстанда жерсіндіру «тамаша» жүзеге асырылуда, тек... жергілікті «ұлтшылдар» ептеп кедергі келтіруде». Осынау жалған жала Садуақасовты ашындырады. «Әрине, – дейді ол, – «антипартиялық ұлтшылдар» жауапқа тартылар-ау, әйткенмен айта кетелік, XII партсъездің ескертпелеріне қарамастан, Қазақстан өлкелік Бақылау комиссиясы күні бүгінге дейін Қазақстанда бірде-бір отаршылды тапқан жоқ. Біз ж. Морозовтың (жұмысшы-шаруа инспекциясы наркомы – *Б.Қ.*) көзәйнегі шет аймақтағы көптеген партия саясатын бұрмалаушылар киген көзәйнектің түсіне боялған ба деп қорқудамыз»²².

Мұндай айып тағу Голощекинді қандай күйге енгізетінін түсінуге болады. Қожайынының қас-қабағын бағып отырған қолшоқпарлар әрекетін де шамалау қиын емес.

Дегенмен Голощекиннің сынға төзбеу сырын тереңірек ұғу үшін, ол туралы Я.М. Свердлов айтқан мына сөздерге көңіл аудару ләзім: «Оның жағдайы жаман. Ол барып тұрған неврастеник (жүйке жүйесі ауруға шалдыққан кісі – *Б.Қ.*) болды және мизантропқа (адамдарды жек көретін жатбауыр жан – *Б.Қ.*) айналып келеді. Жалпы адамдарға, және абстрактылы адамдарға жақсы қарай тұра, өзі қарым-қатынас жасауға тура келетін жекелеген адамға масқара қазымыр, ілік іздегіш қасиет көрсетеді. Соның салдарынан – елдің бәрімен жау»²³.

22 «Большевик». 1928. № 1. С. 64.

23 Свердлов Я.М. Избранные произведения. Т. 1. М., 1957. С. 278.

Мінез-құлқы мұндай адамның ел басқаруы қате – Голощекин Қазақстанда әділ, ұстамды ұлт саясатын жүргізе алмады. Қазақстанға келген бетте ұлт интеллигенттерімен жағаласып, біріне бірін соқты. Таптық көзқарасты бұрмалап, шолақ белсенділердің әсіре тапшылдығына дем берді, яғни еңбекші тапқа қызмет етіп жүрген азаматтарды тегіне қарап бағалатып, араларына жік салды. Ескі заманда оқыған, кезінде патшалыққа қарсы қозғалысқа қатысса да, Октябрь революциясын бірден қолдап кете қоймаған, бірақ 1919 жылғы ұлы Ленин жариялатқан ВЦИК кешірімінен кейін бар білімін халық игілігіне арнап жүрген шынайы ұлт интеллигенттері мен өзі тәрбиелеген «жана белсенді» – шала сауаттыларды жауықтырды. Ол республикамызда өзі қызмет істеген сегіз жыл ішінде бүгіндері Қазақстан партия ұйымы тарихындағы «ақтаңдақ» аталатын бұрмалаулардың бәрін өшпес саяси бояумен әдемілеп әрлеп кетті. Жарты ғасырдан астам ой-санаға сіңіріліп, жекелеген тарихшылар әлі күнгі арыла алмай келе жатқан «ақиқатты» қалыптастырып кетті.

Садуақасов та сол Голощекин мұра еткен «шындық» құрбаны-тын. Смағұл басқарған «Еңбекші қазақты» V партконференцияда крайкомның бірінші секретары былай сынады: «Ашық жазуға қорқатын мәселелері туралы мысал түрінде жазып жүр. Әлдебір мысал ішіне әлдебір есімді жасыру, шамасы, жаппай қолданылатын құбылыс болса керек. Баяғыда, патша басылымында, бұл эзоп тілі деп аталатын еді». Осы тұста залдан әлдекім: «Астарлап сөйлеу – қазақ тілінің негізгі қадір-қасиеті», – деген ескертпе айтқанда, Голощекин: «Біздің коммунистік газетте эзоп тілімен сөйлеу – лайықсыз әдет», – деп кесіп тастайды... «Біздің ұйым мақтана алатын іс – жартылай феодалдарды конфискулеу. Бұл шара – «Ауылдағы Октябрь» деген заңды ат алды. Бұл шараны жүзеге асырарда біздің ұйымымыз қатарындағы ұлтшылдар тарапынан да қатты қарсылыққа ұшырағанымызды еске салу керек. Мен садуақасовшылдықты айтып тұрмын», – деді ол VII партконференцияда. «Садуақасовшылдықты принципті айтыс-

тарда ғана емес, ауылдағы жұмыс практикасымен де жеңіп шықтық», – деп мәлімдеді Голощекин алапат аштықтың алғышарттарын жасап болып.

Бұл кезде Садуақасов Москвада, С. Орджоникидзенің қарамағында оқуын оқып, қызметін атқарып жүрген еді. Ол Қазақстаннан 1928 жылы көшіп кеткен-тін, бірақ жан-дүниесі туған өлкесінен бөлінген жоқ. Голощекиннің сыңаржақ саясаты салдарынан жүдеу кейіпте өтіп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жаны ауыра бақылап жүрген Смағұл, әрине, айтудың орайы келген жерлерде үн-түнсіз қала алмады. Оның әр басқан қадамын аңдыған голощекиншілдер де қарап қалған жоқ.

Мәселен, 1930 жылғы майда Садуақасовтың Москвада окитын қазақ жастары алдындағы сөзін «Советская степь» (қазіргі «Казахстанская правда») газеті өлтіре сынаған мақала берді. Сол жылы Голощекин өзіне қарсы «ұлтшыл» біткеннің бәрін репрессиялық машина пышағына тастап-ақ жіберіп еді, алайда, тергеу материалдарында «бұлтартпас» тұзақ салғанымен, Садуақасовқа және сол секілді орталықта істейтін басқа қазақ коммунистеріне қанды қолын жеткізе алмай тұрған-ды. Ұзамай өзінің қылмысын соларға жапты – бұл тұрғыда, бәрін бірдей ұстатып, айдатуға шамасы жетпегені өзіне оңтайлы боп шықты.

Ашыққан халық шыбынша қырылып жатқан қайғылы 1932 жылдың күзінде, Алматы қалалық партия активі жиналысында ол былай сайрайды: «Уақытында ұлт мәселесіндегі лениндік бағытқа («Сталиндік бағытқа» деп оқыңыз – *Б.Қ.*) қарсы күрескен, крайкомға қарсы қиян-кескі шайқас жүргізген бұрынғы көсемдер (Садуақасов, Қожанов, Рысқұлов, Төрекұловтарды айтып тұр – *Б.Қ.*) сонау 25-ші жылдан бастап Қазақстаннан тысқары (Москва, Ташкент) орналасып алды да, содан бері ешқандай жаза тартпастан, өздерінің күйреткіш жұмыстарын жүргізуде. Олар өздерін халықсүйгіш, либерал дворян іспетті көрсетіп жүр. Олар шай, кейде тіпті арақ ішіп отырып, өз халқының тағдырын ойлап күрсінеді, тәжірибесіз, тұрлаусыз студенттерді,

Қазақстаннан барған жекелеген жолдастарды ұстайды да, оларды крайкомға қарсы, біздің бағытымызға қарсы үгіттеп, бұзады»...

Голощекиннің осы тектес «еңбектері» тоқырау заманының зерттеулері үшін мызғымас іргетас қызметін атқарды да, Садуақасовтың антиголощекиндік сөздері мен мақалалары «антипартиялық» іске баланып қала берді...

Қоғамдық пікірді Голощекиннің қалауымен соққан ресми жел ығында, соған сай қалыптастыруға комсомол қайраткерлері де аянбай үлес қосқан болатын. Айталық, Қазақстан комсомол ұйымының өлкелік VI конференциясында Смағұл Садуақасовтың «дұшпандығы» мынадай тұжырымдармен «әшкереленді»: «Көркем әдебиет негізінен соңғы кезге дейін Алашорда идеологиясының творчествосы боп келді. Көркем әдебиеттегі басшылық орындарды өз қолдарында ұстап келген алашордашылар өткен жылдарда бірқатар ұлтшыл-коммунистердің (Қожанов, Садуақасов және басқалардың) қолдауына сүйене отырып, өз әдебиетін бұқараға енгізумен болды. Жастар негізінен Жұмабаев, Әуезов, Аймауытов, Дулатов, Кемеңгеров, Байтұрсынов және басқалардың шығармаларынан нәр алды... Мынадай жәйт те болды – контрреволюциялық мақсатпен жазылған «Қарагөз» (авторы Мұхтар Әуезов – Б.Қ.) пьесасы сол кездегі ҚАССР наркомпросы Садуақасовтың ұсынысымен 1926 жылғы конкурстың бірінші бәйгесін алды»²⁴.

Қайта құру кезеңінде өмір сүріп отырған қазіргі ұрпақ бұл айыптаулардан да, сол шақтағы әсіре тапшыл, шолақ белсенді қаламгерлердің осы сипаттас тіл безеулерінен де шындықты зайыр танып, нақты бағасын бере алды. Алайда культ дәуірінде әділетке жету мүмкін емес-ті. Сондықтан да Смағұл Садуақасұлы Қазақстанға қайтпады. Бәлкім қайтар да ма еді – Голощекиннің Қазкрайкомнан әкетілуіне байланысты 1933 жылы республикадағы қоғамдық-саяси ахуал сауыға бастағандай-тын – амал не, елге оралуды оған тағдыр жазбапты: өндірістік авариядан уланған Москва-Донбасс

24 Борзов Л. Хозяйственное и культурное строительство КазАССР и задачи комсомола. М., 1931. С. 51.

теміржолы құрылысының бас инженері Смағұл Садуақасов 1933 жылғы декабрьде Кремль ауруханасында дүние салды...

Оның адал есімін, ақ ниетті іс-әрекеттерін насихаттық бояма астынан аршып алу, туындыларын уақыт шаңынан тазалау, сөйтіп, рухани өмірімізде мақтан тұтатын халық ұлдарының қатарын толықтыру – қайта құру буынының мойнындағы қарыз. Келер 1989 жылы «Социалистік Қазақстан» 70-ке толады, ендеше осы газеттің 1924–1926 жылдарғы редакторы болған кемел марксист, коммунист, интернационалист Смағұл Садуақасовтың журналистік еңбектерін жиып, жаңа ұрпаққа жария ету – сұранып тұрған шаруа емес пе. Тағы бір-екі мүшелтойдың тақалып келе жатқанын ойлап қояйық: 1990 жылы Қазақ республикасы мен Қазақстан Компартиясы 70 жылдығын атап өтеді, сонау мереке тұсында Қазақстандағы совет өкіметін нығайтуға атсалысушылардың жуан ортасында еңбек еткен атпал азамат Смағұл Садуақасовтың туғанына 90 жыл толады...

1988 ж.

4. Смағұл Садуақасұлының рухына тағзым

Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Сабыр Қасымовтың Жаңа жыл алдында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатынан мәлім болғандай, әйгілі қайраткер Смағұл Садуақасовтың Мәскеуде 1933 жылы кремацияланған мәйітін елімізге әкеп жерлеуге рұқсат алынған екен. Осы жаңалық сталинизм дәуірінде опат болған боздақтың – тәуелсіздік жолына бас тіккен ұлт қайраткерінің өмірі мен қызметі, оның істерінің бүгінгі ұрпаққа тағылымы жайында арнайы басқосу жасауға мұрындық болды. 2011 жылғы 13 қаңтарда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Қайраткер Смағұл Садуақасұлы және Қазақстан отаншылдығы: елдік мұрат пен жауапкершілік» атты республикалық

ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға Парламент депутаттары мен ғалымдардан бастап, 30-шы жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтары және қайраткердің жерлестері қатысты.

Совет өкіметі жылдары Смағұл Садуақасов туралы партия тарихында тек сыни тұрғыда ғана сөз болып, оған «оңшыл-коммунист», «оңшыл-ауытқушы (уклонист)», «ұлтшыл» деген айып тағылатын. Сондай теріс бағаға кезіккен сайын мен оны тереңірек білуге ынталанатын едім. Ақыры, қайта құру жылдарында, оның әйгілі «Ұлттар мен ұлт адамдары туралы» (осы конференцияда еске алынған) мақаласымен таныстым. Сонда мені Смағұлдың республика экономикасын дамыту орайындағы терең де байыпты, сындарлы ойлары қайран қалдырды. Өйткені ол экономикалық тәуелсіздік мәселесін, өз елімізде өңдеуші өнеркәсіпті өркендету мәселесін көтерген-ді...

Одақты индустрияландыру жоспары жасалып жатқан шақта ол аймақ басшылығының біздің республиканы тек шикізат базасы етіп қалдыруды көздеу пиғылын әшкерелеген, ондай көзқарастың залалды екенін айтқан. Қарапайым мысал келтірер болсақ, қазақ малының жүнін Мәскеуге тасып, сонда иірілген жіптен, тоқылған матадан тігілген костюмді қазақ еліне кері тасығаннан тек ұтылатынымызды, сол костюмді өз елімізде тігуге қол жеткізу керектігін дәлелдеген болатын.

Алайда большевизм «ғұламалары» пікірсайыс орайында жазылған сол мақаласы үшін оны қатты ғайбаттады. «Қазақстанда тұйық экономика құрғысы келген», «буржуазиялық демократияның жолын салушы», «ұлтшыл»-коммунист Смағұл Садуақасовтың партиялық ісі Ташкенттегі Қазақ университеті партия ұйымында қаралып, оны ректор лауазымынан түсіру жайында шешім қабылданды. Бұл 1928 жыл еді. Сол жылы Мәскеуге оқуға кетеді де, содан бастап ол Қазақстанда жұмыс істеу мүмкіндігінен біржола айрылды. Ұзамай есімі «халық жаулары» қатарынан орын алды...

Қайта құру мұраттарына арқа сүйеген осы жолдар авторы 1988 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне «Қайраткер Садуақасов» деген мақала жариялаған болатын. Содан бері көптеген зерттеушілер «тарихи ақтандақтар» тасасындағы ардақты тұлғаны саяси айыптардан аршып, сан қырынан қарастырып келеді. Аталмыш конференциядағы жасалған баяндамалар мен хабарламаларда да небір тың мағлұматтар мен пайымдар, түйінді ойлар, пікірлер айтылды.

Смағұл Садуақасұлының өмір жолы белсенді күреске толы екені белгілі. Солардың бірі ретінде жас автономияның өрімдей жас қайраткерлері елдік мұрат үшін дауыс көтеріп, елеулі күш екендіктерін танытқан 1920 жылғы желтоқсанда өткен партия жиналысындағы ұстанымын айтуға болады. Бұл жиналыстың хаттамасы әзірге көзге түсе қоймаған, тиісінше ғылыми айналымға алынбаған. Дегенмен мәні зор. Ресей Коммунистік партиясы Қазақ обкомының хатшысы Кулаковты орнынан алу туралы қаулы алғандықтан, маңыздылығына күмән туғызбайтын, өз зерттеушісін тосып тұрған ерекше оқиға.

Қазақ автономиясы жария болғаннан кейін бірнеше ай өткен соң, Орынборда орталық мемлекеттік аппараттарда істейтін жауапты қазақ қызметкерлері обком хатшысы Кулаковтың баяндамасын тыңдайды.

Бұл жиын жайындағы мәлімет бізге 1920 жылғы Қазақ Республикасы ішкі істер халық комиссарының міндетін атқарушы Дінше Әділовтің естелігі арқылы жетіп отыр. Әділов – 1917 жылғы Алаш партиясы Ақмола обкомының мүшесі, 1925 жылы Ұлт театрының (бүгінгі Әуезов атындағы драма театрының) іргесін Смағұлмен бірге қаласқан, кәсіби сахна өнерінің күллі практикалық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп, театрдың алғашқы директоры және бас режиссері болған мәдениет қайраткері. Осы азаматтың 1928–1929 жылдары тергеу хаттамасына түскен жауаптарында аталған жиналыстың мазмұны келтірілген. Діншенің тергеуші алдында айтқан сөздеріне карағанда, Қазақ обко-

мының хатшысы Кулаков баяндамасында ешкімді тура атап айтпағанмен, басшылық орындарда жұмыс істеп жүрген қазақ қызметкерлерін ұлтшыл деп ғайбаттапты. Максаты – ұлт коммунистерін «моральдық топансуға тоғытып алу арқылы өзіне қажет картинаны анықтап алу, әрі кейбір өзі қырына алған қызметкерлерді лауазымынан кетіруге қол жеткізу» болған сыңайлы.

Сонда, жарыссөзде бірінші болып сөйлеген Смағұл оған қарсы өте қатты, қызына сөйлеп, обком хатшысы Кулаковтың жаңаша орнығып алып, қазақтарға әмірін жүргізіп отырған переселен чиновнигі болмасына кім кепіл деп түйген екен. Оның бағытын хатшы Кулаков пен халкомкөнес төрағасы Радус-Зенковичтің әміршілдік әдеттерін сынаған Дінше, одан кейін сөз алған басқа қазақ жігіттері де қолдайды. Содан, Діншенің куәлік етуінше, «Кулаков жеңіліске ұшырады, оны орнынан алу туралы шешім қабылданды».

Жас қазақ қайраткерлері ұлт мүддесі жолындағы күресте Смағұлдың бастауымен алғаш рет осылай ірі жеңіске жетеді. Бірақ бұл, өкінішке қарай, соңғысы да еді. Алғашқы жеңіс рухтандырған Смағұл Семей, Қостанай аймақтарына барған іссапарлары кезінде республиканың орталық билігінің өкілі ретінде, отаршылдық рухтан ажырамаған деп тапқан губерниялық басшылықты жұмыстан босатып жіберуге дейін барады. Бірақ, сондай шетін әрекеттері үшін, әрине, ұлтшыл атанып, партиялық сөгіс алады...

Смағұлдың өмірі мен қызметі – ұлтты сүюдің, елдік мүдде жолында отаншылдық сезіммен жан аямай күресудің тамаша үлгісі. Ол автономия ішіндегі мемлекеттік мәселелерді шешуде білгірлік танытып, қазақ елі болашағына шын мәнінде қызмет етті. Бұл жөнінде конференция мінберінен сталиндік репрессиялар тарихының ірі маманы, қайраткер Смағұл Садуақасұлын 1989 жылдан бері терең зерттеп келе жатқан профессор Мәмбет Қойгелдиев, қайраткердің әдеби шығармашылығын зерттеп, еңбектерін екі том етіп шығарған, үлкен монография жазған профессор Дихан Қамзабекұлы, про-

фессорлар Талас Омарбеков, Дана Махат, Тұрсын Жұртбай, өзге де ғалымдар мен сөйлеушілер жан-жақты атап көрсетті.

Өкініштісі, қазақ қайраткерлерінің кеңес өкіметі идеясына негізделген күллі жасампаздық ниеттерінің жүзеге асуына тосқауыл көп еді. Таптық көзқарасқа иек артқан большевизм ұлттық тұтастықты көздемейтін. Ұлт мүддесін тап идеологиясымен шектеп, іс жүзінде жоққа шығарған қасаң коммунистік-тоталитарлық неоимперия билігін Мәскеудің Қазақстандағы эмиссары Филипп Голощекин «сана-сезімді қырнау, нивелировка жасау» тәсілімен ойындағыдай жүзеге асырды. Ол қазақ мүддесін ойлаған ұлт кадрларын қуғын-сүргінге ұшыратты. От жүрек Смағұл сол боздақтардың бірегейі еді. Баршамызға белгілі, ол туған республикасынан қитұрқы саяси қыспақ салдарынан шеттеп кетуге мәжбүр болып, ақыры, Донбасс теміржол құрылысында жұмбақ жағдайда уланды да, Кремль ауруханасында дүние салды. Кейінгі зерттеулерде айтылып жүргендей, осынау білімді де білікті, барша күш-қайратын халқының бақыты жолына арнаған ұлт қайраткерінің өлімі құпия қызмет тарапынан ұйымдастырылуы да мүмкін.

Оның жарық жұлдыздай жарқ етіп сөнген қысқа, бірақ айрықша мағыналы ғұмырындағы ұстанымы, отансүйгіштігі бүгінгі азаматтарға, өскелең ұрпаққа үлгі етуге әбден лайық. Оның елдік мұраттарға адал бай мұрасын танып-білу, қайраткерлік қабілетіндегі ұлттық тамыр іспетті қайнар көзді игеріп, бойға сіңіру бүгінгі тәуелсіздік жастарына өте-мөте қажет.

Сабыр Қасымов, Дихан Қамзабекұлы, Берік Әбдіғалиев секілді жігіттердің Мәскеу қабірстанында жатқан Смағұлдың кремацияланған мәйітін туған еліне әкеліп, жер қойнына беру орайындағы бастамашылық істеріне, әрине, қолдау көрсету керек. Конференцияға қатысушылардың баршасының ойлары осыған тоқайласты.

Игі ниетті қолдай отырып, мұндай шаруаның адамгершілік, имандылық, мұсылманшылық жолдары өз алдына,

тәуелсіздік азаматтарының бойына ұлттық рухты бекем ұялату ісіне өлшеусіз зор үлес қосатынын ұдайы есте ұстаған жөн. Бұл ретте, біздің ойымызша, сталинизм жылдары опат болған азаттық күрескерлеріне жіті назар аударып, сүйектері әр тарапта шашылып қалған сол боздақтарды да ұмытпау ләзім.

Көпке мәлім, сонау қайта құру саясаты өрістеген жылдары өмірге келісімен, «Әділет» қоғамы жазықсыз қуғын-сүргін құрбандарын анықтау, ақтау, олар жатқан қорымдарға күтім жасап, ескерткіштер қою ісіне мұрындық болған еді. Бүгінде Астана, Алматы мандарында, көптеген облыс, аудан орталықтарында құрбандарды еске алып, аза тұтатын белгілер бар. Дегенмен, қазіргі күн тәртібінде Смағұл Садуақасұлының мәйіт-күлін елімізге әкеліп жерлеу мәселесі көтеріліп отырғандықтан, бұған мемлекеттік мән беру қажеттігі сұранып тұр. Конференцияға қатысушылар осы орайда өз пікірлерін ортаға салды. Біз де ұсынысымызды білдірдік...

Смағұлдың Мәскеуде кремацияланған мәйіт-күлін туған жер топырағына әкеліп қоюды жүзеге асыру жұмысы оның қатарына өзге де тәуелсіздік күрескерлерінің рухы сезілетін белгі орнатумен қатар жүргізілсе... Былай айтқанда, ұлт азаттығы жолында сталинизм қуғын-сүргіні салдарынан шейіт болған тәуелсіздік күрескерлерінің ұлттық пантеоны немесе аллеясы іспетті орын жасалса, дұрыс болар еді.

Мәселен, топтап көмілгендіктен сүйектерін нақты танып-ажырату мүмкін емес тұлғалар – империя астанасының Дон, Ваганка, Комиссаровка, басқа да зираттарындағы бауырластар қорымында жатқан: Мәскеуде 1930 жылғы 21 сәуірде пролетариат көсемінің туғанына алпыс жыл толуы құрметіне құрбандыққа шалынған Жүсіпбек Аймауытов, Дінмұхамед Әділов, Әбдірахман Байділдин, Ахметсафа Юсуповтердің, 1937–1938 жылдары атылған Әлихан Бөкейханов, Жанша Досмұхамедов, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Нығмет Нұрмақов, Нәзір Төрекұлов, Садық Нұрпейісовтердің, 1937–1938 жылдары атылып, құпия

түрде Алматыдағы Жаңалық зиратына беті жасырылған Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Жанайдар Садуақасов, Ұзақбай Құлымбетов, Ораз Исаев, Темірбек Жүргенов, Санжар Асфендияров, Ораз Жандосов, Рахым Сүгіров, Ғабдолхакім Бөкейхановтардың, Торғайға қайта жерленген Міржақып Дулатовтың, Берлинге қойылған Мұстафа Шоқайдың, сондай-ақ қоғамдық істерде, ғылым мен мәдениетте терең із қалдырған басқа да ірі тұлғалардың бастарынан арнайы бір-бір уыс топырақтан әкелінсе. Сөйтіп, азаттық күрескерлері бейіттерінен жеке символдық құтыларға салып тасымалданған топырақтарды арнайы аллеяға я пантеонға естелік тақталармен орнатса...

Сонда, сөз жоқ, мұндай қасиетті орындар барша ардақтарымыздың рухын еске салып тұрады.

Сталиндік репрессиялардың қара толқындарында ұлт үшін шейіт болған азаматтарымыздың аруақтары алдындағы бір парызымызды осылай өтеуге болар еді. Әрі бұл секілді абыройлы іс еліміздің тәуелсіздік туын әрдайым биік ұстауға тиіс жас ұрпағының бүгінгі отаншылдық тәрбиесі толымды болу үшін де қажет.

Конференцияда Смағұл Садуақасұлының рухына тағзым етудің бірқатар жөн-жобасы айтылып, арнайы қарар қабылданды.

16 қаңтар 2011 ж.

МАЗМҰНЫ

Тұрар Рысқұлов	
Революцияның қызыл қыраны	3
Ұлттық ымыра	12
Рысқұловтың хаттары	22
Желідегі қисынсыз пікірлерге орай	73
Тұрар Рысқұлов хаттарын жариялаудағы мақсат.....	87
Қилы көзқарас және пікірлер.....	101
Сұлтанбек Қожанов	
От кешу	137
Тернистый путь	159
Иманшарт	172
Алғашқы қарлығаштар еді.....	180
Өмірдерек	184
Іштен шыққан жау жаман.....	187
Алты алаштың ардағы	199
Азаттық қозғалысының жалынды күрескері	209
Ұлттың рухани көшбасшысы бар ма?	218
Смағұл Садуақасов	
Қайраткер Садуақасов	221
Революцияшыл жастар ұйытқысы	235
Тұңғыштардың бірі	242
Смағұл Садуақасұлының рухына тағзым.....	253

Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлы
ТҮНЕКТЕН ОРАЛҒАН ЕСІМДЕР
Тұлға және тарих
Үшінші кітап
ҮШ ПЕРІ
Қазақ және орыс тілдерінде

Редакторы *Б. Хабдина*

Беттеген *Б. Дүйсен*

Басуға 21.03.2016 кол қойылды.
Нішімі 60x84 1/16 . Оффсеттік қағаз.
Көлемі 15,5 б.т.+0,25 б.т. жапсырма.
Таралымы 1000 дана.

«Рух БГ» баспасы. 050031, Алматы,
Ақсай-36-32-41. Т.: (8727) 268 01 85

ISBN 978-601-80519-7-5



9 786018 051975

Тапсырыс берушінің дайын файл-
дарынан басылып шықты.



«Тастақ РА» ЖШС
050005, Алматы, Төле би, 266.
«Тастақ» СҮ, 3-қабат.
Тел./факс 8 (727) 374 83 42.
E-mail: ra_tastak@mail.ru,
www.ra-tastak.kz

